Тәуелсіз Қазақ елінің ең алғашқы Ата Заңы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын. Ол конституция 4 бөлімнен, 21 тараудан, 131 баптан тұрды. Қазақстан Республикасы - құрылымы жағынан барлық азаматтарының теңдігін қамтамасыз ететін демократиялық, зайырлы және біртұтас мемлекет деп танылды. Халықтың атынан билік жүргізу құқығы өздерінің конституциялық өкілеттігі шегінде Жоғарғы Кеңес пен Президентке берілді. Әйтсе де уақыт өте келе, заман алға дамыған сайын бұл Конституция қоғамның талабына сай келмей қалды, яғни өзгертулерді талап етті.

Осыған орай, 1995 жылы көктемде жаңа конституцияны дайындау жұмыстары басталды. Еліміздің заңгерлерінің алдында заман талаптарына жауап бере алатын жаңа конституция жобасын дайындау міндеті тұрды. Құрамына құқықтанушылар мен заңгерлер кірген команда мемлекеттің саяси жүйесін жаңғырту үшін негіз бола алатын конституцияның тиімді жобасын дайындау жұмыстарына кірісті. Сараптамалық-консультативтік кеңес конституцияның алғашқы нұсқасын сараптау нәтижесінде оған елеулі өзгерістер жасады. 1995 жылы 30 тамызда жалпы халықтық референдум өткізілді. Онда «Жобасы 1 тамыздағы басылымдарда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сұрақ қойылды. 1995 жылы өткізілген дауыс беру нәтижесі бойынша, қатысушылардың 89 пайызы жаңа Конституция үшін дауыс берді. Сөйтіп, бүкіл халықтық референдум нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. 30 тамыз Ата заң қабылданған күн болғандықтан, мемлекеттік мереке деп жарияланды. Жаңа Конституция мемлекеттіктің табиғаты жөніндегі мәселелерді түбегейлі шешті. Биліктің бірден-бір көзі болып Қазақстанның халқы танылды. Қолданыстағы Конституцияда алғашқы рет «Қазақстан - ежелден келе жатқан қазақ жерінде оның халқы тарапынан құрылған мемлекет» екендігі бекітілді. Осы көзқарастың арқасында ұлттық мемлекет идеясы азаматтық қоғамды құруға және мемлекеттік механизмнің тиімді жұмыс істей бастауына мүмкіндік берді. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан мазмұнының сапасымен ерекшеленді. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген кезден бастап одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Заң бойынша Қазақстан Республикасының Президенті

саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады.

1-бөлім «Жалпы ережелер» деп аталған және мемлекеттік құрылыс негіздерін белгілейтін қағидаттарға арналған. 2-бөлімі «Адам және азамат» жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негіздеріне арналған, бұл бөлімде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ азаматтық институтының негіздері реттелген. 3- бөлім «Президент» бөлімінде президенттік басқарудың нысандары бекітілген. 4-бөлім «Парламент» деп аталады. Парламенттің жоғары өкілетті орган ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейді, Парламент қызметінің ұйымдастыру-құқықтық түрлерін және оның депутаттарының мәртебесін бекітеді. 5-бөлімі «Үкімет». Республикадағы атқарушы билікті жүзеге асыратын Үкімет қызметінің негіздеріне арналған, Үкіметпен Премьер-министрдің құзыреті бекітілген. 6-бөлімі «Конституциялық Кеңесте» Конституциялық Кеңестің құқықтық қағидасының негіздері туралы айтылған, оның негізгі функцияларының бірі Конституция нормаларына ресми түсіндірме берілген. 7-бөлім «Соттар және әділ сот» сот жүйесіне арнап жазылған. Бұл бөлімде Конституция анықтау мен алдын ала тергеуді сотпен прокуратурадан бөледі. 8-бөлім «Жергілікті мемлекеттік басқару жән өзін-өзі басқару» деп аталады. Бұл бөлім бойынша жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өкілетті және атқарушы органдар жүзеге асырады. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару мойындалады, оның міндеті – жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу кезінде тұрғын халықтың дербестігін қамтамасыз ету мәселелері қаралған. 9-бөлім «Қорытынды және ауыспалы қағидалар» жекелеген конституциялық дәлелдемелерді іске асыру рәсімін жүзеге асырады.

1998 жылы 7 қазанда Конституциямызға өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының біріккен отырысында Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын оқыды. Бұл заң жобасына сәйкес елдің саяси өмірінде Парламенттің ролі күшейтілді, Президент пен Жоғарғы Сот Кеңесі лауазымдары бөлінді. Конституцияға 2007 жылы да бірнеше өзгерістер енгізілді. Бұл шешімді Президент 2007 жылы 16 мамырда Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының біріккен отырысында оқыды және «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды [4, 172 б.].

Қорытындылайтын болсақ, Конституция мемлекет болып қалыптасу барысында ерекше рол атқаратын заңдар жинағы. Өз заңының болуы қоғам үшін өте маңызды фактор. Конституцияда елдегі барлық азаматтардың құқықтары қорғалған. Мемлекеттегі барлық іс-шаралар Ата Заңымызға сай жүзеге асырылады. Егер заң жүйесі

болмаса қоғамымызда тәртіп, әділдік болмайды. Ал тәртіп болмаған мемлекеттің дамып, өркендеуі екіталай. Бұл ойымды Ел басымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Ең бастысы, кім екеніне қарамастан, әр адам конституция қағидаларын қатаң сақтауға міндетті. Біздің бәріміздің заңды білуіміздің маңызы зор. Ал оларды орындауымыздың маңызы одан да зор. Онсыз біздің өркендеген мемлекет орнатамыз, елімізде тәртіп орнатамыз деген ниетіміздің бәрі бекер», – деген сөзі дәлелдей түседі. Сондықтан әр тұлға өз Конституциясын біліп, оны құрметтеп, қастерлеуі, бағынуы тиіс. Заң белгілеген тәртіпті бұзбай, адал өмір сүрсек мемлекетіміз де өркендеп, қарыштап дами береді деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

- [1] Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. Алматы: Жеті жарғы, 1999;
- [2] Табанов С.А. Совершенствование законодательства: теория и опыт Республики Казахстан. Алматы: Жеті жарғы, 2015.
- [3] Сапарғалиева Г.С. Алматы: Жеті жарғы, 1998.
- [4] Котов А.К. Конституционное становление Казахстана как нового независимого государства / Научные труды «Әділет». - Алматы, 2017.

3.4. Қазақстан Республикасының қауіпсіздік стратегиялары

Венера Кайыржановна Наурызова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Азаматтық-құқықтық пәндері кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымының магистрі (Атырау, Қазақстан)

Умит Жумабаевна Кайырова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Азаматтық-құқықтық пәндері кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. (Атырау, Қазақстан)

Мейрамбек Сейілханов

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 5В030100 - Құқықтану мамандығының 4 курс студенті (Атырау, Қазақстан)

Ғасыр соңында қауіпсіздіктің бүкіл халықаралық жүйесінің тас-талқаны шығуға шақ қалды. Соғыста жеңіп шығу бейбітшілікке қол жеткізуден жеңілірек деседі. Ұлттық егемендіктің мызғымастығы принциптеріне арқа сүйейтін халықаралық құқыққа негізделіп құрылған бейбітшілік «сыр бере» бастады. Таяудағы тарихтың «адамды адастырып жіберетін сипаты бізді өзіміздің қауіпсіздігіміздің мәселесіне айрықша ықылас қоюға мәжбүр етуде.

Әлемдегі түрлі мемлекеттердің өзінің әкімшілік шекарасынан мыңдаған шақырым қашық жатқан жерлерде экономикалық және саяси мүдделерінің болуында, бүгінгі таңда таңқаларлық ештеңе жоқ. Бұл, осы заманғы қауіпсіздік жүйесінің ақиқаты. Дағдылы ұғымның астарында мығым экономикалық жоба жатпаса, ерте ме кеш пе сағымға айналарына дау жоқ. Қауіпсіздіктің мәні өзгерген соң, қатерлердің де сипаты өзгерді. Біз әдетте лаңкестік, есірткі, экология, ұлтаралық қылмыстарды негізгі қатер деп атаймыз. Бұлар көзге ұрып тұрған мәселелер. Соңғы жылдары әлемде қаншама атышулы оқиғалар болып жатса да, олар бір ғана өктем факті жоққа шығара алмайды. Болып жатқан барлық үрдістердің басты мазмұны жекелеген мемлекеттердің жаһандық молығу үрдісінің ең маңызды буындарында өздерінің стратегиялық ұлттық мүдделерін ілгерілетуге өкілеттік берген ұлтаралық корпорациялардың бір бөлігінің экономикалық мүдделерін қорғауына саяды. Қауіпсіздікті пайымдаудың нақ осындай дамыған және нақтылы жаһандық ахуалға сай келетін жолы уақыт өте келе Еуразиялық кеңістіктегі де барлық іс жүзіндегі қимыл-қарекеттің негізіне айнала алады».

Таяудағы тарихи болашақта әлемге жетекшілік етуге талпынатын «үлкен үштіктің» пайда болуы мүмкін. Сонымен бірге осы елдердің арасында елеулі қарама-қайшылықтардың да болатыны сөзсіз. Бұған қоса аталған үш елдің екеуі Қазақстанның жақын көршілірі болып табылатынын да естен шығармаған абзал. Тепе-теңдік кенеттен өзгеруін болдырмауға және әлемдік тұрақтылықты сақтауға «үлкен үштіктің» объективті түрде мүдделілігіне байланысты үш держава арасындағы бақталастық ғаламдық деңгейдегі ынтымақтастықпен қатар жүруі мүмкін деп есептеуге толық негіз бар [1, 45 б.].

Қазіргі Қазақстанға ықтималдығы басым қауіп-қатер мыналар:

- Халықаралық экстремистердің, террористік ұйымдардың, есірткі бизнесінің Орталық Азияға орнығу қаупі.

- Орталық Азияға жақын жердегі бірқатар ашық ошақтар – Ауғанстан және Ирактағы тұрақсыздық, Үнді – Пакистан қарама-қайшылығы және ықтималдығы басым, қаупі ашық Каспийдегі тұрақсыздық жағдайының болуы.

- Оның үстіне дүниежүзілік және аймақтық орталықтардың геосаяси мүдделерінің қабыспауы, географиялық жіктелістердің мүмкін екендігі және алып құрылымдар, аймақтық әскери-саяси одақтарға қатысушы елдердің геосаяси мүдделердің үйлеспейтіндігі мен дүниежүзілік қаруланудың қайта өршуі болып отыр.

Ұлттық қауіпсіздіктің міндеті елдің негізгі, өмірлік аса маңызды мүдделері – ұлттық дербестікті, аумақтық тұтастықты, халықтың өмірін қорғауды кепілді түрде қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің өмірін қамтамасыз ететін жүйе ретінде танылады: ұлттық қауіпсіздік болмаған жерде мемлекеттің өзі де жоқ.

Елбасымыз Н. Назарбаевтың 2000 жыл қазанда «Еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға қадам басайық» деген Ел халқына Жолдауында Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Еліміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бүгінгі кезеңіндегі атқарылар жұмыстары Қазақстан Президентінің тапсырмасымен жасалған Ұлттық қауіпсіздіктің 1999-2000 жылдарға жасалған стратегиясы негізінде құрылды. Аталмыш құжаттың қабылдануына мынадай маңызды мәселелер негіз болды:

- Еліміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар тәжірибесін «Қазақстан – 2030» стратегиясының басым бағыттарының негізгі ережелеріне сәйкестендіріліп, нақтылай түсу қажет болды.

- Қауіпсіздік мәселелері жөніндегі стратегиялық құжаттардың көкейкестілігі аймақтағы жағдайдың күрделене түсуімен де тікелей байланыстырылады.

- Әлем қауіпсіздіктің жаңа, кең көлемді көріністерімен бетпе-бет қалып отырған жағдайда Қазақстанға да өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жаңа тетіктер қарастыру міндеті пайда болды [2, 5 б.].

Ұлттық қауіпсіздікке қатердің бірқатары терроризм, экстремизм, есірткі саудасы және қару-жарақтың заңсыз айналымына мемлекеттік шекараны тарс жауып тастап ғана қарсы тұруға болмайтынын айғақтай түсті. Бұл кері көріністердің тамыры экономикалық және әлеуметтік саяси салаларда жасырынып жатыр. Сондықтан олармен күресте әскери әлеуметпен күш қолдану әдісі жеткілікті түрде тиімділік бермеуі де мүмкін. Аталған қауіпсіздік стратегиясында қауіп-қатердің алдын алудың аса маңызды алты бағыты қарастырылған. Олар: сыртқы, әскери, экономикалық, әлеуметтік-саяси, экологиялық және ақпараттық қауіпсіздіктерді қамтиды. Осыған байланысты 2000 жылдың ақпанында Қазақстан Республикасының жаңа Әскери доктринасы қабылданды.

Жарқын болашақта Қазақстан дамуының басты бағыттары – тиімді экономика, бейтарап қоғам және ұлттық қауіпсіздік болып қала бермек. Азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің стратегиялық міндеті шешілмейінше, кез келген экономикалық реформаларын жүзеге асыру мүмкін емес. Қазақстан жас тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің тарихи дамуының жауапты кезеңінде тұр. Сондықтан бүгін біздер үшін уақыттың барлық үн қатуларына, соның ішінде өз қауіпсіздігімізге дәл жауап таба білуіміздің маңызы зор [3, 115 б.].

Қазіргі әлемдегі жанжалдар – көп жағдайда түрлі өркениеттердің қақтығысы сипатында түсіндіріліп жүр. Батыстық (христиандық) және Шығыстық (мұсылмандық) өркениеттердің жарастығының және бері қойғанда, олардың өзара үйлесуі жоғары деңгейінің мысалы болып табылатын Қазақстанның Шығыс пен Батыстың дәстүрлі құндылықтарына тең құрметпен қарайтын қоғамның мысалы ретінде жекелеген мемлекеттер мен аймақтар деңгейінде, сондай-ақ ғаламдық

деңгейде де кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларды көтеруге толық құқығы бар.

Тек жұтылып кетпей, өз мүмкіндігімізді пайдалана білуіміз керек. Бірақ, әлемде өмір сүргісі келетін жалғыз біз емес. Айналамыз толған бәсеке, бақталастық. Сондықтан да мемлекетіміздің басты мақсаты – саяси да, экономикалық та тұрақтылықты сақтау. Сыртқы саясаттағы бедел – ішкі саясаттағы тұрақтылыққа байланысты. Олай болса, елдікті сақтау ең асыл мұратымыз болсын.

Бір шындықтың басы ашық, жаңа сапар ретінде жаһандану ақырына дейін түсініксіз болғанымен, бұл процестің бәйгесіне қосылғандардың болашағына айқын кепіл бола алмайтыны, бірақ біздің өмірімізді түбегейлі өзгертуге қабілетті де, өзгертуге тиіс те құбылыс екені аян. Әзірше белгілі болып отырғаны, жаһандануға «ұйтқы болушылардың» прогресі мен оның ізін қуушылардың немесе былайғы бақылаушылардың арасындағы алшақтап бара жатқан сәйкессіздік барысында, жаһандану дүниежүзілік қауымдастықтың саяси-экономикалық құрылымында белгілі дәрежеде мемлекет рөлінің әлсіреуіне, қоғамдық ойдың бір ізге түсуіне мұрындық болып отыр.

Қазір аймақтық қақтығыстар мен терроризм жайлы көп айтылып жүр. Бұл қауіптің Орталық Азияны айналып өтпесі және белгілі. Оның таралуы мен шығу себептері әртүрлі түсіндірілгенімен Орталық Азия елдерінде болуы мүмкін терроризм мен экстремизмнің айрықша қауіпті аймақта орналасқан елдердің саяси жүйесі тұрақтанған, жағдайы бекем елдерге қарағанда транзитті, яғни өтпелі кезеңдегі мемлекеттердің саяси және діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұру әрекеті әлсіздеу болып отыр. Және де терроризмнің жекелеген сәтті акциялары осындағы жекелеген бір елдегі жағдайды ғана емес, тұтас алғанда аймақтағы бүкіл жағдайды тұрақсыздандырып жіберуге қабілетті. Сондай-ақ аймақта ғана емес, Еуразия кеңістігіндегі «ислам қатері» жөніндегі аңыздың қауіптілігі осы дағдылы қуесетті белсене таратудың ықтималдығында болып отыр. Орталық Еуразияның мойнындағы «өркениетті соғыс құрығын» тарта түсу арқылы ислам және христиан діндерін шекістіру – жаңа ұтымды қауіпсіздік жүйесін құруға бағытталған барлық іс-қимылдардың тамырына балта шапқандық болар еді. Ислам қатерімен қорқытып, қауіп-қатер бұлтын қоюлату үрдісіне Орталық Азия елдері атсалыспауы керек. Керісінше бұл «қарсылықты» жұмсарту мен болдырмау жолдарын қарастырған жөн. Исламды саясатқа қиыстырудың еш қисыны жоқ. Қазақстан қоғамында татулық пен өзара түсіністік ахуалын орнықтыру, ел халқының тұрмыс жағдайын жақсарту тұрғысында жүргізіліп отырған шаралар біздің еліміздің ондай қатерлерге қарсы тұра алатын ішкі рухани және сыртқы материалдық қуатын барған сайын нығайта түсері анық. Қазақта «жақсы ниет жақсы іске жетелейді» деген сөз бар. Ал жақсы іс өз кезегінде бейбіт болашақтың бүгінгі егілген ұрықтары екендігін естен шығармайық. Басты байлық – бірлікте. Біз үшін еңбасты проблема – Кеңестер Одағы

құлағаннан кейінгі орасан зор ауқымдағы рыноктан айырылып қалғандығымыз. Осы арқылы маңызды экономикалық тартымдығымыз бен экономикалық тамырымыздан біраз жылдар бойы ажырап қалдық. Бұл салысырмалы тұрақсыздық өз кезегінде әлемдік ірі экономикалық орталықтардың арзан шикізат көлеміне қарай тартылуын күшейтті.

Мәселен АҚШ үшін Орталық Азия өзіне ыңғайсыз мүдделес болып табылатын өңірлік державалардан басым болу үшін және ұлттық мүдделерін қанағаттандырудың бір тетігі ретінде қажет. Ол державалар – Ресей, Қытай және Иран. Орталық азия өңірінде басым болу арқылы бірден аталған үш мемлекетке де қысым көрсетуге болады.

Ресей 1991 жылы Орталық Азиядан уақытша қол үзіп қалғанымен, 1994 жылдан бастап қайта оралу саясатын жүргізіп келеді. 2003 жыл 28 сәуірде құрылған жаңа әрі мейлінше күшті ҰҚКҰ біздің елдер арасындағы өзара жақындаса түсудің басты көрсеткіші болып отыр деп айтуға толық негіз бар. Ресей үшін Қазақстанның стратегиялық аса маңызды өңір екенін дәлелдеп жату артық болар. Мұны соңғы үш-төрт жылдағы Ресейдің Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға қатысты ұстанған ықпалдасу саясатынан да көріп отырмыз.

Елбасымыз Н. Назарбаев: «Өзінің мыңжылдық тарихында Қазақстан тұңғыш рет Қытаймен заңды түрде бекітілген шекараға ие болды. Ол шекара достық шекарасына айналды. Қытаймен тұрақты қарым-қатынас жасаудың Қазақстан үшін мән-маңызы ерекше. Осынау ұлы мемлекетпен қатынастарымызды «Шанхай бестігі» шеңберінде нығайта түсу планетамыздың осы бөлігіндегі аймақтық қауіпсіздіктің негізі болмақ» деген болатын. Шындығында да, географиядан қашып құтыла алмаймыз. Қазақстанды басқа бір өзге қолайлы жерге ауыстыра да алмаймыз. Олай болса, біздің көршілігіміз – мәңгілік көршілік. Сондықтан да көпвекторлы бейбіт саясат пен мәмілегерлік біздің болашақтағы тағдырымыз да болмақ [4, 29 б.].

Аймақ алдында барған сайын өткірлене түскен проблемаларды шешудің Қазақстан ұсынып отырған кілті шынында да «Орталық Азиядағы қопарылысқа» жол бермейтіні анық. Ондай болған жағдайда, Каспий мұнайы аймақ елдерінің бас ауруына емес, әлемдік экономика мен саясаттағы басты жолдамасына айналары сөзсіз. Біздің бұл позициямыз әрі қарапайым, бір мезгілде әрі ұтымды. Бұның артықшылығы да, кемшілігі де бар. Мұндай стратегиялық мүмкіндігі бар елдер басқалардың назарына ілігеді. Ал қазіргі күрделі жағдайда, бұрынғы заңдар жұмыс істемей жатқанда, жуан жұдырықты сыртқы күштер белең адып тұрғанда, ортақ мүддені түсіне алатын сенімді әріптестердің болуы керек-ақ. Әрине, оның бәрі қажырлы қайраттың, тынымсыз ізденістің, ең бастысы жасампаз еңбектің арқасында ғана болмақ.

Елбасымыздың сөзімен айтқанда: «Біздің саяси тұрақтылығымыз, көпұлтты Қазақстан халықтарының достығы, ел тыныштығы – ең бастысы. Біздің берекелі болашағымыздың кепілі де осында. Осының

бәрі болатын болса, экономика дамиды, тұрмыс жақсарады, біздің Қазақстан өркендейді».

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Касенов У. Безопасность Центральной Азии: глобальные, региональные национальные проблемы. – А., 1998.
2. Тоқаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – А., 2002.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
4. Е. Қуандықов Ғаламдық гуманитарлық түйіндер және Қазақстандық мүдделер // Ақиқат. № 6, 2012.

3.5. Антикоррупционный суд - необходимый элемент эффективной судебной деятельности

Юлия Вячеславовна Олейник

старший преподаватель. Костанайский социально-технический университет имени академика З. Алдамжар (Казахстан, г. Костанай)

Камила Муратовна Абильдинова

студентка Костанайский социально-технический университет имени академика З. Алдамжар (Казахстан, г. Костанай)

Казахстан, как страна, ставящая перед собой цели – создание общества благоденствия на основе сильного государства, развитой экономики и возможностей всеобщего труда, вхождение Казахстана в тридцатку самых развитых стран мира, – стремится к достижению «нулевого» уровня восприятия и реального существования коррупции. «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» возводит коррупцию в ранг прямой угрозы национальной безопасности, поскольку коррупция ведет к снижению эффективности государственного управления, инвестиционной привлекательности страны, сдерживает поступательное социально-экономическое развитие.

В Казахстане «действует современное антикоррупционное законодательство, реализуется ряд программных документов, образован специальный уполномоченный орган, комплексно реализующий функции в сфере государственной службы и противодействия коррупции, активно осуществляется международное сотрудничество в сфере антикоррупционной деятельности» [1]. Принимаются различные меры по противодействию коррупции.

Одной из них прогрессивных форм противодействия коррупции в мировой практике является антикоррупционный суд. В некоторых странах важную роль в принятии решения о создании специальных

антикоррупционных судов, сыграла обеспокоенность граждан по поводу способности обычных судов беспристрастно рассматривать дела о коррупции, не подвергаясь ей [2].

Антикоррупционные суды создаются чаще в развивающихся и некоторых восточно-европейских странах. Так же в 2018 году принят законопроект о создании Высшего антикоррупционного суда в Украине.

Украина. Высший антикоррупционный суд призван рассматривать дела коррупционеров из числа высокопоставленных должностных лиц, расследованные Национальным антикоррупционным бюро Украины. Кандидатуру судьи будут рассматривать на специальном заседании, в котором будут принимать участие члены ВККСУ и общественного совета международных экспертов. Если большинство участников заседания и как минимум половина международных экспертов не поддержат кандидатуру претендента, то он выбывает из конкурса на должность судьи Высшего антикоррупционного суда. Всего будет отобрано 35 судей [3].

Возможно ли, что одним из инструментов противодействия коррупции в Казахстане может стать создание Антикоррупционного суда?

Для изучения этого вопроса нами был разработан проект «Специализированный межрайонный антикоррупционный суд по уголовным делам» как система функционирования антикоррупционного суда в Казахстане.

Таблица 1.

Уголовные дела, подсудные специализированному межрайонному антикоррупционному суду по уголовным делам	Статья Закона
1. Специализированные межрайонные антикоррупционные суды по уголовным делам действуют в качестве суда первой инстанции.	
2. Специализированным межрайонным антикоррупционным судам по уголовным делам подсудны уголовные дела	
2.1. о коррупционных и иных уголовных правонарушениях против интересов государственной службы и государственного управления	глава 15 УК РК
2.2. о других уголовных правонарушениях, совершенных должностными лицами с использованием своего служебного положения.	
3. В стадии исполнения приговора специализированные межрайонные антикоррупционные суды по уголовным делам рассматривают по отнесенным к их подсудности делам вопросы [2].	ст. 475 и 476 УПК РК
4. В случаях, предусмотренных УПК РК, специализированные межрайонные антикоррупционные суды по уголовным делам рассматривают по отнесенным к их подсудности делам ходатайства о возбуждении производства по вновь открывшимся обстоятельствам [4].	

Таблица 2.

Коррупционные и иные уголовные правонарушения подсудные специализированному межрайонному антикоррупционному суду по уголовным делам:	Статья Закона
Злоупотребление должностными полномочиями	ст. 361 УК РК
Превышение власти или должностных полномочий	ст. 362 УК РК
Присвоение полномочий должностного лица	ст. 363 УК РК
Экономическая контрабанда, если деяние совершено должностным лицом с использованием своего служебного положения	п. "2" ч. 2, п. "1" ч. 3 ст. 234 УК РК
Провокация коммерческого подкупа либо взяточничеств	ст. 417 УК РК
Незаконное участие в предпринимательской деятельности	ст. 364 УК РК
Получение взятки	ст. 366 УК РК
Дача взятки	ст. 367 УК РК
Посредничество во взяточничестве	ст. 368 УК РК
Бездействие по службе	ст. 370 УК РК
Воспрепятствование осуществлению правосудия и производству досудебного расследования совершенные лицом с использованием своего служебного положения	ч. 3 ст. 407 УК РК
Воспрепятствование законной предпринимательской деятельности	ст. 365 УК РК
Служебный подлог	ст. 369 УК РК
Халатность	ст. 371 УК РК
Мошенничество, совершенное с использованием служебного положения	п. "3" ч. 2, п. "2" ч. 3 ст. 190 УК РК
Присвоение или растрата вверенного чужого имущества, если деяние совершено должностным лицом с использованием своего служебного положения [5].	п. "3" ч. 2, п. "2" ч. 3 ст. 189 УК РК

Судьей специализированного межрайонного антикоррупционного суда по уголовным делам может быть назначен гражданин Республики Казахстан.

Таблица 3.

№	Требования к судьям Специализированного межрайонного антикоррупционного суда по уголовным делам
1	достигший возраста тридцати шести лет
2	имеющий высшее юридическое образование, высокие морально-нравственные качества, безупречную репутацию и, как правило, не менее пяти лет стажа работы в качестве судьи;
3	сдавший квалификационный экзамен
4	прошедший медицинское освидетельствование и подтвердивший отсутствие заболеваний, препятствующих исполнению профессиональных обязанностей судьи [6].
5	получивший положительное заключение специальной квалификационной комиссии, созываемой для рассмотрения кандидатур на должность судьи Специализированного межрайонного антикоррупционного суда по уголовным делам
6	прошедший полиграфологическое исследование [6].

Таблица 4.

Состав Специальной квалификационной комиссии, созываемой для рассмотрения кандидатур на должность судьи «Специализированного межрайонного антикоррупционного суда по уголовным делам».
Всего 15 членов:
9 судей, избираемые тайным голосованием на пленарном заседании Верховного суда (3 судий районного суда, 3 судий областного суда, 3 судий Верховного суда);
2 прокурора, избираемых тайным голосованием прокурорами областей и городов республиканского значения;
2 адвоката избираемые тайным голосованием Президиумом коллегии адвокатов РК;
2 депутата Парламента избираемых тайным голосованием депутатов Мажилиса Парламента из числа депутатов.

Официальный представитель Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции (АДГСПК) Жанна Бастарова назвала регионы, в которых самый высокий уровень коррупции. С начала 2018 года в Казахстане выявлено 1 393 коррупционных преступлений. Диапазон размера взяток по уголовным делам в зависимости от субъектов и характера, решаемых за «мзду» вопросов, варьируются от 5 тыс. до свыше 30 млн. тенге, а суммы хищений от 10 тыс. до более 3 млрд тенге. Из общего количества преступлений 112 зарегистрировано в Астане, так как именно в столице работает наибольшее количество госслужащих. Далее следуют Костанайская и Туркестанская области – 109 и 108 коррупционных преступлений соответственно. Самый низкий уровень коррупции – в Северо-Казахстанской области – 52 преступления с начала года» [7].

Основываясь на этих данных первые антикоррупционные суды, предлагается создать в следующих областях: Акмолинской (г. Астана), Костанайской (г. Костанай), Туркестанской (г. Шымкент), Алматинской (г. Алматы) областях.

Минусы проекта: ресурсы из государственного бюджета; увеличение имеющегося дефицита кадров; демонстрация коррупционности Казахстана.

Плюсы проекта: эффективность рассмотрения дел; повышение доверия населения к судебной системе Казахстана; устрашение коррупционеров; демонстрация активной позиции государства в противодействии коррупции.

Таким образом, антикоррупционный суд может эффективно повлиять на развитие судебной системы Казахстана, что приведет к росту доверия общества к государственной власти и развитие неприятия социумом коррупции.

Список литературы:

1. Анतिकоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015–2025 годы. Утверждена указом Президента РК от 26 декабря 2014 г. № 986.
2. Matthew C. Stephenson. Specialized anti-corruption courts: A comparative mapping – URL: [//www.cmi.no/publications/6030-specialised-anti-corruption-courts](http://www.cmi.no/publications/6030-specialised-anti-corruption-courts) (U4 Issue | 2016)
3. Рада приняла законопроект об Анतिकоррупционном суде URL:[//vesti-ukr.com/politika/291548-rada-prinjala-zakonoproekt-ob-antikorrupsionnom-sude](http://vesti-ukr.com/politika/291548-rada-prinjala-zakonoproekt-ob-antikorrupsionnom-sude). (7 июня 2018).
4. Уголовно-процессуальный кодекс РК от 4 июля 2014 г. № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.). URL:[//online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
5. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.). URL:[//online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
6. Конституционный закон РК от 25 декабря 2000 года № 132-II «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.12.2017 г.). URL:[//online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
7. Ж. Бастарова Самые коррумпированные регионы назвали в АДГСПК URL:[//zakon.kz/amp/4938469-samyje-korrumpirovannyye-regiony-nazvali.html](http://zakon.kz/amp/4938469-samyje-korrumpirovannyye-regiony-nazvali.html). (24 сентября 2018).

3.6. Жастар және сыбайлас жемқорлық

Эльмира Изтелеуовна Куккузова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
«Құқықтану» кафедрасының заң магистрі, аға оқытушысы
(Атырау қ., Қазақстан)

Жадыра Жағыпарқызы Жағыпар

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
«Құқықтану» кафедрасының заң магистрі, аға оқытушысы
(Атырау қ., Қазақстан)

Тәуелсіздік туын желбіретіп, өзін егеменді ел ретінде таныған Қазақстан алғашқы күннен бастап құқықтық, әлеуметтік және демократиялық ел болып нық орналасып қалыптасудың жолдарын бекітіп алған еді. Бұл кезден бастап еліміздің қол жеткізген жетістіктері мен белестері жетіп қалады ау дейтіндей болғанымен, бір реніштісі кейбір құқықбұзушылықтардың етеленіп бірге қалыптасып, дамып келе жатқаны тарихи кезеңдерімізден байқауымызға болады. Осы бұзушылықтар мен құбылыстардың арасынан кәмілетке толмағандар

мен орта жас буындағы жастардың қоғамдық ортада құқықбұзушылықтарға жол беруі, өзге адамдарға денсаулығына немесе өзге де жағдайда қасақана зиян келтіруі уақыт өткен сайын көбейіп келеді. Қоғамда орын алып жатқан осындай жат қылықтар қатарынан сыбайлас жемқорлық сұрақтарын қозғауға болады. Бұндай құқықбұзушылық әрекеттер елімізде мемлекет тарапынан қаншалықты белсенділікпен қарсы тұру шаралары қолданылса да, оның түп-тамырын жойып жіберу мүмкіндігі болмай тұрғаны анық.

Жемқорлық дегеніміз не? Осы жағымсыз сөз әлі күнге дейін ортамызда жүргені бәрімізге танымал. Жемқорлық қазір де бар, алдағы уақытта болмауына ешкім кепілдік бере алмайтыны белгілі. Бұл арамшөп сияқты, тамырын тереңге жаяды, арамшөпті тамырымен жұлып алу қиын екенін өзіміз білеміз. Ол үшін мықты құрал-жабдық, тыңайтқыштар керек, сол секілді жемқорлықтың алдын алу үшін де тұрақтылық пен әділдік орнайтындай іс-шаралар мен құрал-жабдықтар, яғни құқықтық тұрғыдан нормативтік құқықтық актілеріміз болуы тиіс.

Кез келген елдің өмір сүру көзі болып саналатын әлеуметтік ортасы, экономикалық даму тетіктері, елді басқаруға күш қуат беретін мықты саясаты болатыны анық, осылардың бірқалыпты қызмет етуіне тежеуіш болып саналатын бірден бір қауіп- жемқорлық болып саналады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің шаралары - ұлттық статусты иеленіп отыр. «Қазақстан-2050» бағдарламасында көрсетілгендей, мемлекеттің мықты қалыптасуының жаңа саяси бағыты» әр елдің және қоғамдық ортаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра алу дұрыс. Жемқорлық фактілері – құқықбұзушылық болып қана қоймай, республиканың тиімді даму беталысына сенімсіздікті арттырып, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей қауіп келтіретіні белгілі.

Жемқорлықтың ерекшелігінің қатарына – осындай ортада бейімділік ұстанымы болып саналады, бұл қоғамдық байланыстарға кері әсерін тигізеді, адамзаттық ортаның біркелкі тәртіптерін бұзуына алып келеді, осындай әрекеттердің салдарынан «биліктің күші өзіне қайшы келуіне тірелед»; «көз тию». Соның нәтижесінде билік, билікті алып жүретін әрі жалғыз қайнар көзі болып халық, мемлекетке және қоғамға кері ықпалын тигізіп отырады. Бұл жемқорлық әрекеттердің түп-тамырына балта шабу үшін кешенді бағыттарды жаңартып, қайта қарап шығуды талап етеді.

Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда жас буынмен жұмыс жасау маңызды қадам болып саналады.

Сыбайлас жемқорлықтың құқықбұзушылық ретінде кеңінен қарастырылуына себеп болатын әрекеті – мемлекеттік қызметте қызмет ететін адамдар мен жас буындардың құқықтық мәдениетінің және патриоттық борыштары мен сезімдерінің төмен болуы. Әр азаматтың құқықтық мәдениеті отбасы тәрбиесінен бастау алып, мектеп,

университет қабырғаларында дамып қалыптасып, қоғамдық ортада өз әрекеттеріне жауап бере алатындай болуы тиіс. Өзінің іс-әрекетіне құқықтық тұрғыдан баға бере алуы да жетістікке әкеліп соғатыны сөзсіз. Қандай да бір іс-әрекетті жасаған кезде заң нормасынан шықпай, адал еңбегімен жүзеге асыруы тиіс. Өзінің құқықтық сана-сезімін заң шеңберінде сақталып отыруын бағалай алуы маңызды. Әрбір жемқорлық сұрақтарын қарастырған кезде өте мұқияттылықпен және құқықтық сауаттылықпен қарастырғанды талап ететіні белгілі. Жемқорлық әрекеттерінің туындауына әкеп соғатын себептің біріне қоғамдағы сана-сезімнің, құқықтық мәдениеттің дұрыс дамымай, теріс бағытқа ауытқуында. Бұған әрине, адамның өзі де айыпты болатыны хақ [1].

Бүгінгі күні ерекше назарда тұрған кеселдің бірі жемқорлықпен күресу болатын. Бұл жемқорлық сұрақтары оның алдын алу жолын жас буындардың сыбайлас жемқорлық теріс әрекеттеріне қарсы ой-санасына орнықтыруды айтып өтуіміз керек. Олай болса, балаларға жемқорлық әрекеттерінің бұрыс нәтижелері бойынша мәліметті нақты қарастыру бұлардың жемқорлықпен күресудегі мәдениеттік ерекшеліктерінң орнығуына, негізгі міндеттерін тереңірек ұғынуға және жүзеге асыруда бағыттау қадамдарының бірі болып қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, бұл үшін, маңыздысы, жемқорлық теріс қылықтарды болдыртпауға әкелетін сананы тазартып алу қажет.

Адамның өсе келе санасының өзгеріп отыратыны белгілі, олай болса жас буындардың санасының дұрыс қалыптасуы үшін адамгерлілік қасиеттерін, өз еңбегімен табысқа жету секілді іс-әрекеттері арқылы өзгертуге болады. Аталған теріс қылыққа қарсы түрудың санасы енгізілген жағдайда әр бала бұрыс әрекеттерден өзін аулақ ұстауға бет бұрады, құқықтық нормаға қайшы тұратын әрекеттерін жасауына мүмкіндікті бермейді.

Жас буындардың бойында жемқорлықты болдыртпау, оған қарсы тұра білу мәдениетін қалыптасуы кезінде жастарымыз, бұндай әрекеттерді мемлекеттің бірқалыпты дамып отыруына кері әсерін тигізетін өте қауіпті қоғамдағы қауіп-қатер ретінде білуі тиіс. Жемқорлық құқықбұзушылықты орнықтыру мәдениеті кез келген тұлғада азаматтық заңи сауаттылыққа да байланысты болады, ол жоғары тұрған не болмаса төменгі сатыдағы болады. Еліміздегі заң актілерінің кешенін жетік меңгеру әр азаматтың өзінің қылықтарына қарай сенімділігін арттырады. «Нур Отан» партиясы дайындағаны жемқорлықпен күресудің 2015-2025 жылдарына арналған бағдарламасында: «Жанұя мен білім ұйымдары осы процеске мүддесін танытып қатысуы тиіс. Айтылып отырған іс-әрекеттерді жас буынның мектеп қабырғасына дейін бала бақша кезінен бастау алғаны ойға қонымды болатыны белгілі. Сәбиге жемқорлық дегенді қалай түсіндіреміз, бұл сұрақ аса маңызды. Жас ұрпағымыздың елді құрметтеуі, санасын дұрыс құқықтық

әрекеттерге баулу, отан сүйгіштік қасиетіне бағыт беру секілді тәсілдерін пайдаланып, құқықтық тәрбие беруді айта аламыз [2].

Бүгінгі таңда өзекті проблемалардың қатарына тұрған жастардың ортасында жемқорлық теріс қылықтарының белгілерінің қарқынды түрде дамып отырғаны қарастырылуда, оның алдын алу және болашақта оған жол бермеу мәселесі көтерілуде. Аса қауіпті проблемаға әкелетін бұл сұрақ жас буындарымыз қолға алып отырған болашақтық қоғамы осы дерттің соңына көніп кетпеуіне қарсы тұруы кеерк. Осындай белгілерден кейін жемқорлық сұрақтары бір мемлекеттің емес, қоғамдық ортадағы барлық салаларға өзінің ықпалын тигізетіні белгілі, осы күнге дейін жемқорлық мәселесі бойынша ұсталды десек көп мән бере бермейтін едік. Осы сұрақ бүгінгі таңда күрделеніп, өзектілердің алдыңғы қатарына ілініп отыр. Назар аударуға тұрарлық. Қазіргі жастар өте білімді, сауатты өзінің болашағына зор үмітпен қарайтыны рас, осы жас буындарымыздың қалаған маман иесі болып шығуына, олардың сәтті жұмыспен қамтылуына, қызметке орналасу кезінде жемқорлық белгілеріне тап келмеуіне, қарсы тұрарлық мәдениеттік негіздерді қалдыруымыз маңызды болып келеді. Қызметке кірген жастардың басшыларының немесе әріптестерінің алдауына еріп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра алмай көніп кетпеуін, мемлекеттік қызмет институтына нұқсан келтірмеуін қолға алуымыз қажет. Бірақ та, еліміз тәуелсіздік алған күннен бері көптеген заң актілері қабылданып, өзгеріп отыр, соншама саны жетпес шаралар қолданылса да жемқорлық тамырына балтамен шабуға қолымыздың күші жетпей жатырғаны белгілі [3].

Жемқорлық теріс қылыққа қарсы тұру мәселелері әділетсіздіктің құқықтық негіздеріне дұрыс көңіл бөлетін студент буындардың арасында кеңінен таралған сұрақ. Жоғары және жоғарғы білім беру мекемесінен кейін орта кәсіптік білімін беретін мемлекеттік тәрбие беру мекемелерінде билік ету міндетінің құқықтық және моральдық, этикалық белгілерін қарастыруды басшылыққа алып ұстанатын оқу пәндерін жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлықпен күресудің бөлшектелген элементін қарастыру 2015-2025 жылдарына қарасты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралардың Бағдарламасында көрсетілген «Сыбайлас жемқорлықпен күресудің әрекеттік шаралары» болып саналады.

Жемқорлықпен күресудегі азаматтардың мәдениетін орнықтыру, білім алу және тәрбие» деген атаумен шығарылған бөліктегі алғашқы кезегінде тұратын функциялардың бірі болып қарастырылады. Білім алу құжаттарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрылымдық элементі сыбайлас жемқорлықтың саяси, қоғамдық зардабын, бұларға қатысудағы тигізетін себептерін айтып беретін және студенттік ортаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын орнықтыруға, олардың құқықтық сана-сезімін, құқық тарапынан мәдениеттік сатысын

арттырумен жұмыстануға негізделген арнаулы оқу жүйесін құрып бекітуді жоспарлайды.

Білім алушылардың сыбайлас жемқорлықпен күресудегі құқықтық санасын қалыптастыруында тәрбиелік үдерісіне қатысты өзіндік молынан берілетін мүмкіндіктері болады. Осындай жағдайда білім алушылардың Қазақстан Республикасының жемқорлық теріс қылықтармен күресудегі ұстанатын бағыттары мен жемқорлық қарым-қатынастың дамып отыруына кедергісіз туындылары және орнықтырылатын сыбайлас жемқорлықпен күресудің беталысы бойынша білім алушылардың білімін толықтыратын сыбайлас жемқорлықпен күресудегі жұмыстың әлеуметтік маңызды қағидаттарын (шерулерге қатысу, қозғалыстар, тренингтер, сайыстар, дөңгелек столдар) қарастырып және орындауы кезінде ерекше маңызды шараның қатарына қосылады. Айтылып отырған міндет тәрбиелік мағынасы бар әрекеттерге жауап беретін білім беру ұйымдарының оқытушыларына да, білім алушылардың өздеріне де, қоршаған ортада қызметін атқаратын ұйымдарға да артылуы тиіс. Студенттердің ғылыми ізденіс жұмыстарына, жемқорлық құқықбұзушылыққа күресудің функциялары негізінде қабылданатын нормативтік актілерін жеке өзі қарастыруына және жемқорлық, бұның салдары және бұған қатысты күресудің жолдары негізінде өзінің ойларын білдіруге, осымен қатар бұлардың шамамен орындау қызметіне шақыруға қатысты маңызды роль қарастырылуы керек еді [4].

Жемқорлық секілді жалпы ұлттық кесел туралы жиі естілетіні анық. Кезінде К. Маркс айтқандай: «әлеуметтік ортада тұрғындар санынан да өте тез дамиды қылмыстылық орын алатын белгілі бір шикілік туындайды». Ия, жемқорлық – бұл көпшіліктің аузындағы ұрлық, алаяқтық және тонау секілді қарастырылатыны мәлім. Бірақ та, бұл қылмыстан да қауіпті болып қарастырылады.

Жастар арасында жемқорлыққа төзбеушілік идеясын қалыптастыру мақсатында әр оқу орнында «Саналы ұрпақ» кабинетінің ашылып, жай ашылып қана қоймай белсенді студент-жастардан құрылған топ жұмыс жасайды. Тақырып шеңберінде қозғалған жастардың жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы орны мен маңыздылығы қарастырылып отырады.

Жас буынның жоғары шенеуніктердің ақша жымқырғаны немесе тонағаны туралы үлкендердің айтып отырған әңгімесін тыңдамайды емес, құлақ асып тыңдап өз қорытындыларын шығарады. Яғни әділетсіздіктің болмайтыны, бір лауазымнан босатылып басқа лауазымға орнығуы, құқықтық жауаптылықтан қашып құтылуы деген ұғымдар жас буынның санасына тез сіңіп, олар да өздерінше нәтижесін шығарады. Өздерінің орта білім алып жүрген білім ұсында сүйікті ұстаздарына мерекеге гүл сыйлауы шнайы көңілмен берілсе де ол жемқорлыққа жатқызылады дегені ойландырып қояды. Ата –аналардың ішінде өз баласының білімінің төмен екенін біле отырып, ұстазға сыйлық

жасап бағаларын көтеріп алатынын жастар білмейді дейсіз бе әрине, күнде көріп әділеттіліктің жоқ екеніне көз жеткізеді. Жас буынға осындай әрекеттерге жол бермеуіне, өз білімімен тиісті бағаны алуына баулу үлкен жетістік болып саналады. Егер де жас буын мектепте болсын, басқа оқу орындарында болсын осындай жемқорлыққа жатқызылатын іс-әрекеттердің болғанын немесе енді жол берілетініне сенімді болса «Саналы ұрпақ» жобасына белсенді қатысып, оның алдын алуға себебін тигізетіні сөзсіз. Кішкене ғана өтірік айту үлкен сенімсіздікке әкеліп соғатыны белгілі.

Тек жас буындардың кішкентай кезінен бастап мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлықпен күресу талаптарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдылықты жойып отыруға мүмкіндік жасайды. Сол себептен, жастар ұйымдары сыбайлас жемқорлыққа нолдік төзімділігін дамытып отыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен күресуде іс-шаралардың бірі болып сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін пайдалану барлық білім беру мекемелерін, мемлекеттік органдарды, азаматтық қоғамды қамтуға мүмкіндік береді және құқықтық сауаттылық деңгейін арттыруға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұндай білімнің басты міндеті - жемқорлыққа қарсы іс-қимыл дағдыларын үйрету, құқықтарын және міндеттерін түсіндіріп өту, негізгі құқықтық сауаттылығын көтеру.

Тұрақты түрде Қазақстан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу қызметінің әр облыс бойынша департаменттері мемлекеттік қызмет туралы, мемлекеттік қызметкерлердің этикасы, жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңдарын түсіндіру бойынша жұмыстарын атқарып келеді.

Осы уақытқа дейін қаншама іс-шаралар өткізілді, кем дегенде әр аудиторияда мыңнан астам адам жиналды. Жас буындар арасында жемқорлыққа төзбеушілік идеясын қалыптастыру сұрақтары бойынша әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл кестеге сай білім беру мекемелерінің барлығына да, университеттерде де іс-шаралар өткізілуде.

Кез келген қазақстандық жастардың тұлғалық әлеуметтік-құқықтық ынта-жігерін қалыптастыру сұрақтары мектептің тәжірибесінде де бүгінгі күнге дейін жауабын таба қоймады, жоғарғы білім беру ұйымында ерекше көңіл кәсіби білім ұсыну сұрағына арналып отырады да, тәрбиелік қызметтері рухани-адамгершілік, салауатты өмір-салтының проблемалары шеңберінде ұйымдастырылып отырады. Сол себептен де қазіргі таңда құқықтық тәрбиеге басым көңіл аударатын кезең келіп жетті. Белгілі маман иесі бола тұра қызметке орналасқан жағдайда өзінің құқықтарын қорғай алмай немесе қызметтік міндеттерін орындай алмаған ретте жемқорлық әрекеттеріне жол беруіне қадам басады. Бұл жерде субъектінің өзі жемқорлық әрекеттерге барып отыр. Ол өзінің

құқықтық сауатсыздығын көрсетеді, қызметін дұрыс орындай алмауын білдіреді.

Жастардың жемқорлық әрекеттерге бой бермеуі, төзімділік қағидатын ұстануы мемлекеттің қарқынды дамуына өз үлесін қосатыны анық. Мұндай жұмыстар бір рет қана болмай, алдағы уақытта да жиі қолданылып отырады.

Білім алушылардың құқықтық тәрбиесін орнықтыру сан алуан ұзақ процесс болып саналады. Оның өзі бірнеше элементтен құралатын кешеннен тұрады. Ол арнайы білім, әлеуметтік ықпал ету, психологиялық кеңес беру және өзгелері. Жастар арасында жиі кездесулер, тренингтер өткізу, ашық есік күндеріне шақыру, қоғамдық белсенді жұмыстарға тарту жиі болу керек деп ойлаймыз. Емін еркін өз ойын жеткізу, ұсыныстар білдіру – жастардың қазіргі кездегі белсенділігін танытады.

Жастық кездің маңызды айырмашылығы болып азаматтың жаны мен тәнінің сапалығы, сан жағынан айтарлықтай өзгерістеріне тез көнуінде. Студент кезінде субъектінің қоғамдық белсенділік тұғыры артып отырады, сана-сезімі артады, психикасы шындалады, нығайып отырады. Білім алушы қоғамдық ортадан өзінің орнын табады, қоршаған ортада басқа қырынан қарайды. Олар өздернің мүмкіншіліктерін бағалауда, өзінің таңдаған мамандығы бойынша орындайды, рухани өміріне қызығып қарайды, қоғам мен индивидтің арасындағы қарым-қатынас, қақтығыс, дағдарыс басқалары заңдық нормаларын саналы түрінде түсіну көмегімен кемелдену не болмаса ауытқушылықтарға мүмкіндік беруі тәжірибелерін бастан кешіреді. Мұндай іс-әрекеттер көмегімен ынта-жігер жинақтап алады. Мұның барлығы бұның күшті, епті, қайратты болып қалыптасуына әкеледі.

Қорытындылай келе айтарымыз, қазақстандық барлық азамат сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл мәселелерінде ашық және шынайы диалогқа дайындалып отыруымыз қажет. Мемлекетіміздің рухы жоғары парасатты жастарын тәрбиелеуде белсенділік орнатуымыз тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабай Е.К. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – заман талабы. 08.12.2016 ж.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері. – Астана, 2016.
3. Саниязова Е.К. Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері. Қызылорда қ. <http://www.rusnauka.com> интернет ресурсынан алынған.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері. – Астана, 2016.

3.7. Сыбайлас жемқорлық қылмысының алдын-алу мәселелері

Куляй Сагиповна Ергалиева

заң ғылымының магистрі, оқытушы

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
(Атырау қ., Қазақстан)

Жанаргуль Асылбековна Хамметова

заң ғылымының магистрі, аға оқытушы

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
(Атырау қ., Қазақстан)

Еліміз тәуелсіздік алған кезден бастап елеулі табыстарға жетті. Мемлекеттің саяси-экономикалық дамуы жағынан дүние жүзі бойынша оң жетістіктерімен көзге түсті. Осының бәрі Қазақстан халқының бірлігінің, ынтымағының, халықтар достастығының нақты көрінісі. Алайда, болашақ дамуымызға едәуір кедергі келтіретін теріс құбылыс-сыбайлас жемқорлық екені бәрімізге де белгілі. Қазақстан халқы бүгінде сыбайлас жемқорлықпен күрес- еліміздің дамуының кепілі деген тұжырым жасап отыр. Осы қауіпті құбылыспен күрестің өте өзекті екендігін айрықша атап өткен жөн [1]. Сол мақсатта сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын одан әрі айқындау үшін, Қазақстанның 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы он жылдық стратегиясы қабылданды. Қабылданған жаңа стратегияның мақсаты-мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы бұл қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету.

Жалпы, сыбайлас жемқорлық дегеніміз – заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүліктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүліктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа байланысты (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық), Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 2 шілдесінің «Сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында ескерілген, сонымен қатар басқа да заңда бекітілген сыбайлас жемқорлық немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті еліктіретін іс-әрекетке байланысты тәртіптер.

Жемқорлық қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауапкершілік пен жазалау, әкімшілік жауапқа тарту және шара қолдану ҚР Қылмыстық Кодексінде және Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сәйкес қарастырылады.

Жемқорлық құқық бұзуды әшкерелеу, бұлтартпау, ескерту және оны жасаған тұлғалардың өз құзыры аясында жауапқа тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметтері, қаржы және әскери полициясы арқылы жүзеге асыралады [2]. Жемқорлық заң бұзушылық фактілер болған жағдайда азаматтар мемлекетке 1494 тегін call-центр арқылы хабарлай алады. Жемқорлық заң бұзу фактілерін хабарлаған, немесе қандайда болмасын басқа әдіспен мемлекетке жемқорлықпен күресуге үлесін қосқан тұлғалар 30 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін мөлшерде материалды ынталандырылатын болады. Жемқорлық құқық бұзушылықты хабарлаған және басқа да жолмен жемқорлықпен күреске ат салысқан тұлға мемлекет қорғауында болады.

Қоғамдық қауіп - сыбайлас-жемқорлық қылмысының ажырамас, қажетті белгісі, оның материалды нышаны, ол әлеуметтік маңызын ашады. Қоғамдық қауіпті іс-әрекет қылмыс болып табылмайды, егер ол жасалған уақытында қылмыстық заңмен қарастырылған болмаса. Құқыққа қарсылық қоғамдық қауіптің заңды белгісі. Ол қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған адамның қылмыстық-құқықтық нормасы бар тыйымды бұзғанын көрсетеді. Сыбайлас-жемқорлық қылмыс қылмыстық заңды бұзып, көбінесе сол мезетте құқықтың басқа салаларының заңнамалық нормаларын бұзады. Мысалы, лауазымды адамдар лауазымдық құзыреттерімен заңсыз пайдаланып азаматтардың меншікті мүлкімен пайдалану, иелену, билік жүргізу құқығын бекітетін монополияға қарсы заңнаманы, лицензиялау туралы заңды, азаматтық-құқықтық нормаларды бұзады. Мұндайда құқықтың басқа салаларының нормаларын бұзу, одан қалды мораль нормаларын бұзу қоғамдық қауіпті іс-әрекетті қылмыстық деп мойындауға жеткіліксіз. Міндетті түрде бұл іс-әрекет қылмыстық-заңсыз болып табылғаны керек, яғни қылмыстық заңмен қарастырылуы қажет. Сыбайлас-жемқорлық қылмыстар, әлеуметтік-құқықтық іс болып, қылмыстық заңнамамен қорғалатын қоғамдық қатынасқа қоғамдық қауіпті әрекет жасау болып табылады. Мұндай қылмыстар қауіпті, себебі қоғамға және қоғамның мүшелеріне саяси, материалды және басқа зиян келтіреді.

Соңғы үш жылда сыбайлас-жемқорлық қылмыстардың өсуі байқалады. Мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілеттіленген адамдарға және оларға теңелген адамдарға қатысты қылмыстық істер саны 23,8% (922-ден 1141-ге дейін). ҚР экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттігінің мәліметтері бойынша, сыбайлас-жемқорлық қылмысқа жататын қылмыстың жеке түрлері арасында пара алу фактілері 8,3% (302-ден 327-ге дейін), бөтен мүлікті иемдену немесе шығындану — 33,3% (99-ден 132-ге), билікті және лауазымды құзыретті асыра пайдалану — 5,3% (57-ден 60-қа дейін), қызмет бойынша әрекетсіздік — 2,1 (17-ден 36-ға дейін), қызметтік жалған іс — 27,6% (453-тен 578-ге) өсті.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстанда сыбайлас-жемқорлық қылмыс негізінен сот арасында жіберілген (0-ден 22-ге), ішкі істер органдарының қызметкерлері арасында—79,7 % (59-дан 106-ға дейін); әділет—13,6 (22-ден 25-ке дейін), Қорғаныс министрлігі—3,5 рет (2-ден 7-ге дейін); селолық округтер мен аудан әкімдері 22,9% (83-тен 102-ге дейін).

Пара алу негізінен бүкіл мемлекеттік органдарда кеңінен таралған жағдай болып қалуда. Сыбайлас-жемқорлыққа жақын тұратын мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік қызмет көрсету саласы, инвестициялық және жекешелендіру үдерістері, оұқсат беру және лицензиялау жүйелері, бюджеттік қаражат пен жерді бөлу, салық жинау, басшылық орындарға тағайындау және мемлекеттік қызметке орналасу, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі. Қылмыстық кодекстің сыбайлас-жемқорлық қылмыстарды қарастыратын барлық баптарына тән нәрсе: мұндай қылмыстардың субъектілері ретінде арнайы субъектілер шығады—жалпы белгілерден басқа (белгілі бір жасқа келу және ақыл-есі дұрыс), оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ерекше [3].

Бұл қағиданы сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Өкінішке қарай, заңнаманы таңдап қолдану өте жиі кездеседі, ондайда заң біреу үшін бар, басқалар үшін жоқ. Жеке соттар, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері сондай-ақ сыбайлас-жемқорлыққа беттелген.

Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады—сыбайлас-жемқорлық үдерістерді БАҚ-та жариялау, оның ішінде БАҚ, бұқара өкілдерінің сот үдерістерінде болуы; өтініштерді прокуратураға, экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру.

Сыбайлас-жемқорлық бірталай экономикалық заңдардың іс-әрекетін төмендетеді және әлемдік қауымдастық алдында елдің беделін түсіреді, оған тиімді шетел инвестиция жолында басты кедергі болып табылады. Адал және әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ысырылады, себебі сыбайлас-жемқорлық мұндай бизнесті тиімсіз етеді. Сыбайлас-жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау өкілеттігін күшейтеді және шенеуніктердің қатал құқықтық есеп беруін және бақылауда болуын жою симбиозын көрсетіп-білдіреді.

Практика көрсеткендей, сыбайлас-жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа

шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады [4].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз - бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты деп айтқан екен кезінде Аристотель ғұлама. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе - бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да бар қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалын жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқасымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» Заңның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады. Осы заңмен, мемлекеттік міндетті атқаратын және де оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып, пайда табу сыбайлас жемқорлық, деп анықталған. Мемлекеттік тиісті органдар сыбайлас жемқорлықпен күресті жүйелі түрде жалғастырып, пәрменді шаралар көріп отырғаны баршаға белгілі. Оның айтарлықтай нәтижесі де бар. Олар туралы бұқаралық баспасөз бетінде, теледидар және радио арқылы қоғам мүшелеріне жеткізіліп жүр.

Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Қазақстан - бұрынғы кеңес Одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі болып отыр.

Прокуратура органдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мақсатында мемлекеттік қаржының мақсатты жұмсалуына үнемі тексерулер жүргізіп отырады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайтуды

қамтамасыз етуде. Экономикалық және қоғамдық негіздерін жаңғырту, түбегейлі өзгертулер тұсында сыбайлас жемқорлық қашан да қоғамға қауіп төндіретіндей дәрежеге көтеріледі. Мұндай кезеңдерде жемқорлықтың шабуылын жеңілдететін мәселелер – экономиканың құлдырауы, азаматтық қоғамның билікке тәуелділігі, мемлекет институтының тиімсіздігі, заңнамалардың пәрменсіздігі тереңдей түседі [5]. Сөйтіп, сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабуға кірісу алдында оны туғызатын әлеуметтік – экономикалық жағдайларды барынша азайту қажет. Жемқорлыққа қарсы әрекет етудің оның көріністерімен күрес жүргізумен аяқталмайтынын ұғыну аса маңызды. Мұндай күрес қашан да қоғам мен мемлекет өмірінің барлық жақтарын реттеп отырумен тығыз байланысты. Осыдан келіп, жемқорлардың өз күштері арқылы жемқорлықпен күрес жүргізуі барып тұрған мағынасыздық деген келесі қорытынды туындайды. Бұл бағытта күресті қолайлы саяси орта түзеуден бастау тиімді болмақ, ал ол қоғам оппозицияның, нақты сөз бостандығы мен биліктің кіршіксіз болуын көздейді. Мұнда ескертетін тағы бір маңызды жай: мемлекет пен кейбір шенеуніктердің атқаратын қызметін заң жүзінде нақты айқындау, қабылданатын шешімдер кейбір адамдардың еркіне тәуелді болатын салаларды азайту. Басқаша айтқанда, заңнамалардың анықтығы, қарапайымдығы мен тұрақтылығы қажет, азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін жағдайлар туғызу, халықтың білім деңгейін, оның ішінде құқықтық сауаттылығын арттыру керек [6].

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік мекемелер қамтамасыз ету қажет. Әрине дей тұрғанымен, басқаларға үлгі-өнеге көрсетуге тиісті атқарушы және мемлекеттік органдарының лауазымды иелерінің заңсыз әрекеттеріне тосқауыл қоя отырып, прокуратура органдары басқа да құқық қорғау бағытындағы міндетін күшейткен үстіне күшейте бермек, яғни Елбасының Қазақстан халқына Жолдауына орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларына әрекет ету - прокуратура органдары қызметкерлерінің басты міндеті. Сыбайлас жемқорлық – қауіпті әлеуметтік құбылыс. Осы құбылыспен күрестің тарихы тереңде жатыр. XX ғасырдың аяғы сыбайлас жемқорлыққа байланысты проблемаға ерекше мән берумен бірге, осы тұрғыдағы құбылыспен күрес жүргізуге арналған сан қырлы ғылыми ізденістердің өсуімен де ерекшеленеді. Елдегі бүгінгі таңда қалыптасқан жағдайға орай мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмысын қорытындылай келе сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі сол – мұндай қоғамды қауіпті іс - әрекет орын алған кезде мемлекеттің жергілікті өзін – өзі басқару органдарының беделіне зор нұқсан келтіру, нәтижесінде олардың әлсіреуіне әкеп соғады. Сыбайлас жемқорлық қылмысы әлемнің барлық елдерінде орын алып отырған әлеуметтік және экономикалық, саяси халықаралық проблемаға айналды. Қазақстан

Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі ел экономикасы өсіп өркендеуде өмірді жаңа реформаға көшу жолында хылқымыздың әл – ауқаты артып, табысты саяси реформалар жүргізілді. Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтарымен бостандықтарын қорғауда, зорлық – зомбылық қылмыспен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тиімділігін арттыруында бірнеше нормативтік заңдар қабылданды.

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық ұғымы азаматтық қоғамда үйреншікті құбылысқа айналса, ал екінші жағынан Қазақстанның қауіпсіздігіне, ел экономикасының дамуына кереғар әсер ететін факторға айналуға. Сыбайлас жемқорлық қылмысының қоғам үшін қауіптілігі ҚР өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін ақ біліне бастады.

Сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтар мен бостандығын бұзуға әкеліп соғады. Көптеген жылдар бойы жүргізілген әлеуметтік зерттеу азаматтардың басым бөлігін ойландыратын маңызды мәселелер арасында бірінші орынға сыбайлас жемқорлықпен күрес шыққандығын дәлелдеп отыр. Осы құбылыстың мемлекеттік билік құрылымында тез ерекшелігі бар. Сыбайлас жемқорлықтың өріс алуы мемлекеттік аппараттың жұмысына нұқсан келтіріп, оның беделін түсіреді. Қоғамдық санада өкімет органдары қызметінің жұмысының тиімсіз екенін, олардың құзіретнің әлсіз екендігін көрсетеді. Халықтың өкіметтен алшақтауы орын алады [7]. Осының бәрі мемлекет пен қоғамның саяси қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жегідей жейтін, оның барлық әлеуметтік экономикалық жетістіктерін жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп қатер төндіретін құбылыс екендігі күмәнсіз. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын бұл құбылыс кешеуілдеуді кешірмейді, көлгірсіген сайын кеңістігін ұлғайта беретінін естен шығармағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР-ң Заңы, 2 шілде, 1998 ж., № 267/1.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Әдістемелік құрал. Астана – 2009 ж.
3. Заң журналы, 16 желтоқсан, 1999 ж.
4. Заң журналы, 1/2015.
5. Ағыбаев А.Н., з.ғ.д. пр. Заң журналы, № 1, 2008 жыл.
6. Ағыбаев А.Н., з.ғ.д. пр. Парасат журналы, № 4, 2007, 4, 5.
7. Ағыбаев А.Н., з.ғ.д. пр. ҚР – ның Қылмыстық құқықығы ерекше бөлім. Алматы, «Жеті жарғы», 2003.
8. ҚР – ның сыбайлас жемқорлыққа күресу туралы заңы 2003 жылғы 25 қыркүйек.
9. Тұрсынбаев Д. Заң газеті , № 7, 2008.

3.8. Құқықтық сана-сезім-сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізі

Куляй Сагиповна Ергалиева

заң ғылымының магистрі, оқытушы

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

(Атырау қ., Қазақстан)

Нургуль Аймуратовна Лукманова

заң ғылымының магистрі, аға оқытушы

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

(Атырау қ., Қазақстан)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес».

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні даусыз.

Сыбайлас жемқорлыққа мәдени — этикалық факторлардың ықпал етуіне баға беру жеңіл емес, себебі бұл сала «материалды емес». Алайда қоғамның мәдениеттілігін сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі ретінде қарастыруымыз тиіс [1]. Дін, мәдениеттің ажырамас бөлігі бола тұрып, қоғамда сыбайлас жемқорлықтың дамуының алғышарттары болуы мүмкін. Сондықтан қоғамда бір әрекет норма деп танылса, оны қылмыс деп жариялау қиындық келтіреді. Осы жағдайға орай мынадай мысал келтірейік. Қытайда басты идеология конфуциандық болғанын білеміз, оның қағидаттары бойынша халық жоғары қызметтегі адамдарды «әкеміз» деп қарастырған. Сондықтан қабылдауға келмегеннен гөрі, қабылдауға сыйлықсыз келгені наразылық туғызған. Байқағанымыздай, бір елде кейбір құбылыс сыбайлас жемқорлықтық деп танылса, екінші елде оны сыпайылық танушылық деп біледі. Мәселен, «керек» адамды мейрамханаға шақыру, «ерекше» бір көмегі үшін біреуге құнды сыйлық беру, жоғары оқу орнына түсуге көмектесу тағы сол сияқты этикаға жатпайтын қылық деп танылмайды.

Сөйтіп, сыбайлас жемқорлық — бұл, біріншіден, мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді, екіншіден, мемлекеттік биліктің беделіне залал келтіреді, үшіншіден, қоғам мен мемлекет билігінің өкілеттіктерін моральдік тұрғысынан құлдыратады [2].

Қазақстанның тұрақтылығын, әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі, құқықтық мемлекетті құрудағы, халық

арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы және мәдениетті қалыптастырудағы азаматтық қоғамның маңызды рөлін және азаматтық сектор өкілдерінің қызметтің бейіні мен түріне қарамастан, сыбайлас жемқорлықтың жойылуын қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік жауапкершілікті қабылдау қажеттілігін айтамыз.

Ынтымақтастықтың мақсаты жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік жағдайын жасау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік жағдайын жасау арқылы жастарды және Қазақстанның жастар ұйымдарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға тарту; Өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру және қазақстандық патриотизм сезімін бекіту; Жастарды және жастар ұйымдарын мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруға тарту; Жастар саясаты мәселелеріне қатысты жобаларды іске асыруға күштерін біріктіру; Агенттіктің және жастар ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы өзара іс-қимылын, тығыз әріптестігін нығайту; Студенттік ортада және жоғары мектепте сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу бойынша бірлескен шаралар қабылдау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жастар қозғалысын құру және дамыту, ортақ мақсаттарға жету үшін күштерді шоғырландыру; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және білім беру саласында жастардың бастамаларын қолдау және іске асыру [3].

Бірлескен негізде іске асырылатын іс-шаралар: жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік жағдайын жасау мәселелері бойынша бірлескен семинар сабақтарын, дөңгелек үстелдерді, кездесулерді, кеңестерді өткізу; Өскелең ұрпақ ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бірлескен жобаларды, акцияларды және басқа іс-шараларды іске асыру. Әйелдер және әйелдер ұйымдарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға тарту. Отбасында, оның ішінде ерте жастан бастап өскелең ұрпақты сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік қатынас құндылығына тәрбиелеу және сіңдіру ынтымақтастықтың мақсаты болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бұқаралық ақпарат құралдарын және олардың өкілдерін тарту.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының ережелерін кеңінен жариялау және мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында жүргізетін саясаты арқылы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы күштерін шоғырландыру ынтымақтастықтың мақсаты болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық қызметтің тиімді тәсілдері мен әдістерін әзірлеуде күштерді біріктіру. Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған бірлескен жобаларды іске асыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу саласында қабылданатын шаралар туралы азаматтарды уақтылы ақпараттандыру.

Бірлескен негізде іске асырылатын іс-шаралар: Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік жағдайын жасау мәселелері бойынша бірлескен семинар сабақтарын, дөңгелек үстелдерді, кездесулерді, кеңестерді өткізу; Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бірлескен бағдарламаларды, жобаларды, акцияларды және басқа іс-шараларды іске асыру; Сыбайлас жемқорлық профилактикасы және оған қарсы іс-қимыл бойынша үздік репортаж, үздік мақала конкурстарын, республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының журналистеріне арналған семинар-тренингтер ұйымдастыру; Баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлық профилактикасына бағытталған басылымдарды қамтамасыз ету; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тиімді білімі мен тәжірибелерді тарату.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды өскелең ұрпақты хабардар ету, тәрбие жұмыстарын жүргізу мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты саясаты болып табылады.

Білім беру концепциясының маңыздысы, бұл азаматтардың моральдық деңгейі мен тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейімдеу.

Бүгінгі білім беру жүйесі мен тәрбие жұмыстарына өскелең ұрпақтың теориясы мен практикасы бойынша түрлі көзқарастар керек. Азаматтардың көзқарасын, құқықтық нүктесін және тең азаматтық қоғамның қажеттілігін нығайту. Жас ұрпаққа сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру үшін, ең алдымен сіз педагогикалық мақсаты, мазмұнын, формалары мен әдістерін әр түрлі құралдармен сипаттауға міндеттеледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мақсатында арнайы ұйымдастырылған, бақылау іс – шаралары кең педагогикалық сезім болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен қабілеттерін қалыптастыру үшін қажетті [4].

Білім беру мен тәрбие жүйесі қоғамның ішкі өтпелі кезеңінің талаптары. Олар кейінірек өмірлерінің басты бағыты болып қалыптасады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбие жүйесін біртұтас екі процесс ретінде айта аламыз. Бір жағынан,

студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімі мен түсінігін, тиісті моральдық идеяларын қалыптастыру. Екінші жағынан, бұл ішкі қажеттіліктерін қанағаттандырудағы әрекеті мен сана-сезімі.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы жеке санасын қалыптастыру бұл үздіксіз процесс. Оның негізгі бағыттары: 1) тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болуы; 2) моральдық ұстанымы; 3) сезім сапасы; 4) моральдық қажеттіліктері мен әдеттері. Бұл бағыттардың барлығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиенің қайнар көзі.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиенің оқу орындарында негізгі компоненттері:

- 1) Оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту істері;
- 3) Өмірлік мәселелерді шешудегі тәжірибе болуы;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы мектепке дейінгі балаларды қалыптастырудың ерекшеліктері.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы мектепке дейінгі балаларды қалыптастыру құқықтық мәдениетті қалыптастырудан басталады. Тәрбиелік құқықтық мәдениет - "Бала құқықтары туралы Конвенцияның" басты саясаты.

Құқықтық тәрбие – баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатысты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Әр баланың санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай, оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады. **Рефлексия** дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. Бұл өте бағалы қасиет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастырудың талаптары:

- Өртүрлі тәрбиелеу әдістерін пайдалану;
- Балалардың ортасында сыйластық қарым-қатынастарының қалыптасуы;
- Педагогтар мен ата-аналардың балаларға деген тәрбиесін күшейту.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы жасөспірімдерде қалыптастырудың ерекшеліктері.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы жасөспірімдерде қалыптастырудың міндеті, оларға қажетті білімді беру.

- Сыбайлас жемқорлықты тануды үйрету. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты басқа қылмыс түрлерінен ажырату.
- Сыбайлас жемқорлықтың не себепті қылмыс екеніне түсінік беру.
- Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендетуге үлес қосу.

Жасөспірімдердің ең басты назар аударатыны бұл адамгершілік тәрбие мен білім беру. Адамгершілік тәрбие – жасөспірімдердің

бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру. Сонымен қатар моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық жайындағы білімдерін кемелдендіреді. Адамгершілік тәрбиенің құрамды бөлігі бұл – ұлтжандылық, отаншылдық қасиеттер.

Басты нәтижесі ретінде, арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы белгіні қалыптастыру. Ол үшін жасөспірім ең алдымен:

Ақпаратты түсіну. Сыбайлас жемқорлықтың келтіретін зияны көбінесе экономикалық жіне әлеуметтік - саяси аргументтермен арқылы дәлелденеді. Ал бұл студенттер үшін көп жағдайда түсініксіз, сол себепті маңыздылығын жоғалтады. Сол себепті, сыбайлас жемқорлықтың келтіретін зиянын жеңіл түсінікті тілмен түсіндіріп, олардың отбасы мүдделеріне қалай әсер ететінін көрсету.

Еске сақтау. Сөзсіз, "Қайталау – оқыту анасы". Алайда сіз бір нәрсені үш есе артық қайталасаңыз, бұл адамның қорқынышты сезінуіне және оның бостандығына қауіп келтіреді. Сондықтан, сіз ақпараттың нысанын өзгертуге және оны күтпеген жерден беруге тиіссіз.

Өзін-өзі сендіру. Мәселені өзіне-өзі сену арқылы шешу әрекеті, сол мәліметтің тұлғаның есінде мәңгі қалуға септігін тигізеді. Бұл іс – шаралардың нәтижесі жеке тұлғаның, қоғамның сыбайлас жемқорлық туғызатын қауіп және жай-күйі туралы білімді, жеке бас құқықтарын қорғауға дайын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы студенттерде қалыптастырудың ерекшеліктері.

Студенттік жастар – біздің қоғамының өсіп келе жатқан серпінді, жігерлі бөлігі болып табылады. Осы студент жастар болашақта өндіріс пен басқарудың барлық дерлік салаларында жұмыс жасайды. Олардың қоғамның белсенді мүшесі болу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуі әлеуметтік құндылықтарды орнатуға, елдің дамуына зор септігін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлама 2015-2025 жылдарында қабылданды. Білім беру және мәдениетті қалыптастыру, оқу жүйесі студенттердің құқықтық мәдениетті қатыстыра құруды болжайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қалыптастырылған процестерде студенттердің айтарлықтай үлесі зор. Әлеуметтік іс – шаралар: сыбайлас жемқорлықтың қарым-қатынастарының теріс салдарына қарсы күрес, студенттік дебаттар, конференцияларды жоспарлау өте маңызды [5].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді.

Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытатын курстармен барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдар мен тұтастай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамту қажет.

Талай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады. Осыған байланысты, қоғамдағы құқықтық нигилизмнің түбегейлі жойылуы маңызды.

Бұл ахуалды түзеу үшін халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдау – қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі. Сыбайлас жемқорлық – бұл нақты заңдық анықтамасы жоқ әлеуметтік құбылыс және кез келген құбылыс іспетті ол өзіне тән белгілермен сипатталады, әрі өз дамуында үлкен әлеуетке ие. Сыбайлас жемқорлықтың ерекше белгісі — ол қылмыс субъектілерінің өз қызмет бабын, құқықтық мәртебесін және қызмет мүддесіне қайшы әрі құқық пен ар-ожданның қалыптасқан нормаларына қайшы орналасқан лауазымның беделін пайдалану жолымен істелінеді[6]. Осы әрекеттер мүлкітік не өзге пайда табуға және қандай да бір мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға тікелей бағытталған. Сыбайлас жемқорлық мәселесін зерттей отырып, сыбайлас жемқорлық мүдделі топтардың экономикалық мүдделерінің көлеңкелі ықпал ету түрі ретінде осы мәселеге қатысты төмендегідей түйін жасауға болады.

Біріншіден, барлығы мойындағандай, сыбайлас жемқорлық – саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Өйткені лауазымдық тұлғаның игіліктерді бөлуге құқығы бар жерде, мүдделі тұлғалар тарапынан үнемі әлеуметтік ұқсастық жасау мүмкіндігі болып тұрады. Яғни, игілік деп біз тек қана материалдық ресурстарды меңзеп тұрмаған болармыз, сонымен қатар оған лауазым иесінің түрлі әрекеттерге тыйым салу немесе рұқсат ету тағы басқа құқығы да жатады.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық жоғары деңгейге көтерілуі бұл мәселеге шындап көңіл бөлуді талап етеді. Заманауи жемқорлықпен күресу шаралары тек қана репрессивтік сипатта болмауы қажет, заңнамалардың да жетілдіруіне баса назар аударған жөн.

Үшіншіден, осы қоғамдық зауалға қарсы қоғамның бірігуі жемқорлықпен күрестің жеңісіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Толығырақ қарастыратын болсақ, сыбайлас жемқорлықты терең зерттеуге толық қол жете қойған жоқ.

Төртіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады [7]. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға

мүмкіндік береді. Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ.

Іс жүзінде, анық дүниенің өзіне өмір күнделікті өзгерістер енгізіп отыр. Болашақта көлеңкелі әрекеттер сыбайлас жемқорлықтың жаңа түрлерін туындатуы әбден мүмкін. Қоғам мен мемлекеттің алдындағы басты міндеті – осы қылмыстың деңгейін неғұрлым азайту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз // Алматы: Жеті жарғы.

2. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан.

3. Мемлекет басшысының «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты 2008 ж. 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы.

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2014 ж. 3 шілде.

5. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015ж. 18 қараша

6. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 ж. 2 шілдедегі № 267 — 1 Заңы // Казахстанская правда. — 1998 ж. 9 шілдедегі. — № 132.

7. Өзгерістер мен толықтырулар еңгізілген Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2007 ж. 21 шілдедегі — № 308 Заңы // Казахстанская правда. – 2007 ж. - 27 шілдедегі. - № 315.

8. Қазақстан Республикасының «Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» 2008 ж. 4 мамырдағы № 31 – Заңы // Егемен Қазақстан. – 2008 ж. - 6 мамырдағы. - № 130-131.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы» 2002 ж. 2 сәуірдегі — № 839 Жарлығы // Қазақстан Республикасының ПҰАЖ — ы, 2002 ж. — № 10, 92 — құжат.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттелікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» 2005 ж. 14 сәуірдегі — № 1550 Жарлығы // Казахстанская правда. – 2005 ж. 15 сәуірдегі — № 87 – 88.

3.9. Криминалистикалық тактикадағы болжамдар және тергеуді жоспарлаудың маңызы

Әсем Абайқызы Төлегенова

заң ғылымының магистрі, оқытушы. Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті (Атырау қ., Қазақстан)

Асель Егенбаевна Мухамедина

заң ғылымының магистрі, аға оқытушы.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
(Атырау қ., Қазақстан)

Криминалистикалық тактика дегеніміз - тергеу әрекеттерінің тиімділігін, нәтижелілігін арттырып, іс бойынша керекті дәлелдемелерді дер кезінде жинауға, мұнымен қатар тергеуді ұйымды және жоспарлы түрде жүргізуге бағытталған, заң шеңберінде қолданылатын тиімді де, қолайлы тәсілдер жөніндегі ғылыми ережелердің жиынтығы

Криминалистикалық тактиканың осы келтірілген жалпы ережелерін және түсінігін тұжырымдап, нақтылайтын болсақ, оны қамтитын тергеушінің тергеу әрекеттерін жүргізу үстінде осы сәтте туындаған тергеу ситуациясына байланысты дұрыс, ықшамды позиция ұстауы, ситуацияға байланысты нәтижелі және тиімді тәсілдерді қолдану, тергеуді ұтымды жүргізу үшін өз жұмысын дұрыс жоспарлау.

Кейбір оқулықтарда криминалистиканың бұл бөлімін тергеу тактикасы деп те атайды.

Криминалистикалық тактика криминалистиканың басқа да бөлімдерімен тығыз байланысты. Айталық, криминалистикалық құрал-саймандарды тергеу үстінде қолданып, пайдалану ерекшеліктері әр тергеу әрекетін жүргізгенде қолданылатын тактикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Жаңа криминалистикалық құрал-саймандар пайда болса, оларды тергеу әрекеттерін жүргізгенде қолдану әдістері криминалистикалық тактикада қаралады. Сонымен қатар, тергеу әрекеттерін жүргізу үстінде қолданылатын тәсілдер тергеліп жатқан қылмыстың түріне байланысты. [1]

Криминалистикалық тактика бөліміне тергеу әрекетін жүргізгенде қолданылатын тәсілдермен бірге, тергеуді жоспарлау, тергеу үстінде тергеуші мен жедел-ізвестіру органдарының арасында қалыптасатын қарым-қатынастардың түрлері, тактикалық операция, тергеу ситуациясы деген сұрақтар да кіреді.

Криминалистикалық тактиканың ең бір негізгі, түйінді сұрақтарының бірі — ол тактикалық әдіс.

Жоғарыда айтқандай, тергеушінің тергеу әрекеттерін жүргізгенде алдына қоятын негізгі мақсаты — тергеуді жүргізу арқылы неғұрлым көп және құнды дәлелдемелер жинау, тергеу әрекетінің нәтижелілігін арттыру. Қойылған мақсатқа жету үшін әр тергеу әрекетін жүргізгенде тергеуші нақтылы туындап тұрған тергеу ситуациясына орай қолайлы,

тиімді әдістер, заңға сыйымды айла-әрекеттер қолдану арқылы объективті және толық дәлелдемелер алуға тырысуы керек. Міне, осындай тергеу әрекетін жүргізгенде қолданылатын әдіс-айланы тактикалық әдіс дейміз. Әрине, ақылға салмайтындай кез келген әдістерді қолдана беруге болмайды. Сондықтан қолданатын тактикалық әдістер белгілі бір талаптарға сай болуы керек. Тактикалық әдістерге қойылатын негізгі талаптар:

- оның заңға кайшы келмеуі, жеке адамның не заңды тұлғалардың құқығын бұзбауы және жалпы моральдық, этикалық қағидаларға сай болуы;

- тактикалық әдістің объективтілігінің ғылыми тұрғыдан дәлелденгендігі, оның ғылымның бір саласына немесе логика, психология, педагогика т.б. ғылымдардың белгілі бір қағидаларына негізделуі (тактикалық әдістің ғылымилық қағидасы).

Осы айтылғанды тұжырымдайтын болсақ, тактикалық әдіс дегеніміз ол - заңға, этикалық талаптарға кайшы келмейтін, белгілі ситуациялық жағдайда, тергеу әрекетінің нәтижелілігін арттыру үшін тергеушінің қолданатын арнайы айла-әдістері. Тергеу әрекетінің шеңберінде қолданылатын тактикалық әдістердің бірнеше түрі болады. Тергеу әрекетін жүргізу үстінде туындаған ситуациялық жағдайға байланысты тиімді және ыңғайлы әдіс қолданылады.

Кей жағдайда бір тергеу әрекетін жүргізгенде, бір тұрақты анықтауға тактикалық тәсілдердің бірнеше түрі арнайы кезекпен қолданылады. Криминалистикалық тактика криминалистиканың басқа да бөлімдерімен тығыз байланысты. Айталық, криминалистикалық құрал-саймандарды тергеу үстінде қолданып, пайдалану ерекшеліктері әр тергеу әрекетін жүргізгенде қолданылатын тактикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Жаңа криминалистикалық құрал-саймандар пайда болса, оларды тергеу әрекеттерін жүргізгенде қолдану әдістері криминалистикалық тактикада қаралады. Сонымен қатар, тергеу әрекеттерін жүргізу үстінде қолданылатын тәсілдер тергеліп жатқан қылмыстың түріне байланысты. Криминалистикалық тактика бөліміне тергеу әрекетін жүргізгенде қолданылатын тәсілдермен бірге, тергеуді жоспарлау, тергеу үстінде тергеуші мен жедел-ізвестіру органдарының арасында қалыптасатын қарым-қатынастардың түрлері, тактикалық операция, тергеу ситуациясы деген сұрақтар да кіреді.

Криминалистикалық тактиканың ең бір негізгі, түйінді сұрақтарының бірі — ол тактикалық әдіс.

Жоғарыда айтқандай, тергеушінің тергеу әрекеттерін жүргізгенде алдына қоятын негізгі мақсаты — тергеуді жүргізу арқылы неғұрлым көп және құнды дәлелдемелер жинау, тергеу әрекетінің нәтижелілігін арттыру.

Қойылған мақсатқа жету үшін әр тергеу әрекетін жүргізгенде тергеуші нақтылы туындап тұрған тергеу ситуациясына орай қолайлы, тиімді әдістер, заңға сыйымды айла-әрекеттер қолдану арқылы

объективті және толық дәлелдемелер алуға тырысуы керек. Міне, осындай тергеу әрекетін жүргізгенде қолданылатын әдіс-айланы тактикалық әдіс дейміз. Әрине, ақылға салмайтындай кез келген әдістерді қолдана беруге болмайды. Сондықтан қолданатын тактикалық әдістер белгілі бір талаптарға сай болуы керек. Тактикалық әдістерге қойылатын негізгі талаптар: оның заңға кайшы келмеуі, жеке адамның не заңды тұлғалардың құқығын бұзбауы және жалпы моральдық, этикалық қағидаларға сай болуы; тактикалық әдістің объективтілігінің ғылыми тұрғыдан дәлелденгендігі, оның ғылымның бір саласына немесе логика, психология, педагогика т.б. ғылымдардың белгілі бір қағидаларына негізделуі (тактикалық әдістің ғылымдық қағидасы).

Осы айтылғанды тұжырымдайтын болсақ, тактикалық әдіс дегеніміз ол - заңға, этикалық талаптарға кайшы келмейтін, белгілі ситуациялық жағдайда, тергеу әрекетінің нәтижелілігін арттыру үшін тергеушінің қолданатын арнайы айла-әдістері. Тергеу әрекетінің шеңберінде қолданылатын тактикалық әдістердің бірнеше түрі болады. Тергеу әрекетін жүргізу үстінде туындаған ситуациялық жағдайға байланысты тиімді және ыңғайлы әдіс қолданылады.

Кей жағдайда бір тергеу әрекетін жүргізгенде, бір тұрақты анықтауға тактикалық тәсілдердің бірнеше түрі арнайы кезекпен қолданылады. Мұны криминалистикада тергеу әрекетін жүргізу үстінде қолданылатын тактикалық комбинация дейді

Мұны криминалистикада тергеу әрекетін жүргізу үстінде қолданылатын тактикалық комбинация дейді. [2]

Тактикалық әдістердің, олардың комбинациясының қолданылуы тергеу ситуациясына байланысты. ондықтан тергеу ситуациясы деген криминалистикалық санаттың ұғымына, түсінігіне тоқталайық.

Тергеу ситуациясы дегеніміз — тергеудің белгілі бір кезеңінде айғақты мәліметтердің, дәлелдемелердің көлеміне және ерекшелігіне, істің мән-жайын анықтау мүмкіндігіне байланысты қалыптасатын жағдай. Тергеу әрекеттерін жүргізудің кейбір ережелері қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген, сондықтан оларды тактикалық әдістер деп санауға болмайды. Осыған байланысты айта кететін бір жағдай, ол заңда көрсетілген ережелердің көбі тергеу тәжірибесінде пайда болып, алғашқыда тактикалық әдіс есебінде қолданылғандығы. Тіпті, кейбір тергеу әрекеттерінің өзі де басында тергеу үстінде тактикалық әдіс есебінде пайдаланылған. Атап айтқанда: объектілерді тану үшін көрсету, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау деген тергеу әрекеттері алғашқыда тергеу тәжірибесінде жауап алудың тактикалық әдіс есебінде пайдаланылған. Кейіннен ғана заң жүзінде бекітіліп, тергеу әрекеті есебінде жүргізілетін болды. Қылмыстың тез арада ашылуы, тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсатты және ұйымдасқан түрде жүргізілуі тергеудің белгілі бір жоспармен жүргізілуіне тікелей байланысты.

Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін тергеу жоспарын жасау арқылы тергеуші тергеу барысында шешілетін сұрақтарды толық айқындап алып, осы сұрақтарды нақтылы қандай тергеу әрекеттерін, жедел-ізвестіру және басқа да ұйымдастырушылық шаралар жүргізу арқылы шешуге болатынын анықтап белгілейді.

Сұрақтар тергеп отырған қылмыстың мән-жайын анықтауға байланысты болу керек.

Сондықтан жоспарға кіретін сұрақтар осы қылмыс жөнінде тергеушінің ойша жасаған болжауынан туындайды. Тергеп отырған қылмыстың қалай, қандай жағдайда болғанын тергеуші, әрине, өз көзімен көрген жоқ.

Бірақ қылмысты толық және объективті тергеу үшін тергеуші қылмыстың қалай болғанын ойша болса да болжап, қылмыстың жасалу жолын көз алдына елестетіп көріп, оның бейнесін ойша жасап көруі керек.

Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатынасқан адамдар және де қылмыстық оқиғаның басқа да мән-жайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады.

Тергеушінің бұл ойша талдау арқылы жүргізетін шығармашылық, белгілі бір сұрақтарды шешуге бағытталған іздеу процесі логикалық гипотеза әдістеріне негізделеді. [3]

Сондықтан тергеу болжауы логикалық табиғаты жағынан алғанда гипотезаның бір түріне — жұмыс гипотезасына жатады.

Болжауды мазмұны және мағынасына байланысты тергеу болжауы жалпы және жеке болып екі түрге бөлінеді.

Жалпы болжау — ол нақты қандай қылмыстың болғандығы жөніндегі тергеушінің ой-пікірі.

Айталық, оқиға болған жерде мәйіт табылған жағдайда тергеуші осы оқиға жөнінде мына төмендегідей (юлжаулар жасай алады: жәбірленушіні біреу қасақана өлтірді, абайсызда өлтірді, не өзін-өзі өлтірушілік.

Атап айтқанда, м ұндай жалпы болжауда қандай қылмыс жасалғандығы жөнінде белгілілігілі бір пікір туындайды.

Осы жасалған жалпы болжаудың әрқайсысынан сұрақтар туындап, олар жөнінде жеке болжау жасалады.

Бастапқы кезде жасалған болжаулардың қайсысы, дұрыс екенін біліп аңғаруға болмайды. [4]

Сондықтан жасалған (болжаулардың бәрін бір кезекте қосарлы түрде тексеріп.

Болжауды құру тәртібі, тексеру ережесі.

1. Криминалистикалық тергеу болжауы дегеніміз- тергеудің белгілі бір кезеңдерінде туындаған жағдайларға, жиналған айғақты дәлелдемелерге негізделген қылмыстың түрі, оның болу тетігі және қылмыстың басқа да мән-жайлары жөніндегі тергеушінің ой-пікірі.

2. Тергеу болжамы әр түрлі негіздер бойынша топталады.

- көлемі бойынша-жалпы және жеке.

- қозғалмалы субъектісі бойынша-тергеу, жедел-ізвестіру, сараптамалық және соттық.

- болған жағдайдың дәрежесіне байланысты-қайталанбалы, жәй немесе нақты, анық.

Жалпы болжау-ол нақты қандай қылмыстың болғандығы жөніндегі тергеушінің ой-пікірі.

3. Болжауды қалыптастырудағы логикалық ойлауда анализ бен синтез, индукция мен дедукция, аналогия тәсілдері қолданылады.

Анализ-бұл зат бөліктерінің құрамын, кейбір жақтарының қасиетін, фактыны, құбылыстарды зерттеу.

Синтез-бұл анализ арқылы бөлінген белгілерді бір тұтас және байланыстырып зерттеу.

Индукция-бұл жекеден жалпыға, ал дедукция- жалпыдан жекеге өтетін болжамалы жорамал.

Аналогия-деректерді, олардың жеке белгі негіздерімен салыстыруды қорытындылайтын логикалық ойлау әдісі. Осындай теңестіруден мынандай қорытынды шығады: егер белгілер ұқсас болса, онда деректер де ұқсас немесе олар бірдей себептермен ұғындырылады. [5]

4. Болжауды құруда логикалық ойлау тәсілдерін қолдану.

- болжам деректемесіне негізделіп шыншыл жорамалдар құралады.

- болжам логикалық дұрыс құралып, өз мазмұнына қайшы келмеуі тиіс.

- болжауды тексеру, тергеу әрекетімен, жедел ізвестіруші іс-шараларымен жүзеге асуы қажет.

- болжамдар мүмкіндігінше кезектесіп бірге жүзеге асуы қажет. Өртүрлі қылмыстардың тез арада әшкереленуі, жалпы тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсатты және ұйымды түрде өткізілуі осы тергеудің белгілі бір жоспармен жүргізілуіне тікелей байланысты. Аталмыш жоспарға енетін мәселелер осы қылмыс жөніндегі тергеушінің ойша жасаған болжауынан туындайды. Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде осы қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатыстан адамдар және де қылмысты оқиғаның басқа да мән-жайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады.

Криминалистикалық болжам деп өкілеттілігі бар тұлғамен ұсынылатын зерттеудегі оқиғаның бөлек жағдайларының немесе мазмұнының, сондай-ақ деректер арасындағы себептік байланыстын дәлелденген ықтималдық түсінігін айтамыз.

Қылмысты тергеуді жоспарлауға негіз болу арқылы криминалистикалық болжамдардың тәжірибелік маңызы көтеріледі, ал

оларды тексерумен дәлелдемелерді жан-жақты және толымды зерттеу мүмкіндігі пайда болады.

Логика тұрғыдан криминалистикалық болжам гипотезаның бір түрі ретінде байқалып, яғни шамамен ой тұжырымы болып саналады. есептеуге болады.

Тергеу тактикасы психологиясының мәселелерін әзірлеу және басқарудың дамып келе жатқан теориясындағы мәліметтерді криминалистикада қолдану міндеттері күн тәртібіне тактикалық шешім ұғымын, негіздерді, мақсаттарды, оны қабылдау және іске асыру процесін, маңызды практикалық "қорытынды"

Тергеу жоспарын жасау белгілі бір қағидаларға негізделеді.

Жоспарды жасау үстінде тергеушінің міндетті түрде ескеретін шартты қағидалары бар. Олар: жоспардың жекелігі, нақтылығы, серпінділігі, жоспарланған шаралардың іске асу айқындығы, заңдылығы және қолайлылығы.

Жоспардың жекелілігі дегеніміз ол жоспардың тіке осы қылмысты ашуға, іске керектігі не осы іске байланысты сұрақтарды анықтауға бағытталуы және қылмыстық істі жүргізу үстінде жиналған дәлелдемелерге негізделуі.

Анықталатын сұрақтарды, жүргізетін тергеу әрекеттерін және басқа да ұйымдық жұмыстарын тергеушінің тіке өзінің жоспарлауы оның бұл бағыттағы жұмысын шығармашылық арнаға түсіреді, сонымен қатар тергеушінің жауапкершілігін арттырады.

Тергеу жоспарының нақтылығы дегеніміз – ол анықтауға жататын сұрақтардың түсінікті және анық болуы, осы сұрақтарды шешу жолдарының нақтыланып көрсетілуі. Жоспарда жалпы және декларативті сипатта көрсетілген тармақтардың болмауы шарт. Егер де іс бойынша анықталуға жататын жалпы сұрақтар болса, олар нақтыланып, анықталып көрсетілуі тиіс. Сұрақтардың анық көрсетілуі оларды тез арада шешіп, анықтауды жеңілдетеді. [6]

Жоспардың серпінділігі (динамикалық қағидасы) ол тергеудің әр кезеңінде әрқилы тергеу ситуациясына сай өзгеріп тұруы. Тергеу процесі құбылмалы, әр уақытта өзгеріп отыратын процестердің қатарына жатады. Тергеу үстінде, әрине, бұрын жоспарды құрғанда белгілі болмаған мәселелердің, сұрақтардың туындауы мүмкін. Осылардың бәрін дер кезінде жоспарға кіргізіп жасалған тергеу жоспары толықтырылып, өзгертіліп отырылады. Сондықтан болған өзгерістерді дер кезінде енгізіп, қосып отыруға тергеу жоспары бейімді болу керек.

Тергеу жоспарын құрғанда оған іс жүзінде анықтауға болатын сұрақтарды және белгілі мерзімде нақтылы орындауға мүмкін жұмыстарды, тергеу шараларын кіргізу қажет. Бұл жоспардың нақты орындалуын қамтамасыз етеді.

Анықталуы жоспарланған сұрақтар іс бойынша жасалған тергеу болжауларынан туындайды. Осы тергеу жоспарында көрсетілген

сұрақтарды анықтау үшін өткізілуі тиіс жұмыс әрекеттері заңға қайшы келмеуі керек. Мұны тергеуді жоспарлаудың заңдылық қағидасы деп атайды. Тергеу әрекеттерінің, жедел-ізвестіру және басқа ұйымдық жұмыстардың дәлелдеме алуға нәтижелігін және өткізуге қолайлығын арттыру үшін оларды ұтымды кезекпен өткізетіндей етіп жоспарлау қажет. [7]

Бірінші кезекте кідіртпей өткізуді қажет ететін тергеу әрекеттері және жедел-ізвестіру жұмыстары жоспарлануы тиіс. Бұл тергеудің ықшамды және үйлесімді түрде өтуін қамтамасыз етеді. Тергеу жоспары белгілі бір элементтерден құралады, осы қылмыс бойынша жасалған тергеу болжауларына негізделеді және сол болжауларды тексеруге бағытталады.

Сондықтан жоспардың бірінші элементі – осы іс бойынша жасалған тергеу болжаулары. Бұл тергеу болжауларын тексеру үшін белгілі бір сұрақтарды, мәселелерді анықтауға тура келеді.

Сондықтан тергеу жоспарын құрғанда болжаудан туындаған және осыған байланысты тексеруді қажет ететін сұрақтардың тізбегі жоспардың екінші элементі болып саналады.

Жоспарға кірген сұрақтар тергеу әрекеттерін, жедел-ізвестіру және басқа да жұмыстарды жүргізу арқылы анықталып, шешілетін болғандықтан, осы орындалатын тергеу шаралары жоспардың үшінші элементі болады. Осы жоспарланған жұмыстарды кім және қай мерзімде өткізу керек екендігі де жоспарда көрсетіледі. [8]

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Белкин Р.С. Криминалистическая энциклопедия. – М. Издательство БЕК, 1997. – 250 с.
2. Жәкішев Е., Криминалистикалық тактика. – Алматы: Жеті жарығы, 1997. – 250 б.
3. Мәжитов Ш., Мұқашев Б. Криминалистикалық техника. – Алматы, 1959. – 100 б.
4. Тілеубергенов. Е. Криминалистика. – Алматы: «Дәнекер», 2002. – 146 б.
5. Абуов А.Ф. Криминалистика негіздері. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2004.
6. Яблоков Н.П. Криминалистика: учебник. – М.: «Лекс Эст», 2003. – 376.
7. Васильев А.Н. Следственная тактика. – М., 2007. – 160 с.

3.10. Нотариалдық қызметтің қалыптасуының тарихи-құқықтық негіздері

Жанна Бекполовна Шаяхметова

заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
(Атырау қ., Қазақстан)

Райхан Бакытжановна Абдулова

заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
(Атырау қ., Қазақстан)

Нотариат әрбір құқықтық мемлекеттің құрамдас бөлігі болып табылады, осы тұлғамен жүзеге асырылатын іс-әрекеттер құқық нормалары мен нақты қарым-қатынастар арасындағы байланыстырушы элемент және нақты заңдық фактілердің көрінісі болып табылады.

Осындай функцияларды атқаратын институттар ерте ежелгі дәуірлерде болғандығын айта кету керек. Мысалы, ежелгі замандарда, атап айтқанда Ежелгі Мысырда «агорономос» деп аталатын лауазым иелері болды, олар құжаттарды жасаумен қатар, оған қосымша заңдық күшті беретін мемлекеттік қызметшілердің ерекше категориясы еді, осындай тұлғалар сол уақыттардағы Египет және Еврей мемлекеттерінде де болған [1].

Тарихқа жүгінетін болса, әрі қарай бұл сала діни және зайырлы мемлекеттің негіздері бойынша дамыды. Діни салада лауазымды тұлға рим шіркеуі шеңберінде әрекет етті. Алғаш рет бұл институт рим шіркеуімен өз қызметін бастады, қазіргі уақытта Италияның шіркеулерінде қызмет етеді. Оның пайда болуының бастапқы көріністері II ғасыр және III ғасырдың басында көрініс табады. Олар дінбасылардың халықпен кездесіп, дидарласуына қатысып, әңгімелерін жазып отырған.

Екінші негіз бойынша IX ғасырдың соңынан бастап Францияда осы қызметтің ресми алғышарттары пайда болды, яғни басында олар тек құжаттарды жасақтауға көмектескен болса, оларды судьялар қол қою арқылы рәсімдеген еді. Бірақ кейіннен нотариус судьямен қатар тең дәрежеде мемлекеттік мөрдің ұстаушысы болды және биліктің тікелей өкілі ретінде қарастырылды, себебі оның құзырында шарттарды куәландыру функциясы болды.

«Нотариат» сөзі латынның «notta» - тез жазудағы қолданылатын белгі болып табылады. Құғыншылық кезінде олар осындай әдістер арқылы болып жатқан жағдайлардың барлығын жазып жатты. Сол уақытта бұл қызмет нақты анықталған орган ретінде қалыптасып қалған болатын. Бұл лауазымға қызметке қабылданатындар тек стенографиялық жазуды білумен қатар, ерекше адамгершілік

қасиеттерге және білімімен көзге тұсуі керек болуы керек еді. Егер шіркеу лауазымдарының қызметі туралы сөз қозғайтын болсақ, олардың атқаратын функциялары мынадай еді:

1) епископтармен бірге халықты қабылдауы кезінде болуы және оны стенографиялық жазуы;

2) шіркеу істері бойынша актілерді толтыру, мысалы, епископтарды сайлау туралы;

3) шіркеуге жиналған құлдарды еркіндікке жіберу туралы актілерді ресімдеу;

4) шіркеуден шығатын құжаттарды жасау және өзінің қолымен куәландыру.

Бұл құжаттарға жария сипат беру үшін шіркеулік лауазым иелері бұл құжаттарды сотқа беріп, оларды сот өкілдері ретінде құжаттарын хаттамаға енгізуге керек еді. Солармен қатар, ежелгі римдіктерде жазушылардың ерекше институты қызмет етті, олардың функционалдық қызметі болып магистраттардың жазбаша шешімдерін жазу және преторлардың сот формулаларын ресімдеу табылған еді. Сонымен қатар, олар жария құқықтық сипатқа ие сот реестрлерін және әртүрлі жазбаларды жүргізді.

Ежелгі Римдегі азаматтық құқықтық айналымның әрі қарай дамуы негізінде табеллиондар институтының пайда болуына септігін тигізді, мемлекет бекіткен соммаға сәйкес, азаматтардан ақы алу негізінде заң актілерін және сот құжаттарын ресімдеумен айналысты. Осыған байланысты, мемлекет табеллиондардың қызметіне бақылау жасады. Лауазымды тұлғалар функцияларын қала көшелерінде арнайы бөлінген жерлерде орналасқан орындарда және тек ерекше жағдайларда үйде жұмыс жасауға рұқсат берілген. Мәмілелерді ресімдеу былайша жүзеге асырылады: табеллион контрагенттердің және куәлардың қатысуымен құжатты жасақтаған және мазмұнының заңға сәйкестігін қадағалаған, мәміленің мәтінімен таныстырған және тараптар толықтай келіскен жағдайда оның қорытынды нұсқасын жасаған. Құжатта мыналар көрсетілетін болған, қатысушылардың аттары мен мәртебелері, құқық және әрекет қабілеттігі туралы айтылған, толықтай құқықтарды иеленетіндігі, мәмілеге тұлғалар өз еріктерімен келді ме? Әрі қарай мәміленің атауы көрсетіледі. Пәні болып табылатын мүлік өзі немесе жекелеген заттардың тобы ретінде көрсетіледі. Қозғалмайтын мүліктердің жиынтығы құжаттарда «massa» деп көрсетіледі. Одан кейін мүліктің бағасы. Содан соң барлық құжаттарда мәмілені бекіту іске асырылды, бұл әдетте, куәлардың қатысуымен салтанатты түрде контрагенттер ант қабылдайды, олар құжатқа қол қойып дәлелдеген. Содан соң табеллион қол қояды, ол әрекет құжаттың түпнұсқалығын дәлелдеген.

Ежелгі Римде осындай қызметкерлердің үлгілері және жаршылары көшірмеші болды, латыннан «көшірмеші» деп аударылуы текке емес. Олардың міндетінде жолдаулар және өтінулерді әртүрлі

тектің құрастыруы ғана емес, түрлі мәмілелердің құрастыруы да кірді, мемлекеттік қызметте тұрғандары және жеке тұлғалардың қарамағындағылар сияқты екі дәрежесі болды. Мемлекеттік қызметтерде тұрғандары магистратпен өмір бойына римдік азаматтардан сайланды, сонымен бірге азаматтық-құқықтық абыройынан айырылмайды. Олар ашық құжаттар даярлады, қоғамдық есепшоттар жүргізді, көшірмелер жасады және құжаттардың көшірмелерін берді, сонымен бірге декреттер және магистраттың ұйғарымдарын әзірледі және оларды сақталды. Преторлық соттық процестерде олар соттық журнал жүргізді.

Жеке тұлғаларда қызметте тұрған көшірмеші қалыпты ережеге сай еріктілер, жалданушылар және құлдар болды. Олар өз қожайынының қарастыруы бойынша хатшылық қызметтерді орындады. Дегенмен, үшінші ерекше дәрежедегі, құқықтық құжаттар мен материалдарды рәсімдейтін тұлғалар болды. Олар мемлекеттік қызмет пен жеке тұлғаларда тұрмаған, азат адамдар болды. Бұлар сыйақы үшін мемлекеттік бақылауда болып, баршаға заңдық және нормативтік актілер жазды. Олар өз қызметтерін тек қана кеңселерде жасады. Табеллион жасаған құжатқа ашық актінің сипатын беру үшін оны сот хаттамасына енгізу керек болды, кейін бұл актінің заңдылығы туралы сұрақтар пайда болмаған.

Бұл тұлғалар корпорациясына қабылданған, қала профектісімен қызметке бекітілген еркін римдік азамат бола алды, қағаздар дайындаумен айналысты, мемлекет бақылауында болды. Тарихқа көз жүгіртетін болса, олар нотариаттың атасы болды. Еуропалық елдерде бұл қызмет әрдайым қоғамдағы құрметті орынды алды. Мысал ретінде Францияны келтіруге болады. Бонапарт азаматтық кодексті енгізуді ойға алғанда маңызды құқықтық актіні іске асыратын құрылымды құрастыруды қажет деп білді. Император кеңесшісі Реаль нотариатты енгізуді былай негіздеді: «Тарапты келістіруге және дауды шешуге шақырылған шенеуніктерден тысқары, тыныштықты, екіжақты тараптары үшін кеңесшілер болып табылатын, сонымен бірге олардың ерік білдірулерінің нақты редакторлары болатын:

- әр тараптың келісімшартта қабылдайтын міндеттемелерін толығымен түсіндіретін;

- шарттардың міндеттемелерін анық баяндайтын;

- куәландырылған және нақты шешімі шыққан мінездее беретін;

- үлесін дұрыс және мәңгі есте сақтайтын басқа шенеуніктер болып келеді. Олар адал адамдардың арасындағы даулардың пайда болуына жол бермейді, пайдақор адамдарды әділетсіз дауды қоздыруда жетістікке жету үмітінен айырады. Бұлар алаламайтын кеңесшілер, нақты редакторлар, ерікті судьялардың бұл тегі әр тараптың келісім-шарттарын атқаратындар - олар нотариустар, бұл мекемелер-нотариаттар». Бұл институтын енгізгеннен кейін Реаль «Нақтылық сезім» тән Бонапарт француз құқығын жөнге келтіруді, оны

халықтың пайдасына іске асыратын құзырлы заңгерлердің татуларынсыз елесте алмады,-деді.

Қазақстан аумағындағы нотариаттың заң шығаруын реттеуінің қалыптасу тарихы Ресейдегі осы қызметтің даму және қалыптасу тарихымен үздіксіз жалғасқан. Аталған мемлекеттегі осы саланың дамуы әлемнің негізгі қағидалары және тенцияларына сай жүзеге асты, бірақ - та өзіндік тарихи ерекшеліктері болғандығын атап өту керек. Соған сәйкесті үш кезеңді бөліп қарастыруға болады:

1. Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Ежелгі орыс мемлекеті пайда болған сәттен бастап 1917 жылға дейінгі уақыт.

2. Кеңестік кезең. 1922-1993 жылдар аралығына созылған мемлекеттік нотариат қызмет [2].

3. Қазіргі кездегі еркін нотариат. Кеңес Одағы құлағаннан кейін 1993 жылы басталды және нотариат туралы заңнаманы қабылдаумен басталды.

Ресей мен Қазақстан Республикасында аталған институтының пайда болуы Романовтар әулетінің патшалық ету кезеңімен байланысты.

1649 жылы Земствовлық шіркеу Шіркеу жинағын қабылдады, өз кезегінде бұл институттың дамуындағы дәуірді құрды. Ол оған дейін пайда болған жеке үзбелі жарлықтарды ретке салып жүйеледі, 1832 жылғы қабылданған мүліктік құқыққа қатаң тәртіп күшейту негізін қалады. Бірінші Петр кезеңінде барлық нотариалдық қызметтерді өткізуді ықшамдауға бағытталған реформалар жүргізілді, дегенмен, олар іске аспады. Сол уақытқа заңдық алқа мекемелері пайда болды, оларға бас кеңселердің қызметін қадағалайтын мүмкіндікті бекітті.

Оның қалыптасуының келесі кезеңі II Екатеринаның патшалық етуімен байланысты. 1775 жылы әділеттік алқаларды қысқартуға байланысты, бірлескен әділет департаменті және вотчиналық алқа болып табылатын басы-байлы актілерді іске асыру азаматтық соттың палатасына тапсырылды. 1781 жылдан тек қана сауда мәмілесі және делдалдықтардың әртүрлі тегі үшін делдалдар және нотариустар бекітілді.

II Екатеринаның басқару кезеңінде Жаңа жинаққа сәйкес әртүрлі жеке құқықтық актілердің дұрыс және заңды іске асыруын, құжаттардың құрастыруын, ауыртпашылықтан босатылған бақылаушы өкілдер үшін басыбайлы реттің іске асырылуын қадағалайтын нотариалдық сипаттық үкімет мекемелері көптеп пайда болды.

II Александр Ресейдің қоғамдық және мемлекеттік өмірінің барлық салалаларын қамтыған реформалық кезеңінде нотариалдық істе өзгертілді. II Александр патшаның жаңа Сот жарғыларымен бірге, нотариалдық абырой туралы ереже құрастырылды, оған Батыс Еуропаның үш нотариалдық: 1813 ж. француздық, 1845 ж. австриялық және 1861 ж. бавариялық заңнамасы негізге алынды. Ал, Қазақстанда бұл кезеңде әдет-ғұрыптық құқықтық нормалар мен ережелер жойылып,

би соттары қолданыстан алынып, жаңа басқару жүйесі қалыптаса бастады. XIX ғасырдың ортасына дейін империяның көптеген аймақтарында нотариаттық қызметті заңдық реттеу мен ұйымдастыру мәселелері өзекті болып табылады. Бұл сол кезеңдегі азаматтық айналымдағы істердің шынайы мәмілелермен шектелгендіктен, ерекше заңдық рәсімдеуді қажет етпеуімен байланысты болды. Азаматтық айналым барысында азаматтар арасында туындауы мүмкін даулар көп уақыт бойы дәстүрлі жолмен шешім тауып, бұл әрекет барысында қолданылған заңдық шешім нысандарымен жасалды. Алайда, XIX ғасырдың 70 жылдарында Түркістан өлкесі аймағында азаматтық айналым барысында туындаған қатынастар ерекше реттеуді қажет етті. Оған империя аймағының шеткері жақтарында азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысушыларды құқықтық қорғауға қатысты бірыңғай ережелер қалыптаса бастауы себеп болды. Бұл үдеріске жергілікті халық өкілдері де барған сайын көбірек қатыса бастады. Оған үдерістің дамуы, көші-қон үдерістері, шаруа халықтың басым бөлігінің қоныс аударуы, сауданың дамуы да себеп болды. Бұл үдерістердің барлығы қоғамдық қатынастарын қалыптас-тыруға ықпал етті. Октябрь төңкерісінің (1917 ж.) алғашқы кезеңінде уездерде бітімгер судьяларға нотариаттық қызмет көрсету уәкілеттігі берілді [3].

Нотариаттық әрекеттерді жүзеге асыру бойынша олардың қызметтері барлық уездік қалалар мен ауылдарға таралды, ал осы функцияларды жүзеге асырушылар болмаған жағдайда аға нотариус міндеттерін соттың бір мүшесі атқарды.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан басталған патшалық Ресейдегі нотариаттық қызметтерге байланысты реформалар ұлттық, географиялық және өзге ерекшеліктеріне орай бір мезгілде аяқталмады. Олар мемлекеттік қазынадан белгілі бір қаржылық шығындарды, әдеттегі жағдайдан ерекше, жаңа жағдайда жұмыс істеуге дайын білікті заңгерлерді қажет етті. Осының барлығы патша әкімшілігін болашаққа бағытталған ұзақ және мақсатты жұмыс істеуге мәжбүрледі.

Кеңестік кезеңде нотариаттың жаңа кезеңі басталды. Отандық нотариат тарихына қатысты еңбегінде К. Исламова келесі тарихи хронологияны келтіреді.

1921 жылы «Нотариат туралы» Ережені енгізу Декреті мен нотариаттық столдарды тарату туралы Декрет қабылданды, бірақ 1923 жылы «Мемлекеттік нотариат туралы» Ереже енгізілді де, «Нотариаттық кеңслерді тарату туралы» Декрет алынып тасталды. Ұзақ уақыт бойы бұл Ереженің осы баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жүрді. 1936 жылдың 10 маусым күні РСФСР БОАК және ХККҒ «Нотариаттық органдарды қайта құру туралы» қаулысымен қалалық және кеңестік, сондай-ақ аудандық атқару комитеттерінің қарауынан нотариаттық қызметтер алынып, олар нотариаттық кеңселерге топтастырылды.

Барлық ауданды, қалалық орталықтарда нотариустар басқаратын мем-лекеттік нотариаттық кеңселер ұйымдастырылды. «КСРО одақтас және автономды республикалардағы соттық құрылымдар туралы» Заң жарық көргенге дейін, яғни нотариаттық органдар жоқ жерлерде, ол қызметтер халықтық соттарға жүктелді.

Қазақ КСР Кеңестік Халық Комиссарлар Комитетінің 1940 жылғы 20 сәуірдегі «Нотариаттық кеңселер жүйесін бекіту туралы» қаулысымен 1940 жылы қызмет ететін 120 қалалық және аудандық нотариаттық кеңселердің тізімі нормативтік негізде анықталды.

1974 жылы 13 тамызда Қазақ КСР-нің «Мемлекеттік нотариаттық туралы» Заңы қабылданды. Ол барынша орталықтандырылған деңгейдегі алғашқы нормативтік акт еді, себебі бірыңғай одақтас мемлекет құрамында болған республиканың заңы болатын. Оның қолданыстағы мерзімінде Қазақстанның барлық аймақтарында осы саланы маман заңгерлермен қамтамасыз ету ісі тәртіпке келтірілді, нотариаттық тәжірибе және оны қалыптастыруға мемлекеттік бақылау жүргізілді.

Құқық қорғау институттары жүйесіндегі жетекші рөлге - азаматтарға заңгерлік көмек көрсету жүйесінің негізі болып табылатын нотариат ие. Азаматтардың билікті заңгерлік көмек алуға конституциялық құқығын іске асыру әділ сот төрелігіне қол жеткізудің шарты мен кепілі болып табылады. Осы құқықтың іске асырылу тетіктері жетілдіруді қажет етеді [4].

Заңгерлік көмек көрсету жүйесінің өзі де жетілдіруді талап етеді. Ең алдымен, табыс деңгейі төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету жүйесін жақсарту қажет. Маңызды міндеттердің бірі – бұл қызметтің жүйесін жетілдіру. Оның азаматтық айналымдағы қатынастардың қосымша тұрақтылығын және заңды қауіпсіздігін, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сапалы қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық инфрақұрылымның бір бөлігі ретіндегі рөлін нормативтік-құқықтық айқындау қажет. Нотариаттың ұлттық моделі мұның көмегіне барлық ел аумағында қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасындағы нотариат – құқықтар мен фактілерді куәландыруға, сондай-ақ заңда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттері жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйесі болып табылады [5]. Бұл жүйеге ҚР Әділет министрлігі, мемлекеттік нотариустар, жеке практикамен айналысушы нотариустар, консулдық мекемелер мен атқарушы биліктің лауазымды тұлғалары және ерекше жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өзге де уәкілетті лауазымды тұлғалар кіреді [6].

Сайып келгенде, нотариаттың даму кезеңі мен қалыптасуына қарасақ, бұл институтқа өзгерістер енгізілді, дегенмен нотариустың

құқықтық жағдайы тарихтың сан алуан өзгерістерінде өзгеріссіз қалды. Қазақстанда құқықтық мемлекет құру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен байланысты арнайы институттарды одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Нотариаттың азаматтық қоғамдағы маңызы өте зор. Нотариустар адамдарға толық меншік иесі болуына көмектеседі, құқықтық тәртіптің орнауына белсенді қатысады. Шынымен де, қазіргі кездегі жаңа меншік құқықтық қатынастарының әрі қарай жетілуіне байланысты көптеген азаматтар нотариустың көмегіне жүгінеді. Өйткені, нотариус заңды тұлғалар мен азаматтардың заңды мүдделері мен сөзсіз құқықтарының кепілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нотариат: учебник / В.В. Ралько, Н.В. Репин, А.В. Дударев, В.А. Фомин. — М.: Юстиция, 2016.
2. Нотариат: учеб. пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» / под ред. Г.Б. Мирзоева, Н.Д. Эриашвили, Н.М. Илюшиной. М., 2015.
3. Макаренко О.Н. «Нотариат в вопросах и ответах». Ростов – на – Дону. Феникс, 2002.
4. О нотариате в дореволюционный период и впервые десятилетие советской власти // Фемида 1999 г. № 8.
5. Закон Республики Казахстан от 14 июля 1997 года № 155-І «О нотариате».
6. Этапы становления нотариата в Казахстане. Юридическая газета, 2 февраля 2006 г.

3.11. Бала құқығын қорғаудың мәселелері

Санжан Куандыковна Нысанова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Азаматтық-құқықтық пәндері кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.
(Атырау қ., Қазақстан)

Умит Жумабаевна Кайырова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Азаматтық-құқықтық пәндері кафедрасының оқытушысы
(Атырау қ., Қазақстан)

Бүгінгі таңда кәмілетке толмаған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстанның мемлекеттік әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Сондықтан 2002 жылы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңы қабылданды.

Осы заң баланың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілетін негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Осы Заңда балалар мүддесінде мемлекеттік саясаттың мақсаттары, олардың негізгі құқықтары мен міндеттері айқындалған, отбасындағы баланың және бала мен қоғамның өзара қарым-қатынастарына арналған тараулар, мүгедек баланың құқықтары, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың құқықтары және т.б. жеке бөлімдер қарастырылған.

Балалар мүддесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаттары:

- 1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу;
- 2) бұзылған жағдайларда олардың құқықтарын қалпына келтіру;
- 3) бала құқықтарының кепілдігін қалыптастыру;
- 4) балалардың дене бітім, зияткерлік, рухани және адамгершілік жағынан дамуына жәрдемдесу.

Бала денсаулығын сақтауға, даралыққа, өмір сүруге, тұрғын үйге, білім алуға, мемлекеттік көмек алуға құқылы [1].

Егер ата-аналар балаларға арналған жәрдемақылар мен өзге де төлемдерді төлеу кезінде оларды өз мақсаты бойынша пайдаланбаса және егер де бұл баланың мүдделеріне нұқсан келтірсе, онда тиісті органдар негізсіз жұмсалған қаражатты өтеуді талап етеді.

Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұраны сақтауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға міндетті.

Егер бала құқыққа қарсы әрекет жасаса, онда ол бұл үшін жауапты болады. Ал жазалау түрін тағайындаған органдар баланың өмір сүру және тәрбиелену жағдайларын, психикалық даму деңгейін және т.б. ескеруі тиіс.

Бала мүгедек болса, онда оның дені сау балалармен тең құқықтары, толыққанды өмір сүруге құқығы туралы айтылады. Сондай-ақ мүгедек бала өзінің физикалық, ақыл-ой қабілеттері мен ниеттеріне сәйкес білім алуға құқылы.

Жоғарыда баяндалған балалардың құқықтары мен міндеттері тегіне, нәсіліне және ұлтына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына және балалар мен оның ата-аналарына қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан тең құқықты сипатта болатының пайымдайды. 2010 жылғы Қазақстан халқына жолдауында ел басы Қазақстанды бірге табысты ете алатынымызды және оны бірге гүлдендіре алатынымызды айтты, сондықтан да мемлекет өсіп келе жатқан ұрпаққа үлкен үміт артады. Ал ол үшін сол өсіп келе жатқан ұрпақтың құқықтары мен заңды мүдделерін

қорғау біздің парызымыз. Құқық қорғауды ата-аналар, бағып-қағу және қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады.

Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абройын төмендетуден, ата-аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. ҚР-да балалардың мүддесі қорғала отырып, ондай ата-аналарды ата-аналық құқықтан және баланы бағып-қағуға беруден айыруға байланысты шараларды қолдану заңдық тұрғыда қарастырылған. Бала мүліктік құқыққа да ие. Ол көбінесе өз ата-аналарының және отбасының өзге де мүшелерінің күтіп бағуы құқықтарына байланысты болмақ. Алименттер, зейнетақы мен жәрдемақылар ата-ананың атына келіп түседі, алайда, ол қаржы баланы күтіп-бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсалады. Заң балаға сыйға немесе мұраға алған мүлікті меншігіне алу құқығын береді, сондай-ақ еңбекпен айналыса отырып, өзінің жеке еңбегінің кірістерін алуға, жекеленген пәтердің иесі болуға, т.б. мүмкіндік береді.

Балаларға қамқорлық жасай отырып, мемлекет бала туған кезде жәрдемақы төлейді. Көп балалы отбасыларын түрлі жағынан қорғауға алынады. Елімізде балалар мен жасөспірімдердің құқығы басты назарда. Оны бұзған адам әкімшілік және қылмыстық жазаға тартылады. Өкінішке қарай соңғы жылдары қоғамымызда үлкендер тарапынан балалардың құқығын бұзу оқиғалары жиілеп барады. Осы орайда еске сала кетсек, балаға қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтірілсе, заң бойынша бас бостандығынан айырылады. Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері арқылы тән немесе психикалық зардап шектірсе, елу айлық есептік көрсеткіштен, жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады немесе екі жылға дейін түзеу жұмыстарына тартылып немесе дәл осы мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін [2, 43 б.].

Бала құқықтарын қорғау-мемлекеттің, қоғамның, сондай-ақ халықаралық және отандық үкіметтік емес ұйымдардың өзара байланысты іс-қимыл жүйесі. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі негізгі халықаралық құжаттар ратификацияланды. Сондай-ақ, мемлекетте кәмелетке толмағандардың құқықтары жазылған заңдар мен жарлықтар қабылданды. Халықаралық құжаттар балалар кездесетін негізгі проблемалар мен қатерлерді шешуге арналған:

- кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс;
- әлеуметтік отбасыларда тұру;
- сапасыз медициналық қызмет көрсету салдарынан өлім-жітім;
- панасыздық;
- білімнің болмауы;
- өмірге қауіп төндіру және құқықтардың бұзылуы.

Бүкіл әлем бойынша балалардың құқықтарын қорғайтын басты құжат-Бала құқықтары туралы конвенция. Ол 1989 жылдың 20 қарашасында БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданды. Сонда баланы

алғаш рет адам құқықтарының барлық спектріне ие құқық субъектісі деп атап, мойындады. Бала құқықтары туралы конвенцияны 190 ел, оның ішінде Қазақстанда 1994 жылғы 8 маусымда бекітті. Сондай-ақ бірнеше жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры бастаған бірнеше мекеме елімізде жаңа коммуникациялық жобаны қолға алды. Жоба бойынша отбасының бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, балаларды бақылауда ұстау, білім беруге ата-аналардың қатысуы мектеп өміріне белсенді қатысу ғана емес, олардың міндеті екенін ата-аналар арасында түсіндіру, кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың негізгі себеп-салдарын анықтау, оның алдын алу және болдырмау жолдарын қарастыру, сонымен қатар білім беру мекемелерінде тәрбие жұмыстарын жандандыру, ата-аналарға байланысты жұмыстарды жақсарту, балаларды зорлық - зомбылықтардан қорғау мәселелерін назарға алу қарастырылған. Яғни, ата-анаға қолдау көрсету, бала-тәрбиесінде бағыт-бағдар беруді мақсат етеді. Менім ойымша, бұндай бағдарламалар баламен қарым-қатынасты түзетуге мүмкіндік береді. Сарапшылар да бұл бастаманы қолдап отыр. Олардың ойынша, «көп ата-ана баласына қол жұмсау арқылы оған тек физикалық қана емес, психологиялық ауруларға душар ететінінен бейхабар». Бүлдіршіндердің ең бақытты балалық шағында агрессия, зұлымдықпен бетпе-бет келуі, өмірдің жаман тұсын ерте көруі дүние жүзін алаңдатып отыр. Себебі, бала - болашақ, бала - баға жетпес қазына болып табылады. Сарапшылар оларға қатысты сабырлы, мейірімді болуға шақырады.

Балаларға көрсетілген зорлық-зомбылық - физикалық, эмоционалды түрде болуымен бірге, мамандардың пікірінше, баланы ширату мақсатында жылулық, мейірім білдіріп, қамқорлық көрсетпеу де оған жасалған қиянат болып есептеледі. Эмоционалды зорлық - балаға дұшпан ретінде қарау немесе оны мүлде елемеу арқылы оның өзіне сенімділігін жоғалтуға себепкер болу, өзін басқалардан төмен санай бастауы, патологиялық мінездің қалыптасуы және сол арқылы қоғамға сіңісе алмауына соқтыру. Сонымен қатар, балаға қатты айқайлау, жеке басына тиісу, қорлау, көңіл бөлмеу, әрбір іс-әрекетін сынап-мінеу, балаға жаман сөздер айту, оның көзінше үй жануарын азаптау ең ауыр қатыгездік [3, 65 б.].

Қорытындылай келе айтқым келетіні, адам құқықтарын қамтамасыз ету, сөзсіз, кез келген мемлекеттің өркендеуінің негізі. Адам қай жерде тұрмаса да, ол білім алуға, медицинаға қол жеткізуге, құқық қорғау органдарының қорғауына және жүріп-тұру еркіндігіне мұқтаж. Әсіресе, осы тұрғыда баланың құқықтары мен бостандықтарын қорғау маңызды, себебі, ол өз жасына байланысты өз бетінше ешкімге «төтеп бере алмайды». Бұл жағдайда мемлекет, халықаралық ұйымдар мен құқық қорғаушылар көмекке бүкіл әлемдегі балалардың құқықтарын реттейтін құжаттарды жасай отырып және қабылдай отырып келуі тиіс.

Сондықтан да, бала тағдырына байланысты күрделі проблемаларды шешуге отандастарымыз жұмыла ұмтылса деген үміттемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі.
2. Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халықтарына Жолдауы
3. М.Б. Құдайбергенов Права ребенка в Казахстане и международном праве. «Данекер», Алматы - 2001.

3.12. Асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянның көлемін анықтау және оны өтеу тәртібі

Санжан Куандыковна Нысанова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Азаматтық-құқықтық пәндері кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.
(Атырау қ., Қазақстан)

Венера Кайыржановна Наурызова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Азаматтық-құқықтық пәндері кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымының магистрі (Атырау қ., Қазақстан)

Саяжан Саясат

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 5В030100 - Құқықтану мамандығының 4 курс студенті
(Атырау қ., Қазақстан)

Қоғамда әр қашан адамдардың бір-бірімен және қоршаған ортаның заттарымен әсерлесуі байқалып отырады. Кейбір жағдайларда олар қарқынды жүріп отыратындықтан, олардың салдарын болжау мүмкін емес. Осындай әсерлесудің нәтижесінде азаматтардың мүлкілік және мүлкілік емес игіліктеріне зиян келтірілуі оқтын-оқтын кездесіп отырады. Ол сәтсіз жағдайдың немесе біреудің қасақана пиғылының, абайсыздығының немесе табиғаттың дүлей күштерінің нәтижесі болуы мүмкін. Осы жағдайда, зиянның орнын толтыру ауыртпалығын кім көтеру керек: зардап шеккен тұлға ма, немесе зиян келтіруші тұлға ма, немесе зардап шегуші де, зиян келтіруші де болып табылмайтын, үшінші тұлға ма, осы мәселені анықтау қажеттігі туады.

Келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін азаматтар сақтандыру жағдайы – науқастану, өлім, от т.с.с. туған сәтімен келтірілген зиянның болмағанда белгілі бір бөлігін сақтандырушыларға жүктеуге тырысады. Кейде жәбірленуші кеш болғанда, олардың көмегіне жүгіну қажеттілігі болмағанда яғни, зиян келтірілгенде есін жинайды. Сонымен қатар

қандай болмасын есептеу әдістерін қолдану арқылы есептеп, болуы мүмкін барлық сақтандыру жағдайларын алдын алуға мүмкін емес және ол сақтанушы үшін материалдық жағынан қиын жағдайда әкеп соғуы мүмкін. Және, егер тәуекел сақтандырылған жағдайда сақтандыру жағдайы туғаннан кейін сақтандырушы зиянның орнын толығымен толтырмайтын мысалдар көптеп кездеседі. Зейнетақылық жәрдемге де қол созу қазіргі Қазақстан Республикасының экономикалық жағдайын ескере отырып қажеттілігінің шамалылығын байқауға болады.

Жалпы қорыта айтқанда зиян келтірілген жағдайда зиян кімге келтірілгені немесе зиян қандай сипатта болғанына қарамастан зиянның орны тек қана бір: сақтандыру немесе зейнетақылық қамсыздандыру институтымен толтырылуы мүмкін емес. Сондықтан қойылған нәтижеге барынша жету үшін әр түрлі құқықтық институттарды пайдалану керек. Олардың ішінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер институты ерекше орынды алады. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 47-тарауы Зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер деп аталады. Бұл тарау 4 бөлімнен тұрады. 1-бөлімде - жалпы ережелер көрсетілген, 2-бөлімде - азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, 3-бөлімде – тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірген зиянды өтеу, 4-бөлімде моральдық зиянды өтеу туралы нормалар көзделген [1].

Азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер азаматтардың зиян келтірілгенге дейін болған мүліктік жағдайын қалпына келтіруге бағытталған. Бірақ егер азаматтың өміріне зиян келтірілген жағдайда немесе құқық бұзушылық азаматтың өліміне әкеп соққанда, моральдық зиян толтырылмас күйде болады. Яғни, егер мүлікке келтірілген зиянның орнын толтыру арқылы, меншік иесінің мүдделері қанағаттандырылса қандай болмасын еңбек қаблеттілігінен айрылған тұлғаның материалдық жағдайын толық қалпына келтіру оның моральдік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Сондықтан азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер тек компенсациялық немесе қалпына келтіру функциясымен шектеліп қоймайды. Мемлекеттің немесе жеке тұлғаның тарапынан, азаматтың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді алдын-алу алдыңғы қатарда тұру қажет. Осыдан, зиянның орнын толтыруға байланысты қатынастарды құқықтық рәсімдеудің әлеуметтік маңызы, тәрбиелік – алдын алу функциясын қамтамасыз етуге бағытталғандығында.

«Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 580 Заңының сай қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық

жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі аварияның салдарынан өзінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеудің қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген міндетіне байланысты мүліктік мүддесі болып табылады.

Үшінші тұлғалардың құқықтары мына түрде қарастырылған:

а) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі аварияның салдарынан болған сақтандыру жағдайының басталуы туралы сақтандырушыға хабарлауға;

ә) сақтанушының (сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды сақтандырушыға табыс етуге;

б) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;

в) келтірілген, зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;

г) сақтандыру төлемін осы Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде алуға;

д) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту жөніндегі шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дау айтуға;

е) келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемдерінің сомасынан асатындай мөлшерде өтеу туралы сақтандырушыға талап қоюға құқылы. Үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жетіспеген кезде сақтандырушы «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 7-тармағында көзделген тәртіппен объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады. Бұл ретте пайда алушы келтірілген зиянды келтірілген зиянның сомасы алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асатындай мөлшерде өтеті туралы тікелей сақтанушыға (сақтандырылушыға) талап қоюға құқылы. Қызмет міндеттерін атқару ЖҚТБ-мен кәсіби ауруға шалықтыруы мүмкін медициналық және басқа да қызметкерлер міндетті мемлекеттік сақтандыруға жатады.

Медицина қызметкерлері мен тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің өз міндеттерін тиісінше атқармауы салдарынан адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған адамдардың да өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеті құқығы бар.

«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі N 19 Заңының 7 бабына сәйкес төтенше жағдайларды жою барысындағы міндеттерді орындау үшін оларды тарту кезінде өздерінің денсаулығына келтірілген залал үшін өтемақылар мен жеңілдіктер алуға құқығы бар делінген [2].

Сонымен бірге, ластанған қоршаған ортаның жағымсыз әсерінің өзге де қоғамдық маңызы бар. Айталық, оны демографиялық салаға қатысы: халық өсімінің бәсеңдеуі, адамның өмір жасының қысқаруы, тумысынан кемтар адамдардың көбейуі. Сондықтан денсаулыққа келтірілген экогендік зиянды екі аспект тұрғысынан қарауға болады: біріншіден, ол адамға келтірілген (жеке) зиян, екіншіден, қоғамға келтірілген (қоғамдық) зиян. Жеке жәбірленуші келтірген зиян оның материалдық және материалдық емес шығындарының жиынтығымен анықталады. Ал халық арасындағы аурулардан қоғамға келтірілетін зиян ұлттық табыстың төмендеуі, денсаулық сақтау органдарының жәбірленушілерді емдеуге жұмсайтын қосымша шығындары, санитарлық эпидемиологиялық қызметтердің гигиеналық және алдын алу шараларын жүргізуге шығындары арқылы байқалады.

Асыраушының қайтыс болуына байланысты зиянды өтетіп алу құқығының негіздерін, аталған құқықты жүзеге асырушы тұлғалар дәлелдеу қажет. Қайтыс болған азаматпен туыстық қатынастар, сәйкесінше құжаттармен, олар болмаған жағдайда ерекше өндіріс тәртібі бойынша сотпен анықталады. Асырауында балалардың болуы қарастырылады және дәлелдеуді қажет етпейді. Қайтыс болған азаматтың асырауында болу фактісі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе тұрғын жай-эксплуатациялық органдардың отбасының құрамы туралы анықтамасымен немесе соттың сәйкесінше шешімінің көшірмесімен дәлелденеді. Он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі зиянды өтетіп алуға құқы бар тұлғалардың оқуы күндізгі оқыту нысанындағы оқу орындарының анықтамаларымен куәландырылады.

Азаматтың қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамдарға зиян, оның көзі тірі кезінде өзінің асырауына алған немесе алуға құқылы қайтыс болған адамның табысының (кірісінің) үлесі мөлшерінде анықталады. Қайтыс болған азаматтың табысын (кірісін) анықтау азаматтың денсаулығына зиян келтірілген жағдайда жоғалтқан табысын (кірісін) есептеу ережесінің негізінде жүзеге асырылады. Зиянды өтеуді белгілеген кезде, қайтыс болған адамның кірістерінің құрамына, оның табысымен қатар көзі тірі кезінде алып жүрген зейнетақысы, ғұмырлық жәрдем ақысы мен осы сияқты басқа да төлемдер қосылады. Аталған норманы Қазақстан Республикасының заңнамасында жаңалық қатарына жатқызуға болады. Дегенімен Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Пленумының Қаулылары мұндай зиянды өтеу мәселелерін қарастырмайды [3].

Жоғарыда көрсетілген ереже қайтыс болған азаматтың асырауында болған азаматтардың үлестерін есептеуге бір қатар

сұрақтарға жауап бермейді. Бұл қатынастар нақтырақ зиянды өтеу туралы Ережелермен реттелген. Сондықтан, бұл Ережелер заңның ұқсастығы бойынша еңбек міндеттерін атқаруына байланысты емес жағдайда азаматтың қайтыс болуы салдарына қолданылуы мүмкін.

Азаматтың қайтыс болуы салдарынан зиянды өтетіп алуға құқығы бар, оның нақты асырауында болған азаматтарға, зиян қайтыс болған азаматтың өзіне тиесілі және оның асырауында болған, бірақ зиянды өтетіп алуға құқығы жоқ еңбекке қабілетті азаматтардың үлестері шегерілген қайтыс болған азаматтың жоғалқан табысы (кірісі) мөлшерінде анықталады. Егер зиянды өтетуге құқығы бар қайтыс болған азаматтың асырауында болған азаматтардың саны екеуден көп болса, оларға тиесілі асыраушының табысының (кірісінің) бөлігі солардың санына бөлінеді.

Қайтыс болған азаматтың асырауында болған, бірақ одан жәрдем ақша алуға құқығы бар азаматтарға зиянның мөлшері: а) егер жәрдем ақша сот тәртібімен өндіріліп алынған болса, сотпен тағайындалған сомамен; б) егер жәрдем ақша сот тәртібімен өндіріліп алынбаған болса, азаматтардың мүліктік жағдайын және қайтыс болған азаматтың көзі тірі кезінде оларға көмек көрсету мүмкіндігін ескере отырып анықталады.

Егер зиянды өтетуге бір уақытта қайтыс болған азаматтың асырауында болған және асырауында болмаған азаматтар құқылы болса, алдымен қайтыс болған азаматтың асырауында болмаған азаматтарға зиян өтеу мөлшері анықталады. Оларға тағайындалған зиянды өтеу сомасы асыраушының табысынан (кірісінен) шегеріліп тасталынады. Кейін қалған сомадан қайтыс болған азаматтың асырауында болған азаматтарға қайтыс болған азаматтың және зиянды өтетуге құқығы жоқ, бірақ оның асырауында болған басқа еңбекке қабілетті азаматтарды ескере отырып зиянның зиянды өтеу мөлшері анықталады.

Зиянды өтетудің мөлшерін анықтаған кезде адамдарға асыраушының қайтыс болуына байланысты тағайындалған жәрдемақы шылар, асыраушы қайтыс болғанға дейін де, одан кейін де тағайындалған басқа да жәрдемақы түрлері, сондай-ақ табыс, стипендия, зейнетақы төлемдері ескеріледі. (АК 941-бабының 2-тармағы) Сонымен қатар, қайтыс болған азаматтың оның өліміне байланысты кінәсі (теріс пиғылынан басқа) ескерілмейді (АК 935-бабының 2-тармағы).

Асыраушының қайтыс болуына байланысты зиянды өтетіп алуға құқылы әр бір азаматқа тағайындалған зиянды өтеу мөлшері қайта есептеуге жатпайды. Мысалы, егер зиянды өтеу сомасын алып отырған қандай болмасын тұлға қайтыс болған жағдайда басқа тұлғалардың пайдасына төленетін зиянды өтеу мөлшері қайта қаралмайды.

Бұл ережеде заң тікелей екі ескертпе көрсетеді: а) баланың асыраушы қайтыс болғаннан кейін туылуы; б) қайтыс болған

асыраушының балаларын, немерелерін, аға-інілерін мен апа-қарындастарын күтумен айналысатын адамдарға өтемнің тағайындалуы. Аталған жағдайларда зиянды өтетуге құқығы бар тұлғалар, олардың санының көбеюі, азаюына байланысты асыраушының табысының (кірісінің) мөлшері қайта есептеледі. Қайтыс болған азаматтан жәрдемақша алуға құқылы азаматтардың үлесі, зиянды өтетуге құқылы азаматтардың үлесі асыраушының табысынан (кірісінен) есептелгенде ескерілмей қалған жағдайда зиянды өтеу мөлшері қайта есептеуге жатады. Ол мысалы, асыраушының қайтыс болғанын білмеген азаматтар кейін зиянды өтеу туралы талап қойған жағдайда болуы мүмкін.

Азаматтың денсаулығының зақымдалуына байланысты зиянды өтеу тәртібіне ұқсас азаматтың қайтыс болуына байланысты азаматтарға төленетін сомалар күнкөріс құны артқан жағдайда индекстелу тиіс, яғни айлық есептік көрсеткіштің артуына бара-бар көбейтіледі. Егер асыраушының қайтыс болуы оның еңбектік не өзге де шарттақ міндеттерін атқаруына байланысты болса, жұмыс беруші зиянды өтетуге құқығы бар азаматтарға бес жылдағы бекітілген жалақының ең төменгі мөлшерінде бір жолғы сипаттағы жәрдемақы қосымша түрде төлеу тиіс [4].

Жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиян үшін жауапты адамдар жерлеуге қажетті шығындарды, осы шығындарды көтерген адамға өтеуге міндетті. Асыраушының қайтыс болуына байланысты басқа шығындарды өтету заңда көзделмеген, дегенмен мұндай шығындар болуы мүмкін. Демек, өтелуге тек жерлеу мен байланысты шығындар жатады. Оларға жерлеуге байланысты құралдарды сатып алуға, көлікке, жерлеуге байланысты ритуалды қызмет үшін кеткен шығындар жатады. Қажеттілігі расталмаған қосымша шығындар болса олар өтелуге жатпайды (бағалы тастардан ескерткіш жасау т.с.с.). Шығындарды көтерген азаматтардың жерлеуге арнап алған жәрдемақысы зиянды өтеу есебіне қосылмайды.

Азаматтардың өмірі мен денсаулығы қоғамның ең негізгі қазынасы болып табылады, себебі олар азаматқа өзінің өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сол себептен мүліктік емес игіліктерге келтірілген зиянды өтеу мәселесі құқықтық ғылымдарда ең маңызды әрі өзекті мәселеге айналуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) 01.08.1999.
2. «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.05.07.1996.
3. «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы. 21.06. 2001.

4. Г. Қарақұсова. Өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру мәселелері // "Егемен Қазақстан", 2014.

3.13. Противодействие органов прокуратуры коррупции в Республике Казахстан и Российской Федерации (сравнительно-правовой анализ)

Гүлнәр Бағытжанқызы Бағытжан

магистр юридических наук старший преподаватель кафедры «Гражданско-правовых дисциплин» Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова (г. Атырау, Казахстан)

Умит Жумабаевна Кайрова

преподаватель кафедры «Гражданско-правовых дисциплин» Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова (г. Атырау, Казахстан)

Ежегодно 9 декабря отмечается Международный день борьбы с коррупцией, который утвержден Генеральной Ассамблеей ООН. Данное обстоятельство доказывает важность и глубину проблемы коррупции, которая носит международный характер. Вопросам противодействия коррупции уделяется внимание в организационно-распорядительных документах всех государств мира. Регистрация этого является необходимым атрибутом не только сферы публичных отношений, но и частной сферы (негосударственных, национальных коммерческих компаний РФ и РК), где также активно разрабатывается антикоррупционная политика.

С начала 2000 года большое внимание уделяется вопросам противодействия коррупции, как одной из основных задач органов прокуратуры в странах СНГ, в том числе в Российской Федерации и в Республике Казахстан. По исследуемой теме помимо статей в журналах и интернете в России и в Казахстане защищаются и защищены ряд диссертаций на соискание ученой степени доктора наук, доктора философии и кандидата юридических наук. В данных материалах по проблеме организации и правового регулирования противодействия коррупции акцент преимущественно сделан на правовых средствах противодействия коррупции в органах государственной власти и управления, а также на противодействии коррупции в системе государственной службы. Либо обращается внимание лишь на отдельные аспекты правового регулирования противодействия коррупции, а вопросы организации противодействия коррупции рассматриваются лишь второстепенно, либо в сравнительно-правовом аспекте. [1, с. 15], Кроме того, роль прокуратуры в правовом и организационном механизме противодействия коррупции практически не исследовалась.

Таким образом, проблема изучения коррупции как социально-правового явления, средств и методов противодействия коррупции в России является одним из новых, наиболее актуальных и перспективных направлений юридической науки, все чаще и чаще становясь объектом изучения многих отечественных и зарубежных правоведов, политологов, социологов, историков. Но в настоящий момент мы можем говорить о правовых средствах борьбы с коррупцией как о актуальной теме, для решения которой необходимо проделать еще немалый исследовательский путь.

Нормативную базу исследования составляют, прежде всего, Конституция Российской Федерации и Республики Казахстан; федеральные законы, конституционные законы РК; конституции (уставы) субъектов Федерации, законы Республики Казахстан, указы и иные нормативные правовые акты; договоры и соглашения о разграничении предметов ведения и полномочий между органами государственной власти Российской Федерации и органами государственной власти субъектов Российской Федерации; законы субъектов Российской Федерации и нормативные акты органов местного самоуправления, Конвенции и международные соглашения в области противодействия коррупции на международном уровне и между государствами - участниками международных договоров.

Основные меры по противодействию и профилактике коррупции установлены в нормах антикоррупционных законов общего действия. [2] К ним относятся: формирование в обществе нетерпимости к коррупционному поведению; антикоррупционная экспертиза правовых актов и их проектов; развитие институтов общественного и парламентского контроля за соблюдением национальных законодательств о противодействии коррупции; представление и проверка сведений о доходах и имуществе своих, а также доходах и имуществе супруги (супруга) и несовершеннолетних детей, представляемых гражданами, претендующими и замещающими государственные должности; применение конкурсных, аукционных процедур при осуществлении государственных, закупок, совершенствование механизмов управления государственным имуществом, бюджетными средствами и другие меры.

Следует отметить, что борьба с коррупцией осуществляется органами прокуратуры на всех участках деятельности. Так, во-первых, это надзор непосредственно за исполнением законодательства о противодействии коррупции; во-вторых, участие в выполнении функции уголовного преследования лиц, виновных в совершении коррупционных правонарушений; в-третьих, координация деятельности правоохранительных органов по борьбе с коррупцией. Профилактика правонарушений коррупционного характера является приоритетным направлением борьбы с коррупцией. Антикоррупционная экспертиза нормативных правовых актов органов

государственной власти, местного самоуправления и их проектов, в свою очередь, в законе о противодействии коррупции обозначена, как одна из профилактических мер.

В результате применения мер прокурорского реагирования в связи с наличием коррупциогенных факторов в нормативных актах устраняются условия, облегчающие совершение коррупционных правонарушений, способствующие сокрытию таких правонарушений и затрудняющие привлечение виновных в них лиц к ответственности.

Казахстан даже обогнал Россию в реформировании, к примеру, банковской сферы, жилищно-коммунального хозяйства, энергетики. Однако это не избавило республику от широко распространённой коррупции.

Если соотнести объёмы экономик Казахстана и России, как и численность населения, то примерное соотношение будет 1 к 10, в такой же пропорции можно говорить и о масштабах коррупции в этих странах. Хотя, если один россиянин тратит в год на взятки около 129 долларов, то и среднестатистический казахстанец в этом отношении несколько не отстаёт. [3] Таким образом, параметры сравнения российской и казахстанской коррупции и его влияния на общество вполне сопоставимы. Несмотря на специфику, Казахстан в проблеме коррупции имеет с Россией гораздо больше общего, чем различий.

С самого начала социально-экономических преобразований Россия провозгласила борьбу с коррупцией как в целом в системе государственной власти, так и в отдельных ее звеньях. Так, в системе государственной службы предупреждение и пресечение коррупции было определено приоритетом государственной власти еще Указом Президента России от 4 апреля 1992 г. "О борьбе с коррупцией в системе государственной службы". Но положения вышеупомянутого Указа так и остались не востребованными в силу объективных и субъективных обстоятельств. Его нормы о необходимости чиновникам предоставлять декларации о доходах и имуществе начали реализовываться только через пять лет после выхода дополнительного Указа в 1997 г. Кроме того, реализация Федерального закона «Об основах государственной службы в Российской Федерации», предусматривающий некоторые ограничительные антикоррупционные меры, была не на уровне. Одна из причин – отсутствие в законе механизмов и процедур осуществления, заложенных в нем норм. Данный недостаток российского нормотворчества общеизвестен и дает толчок новым условиям, благоприятствующие коррупции.

Президент России В.В. Путин в своих ранних выступлениях неоднократно подчеркивал, что «...корни коррупции находятся в самих изъянах устройства экономической и административной жизни государства, подпитываются некачественным законодательством и распространяются при отсутствии эффективного контроля

деятельности должностных лиц органов государственной и муниципальной власти». [4]

Ввиду острой криминальной ситуации в России и той опасности, которую коррупция представляет для российской государственности, необходима дальнейшая реформа антикоррупционного законодательства, которая обеспечила бы эффективную правовую защиту личности, общества и государства от взяточничества и самоуправства. В результате реформы в декабре 2008 года был принят Федеральный закон РФ «О противодействии коррупции», предназначенный для борьбы с проявлениями коррупции.

На сегодняшний день Россия готова к активному участию в международных антикоррупционных усилиях, доказательством тому, является участие многочисленных представительных российских межведомственных делегаций в работе двух важных Конференциях государств-участников Конвенции ООН против коррупции в Иордании в 2006 г. и в Индонезии в 2008 г., в ходе которых мировое сообщество приложило значительные усилия в целях продвижения реализации этой Конвенции – стремясь выработать эффективные механизмы ревизии, а также изучая проблему возвращения финансовых средств, полученных преступным путем, и развивая механизмы оказания технического содействия.

Российская Федерация придерживается мнения, что всеобщие усилия мирового сообщества по противодействию коррупции надлежит усовершенствовать и стимулировать, однако данный процесс должен проводиться последовательно, избегая соперничества в сфере взаимного сотрудничества в противодействии коррупции, а также необходимо расширять мировой опыт по борьбе с коррупцией. Данный подход используется Организацией Объединенных Наций в регулировании вопросов, связанных с борьбой с коррупцией в рамках Конвенции ООН против коррупции.

Россия последовательно вносит вопросы сотрудничества в сфере борьбы с коррупцией в повестки дня в контактах со своими зарубежными партнерами, включая мероприятия в рамках диалогов и сотрудничества между министерствами и управлениями, а также правоохранительными органами, напрямую задействованными в борьбе с коррупцией на территории России. В этой связи государственные органы РФ и РК обязаны были систематически проводить в поднадзорных органах проверки исполнения законодательства о противодействии коррупции, о государственной и муниципальной службе в части соблюдения установленных обязанностей, запретов и ограничений, уделяя особое внимание достоверному и полным сведениям о доходах, расходах, об имуществе и обязательствах имущественного характера государственных служащих, а также о предотвращении и урегулировании конфликта интересов на государственной службе.

В ходе проводимых проверок рекомендовалось принимать надлежащие меры к обеспечению неотвратимости ответственности за совершенное коррупционное правонарушение. Органам прокуратуры вменялось регулярно, при необходимости с привлечением других государственных органов осуществлять проверки соблюдения антикоррупционного законодательства, в том числе регламентирующего вопросы предотвращения и урегулирования конфликта интересов, уведомления о склонении к совершению коррупционных правонарушений в сфере закупок товаров, работ, услуг для обеспечения государственных и муниципальных нужд.

Коррупция представляет серьезную угрозу национальной безопасности любого государства, функционированию публичной власти на основе права и закона, верховенству закона, демократии и правам человека, равенству и социальной справедливости; затрудняет экономическое развитие и угрожает основам рыночной экономики. Поэтому – противодействие коррупции является важным приоритетом государственной политики Республики Казахстан. Проводимая в настоящее время в стране государственная антикоррупционная политика укрепляет социальную, экономическую и политическую стабильность, повышает степень защиты прав, свобод, законных интересов, как граждан, так и общества в целом.

В период становления антикоррупционного законодательства в Казахстане коррупция проявлялась в легитимных институциональных формах, когда те или иные подношения представителям знати носили характер обязательной феодальной повинности традиции казахов делать подарки и всевозможные подношения имеют традиционный характер, а ее корни уходят в социально-политические и экономические отношения, господствовавшие в казахском обществе в период феодализма. Коррупция проявлялась в легитимных институциональных формах и ее главными факторами в то время были: социальное расслоение общества на богатых и бедных, жесткая иерархия между этими слоями по критерию их состоятельности, а также родовые отношения и патриархальная культура, воспитывавшие у казахов психологию чиновничества. [5, С. 12]

В Республике Казахстан сформирована законодательная база для борьбы с коррупцией в соответствии с существующими международными стандартами.

Антикоррупционная политика Республики Казахстан носит последовательный и целенаправленный характер, а в обществе на данный момент зреет все больше и больше здоровых сил, понимающих, что коррупция угрожает национальной безопасности страны, сдерживает экономическое развитие и негативно влияет на международный имидж государства.

Коррупция отрицательно влияет на национальную экономику, искажает экономическую и финансовую среду ведения бизнеса,

порождает социальное неравенство. [6, С. 163] Коррупция оказывает крайне негативное влияние на общество, способствует возникновению негативного отношения к проводимым политическим, экономическим и социальным преобразованиям. Неслучайно коррупция является одним из основных угроз национальной безопасности, обозначенных в основополагающем законодательном акте «О национальной безопасности Республики Казахстан» от 6 января 2012 года. В Стратегии «Казахстан-2050», озвученной в Послании народу страны от 14 декабря 2012 года Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев подчеркнул: «Государство и общество должны единым фронтом выступить против коррупции. Мы должны резко усилить борьбу с коррупцией, в том числе посредством совершенствования антикоррупционного законодательства, с тем чтобы достичь нашей конечной цели – искоренить коррупцию как явление». [7]

В Индексе восприятия коррупции Transparency International 2019 года Республика Казахстан набрала 30 баллов и продвинулась по рейтингу на 122 место со 126 в 2014 году. Основными положительными моментами, отмеченными экспертами стали масштабные законодательные инициативы, предпринятые в области противодействия коррупции и обеспечения прозрачности и подотчетности деятельности государственной власти. В том числе, продолжающаяся работа в сфере совершенствования систем по оказанию государственных услуг населению. [8] Различные исследования показывают, что коррупция возникает именно в тех сферах, где государственные служащие реализуют организационные, исполнительно-распорядительные, контрольно-надзорные, юрисдикционные, а также разрешительные полномочия. [9, С. 6]

жағдайы оларды науқасты үйге қабылдағысы келмейтіндігіне әкелді. Жақында Бреннер 1984 ж. жұмыссыздық деңгейінің өсуін психиатриялық ауруханаға қабылдау, денсаулығындағы қиындықтар, өзін-өзі өлтіру, кісі өлтіру, өлім-жітім, түрмеге кіру және балаларды зорлық-зомбылық сияқты түрлі әлеуметтік жағдайлардың көбеюімен байланыстырды. Психиатриялық ауруханаға жатқызу деңгейіне қарап, ол жұмыссыздық нақты төмен қозғалғыштығын немесе одан қорқуды көрсетуі мүмкін деген қорытындыға келді. Жұмыссыздық әлеуметтік қарым-қатынасты қиындатады және психиатриялық белгілердің көбеюіне ықпал етеді. Психологиялық проблемалар Бреннер көрсеткендей ауруханаға қабылдау санының өсуіне, сондай-ақ кәсіби көмекке жүгінудің артуына әкелуі мүмкін. Жеке адамдар арасындағы психикалық күйзелістің жоғарылауы Бреннер және Монеи, 1983 ж. Мұның салдары жұмыссыздық әлеуметтік ыдырауға әкеліп соғады, содан кейін психиатриялық қиындықтар туындайды. Бұл жұмыссыздықтың өлшенетін психоәлеуметтік құны болып табылатын осындай аурулардың көбеюі Бреннер, 1973 ж. Бреннер мен ұқсас зерттеулер жүргізген адамдар сынға алынды, өйткені мұндай мәліметтердің жиынтық табиғаты экологиялық құлдырауға қарсы келеді, өйткені экономикалық күйзелістерден кейін ешбір адам ауруханаға жатқызылмаған. Дегенмен, Бреннердің нәтижелері бұрынғы сапалы зерттеулерге маңызды қосымша болып табылады және нәтижелердің сенімділігі репликалар арқылы анықталды. Жұмыссыздар өздерінің үйреншікті немесе жоспарланған өмір салты мен мәртебесін сақтай алмайды. Сондықтан жұмыссыз адам өзінің әлеуметтік қарым-қатынастарын, міндеттері мен талаптарын құратын басқа адамдардың талаптарын қанағаттандыра алмауы мүмкін. Сондықтан жұмыссыздық әлеуметтік байланыстарда проблемалар тудыруы мүмкін.

Жиынтық зерттеулерде экономикалық дағдарыс кезінде қиыншылықты бастан кешіретіндердің басым бөлігі жұмыссыздар. Мүмкін, жұмыссыздық тек қана жұмысынан айрылғандарға экономикалық және психоәлеуметтік әсер етпеуі мүмкін, бірақ бұл нәтиже жұмыссыздың отбасына, әлеуметтік топқа, қауымдастық және қоғамға әсер етуі мүмкін. Жұмыссыз асыраушымен жұмыс туралы зерттеулерден басқа, жұмыссыздықтың әсері кең зерттелген жоқ. Осы тақырыпты зерттеудің көп бөлігі үйленген еркектердің белгілі бір топтарымен жүргізілді. Зерттеу жұмыссыздықты жоғалтқаннан басқа отбасы мүшелеріне қалай әсер ететінін анықтау үшін қажет. Жұмыссыздық мәселесі өзін-өзі бағалау деңгейінің төмендеуіне де бірден бір себепкер. Жұмыссыздықтың салдарынан өзін-өзі бағалауды жоғалтудың себебі жеке адамдардың жеке басының кейбір аспектілерін жоғалтуында.

Адамның жеке басының көп бөлігі кәсіптік мәртебеге байланысты екенін көрсетті.

Бұл мақалада терапевтикалық ортаның белгілі бір түрін қамтамасыз ету көбінесе көмекші орта болып табылады. Психикалық денсаулықтың көрінісін сүйіспеншілік пен еңбекке қабілеттілік ретінде сипаттайды. Жұмысқа тұруға деген үміт - осалдылықты жойып жібереді, өйткені бұл экономикалық жағдайды жақсартуға көмектеседі, ренішті жеңілдетеді, әлеуметтік қатынастардың алуан түріне мүмкіндік береді және жетістікке жетуге мүмкіндік бере отырып, өзін-өзі бағалауды арттырады.

Жұмыссыздықтың психологиялық қиындықтары қазіргі және болашақ қауіпсіздікке деген алаңдаушылықтан және алға жылжымау сезімі сияқты ұтқырлық туралы түсініктен туындайды. Сонымен қатар, басқалардың тарапынан құрмет пайда болмайды деген түсінік бар, және өзін-өзі өлтіру бар, бұл құрбандықты кінәлау идеологиясы бар қоғамда сөзсіз. Көптеген жұмысшылар бастапқыда жұмыссыз болған кезде жұмыс берушілерді немесе экономикалық жүйені олардың мәртебесі үшін кінәлайды, олар жұмыссыздық тәжірибесі ұзаққа созылған сайын өздерін кінәлай бастайды. Өзін-өзі кінәлау депрессиялық симптоматологияның негізі ретінде қарастырылады.

Әрине, әлеуметтік қатынастардың жоғалуы депрессияның тағы бір көзі болып табылады. Әлеуметтік ахуалдың төмендеуін есепке алғанда моральдық және жұмыссыздықты қосуға болатындығы мойындалады.

Жұмысынан айрылу немесе, кем дегенде, бұл дәлел әлеуметтік жұмыстан шығарылған жұмысынан тәуелсіз депрессияның нәтижесі ретінде түсіндірілуі мүмкін. Тағы бір түсініктеме депрессия тәуелді айнымалы деп айтқан. Болжам бойынша, жұмыстан кету тәуелсіз ауыспалы болып табылады, ол бірқатар қосымша шығындарға өзін-өзі бағалау, материалдық ресурстар, әлеуметтік байланыстарды жоғалтуға әкеледі, содан кейін депрессияға әкеледі.

Экономикалық алаңдаушылық, өзін-өзі бағалауды жоғалту және әлеуметтену мүмкіндігінің болмауы әлеуметтік байланыстардың төмендеуіне және моральдық жағдайдың төмендеуіне әкеледі. Бұл төмендетілген мораль қоғамдастыққа бейімділікті азайтады, сонымен қатар жұмыссыздықты ұзартатын жұмыс іздеуге деген ынтаны төмендетуі мүмкін. Контактілердің болмауы жаңа жұмыс табу үшін ресурстардың біреуін азайтуы мүмкін.

Еңбек нарығы мен әлеуметтік интеграция арасындағы байланысты зерттеу тұрғысынан да, саясат тұрғысынан да қызығушылық артып келеді. «Әлеуметтік шеттету» термині кедейлік пен әлеуметтік теңсіздікке қатысты саяси пікірталастарда кеңінен танымал бола бастады және көбінесе қоғамға қатысу мүмкіндігін төмендететін негізгі өмір сүру жағдайындағы кемшіліктерге сілтеме жасайды (Еуропалық Комиссия, 2010, Федералды Үкімет, 2017). Әлеуметтік шеттетуді әр түрлі тапшылық бір-бірін күшейтетін динамикалық көп өлшемді процесс ретінде қарастыруға болады. Бұл тұрғыда жұмыссыздық әлеуметтік шеттетудің негізгі факторларының бірі болып

саналады. Жұмыстан шеттету қоғамнан оқшаулануға әкелуі мүмкін және өз кезегінде әлеуметтік әл-ауқатқа ұзақ мерзімді тәуелділіктің қаупін арттыруы мүмкін мысалы, қылмыскерге айналуы мүмкін немесе қылмыстың құрбаны экстремалды тараптарды саяси қолдау. Сонымен қатар, әлеуметтік оқшаулау қазіргі ұрпаққа ғана әсер етпеуі мүмкін, ол келесі ұрпаққа берілуі мүмкін. Демек, саясат тұрғысынан жұмыссыздық пен әлеуметтік оқшаулану арасындағы байланысты түсіну маңызды. Осы білімге сүйене отырып, жұмыссыздықтың зиянды салдарын жеңілдетуге көмектесетін жұмыс орындарын құру сызбалары сияқты саясат құралдары жасалынады.

Жеке тұлғаның көзқарасы бойынша жұмыссыздық кезеңдері экономикалық және әлеуметтік жағдайға әртүрлі дәрежеде әсер етуі мүмкін. Жұмыстан айрылғаннан кейін қолда бар табыстың азаюы қаржылық шектеулер тудырады. Демек, әлеуметтік және мәдени шараларға қатыса отырып, ең төменгі өмір сүру деңгейін ұстап тұру қиынға соғуы мүмкін. Экономикалық жағдайдан басқа, жұмыссыздық жұмыспен байланысты материалдық емес жеңілдіктерді алып тастауы мүмкін; мысалы, уақыт құрылымы, құзыреттіліктер мен дағдыларды, адамның мәртебесі мен әлеуметтік қатынастарын көрсету мүмкіндігі. Социологтар мен психологтар стигматизация, сенімсіздік пен ұялшақтық сезімі болуы мүмкін дейді. Демек, жұмысынан айрылу ықтимал стресстің көзі болып табылады және эмоционалды және физикалық күйзеліске, оқшаулануға және иеліктен шығаруға әкелуі мүмкін. Жұмыссыздықтың бұл экономикалық және әлеуметтік салдары субъективті сезімге ықпал етеді немесе бірге жүреді деп күтілуде. Осы мақаланың мақсаты жеке бірлестікте жұмыссыздықтың әлеуметтік оқшаулауға әсерінің себептерін осы қауымдастықтың тетіктерін егжей-тегжейлі талқылай отырып түсіндіру. Мақалада әлеуметтік интеграцияны жеке қабылдау, өмірлік қанағаттану, психикалық денсаулық жағдайы, экономикалық ресурстар, әлеуметтік қатысу, әлеуметтік мәртебе және өзіндік тиімділік жалпылана түсіндірілді. Жұмыссыздықтың өмірге деген қанағаттанушылық деңгейіне және экономикалық ресурстарға қол жетімділікке зиянды әсер ететінін көрсетеді. Жұмыстан айырылу қаржылық шектеулермен тікелей байланысты, ал басқа өлшемдерге тек жанама әсер етеді. Өмірден қанағаттанудың төмендеуінің ықтимал түсіндірмесі зардап шеккен адамдар үшін жұмыссыздықтың барлық экономикалық және әлеуметтік салдарын қорытындылайтындығында болып отыр нәтижесі. Сонымен қатар, жұмысынан айрылу әлеуметтік мәртебені және тиімділікті төмендетеді, бірақ адамдардың әлеуметтік қатысуын өзгертпейтін сияқты.

«Әлеуметтік оқшаулау» термині Францияда 1970-ші жылдары пайда болған және әлеуметтік сақтандыру қорғалмаған және қоғамнан бөлініп кету қаупі бар адамдарға қатысты. Еуропада терминнің кең таралуы 1980 жылдары жұмыссыздық деңгейі жоғары болған және

әлеуметтік интеграцияның ұлттық модельдеріне қауіп төнген кезде басталды. Еуропалық Одақ 2010 жылы Кедейлікпен және әлеуметтік оқшауланумен күресудің Еуропалық жылы деп жариялады.

Алайда социологтар зерттеудің теориялық негізіне негізделген тұжырымдаманың кейбір негізгі сипаттамаларына назар аударды. Әлеуметтік оқшаулау адамның негізгі қоғамға қосылу мүмкіндігіне әсер ететін бірқатар өлшемдер бойынша айыруды қамтитын динамикалық процесс ретінде қарастырылады. Қоғамнан шеттетуді тұрғын үй, табыс, білім сияқты негізгі өмірлік жағдайлардың кемшіліктері ретінде сипаттауға болады. Алайда, әлеуметтік оқшаулау объективті түрдегі қаржылық жағдаймен ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның қоғамға тиесілі екендігімен де анықталады. Әлеуметтік интеграцияны анықтайтын критерийлер мен стандарттар едәуір дәрежеде субъективті болып табылады және әр түрлі адамдар әр түрлі пайымдайды. Жеке адамның қоғамның бір бөлігін сезінуі және әлеуметтік іс-шараларға қатысуы үшін өз өмірін субъективті қабылдау мен мақсаттарға сәйкес қалыптастыра білуі өте маңызды. Демек, әлеуметтік интеграция адамның әрекет ету қабілетіне де, адамның нақты іс-әрекетіне де байланысты. Әлеуметтік интеграцияның субъективті сезінуіне жалпы өмірдің қанағаттануы, психикалық денсаулығының жай-күйі, адамның жақын әлеуметтік ортасы және олардың қоғамдағы салыстырмалы позициясы әсер етуі мүмкін, бірақ сонымен бірге жеке бас ерекшеліктеріне байланысты болуы да мүмкін, мысалы, өзіндік тиімділік, бұл оларға жеңуге көмектеседі.

Жоғарыда келтірілген себептер әлеуметтік шеттетудің бір-бірін нығайтуға мүмкіндік беретін бірнеше өзара тәуелді өлшемдері бар екенін көрсетеді. Жұмысты жоғалтуда жалпы келесі нәтижелерге назар аударуға болады. Әлеуметтік оқшаулануға әкелуі мүмкін: қабылданған әлеуметтік интеграция, әл-ауқат және психикалық денсаулық және экономикалық ресурстар, сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық қажеттіліктер, әлеуметтік қатысу, әлеуметтік мәртебе және өзін-өзі басқарудың жоғары тиімділігі.

Кедейлікті зерттеушілер, әдетте, кедейлікті өлшеу үшін екі тәсілді ажыратады; ресурстарға негізделген кедейлік және айыру шаралары. Алғашқысы кедейлікті бірінші кезекте қаржылық тұрғыдан анықтайды (табыс пен тұтынудың жетіспеушілігі), ал соңғысы жеке адамдардың не істей алатындығының және не істей алатынының тікелей көрсеткіші болып табылады. Бұл тәсілді алдымен зерттеуші 1992 ж. ұсынды, ол кедейлікті жеке адамдардың жұмыс істей алу қабілетінің минималды деңгейіне жете алмайтындығы (дені сау, киіну, баспана алу және басқалары сияқты) ретінде анықтады. Мүгедектік ұғымы әлеуметтік оқшаулау тұжырымдамасымен тығыз байланысты, өйткені ол әлеуметтік тұрғыдан келісілген стандарттан төмен материалдық жағдайда өмір сүруді білдіреді. Осы жұмыста негізгі тауарлардың болмауы және негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыратын іс-шараларға

қатыспау көрініс табатын жұмысынан айрылу салдарынан экономикалық тұрғыдан айырылуға назар аударылған.

Әлеуметтік статус. Яходаның 1981 ж. пікірі бойынша адамның өмірдегі жағдайы көбінесе адамның жұмысымен анықталады. Бұл ұғымды Пол пен Батинич 2010 ж. қолдайды, олар жеке адамдар өздерін басқаларға қалай қарайтын болса, солай көреді, және кәсіптік деңгейі төмен жалдамалы жұмысшылар, мысалы, білікті емес жұмысшылар өздерін солай сезінеді деп айтады. Жұмыссыздарға қарағанда құрметпен қаралады. Жұмыстан айрылу белгілі бір таңбаға, сондай-ақ ұят пен түкке тұрғысыздық сезімін тудырады. Бұл әлеуметтік беделдің жоғалуы төменгі әлеуметтік мәртебені иеленудің субъективті қабылдауында көрініс табады.

Өзіндік тиімділігі. Өзіндік тиімділік қазіргі заманғы еңбек нарығындағы маңызды жеке сипаттама болуы мүмкін, мұнда жұмысшыға көбірек жауапкершілік жүктеледі. Tisch and Wolff 2015 ж. жұмыспен қамту және өзін-өзі тиімділік арасындағы байланысты талқылайды. Жұмысқа қабылданған жұмысшылар әріптестері мен басшыларының кері байланысты ескере отырып, проблемаларды шешуге қатысты мүмкіндіктеріне сенімді болады. Сонымен қатар, еңбек қатынастары жеке тұлғаларды ұжымдық мақсатқа немесе осындай мақсаттарға қол жеткізген кезде өзіндік тиімділіктің жоғарылауына әкелетін мақсатпен байланыстырады. Жұмыс орнындағы жүйелі түрде жұмыс жасау адамға өз дағдылары туралы білуге және бағалауға көмектеседі. Демек, Джахода жұмыс жасамаудың жасырын функциялары өзіндік тиімділікке оң әсер етуі керек. Фрайер 1986 ж. жеке адамдар жоспар құрып, мақсат қою арқылы өз өмірін белсенді түрде басқарғысы келетінін айтады. Осылайша, жұмыстан кету және жоғарыда аталған функциялардың жоғалуы өзін-өзі тиімділіктің төмен деңгейіне әкеледі. Әлеуметтік интеграция. Әлеуметтанушылар жұмыспен қамту жұмыссыздыққа қарағанда әлеуметтік интеграцияның жоғары деңгейімен байланысты екендігі туралы кейбір эмпирикалық дәлелдер келтірді. Жоғарыда айтылғандай, жұмысынан айрылу қаржылық қиындықтар, әлеуметтік байланыстардың жоғалуы және әлеуметтік мәртебенің төмендеуі сияқты көптеген өлшемдерден айырылуға әкелуі, олардың барлығы адамның қоғамның бір бөлігін сезіну дәрежесін анықтайды.

Жұмыспен қамтудың толыққанды экономикасы - бұл қоғамның психикалық денсаулығын сақтаудың тиімді бағдарламаларының бірі. Саясат жасаушылардың жұмыссыздықтың минималды деңгейіне жету тенденциясының өсуі алаңдатарлық жағдай. Мәселе мынада: жұмыссыздықтың минималды деңгейлері туралы саяси шешімдер қабылдаған адамдар өздерінің шешімдерінің психикалық денсаулыққа, отбасылық өмірге және қоғамдағы әлеуметтік келісімге әсерін қарастыруы керек. Егер жұмыссыздық орын алса, әлеуметтік қолдауды

қажет ететін құралдар қажет. Мүмкін, жұмыссыз жұмыскерге араласудың ең дәйекті ұсынысы өзін-өзі растау болып табылады.

Қолдау тобының стратегиялары. Бұл топтар оқшаулануға қарсы тұруға, жұмысшылардың мүмкіндіктерін кеңейтуге, сананы өсіруге, жақсы ой ойлауға және қызметтерге реттелмеген қол жетімділікті қамтамасыз етуге көмектеседі. Өзіне-өзі көмек көрсету топтары жиі қолданылады. Әлеуметтік байланыстарға жұмыссыздықтың жалпы штаммымен күресуге мүмкіндік беретін жұмыс кассалары, демалыс, хобби, әлеуметтік жұмыс және мақсатты топтар кіреді. Әдебиеттерде бұрынғы адамдармен байланыс орнатуға көмектесу және қоғамдастық контекстінде әлеуметтік байланыстарды қолдау қажеттілігі туындайды. Жұмыссыздық кедейшілдікке жол ашатын болғандықтан мұны әлеуметтанушы ғалымдар әлеуметтік байланыстан үзіліп қалатынын айта кетіп, оны алдын-алу шараларын да қолдаған. Экономикалық өсуге жұмыссыздықтың тигізер әсері айтарлықтай деңгейде. Дүние жүзіндегі маңызды мәселелердің бірі жұмыссыздық деңгейін төмендету және жұмыссыздарды жұмысқа тұрғызу. Жұмыссыздықтың ұзақ мерзімге созылуы айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Макродеңгейдегі созылмалы жұмыссыздық билеп алған халықтың үлесі көп болса, соғұрлым оның орта және ұзақ мерзімдегі экономикаға тигізер залалы да артады. Жұмыссыздық соның ішінде жастар жұмыссыздығы, қай ел болмасын өзекті, шешімін табуды қажет ететін мәселесі болып табылады. Экономикалық дағдарыс кезеңінде жастар, көбінесе халықтың осал тобына қосылады. Расында, экономикалық өсім құлдыраған кезде жастар дағдарыстардың әсерін алғашқылардың бірі болып сезеді. Сонымен бірге экономикалық қиын кезеңдерде жалпы жұртшылыққа қарағанда, әсіресе жастардың жұмысқа орналасуы оңайға соқпайды. Бұл тек біздің елдегі ғана өзекті мәселе емес. Халықаралық еңбек ұйымы әлемдегі жастар арасындағы жұмыссыздық «дағдарыс деңгейіне» жетті дейді. «Дағдарыс деңгейіне жеткен жастар арасындағы жұмыссыздық проблемасы жұмыс орнын ашу мен шешім шығару процесіндегі басты мақсатқа айналып, жекеменшік секторындағы инвестиция айтарлықтай дамыса ғана, бұл мәселе шешілуі мүмкін» деп мәлімдеген еді Халықаралық еңбек ұйымы. Мұндай мемлекет жұмыссыздықтағы әлеуметтік қорғаудың, жұмыспен қамту саясатының мынандай түрлерін атап көрсетуге болады:

- жұмыссыздарға жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету;
- қызметкерлерді кәсіби даярлау және оларды оқыту жүйесін дамыту;
- қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізуге жәрдемдесу;
- қызметкерлерді сақтандыру және тағы сол сияқты әрекеттер жүргізу.
- жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
- жұмыссыздар үшін кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру, қайта даярлау және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;

- қоғамдық жұмыстарда істейтін жұмыссыздар еңбегіне ақы төлеу;
 - табысы аз азаматтарға жататын жұмыссыздарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету;
 - Қазақстан республикасында жұмыссыздыққа қарсы әлеуметтік саясатты жетілдіру үшін 2011–2020 жылдарға арналған жұмыспен қамту бағдарламасы қабылданды;
 - бұл бағдарламаның негізгі бағыттары экономика салаларында жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады;
 - жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс теңгерімділігі жөніндегі шаралар жүргізу;
 - халықты әлеуметтік қолдауға мұқтаж нысаналы топтардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;
 - қосымша жұмыс орындарын құратын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту;
 - жұмыспен қамтудың өңірлік мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдардың рөлі жөніндегі шаралар қабылдау;
 - білім беру ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.
- Халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған кедейлікті азайту іс-шаралары және жұмыспен қамтылған халық санын көбейтуге жасалып жатқан мемлекеттің оң саясатына қарамастан, кейбір мәселелер әлі де алаңдату туғызуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Ферман, Л.А. 1966 жыл Босатылған жұмыскердің жұмысқа орналасуы және әлеуметтік қызығушылығы. Әлеуметтік мәселелер. 48-56 бет.
2. Бреннер, М.Х. 15 маусым 1984 жыл. Экономикалық өзгерістердің әсерін бағалау денсаулық пен әлеуметтік әл-ауқат. Экономикалық мақсаттар және үкіметаралық саясат жөніндегі Біріккен экономикалық комитеттің, АҚШ Конгресінің жұмысына арналған зерттеу. Вашингтон, Д.С. Басқарушы АҚШ баспа бөлімі.
3. Бреннер, М.Х. Муни, А. 1983 жыл. Контекстегі жұмыссыздық және денсаулық пен экономикалық өзгерістер. Әлеуметтік ғылым және медицина, 16, 1125-1138 бет.
4. Брокнер, Дж., Дэви, Дж. Және Картер, С. 1985 жыл. Жұмыстан кету, өзін-өзі бағалау және кінәні растайтын, мотивациялық, аффективті, көзқарас салдары процесс, 36, 229-244 бет.
5. Briar, K.H. 1983 жыл. Жұмыстан кету және әлеуметтік жұмысқа араласу. Қалалық әлеуметтік өзгерістерге шолу, 9-16 бет.
6. Бриар, К.Х., Фейдлер, Д., Шихан, С. Кампс, П. 1982 жыл.
7. Жас, орта буынды және қарт жұмысшыларды жұмысқа орналастыру. Социология және әлеуметтік әл-ауқат журналы, 9, 907-915 бет.

8. Браун, Дж.У. 1978 жыл. Депрессияның әлеуметтік шығу тегі. Нью-Йорк: Еркін баспасөз.

9. Кобб, С. 1976 жыл. Әлеуметтік қолдау өмірлік стресс модераторы ретінде. Психосоматикалық медицина, 38 (5), 300-314 бет.

10. Дули, Д. Каталано, Р. 1979 жыл. Экономика, өмір және тәртіпсіздіктердің өзгеруі: уақытты талдау. Қоғамдық психологияның американдық журналы, 7 (4), 381-396 бет.

11. Дюркгейм, Э. 1951 жыл. Суицид: әлеуметтанудағы зерттеу. Нью-Йорк: Еркін баспасөз.

12. Элл, К. 1984 жыл. Әлеуметтік байланыстар, әлеуметтік қолдау және денсаулық жағдайы: шолу. Әлеуметтік қызметке шолу, 58, 133-149 бет. Финман, С. 1984 бет.

13. Granoveter, M.S. Әлсіз байланыстардың беріктігі. Американдық әлеуметтану журналы, 78 (6), 1360-1380 бет.

14. Каплан, Р. Тауски, С. 1972 жыл. Cadillac еңбегі және әл-ауқат: қатаң жұмыссыздар арасындағы жұмыстың мәні. Әлеуметтік мәселелер, 19 (4), 469-482 бет.

15. Комаровский, М. 1940 жыл. Жұмыссыз адам және оның отбасы. Нью-Йорк: Оккагон кітаптары.

16. Кристал, Э., Моран, М., Томпсон, С., & Кантони, Л. 1983 жыл. Жұмыссыздарға қызмет көрсету. Әлеуметтік жұмыс, 64 (2), 67-78 бет.

17. Лян, Дж., Дуоркин, Л., Кахана, Э. Мазиан, Ф. 1980 жыл. Әлеуметтік интеграция және мораль: қайта тексеру. Геронтология журналы, 35 (5), 746-757 бет.

18. Лиём, Р.Дж. & Лиём, Дж.Х. 1978 жыл. Әлеуметтік қолдау және күйзеліс: Кейбір жалпы мәселелер және оларды жұмыссыздық проблемасына қолдану.

19. Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы. — 2011 жыл.

20. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: enbek.gov.kz.

3.25. Білім – адам капиталын дамытудың маңызды факторы

Аманбек Бидолдой

аға оқытушы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.)

Білім – Біріккен ұлттар ұйымының Даму Бағдарламасының адам әлеуетінің дамуын сипаттайтын үш индексінің бірі. Адам әлеуетінің даму индексі- елдердегі адам дамуының жиынтық көрсеткішін айқындай отырып, мемлекет тұрғындарының денсаулығы мен өмір жастарының ұзақтығын, білім алулары мен лайықты тұрмыс деңгейлері тұрғысынан елдің жетістіктерін сипаттайды. Мысалы, адамның ұзақ жасау индексі -

ұзақ өмір сүру мен салауатты тұрмыс мүмкіндігін көрсетсе, білім индексі – білімге қолжетімділікпен, мектеп жасындағы балалардың күтілетін орташа оқу ұзақтығымен және ересек азаматтардың орташа оқу ұзақтығымен анықталады. Үшінші индекс яғни жалпы ұлттық табыс индексі сатып алу қабілетінің тепе-теңдігімен өлшенетін жан басына шаққандағы жалпы ұлттық кірістің шамасымен (АҚШ доллары) өлшенетін лайықты тұрмыс деңгейін өлшейді. БҰҰ аталмыш зерттеуді өзінің құрамына кіретін 193 мүше-мемлекеттердің 187-інің көрсеткіші негізінде жүргізеді. Мұндай зерттеу әлем елдерінің даму тенденцияларын анықтау үшін жүргізіледі және елдер үш санат бойынша яғни адам әлеуетінің даму индексі өте жоғары елдер; адам әлеуетінің даму индексі жоғары елдер; адам әлеуетінің даму индексі орташа елдер; адам әлеуетінің даму индексі өте төмен елдер болып топтастырылады. 2018 жылы 189 мемлекеттің көрсеткіштері зерттеліп, Қазақстан Республикасы адам әлеуетінің даму индексі өте жоғары елдердің тізіміне кіріп, 50-орынды иеленген [1] (1 кесте).

1 кесте. Адам әлеуетінің даму индексі, 2018 ж. (алғашқы бестік)

Мемлекеттер рейтингі	Адам әлеуетінің даму индексі						
	өте жоғары елдер	рейтингі	жоғары елдер	рейтингі	орташа елдер	рейтингі	өте төмен елдер
1	Норвегия (0,954)	63	Сербия (0,799)	117	Маршалл аралдары (0,698)	154	Сирия (0,549)
2	Швейцария (0,946)	63	Тринидад және Тобаго (0,799)	118	Вьетнам (0,693)	155	Папуа — Жаңа Гвинея (0,543)
3	Ирландия (0,942)	65	Иран (0,797)	119	Палестина (0,690)	156	Комор (0,538)
4	Германия (0,939)	66	Маврикий (0,796)	120	Ирак (0,689)	157	Руанда (0,536)
4	Гонконг (0,939)	67	Панама (0,795)	121	Марокко (0,676)	157	Нигерия (0,534)
50	Қазақстан (0,817)						

Ескерту: [2] ақпарат көзі негізінде құрастырылған.

Әлем мемлекеттері ішінде тұрақты даму мен экономикалық өсімнің ең жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізіп отырған Батыс Еуропа елдерінің ішіндегі Норвегия, Швейцария, Ирландия және Германия тәрізді мемлекеттерде адам әлеуетінің даму индексі ең жоғары көрсеткіштерге ие болып, рейтингтің алғашқы бестігіне кіріп отыр.

1990 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде Қазақстандағы адам әлеуетінің даму индексі 18,5% -ға, жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс 61,8% -ға өсті. 28 жыл ішінде Қазақстанда туу кезіндегі күтілетін өмір ұзақтығы 6,5 жасқа, орта білім ұзақтығы 3,7 жылға, күтілетін орташа оқу ұзақтығы 2,9 жылға артты. Адам әлеуетінің дамуын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасының рейтингі зерттеуге алынған жыл ішінде өскен.

Қазіргі уақыттағы жаһандық өзгерістер кез-келген мемлекеттен білім саласын заманға сәйкес реформалауды, жаңа технологиялар мен инновацияларды салаға енгізуді, адам ресурстарының ұтқырлығын арттыруды талап етіп отырғаны белгілі. Қазақстанда білім беруді сонымен қатар ғылымды дамыту бойынша жүйелі, ойластырылған шаралар кешені іске асырылып жатыр. 2015 жылы республика өзіне Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарына, оның ішінде бәрін қамтитын және әділ сапалы білім беруді және баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз етуді көздейтін 4-мақсатына қол жеткізу бойынша міндеттемелерді қабылдады [3]. Оған қол жеткізу үшін білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалды: мектеп алды даярлықты қамтамасыз ету, 12 жылдық мектеп білімінің моделі, оқушылардың бойында 21 ғасыр дағдыларын дамыту, арзан және сапалы техникалық және кәсіби білім мен жоғары білімге тең қол жеткізу. Аталмыш бағыттар отандық білім беру жүйесі үшін де басым болып табылады. Саланы әрі қарай реформалауды жалғастыру мақсатында ҚР білім мен ғылым сферасын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Педагог» мәртебесі туралы ҚР Заңы, «Жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту туралы» ҚР Заңы және «Ғылым туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Қазіргі уақытта білім мен ғылым саласының дамуы бірқалыпты өсуде (2 кесте).

2 кесте. Білім нарығының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2014	2015	2016	2017	2018	2018 / 2014 өзгерісі, %
Мектепке дейінгі ұйымдарда 100 орынға келетін балалар саны	109	105	106	96	106	97,3
Есепті жыл соңына мектепке дейінгі ұйымдар саны	8 467	8 834	9 410	9 828	10 314	121,8
Күндізгі жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар саны (оқу жылының басына, мың адам), барлығы	2 668,2	2 785,3	2 917,8	3 039,1	3 175,9	119,0
Жоғары оқу орындарының саны	126	127	125	122	124	98,4
Халықтың 10000 адамына шаққанда жоғары оқу орындардағы студенттердің саны	274	260	266	273	297	108,4
Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының саны	775	780	779	779	769	99,2
Халықтың 10000 адамына шаққанда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқушылар саны	306	282	284	269	268	87,6

Ескерту: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің көрсеткіштері негізінде есептелді [4].

Мектепке дейінгі ұйымдарда 100 орынға келетін балалар саны 2018 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 97,3 пайызды құрады. Зерттеуге алынған жылдар ішінде елде мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу орындарының саны 21,8 пайызға артып, барлығы 10 314 мекеме жұмыс істеген. 2019 жылы 3-6 жастағы балалардың 95,2%-ы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылды (2016 жылы – 85,8%, 2017 жылы – 90,5%, 2018 жылы – 95,2%). Жалпы білім беретін мектептердің оқушылардың саны 2018 жылы 3175,9 мың адамды құраса, 2014 жылы мектептерде 2 668,2 мың адам білім алған. Сонымен қатар елдегі техникалық және кәсіптік білім мен жоғары оқу орындарының саны зерттеуге алынған жылдар ішінде төмендеген. 2018 жылы 124 жоғары оқу орны жұмыс істеген болса, 2014 жылы оның саны 126 бірлікті құрады. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің саны да 2014 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 6 бірлікке азайып, 769 орта кәсіптік білім беру ұйымдары жұмыс істеген. "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасы шеңберінде 2019 жылы 94,8 мың орынға мемлекеттік тапсырыс бөлінген. Жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту туралы заң қабылданды. 3 жылдың ішінде шетелдік студенттер саны 8,9 мың адамға өскен (2016 жылы – 12 837 адам, 2017 жылы – 13 898 адам, 2018 жылы – 21 727 адам) [3]. Жоғары білім беру тиімділігін сипаттаушы көрсеткіштердің қатарына интернационалдануы және жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингтерден көрінуі болып табылады. 2016 – 2019 жылдар аралығында жоғары білім беру мекемелеріндегі шетелдік студенттердің үлесі 4 %-ға дейін артқан. Қазақстандық жоғары оқу орындары алғаш рет Times Higher Education рейтингтік басылымы тарапынан танылды. QS WUR рейтингіндегі, қазақстандық жоғары оқу орындарының саны 10-ға жетті. Жалпы республикада білім беру нарығын дамыту мен жетілдіру саласында ауқымды іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

Әлемдік білім беру кеңістігіндегі отандық білімнің орнын жоғарылату және елдің және адам ресурсының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды көздейтін бірқатар міндеттер айқындалған [3]:

- педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту;

- қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту;


- оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;

- озық тәжірибелер негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу;

- экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;

- білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықтау;
- ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру;
- ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету.

ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған жоғарыдағы міндеттерді орындау мақсатында қаржыландыру 11578 млрд. теңгені құрайды, әр жылдар бойынша қаржыландыру мөлшері артады (1 сурет).



1 Сурет. ҚР-дағы білім беруді және ғылымды дамытуды қаржыландыру мөлшері (2020-2025 жж.)

2020 жылы қаржыландырудың әртүрлі көздерінен білім және ғылым саласын қаржыландыруға 1161 млрд теңге қарастырылған болса, 2025 жылы оның мөлшері 2,3 есеге артып, 2679 млрд теңгені құрайды.

Білім мен ғылым саласында жүргізіліп жатқан ауқымды іс-шаралар отандық білім беру нарығының әлемдік білім кеңістігінен лайықты орын алуға, адам әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және мемлекеттің экономикалық өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Доклад ПРООН: Казахстан на 50-м месте в рейтинге стран по индексу человеческого развития // forbes/kz.
2. Список стран по индексу человеческого развития // wikipedia.org.

3. ҚР-да білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // adilet/zan.kz.

4. Уровень жизни населения в Казахстане / Статистический сборник / на казахском и русском языках / 82 стр. (2014-2018).

3.26. Дін туралы ғылым және дінтанулық білім

Улжан Аскарбаевна Тунгатова

PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Дін туралы ғылым дегенде ең бастапқыда осы мәселе қай еңбекте қарастырылатынына тоқталсақ. 1890 жылы жарыққа шыққан кейіннен 1992 жылы қайта басылып шыққан Ф.А. Брокгауз және И.А. Ефронның авторлығымен жарыққа шыққан 82 томдық Энциклопедиялық сөздікте берілген анықтамасына сүйенетін болсақ. Бұл еңбекте дінді салыстырмалы зерттеу дегеніміз дін туралы ғылым деп беріліп тұр. Дінді салыстырмалы зерттеу (дін туралы ғылым) – адамзаттың өзге психологиялық және әлеуметтік факторларына байланысты болатын діни құбылыстардың тарихи эволюциясын зерттеумен айналысатын позитивті ғылым саласы. Дінді салыстырмалы зерттеу өзінің зерттеулеріне арқау ететін негізгі ғылымдар ол – діндер тарихы, мәдениет тарихы, этнография, антропология және әлеуметтану. Оның әдіснамасы нақты ғылымдар әдіснамасы: индукция өзінің діни құбылыстардың феноменологиясының жалпы ұстанымдарымен заңдылықтарының қылыптасуына алып келетін конструктивті жіктеуімен. Бұл ғылым әлі өте жас буыны бекімеген ол (Vergleichende Religionswissenschaft, Comparative science of Religion) деп алғаш рет 1867 жылы Макс Мюллермен қолданылып әлі жалпыға ортақ болып табылмайды. Ол Англия, Америка, Германияда азаматтыққа ие болғанымен Франция, Бельгия, Голландияда ол «діндер тарихы» деген атпен атақтырақ. Соңғы уақыттарда «Religionswissenschaft», «Science of Religion» деген секілді қысқартылған нұсқасы көптеп пайдаланылуда. Сонымен қатар ғылымның мақсаты мен міндеттеріне қатысты ғалымдардың әлі ортақ көзқарасы да қалыптаспады. Біреулер «Дінді салыстырмалы талдау» дегеніміз шығу тарихы мен тілдеріне байланысты бір-біріне жақын халықтарды тарихи-салыстырмалы түрде зерттеу деп ұғынса (М. Мюллер мектебі). Өзгелері жүйелі түрде ешбір шектеусіз барлық халықтарды қамтитын салыстырмалы-антропологиялық зерттеуден бас тартып бұл ғылымды мәдени өзінің тарихы бар халықтардың дінін ғана салыстырмалы түрде зерттеумен шектеп қойғылары келеді [қараңыз проф. Hardy: «Archiv fur Religionswissenschaft» 1898 I томдағы «Was ist Religionswissenschaft»]. Үшіншілері Шантепи де ля Соссе секілді (оның «Lehrbuch der

Religionsgeschichte» дегі кіріспесінде) бұл ғылымның мақсаты ретінде діндердің мәні мен оның көрініс табуын қояды. Осы орайда Шантепи де ля Соссе бұл ғылымға тарихы мен қоса дін философиясында енгізеді. Дін философиясын бұл жерде дінді объективті және субъективті көзқарастар тұрғысынан зерттеуші ретінде түсінеді (діннің психологиясы және метафизикасы). Негізінен дін тарихына қатысты Шантепи де ля Соссе де Хардидің тек қана мәдени халықтардың діндерін тарихи тұрғыдан зерттеу басты мақсаты болу керек деген көзқарасын толығымен құптайды. Ал дінді салыстырмалы зерттеудің антропологиялық мектебі мүлдем қарама-қарсы бағытты ұстануда. Олар өздерінің зерттеулерінде алғашқы қауымдық тайпалардың діндерін зерттеуді алып тастамақ түгілі соны бүкіл ғылым атты ғимараттың басты кірпіші, адамзаттың діни эволюциясының бастапқы нүктесі және де діни прогресс саласындағы адамзаттың барлық тарихи көңіл күйлерінің түп негізін анықтаушы жалғыз жолы деп біледі. Осы мектептің өкілдерінің бірі университеттік ғылымның өкілі Тиле. «Діндер тарихы – дейді ол жекелеген діндерді сипаттаумен болмаса олардың тағдырымен өзгерістері жайында айтумен ғана шектелмеиді; керісінше ол өзіне мақсат қылып біз дін деп атайтын үлкен психологиялық факт әртүрлі халықтармен рассаларада әртүрлі кескіндемелерде қалай дамығандығын көрсеткісі келеді. Ол барлық діндер бұл жерде ең өркениетті мемлекеттердің діндерін қоса айтқанда қалайша осы алғашқы қайнар көздерден пайда болғандығын көрсетеді».

Өзінің осы позитивті бағытында дінді салыстырмалы зерттеудің бастамашылары аз болды. Ежелгі заман егерде мифтердің пайда болуына және мағынасына қатысты дауларды есепке алмайтын болсақ мүлдем дінді салыстырмалы зерттеуге қатысты сұрақтармен айналыспаған; алайда көптеген мифтерді талқылаушылардың арасынан жалғыз Евсевейді замануи көзқарастарға жақын деп қарастыруға болады. Сол заман үшін өте бір үлкен ерекшелік болып табылатын көрегендікпен өзінің « Praeparatio evangelica» да ол біреулері мифтерден саясаткер-философтардың ақылдарын (Аристотель), біреулері мистикалық рәміздерді (неоплатониктер), үшіншілері інжілдік өсиеттердің бұрмалануын немесе ібілістің оилап тапқанын (христиандар) және тағы басқа алға тартушы гректік және мысырлық мифологияның талқылаушы апологеттердің оиларын жоққа шығарды. Евсевей алғашқы болып діни шығармашылықтың нәтижесі ретінде мифтердің тарихи толымдығы мен шынайылығын мойындады. Және де ол алғашқы болып Грецияның мифтері өңделіп жылтыратылған Мысыр мифтері деген ойды алға тартты. Орта ғасырда мұндай сұрақтармен аз қызығатын себебі христиан дінінен басқа діндердің барлығы ібілістің ісі деп білетін. Дінді салыстырмалы зерттеуге қатысты алғашқы зерттеулер мен оилар Қайта өрлеу мен реформация дәуірінен ары аспайды. Грация мен Римнің тілдерімен діндерімен мифтерімен етене танысу, реформациямен бірге келген

теңіз саяхатшыларымен ұлы саяхатшылар бірге келген мен өнер саласындағы жетістіктер, оилау жүйесінің шеңберін кеңейту мен діни еркіндік ағыстары, осының барлығы өз алдына Дінді салыстырмалы зерттеудің алғашқы қадамдарына әкеп соқты. Осы уақыттан бастап біз діни жүйелерді жақындастыруға деген батыл қадамдарды байқаймыз. Кембриджтік профессор Спенсер (1630-93) – өзінің «De legibus Hebraeorum ritualibus» деген трактатында әртүрлі діни жүйелерді салыстырмалы түрде зерттегеннен кейін алғашқы болып иудаизм культі пұтқа табынушылық культтердің азды көпті сығындысының түрі деген қорытындыға келеді. XVIII ғасырда Юм адамзат өзінің жолын монотеизмнен бастамады деген пікірін айтты «егерде біз тарих тізбегі бойынша қаншалықты терең үңіле алсақта сол деңгейде адамзаттың көпқұдайлыққа сенгенін аңғарамыз, осыны біле тұра біз ғылым мен өнер пайда болғанға дейінгі заманда анағұрлым таза дін таза бірқұдайлық болды деп айта аламыз ба» дейді Юм. Фонтенель өзінің «Sur l'origine des fables» деген еңбегінде классикалық халықтардың мифтері оларға дейінгі алғашқы кезеңдегі күйдің мұрасы екендігін керемет дәлелдеп кеткен. Одан ары қарай де Брос өзінің «Le culte des dieux fetiches» (1760) деген еңбегінде көптеген мысалдар арқылы жан жануарларға, тастарға табыну гректерде де римдіктерде де қарапайым ғана жабайылық күйдің қалдықтары. Осы ғалым біздің ғылымның қазіргі алдыңғы қатарлы мектебінің негізгі кірпіштерінің бірі болып табылатын «ce n'est pas dans les possibilities, c'est dans l'homme meme qu'il faut etudier l'homme. Il ne s'agit pas d'imaginer ce qu'il aurait pu ou du faire, mais de regarder ce qu'il fait.» (бұл мүмкіндікте емес, адамның өздігінен зерттелуі керек. Бұл не істей алатынын немесе жасай алатындығын елестету туралы емес, оның не істеп жатқанын қарау) деген принципті ұсынған. XVIII ғасырдың рухында дінді салыстырмалы зерттеу мүмкін болмады. Себебі жағымды діндерді адасушылықпен қараңғылықтың жемісі ретінде жоққа шығарып, немесе жекелеген адамдардың белгілі бір ойдан шығарған дүниесі деп қарап рационалды философия діни құбылыстарды зерттеуге тұрмайтын нәрсе деп есептеді. Бір жағынан ғана бұл ғасыр дінді салыстырмалы зерттеуге үлкен көмегін тигізді ол, жалпы тарихи ғылымның мақсаттарына деген терең әрі ағартушылық көзқарастарымен. Виконың («Scienza nuova»), Вольтердің («Essai sur les mœurs»), Лессингтің («Idden zur Geschichte der Menschheit») идеялары тарихтың мақсаттарын түбегейлі өзгертті, тек қана басқарушылар мен биліктер жайлы мәлімдеме беріп қана қоймай халықтардың тарихына қоғамның материалдық, саналық, рухани өмір салтының шарттарына бет бұруы қажет еді. Осындай тарих үшін сенімдерді, халықтардың салт- дәстүрлері мен дүниетанымдарын зерттеу басты мақсаттардың бірі болды. Оның бастапқы кезеңіндегі жазылған жұмыстар әдістемесімен бастамасына байланысты Юм, Спенсер, де-Бросс идеяларымен салыстырғанда артқа қарай бір қадам спеттес. Бір топ мифолог ғалымдар мен философтардың басты

мақсаты ескі қателіктерді қайталау болып табылғандай еді. Бір тобы Шығыста (Мысыр, Индия, Иранда) абыздар варварлық халықтар арасында барлығына қолжетімді аллегория түрі мифтер ретінде негіздерін таратып отырған шынайы құдайды танудың алғашқы діні орын алды деген ұстанымда болды, өз кезегінде таза ілім мистерияларда сақтаулы болды (Fr. Shlegel, "Ueber die Sprache und Weisheit der Inder"; Gorres "Mythengeschichte der asiatischen Welt"; Шеллинг және басқалары). Басқалары мифтерде астрономия, физика, химия секілді пайдалы ғылымдардың көрінісін көретін. Үшінші топтағылар Христиан Гейне оның шәкірті Крейцер секілділер грек мифтерінің авторлары үңгірлік адамдардың арасында құдайлық ақылды тарату үшін мифтерді белсенді түрде пайдаланушы жекелеген тұлғалар деген ұстанымда болды. Мюллердің өзі ойлардың барлығынан алшақ тұрғанымен «Prolegomena zu einer wissenschaftlichen Mythologie» деген еңбегінде Греция бір кездері мифтік танымдық дәуірді басынан кешірді, бұл кезде ойлау мен поэзияның жалғыз ғана формасы мифтер болды және де алғашқы қауымдық наным сенімдердің маңыздылығы мойындалмады дегеннен ары аспады. Бұл тізімдегілердің барлығынан ерекше тұрған Гримм ағайындылары болды. Олар алғашқылар болып халықтық наным сенімдер арасында, халықтық поэзияда, салт-дәстүрлерде, әңгімелерде көптеген қазына бар екендігін және де сол қазыналардың маңызы өте жоғары екенін айта бастады. Осылайша қосымша ғылым саласы фольклордың да негізі салына бастады. 1807 жылы Як Гримм Нибелунгтарға қатысты аңыз әңгімелер ойдан шығарылған нәрсе емес халықты алғашқы наным сенімдерінің екінші көрінісі деген ой қозғады. Герман ертегілерінің жинақтары. «Reinhart-Fuchs», «Deutsche Sagen», «Deutsche Mythologie» өзге де еңбектер. Бұл Гримм шығармалардың барлығының салыстырмалы наным-сенімдерді зерттеуде өте құнды. Гримның қазіргі қарапайым германдық адамның бойынан тарихилыққа дейінгі кезеңнің сенімдерін көретін атақты «қос сенім» туралы ілімі, дін эволюциясы атты ғылым ғимаратында үлкен негіз спеттес.

Жалпы лингвистика мен салыстырмалы филологиядағы жетістіктер дінді салыстырмалы зерттеуді ары қарай қозғалтты. Тіл мамандары Альберт Кун мен оның шәкірті Макс Мюллер дінді салыстырмалы зерттеудің негізін салушылар болды. М. Мюллер тек қана алғашқы болып бұл ғылым саласына атау ғана беріп қоймай сонымен қатар оның мақсаты мен міндеттерін анықтау арқылы оған ғылыми тұрғыдан негіздеме беруге тырысқан. Ол дінді салыстырмалы талдаудың қаншалықты маңызды екенін баса көрсетті. Оның атақты афоримзі «Wer eine Religion kennt, kennt keine». М. Мюллердің дінді зерттеушілер үшін өте маңызды болып табылатын еңбегі «The Sacred Books of the East» осы кітапты еуропалық тілдерге аударуға ол Еуропаның барлық дерлік ориенталистерін біріктіре алды. Әр түрлі индогермандық тілдердегі құдайлардың атауларының ортақ аттарын

салыстыруға негізделе отырып алғашқы қауымдық индо германдық дәуірдегі жалпы прадінді табуға деген талпынысы жасалды. Индия мен Персияның арасында тығыз қарым қатынас байланыс анықталды. Бұл байланыс тек қана құдайларының атауларының ұқсастығымен ғана емес сонымен қатар жекелеген сипаттамаларында (абыздар жиынтығы, құрбандық шалулары, діни рәсімді жүзеге асырудағы егжей тегжейлілік және т.с.с.) осындай тығыз қатынасы семиттік халықтар арасындағы діндерден де көрініс тапты. Өзінің 1874 жылғы «Дінді салыстырмалы зерттеуге кіріспе» атты еңбегінде М. Мюллер финдердің, моғолдардың және қытайлардың ортақ прадінін табуға тырысқан.

Жоғарыда келтірілген ақпараттарға сүйене отырып жалпы дінтану ғылымының пайда болуына қатысты батыстық ойшылдардың жасаған көптеген ізденістеріне сүйене отырып, біздің елдегі дінтанулық ғылымға қатысты біршама ақпараттар келтірер болсақ. Қазақстан республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап жалпы қоғамда, жоғары және орта білім салаларында бірқатар реформалар жүзеге асырылғаны бізге белгілі. Ең алғашқы мектептерде дінтанулық пәннің енгізілуі. Жоғары оқу орындарында дінтану мамандарын даярлау қолға алынған істер болды. Қазіргі таңда дінтану, ғылымның жеке дара саласы ретінде зерттеліп, зерделеніп бір қатар жұмыстар атқарылып жатыр.

Дінтану Қазақстанда жаңа пән болып табылғанымен, қалыптасу тарихы тереңде жатыр. Бүгінгі қалыбындағы дінтану пән ретінде XIX ғасырдың 60-жылы Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкада қалыптасты. XVIII ғ. – XIX ғ. бірінші жартысында дін туралы жинақталған әр түрлі ғылым саласындағы нақты материалдар мен теориялық мәселелер жаңа ғылым саласының пайда болуына септесті. Бұл ғылым ағылшын тілді әдебиетте – «Science of Religions», француз тілінде – «La Science de Religions», неміс тілінде – «Religionswissenschaft» деген атаумен таныла бастады. Философия, антропология, этнология, археология, тіл білімі, салыстырмалы мифология, фольклористика және т.б. ғылымдар тоғысында пайда бола отырып, дінтану қайсы бір діни догматтар апологиясын (теология) немесе дінді сынға алып отыруды (атеизм) көздемей, керісінше, әлем діндерін бейтарап зерттеуді мақсат етті.

Жалпы дінтану ғылымы шамамен 160 жыл бұрын пайда болды және өзінің даму үрдістерінде түрлі даму кезеңдерінен өтті. XIX-XX ғғ. 60-жылдары дін ғылымының дербес ғылым ретінде қалыптасу кезеңі деп көрсетуге болады [5, 107 б.].

XX ғасырдағы дінтану әр дін өз алдына ерекше құбылыс, әрбірі адам өміріне мән береді, маңызды сұрақтарына жауап береді және өмірлік мақсаттарда көрсетеді, сонымен қатар жалпы адамзат баласын біріктіретін ортақ тұсы бар деген көзқарасты қалыптастырады.

Қазіргі дінтану – түрлі діндерді адамзат баласының мәдениетінің маңызды компоненті ретінде қарастырады. Әлемдік діндер – буддизм, христиан және ислам діндері сияқты, дәстүрлі, аумақтық және ұлттық

діндерді бірдей дәрежеде зерделейді (сонымен қатар қазіргі діни қозғалыстар мен культтер). Дінтану діннің пайда болуын, қалыптасуын, дамуын олардың басқа да өркениетті және әлеуметтік-саяси процестермен байланыстырып қарастырады.

Бүгінгі білімді азамат дін мен оның құндылықтары туралы білуі тиіс. Дінтану адам және қоғам туралы ғылымдармен тығыз байланысты. Дінтану пәнін оқытуда дінді ғылыми тұрғыда түсіндіруге мән берілуі керек. Дін туралы ғылыми білім діннің шығуы мен дамуы туралы объективті білім береді. Дінтану бөлімдері дін тарихы, дін философиясы, діни философия, дін социологиясы, дін психологиясы, дін антропологиясы, дін феноменологиясы сияқты негізгі пәндер қамтылуы қажет. Оқу-тәрбие үдерісінде дінтануды оқыту адам және қоғам туралы білімді ұлғайтып, ұлттық сана мен азаматтық сананы қалыптастыруға, салауатты өмір салтын ұстануға және төзімділікке үйретеді. Дінтанулық білім беруге қатысты ана тіліміздегі әдебиеттер мен оқулықтар мәселесі де өзекті. Сапалы және зайырлы қоғам мәдениетіне сай діни кітаптар шығару маңызды.

Қазақстанда дінтанудың пән ретінде танымал бола бастауы кеңестік идеология құрдымға кеткен кезеңнен басталды. XX ғ. 90-жылдарынан бастап елімізде «ғылыми атеизмнен» дінтануға бет бұру басталды. Ендігі жерде діннің ғылыми және философиялық пайымдалуына басты назар аударылды. Бұл әлеуметтік сұраныстың нәтижесі болды және жаңа дәуірдің шындықтары тек қана діни емес, сондай-ақ дінтанулық білімнің қажеттілігін көрсетті. Елімізде дінтану пәнінің мектеп бағдарламасына енгізілуі – осының тікелей көрсеткіші. Әйтсе де, бұл пәнді дұрыс қабылдау «дінтану» және «дінтанушы» ұғымдарын анықтаудан басталатынын басып айтқан жөн.

Қазіргі кезде дінтанудың ғылыми тәжірибесіне қарасақ, дінтанулық қауымдастықтардың монолитті емес екенін көруге болады. Жеке мектептер мен бағыттар өздерінің бірегей жобаларымен көзге түссе де, белгілі бір тұтастықтың құрамдас бөлігі бола алмады. Олар көп жағдайда дінтанулық ғылымның әркелкілігіне әкеліп отырды. Дінтанулық қауымдастықтарды біріктіретін нәрсе ол теология мен философиясы салаларымен сабақтасуы болды. Дегенмен, бұл қауымдастықтарды біріктіруге аса қатты әсер ете алмады. Сондықтан ғылыми конференцияларда ортақ мәселелер көтерілгенмен, ортақ шешім табылмаған кездер басым болды. XX ғ. Екінші жартысынан бастап, жаңа дінтанулық парадигманы қалыптастырудың қажеттілігі туды. Ресейлік дінтанушы А.Н. Красниковтың пікірі бойынша, мұндай жаңа парадигма «метадинтану» аясында жасалатын болады, оның зерттеу пәніне діни феномендер, не жеке діндер, жалпы дін мәселесі емес, дінтану тарихы мен теориясы алынады. Бұл жаңа пән дінтанудың әрі қарай дамуы үшін аса қажет методологиялық мәселелерді зерттеумен айналысады.

Елімізде дінтанушы мамандар 1994 жылдан бері дайындалып келеді. Алғашқы кезде тек жоғары оқу орындарының еншісінде болған дінтану пәні, бүгінде орта мектептердің бағдарламасына да енді. 2009 жылдан бастап бұл пән міндетті факультативтік курс ретінде оқытылады. Жақсы бастама болғанмен, шешілмеген мәселелер де жоқ емес. Бірқатар мәселелердің шешімі мұғалімдер біліктілігін жетілдіру курстары. [6, 105 б.].

Бүгінгі білімді азамат дін мен оның құндылықтары туралы білуі тиіс. Дінтану адам және қоғам туралы ғылымдармен тығыз байланысты. Дінтану пәнін оқытуда дінді ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мән берілуі тиіс. Дін туралы ғылыми білім діннің шығуы мен дамуы туралы объективті білім береді. Дінтану бөлімдері дін тарихы, дін философиясы, діни философия, дін социологиясы, дін психологиясы, дін антропологиясы, дін феноменологиясы діннің мәдени феномен және әлеуметтік институт ретіндегі рөлін түсінуге жол ашады. Оқу-тәрбие үдерісінде дінтануды оқыту адам және қоғам туралы білімді ұлғайтып, зайырлы мәдени ұстанымдарға, ұлттық сан мен діни сананы қалыптастыруға, салауатты өмір салтын ұстануға және төзімділікке үйретуі тиіс. Дінтанулық білім беруге қатысты ана тіліміздегі әдебиеттер мен оқулықтар мәселесі де өзекті. Зайырлы қоғам мәдениетіне сай сапалы діни кітаптар шығару маңызды. Зайырлы дінтану негіздерін оқытуда діндердің ортақ құндылықтары мен діни ұстанымдарын зайырлы тұрғыда түсіндіру маңызды [7, 154 б.].

Қазіргі заманда, әлемнің діни ахуалы күрделініп бара жатқанда, дінтанудың білімдік және ғылыми саласын жетілдіру заманауи өзекті мәселе болып отыр. Тағы да шетел тәжірибесіне жүгінетін болсақ, оларда жалпы дінтану немесе исламтану мамандарын дайындаумен шектелмейді. Мысалы, мұсылман елде рінде жалпы исламтану деген пән жоқ, оларда исламтанудың нақтылы – фикх, ақыда, қалам сияқты бағыттары бойынша иллахият факультеттерінде мамандар дайындайды. Ал дінтану саласын алатын болсақ, бізде дін социологиясы, дін психологиясы және т.б. салалары бойынша мамандар жоқ. Ендігі жағдайда жалпы дінтанушылар мен исламтанушыларды дайындау жеткіліксіз, жоғарыда аталған нақтылы бағыттар бойынша дайындауымыз қажет. [8, 7-8 бб.]

Әдебиеттер тізімі:

1. Э. Тайлор Первобытная культура. 1894 г.
2. А. Ланг Миф, ритуал и религия. 1887.
3. А. Ланг Миф и обычаи. 1884.
4. Ф.А. Брокгауз, И.А. Ефрон Энциклопедический словарь. Москва, 1890 г.
5. Қазіргі Қазақстандағы дінтану: қалыптасуы мен даму жолдары: монография / Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, Ш.С. Рысбекова, Б.К. Бейсенов және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 138 б.

6. Құрманалиева А.Д., Бейсенов Б.Қ. Тәуелсіздік жылдарындағы дінтанулық білімнің қалыптасуы мен даму перспективалары. Исламтану және араб филологиясы мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2009. – 150 б.

7. Қазіргі Қазақстандағы дінтанулық білім беру жүйесі: жағдайы және перспективалары: халықаралық ғылымтеориялық конференция материалдары. – Алматы, 2014. – 347 б.

8. Байтенова Н.Ж. Қазіргі Қазақстандағы дінтану саласында мамандарды дайындаудың өзекті мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. – № 3 (7). – Алматы, 2016 – 5-10 бб.

3.27. Исламдағы талақтың түрлері

Унербай Ускенбаевич Байдуллаев

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің магистранты
(Алматы, Қазақстан)

Шамшат Амангелдиевна Адильбаева

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, PhD докторы
(Алматы, Қазақстан)

Баян Рустембековна Кульбекова

педагогика ғылымдарының кандидаты,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
(Алматы, Қазақстан)

Мұсылман атаулыға маңызды болып саналатын талақтың түрлерінің мәселесін қарастыру маңызды. Талақ дегеніміз қазақи тілмен айтқанда ажырасу дегенді білдіреді. Қазіргі таңда қоғамымызда ажырасудың белең алуы өршіп тұр. Сондықтанда отбасы құндылықтарын, сол құндылықтарды сақтау жолдарын жан-жақты талдап қарастыру өзекті мәселелердің біріне айналды. Ерлі-зайыптылардың ажырасуының алдын алу үшін талақ мәселесін де жан-жақты қарастыру өте өзекті болып табылады. Дұрыс талақ қалай жасалуы қажет, оның жауапкершіліктері қандай екенін ерлі-зайыптылар байыбына жеті түсінген жағдайда отбасы құндылықтарын сақтауға жол ашылары сөзсіз.

Үйлену, отбасының өмір бойы тыныштық және бақыт ішінде өмір сүруін жалғастыру, ұрпақты көбейту үшін. Бірақ ерлі-зайыптылар арасында кейде материалдық немесе рухани себептерімен тыныштық бұзылады. Отбасы ішінде тыныштықтың бұзылуы көбейген жағдайларда жасалуы керек некелік өмірін жалғасуын сақтау және таралатын болған ұяның үйде де қоғамда да ашылуы мүмкін болған кесірі ең аз залалмен жабылуы. Бірақ бұл әр уақыт мүмкін болмайтын жағдай. Ислам дінінде себепсізден себепсіз ажырасу жақсы көрілмеген іс болумен бірге ең соңғы шара ретінде рұқсат еткен. Исламда болғаны

секілді, Исламнан басқа қоғамдарда да жақсы көрілмеген. Бұл тақырыпта қазір барлық дін, қауым және мәдениеттердің бір-бірлеріне жақын көз-қараста болуларының себептері, ажырасу жағдайының жеке және қоғамға деген зарарларының көп болғандығынан. Ұмытпауымыз керек болған нәрсе, ажырасудың шариғи рұқсат етілуі де қажеттілік болғандығынан. Ажырасудан пайда болған бірнеше кемшіліктер болумен қатар, ажырасуды болдырмау немесе тыйым салу менде жеке және қоғам үшін кемшіліктер тудыруы мүмкін. Исламда талақтың түрлері талақты білдіретін сөздер неке байламын бұзатын сөздермен мағыналары екі бөлімге бөлінеді.

Анық сөздер: Жалғыз әйелдің ажырасуында қолданылған және анық ажырасуды білдіретін сөздер. “сенімен ажырастым” немесе “талақ еттім” сөздері секілді. Осы секілді анық сөздердің бірімен талақ еткен кезде ниеттің маңызы жоқ. Анық сөздердің қолданылуымен некенің бұзылуына жеткілікті болады. [1, 3-б.]

Астарлы сөздер: Түпкі негізі талақ үшін арналмағанымен, бірақ талақты да басқа да мағналарды білдіретін сөздер, сол себептенде ниетке қажеттілік болған сөздер деп есептеледі.

Талақтың заңдылығы кітап, сүннет және ижмамен бекітілген.

А - Кітап: “Талақ екеу....”, “Оларды (әйелдерді) идаларында (таза күндерінде) ажырасыңдар...”

Аяттарда ашық келген талақтың санының және уақытының белгілі болуы, оның заңды бір үкім болғанын көрсетуде.

Б - Сүннет: Расулулла (с.а.с) ның бұл тақырыпта көптеген хадисі бар болғаны үшін.

“Алла Тағаланың ғазабын ең көп шақыратын халал, талақ”[хадисі осылардан.

С - Ижма: Бүкіл мұсылмандар, талақтың жайыз екендігі жайында ижма еткен.[2, 126-б.]

Талақтың түрлері талақ, қайта бақытты отбасылық өміріне қайту мүмкіндігі болып-болмау және кітаппен сүннеттің қойған негіздермен түрлерге ұйыуымен ұйымауы жөнінен бөлімдерге бөлінеді.

Жаңадан неке қиюға қажетсіз ақ отбасына қайту мүмкіндігі болып болмауы жағынан талақ түрі бұл жағынан талақ «Рижғи» және «Байын» болып екі түрге бөлінеді:

Рижғи Талақ: Күйеуге ажырасқан әйеліне идда мерзімі ішінде жаңа неке қидыруға қажетсіз ақ қайтуға мүмкіндік берген талақ. Рижғи талақтан қайтуда әйелінің ризасы шарт емес. Әйелінің ризасы болсын болмасын күйеу жаңа неке қидырусыз ақ әйеліне қайта алады.

Талақтың рижғи болуы үшін қойылған шарттар мыналар:

А - Ажырасқан әйелімен іс-жүзінде отбасылық өмір сүрген болуы керек.

Б - Анық сөзбен ажырасу

С - Еркек үшінші талақ сөзін қолданбаған болуы керек.

Ханафи мазһабының көз қарасында; Еркек идда уақыты ішінде, қалаған уақытында рижғи талақпен ажырасқан әйеліне “Саған қайттым”, “сен қайта менің әйеліңсің” секілді сөздерімен немесе әртүрлі жыныстық қатынас немесе сүйю секілді іс-әрекетпен де ажырасқан әйеліне қайта алады.

Шафиғи және Мәлик мазһабтарында, іс-жүзінде қайтуды дұрыс санайды. Сонымен қатар Шафиғилар іс-жүзінде қабыл болу үшін сөзбен де білдіру керектігін айтса, Мәликилер [3, 72-б.] болса іс-жүзімен бірге ниетте шарт қылып қосқан. Яғни татуласқан жағдайда қайтадан неке қимай-ақ, отбасы-лық өмірлерін жалғастыра алады. Бірақ бір немесе екі рет қолданылған талақ талақтың санын азайтады. Иддәт мерзімінің соңына дейін қосылмайтын болса, рижғи талақ бәин талаққа айналады.

Байн талақ: жаңа мәһір және жаңа неке қимағанша отбасына қайта алмайтын ажырасу түрі.

Байн талақтың орын алу шарттары мыналар:

1. Ажырасудың некеден кейін, тек жыныстық қатынас және әйелімен алғашқы жалғыз қалу күнінен алдын болуы.
2. Ханафиларда астарлы немесе мубалаға (артығымен сиғасы) өте қатты мағынаны білдірген сөздермен жасалады.
3. Мухала (әйелдің бір нәрсе берумен ерлі-зайыптылық байламынан босауы) жолымен ажырасу.
4. Үшінші талақты қолданған болуы.
5. Бір немесе екі талақпен ажырасу орындалып, иддат уақыты ішінде де қайтпай сонымен иддат толыққанды өткен болуы.

Анықтамада білдіргені секілді, байн талақта жаңа неке және жаңа мәһір болмаса күйеудің ажырасқан әйелімен жаңадан отбасылық өміріне қайтуы мүмкін емес. Ажырасқан ерлі-зайыптылардың, тек жаңа неке және жаңа мәһір мен отбасылық өмірлеріне қайта алу үшін, күйеудің үш талақ ақысын қолданбаған болуы шарт. Осы секілді ажырасуға “Байнунатул-суғра” делінеді және ерлі-зайыптылар тек жаңа неке және мәһірмен отбасын құра алады. Егер үш талақты барлығы қолданылған болса, Осы секілді ортаға шыққан ажырасуға “Байнунатул-кубра” деп аталады. Бұл жағдайда, ортаға екінші күйеу кіріп онымен қосылып екінші күйеуі өлсе немесе талақ айтса одан кейін бірінші күйеуімен үйлене алады.

Кітап және сүннетке сай болып болмау жағынан талақ сүнни және бидғи болып екіге бөлінеді.

Сүнни талақ, еркектің әйелін, ерлі-зайыптылық қарым-қатынасының жүзеге аспауынан тазалық (туһр) уақытында бір талақпен ажырасуы.

Ханафилар сүнни талақты һасан және аһсан деп екі түрге бөліп қарастырады.

А - Әйел хайыз және нифас жағдайында болмауы керек

Б - Бір ай уақыттан келесі таза айға дейін жыныстық қатынастың болмауы кезінде жүзеге асуы

С – Жалғыз бір талақпен ажырасу орын алған болуы. Тек Ханафилардың көз қарасында үш тазалық (туһр) уақыты ішінде үш рет ажырасумен сүннетке сай болған талақ ретінде қабыл етіледі. Ахсан талақ немесе аса мақтауға тұрарлық талақ күйеудің әйелімен жақындаспаған бір «тухрдың» ішінде ажырасудың бір формуласын айту арқылы жүзеге асырылады. Одан кейін күйеуі әйеліне ғиддат немесе белгіленген сынақ мерзімін өткізу мүмкіндігін береді. Ажырасудың бұл түрі аса мақтауға тұрарлық деп аталуының екі себебі бар. Біріншіден, Пайғамбар (с.а.с) сахабалары ғиддат мерзімі аяқталғанша, үш ажырасу, яғни ажырасу формуласын үш рет айтқан адамнан гөрі ажырасуды бір реттен асырмаған адамның қылығын мақтан етіп, айрықша мақұлдады. Екіншіден, ажырасқан кезде ер адам ғиддат мерзімін бұзып, өз арнамысына еш нұқсан келтірмей, әйелін қайтаруға ерікті. Одан басқа ажырасудың бұл түрінде әйелдің өзіне де аз нұқсан келтіреді, өйткені ғиддат мерзімінің бітуіне қарамастан, ол өз күйеуіне заңды түрде қосыла алады. Ажырасудың бұл түріне ғалымдар қарсылық білдірмеген.

Хасан талақ немесе мақтауға тұралық талақ күйеудің жақындастық жасаған әйеліне бірінен соң бірі келетін үш тухрда «үш таза» ажырасудың формуласын үш рет қайталауымен орындалады. Біздің ғалымдарымыз бұл мәселе жөнінде екі пікірде: Біріншіден, олар Пайғамбардың ибни-Омарға келтірген ережесіне жөн сілтейді: «Сүннет сенен бір ақ нәрсені талап етеді: Тухырдың келуін күтіп, әр бір тухырда ажырасудың бір формуласын айтасың». Екіншіден, ажырасудың орынды болуы оның қажеттілігін анықтау үшін емес, тек қана оның керек екендігінің дәлелінде негізделген.

Бидғи талақ

Құран және сүннетке теріс болған барлық ажырасу түрлері. Ханафи, Мәлики, Ханбали және күнімізде ислам құқықшылары бидғи талақ түрлерін былай сұрыптаған.

А - Хайыз және нифас жағдайындағы әйелмен ажырасу

Б – Жыныстық байланыс орын алған таза күнде (туһр) ажырасу

С – Үш талақ ақысының үшеуінде бірден қолданумен ажырасуда бидғи талақ саналады.

Тек Шафиғи мазһабы, жоғарыда айтқанымыз алғашқы екі шартқа қосылумен бірге үшінші шартқа келіспеген үш талақтың үшеуінде бірден қолданылуын бидғи талақ болғанын қабыл етпеген, үшіншісінде сүнни талаққа жатқызған. [4, 167-б.]

Бидғи талақ ретінде сипатталынған ажырасу түрлері, исламның тиым салған харам болған талақ түрлері. Ай сайынғы хайызы жоқ әйел, яғни жасы үлкен әйелдер немесе той (зифаф) және алғашқы түнге (хилуа) кірмеген әйелдерін ажырасуы тақырыбы сүнни немесе бидғи талақ деп бөлінбейді.

Басқада талақ түрлері

Ислам құқығында ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық өмірдің аяқталу түрлеріне байланысты айырмашылықтар барлығын білдіреді.

Талақ саналған, тек түрлеріне байланысты талақтың әр-түрлі болған басқа жағдайлар бар.

Фасиһ түрі

Термин ретінде фасиһ, “Неке қию жағдайында пайда болған немесе кейіннен ортаға шыққан кемістік немесе шикілік себебімен некелік келісімді бұзу”. [5, 110-б.] деп анықтама берген.

Бұл анықтамадан түсінілгені секілді фасиһ, не келісім кезінде шикілік немесе келісімнен кейін пайда болған кемістік себебінен сөз қозғалып жатыр.

Неке келісімі жағдайындағы кемістікті мынадай түрде сұрыптай аламыз:

А - Әйел және күйеудің үйленуіне болмайтын туыс болғаны белгілі болса немесе әйелдің идда мерзімі ішінде болуы немесе басқа еркектің некеде болғаны белгілі болса неке келісімі дұрыс шарттарының табылмаған жағдайында.

Б – Әкесі және атасынсыз бір уали (қамқоршысы) тарапынан үйлендірілген кіші жастағы бала, балиғатқа жеткеннен кейін, таңдау ақысын қолданып некесін жоюды талап етуі.

С – Әйелдің уәлиінің ризасы болмаса, теңі болмаған біреумен немесе мәһрі мисілден (маһір мөлшерінен) аз маһірмен үйленуі секілді себептермен уалидің некені жоюды талап етуі.

Неке келісімінен кейін пайда болған кемістіктерді былай сұрыптасақ болады

А – Ерлі-зайыптылардан бірінің бас тартуымен

Б – Исламды қабыл еткен еркектің мүшрік болған жұбайының мұсылман немесе кітап иелерінен болудан бас тартса

С – Ерлі-зайыптылардан бірі келесісінің туыстарынан бірімен һурматул-мусаһараны (неке келісімімен толған және мәңгілік үйлену кедергісін тудырған туыстық) керек қылатын бір істі жасауы. Мәһірдің кемшілігі, балиғат жасқа жеткендегі таңдау еркіндігі секілді жайыттарда некені жою (фасиһ) әкімнің үкіміне байланған болса, туыстық және неке секілді жағдайларда әкімнің үкіміне қажетсізде некені жоюды (фасиһ) талап етеді.

Фасиһ неке некенің лезде жойылуы, жаңа келісім болмай күйеу, әйелімен ерлі-зайыптылық байланысқа қайта алмайды. Фасиһ, талақ деп саналмағандығынан талақ санында кемшілік болмайды. Некелері жойылған (фасиһ) ерлі-зайыптылар қайта үйленсе және үш талақ ажырасу ақысы болады.

Ғалымдар арасында мына мәселе көтерілді: «бидғад» ұғымына бір түр кезінде жойылмайтын бір талақты айтуды жатқызуға болама? «Мабсут» еңбегінде имам Мухаммед: «Кімде-кім» жойылмайтын талақ

беретін болса, бұл талақ туір кезінде берілсе де, ол Сүннеттен шығады, себебі, талақтың мұндай формуласын айтудың аса бір кесімді қажеттілігі жоқ, ол мақсатқа иддат мерзімін күту арқылы қол жеткізуге болады» деген; алайда «Зиадатта» ол былай дейді: «Бұл тәсіл кезек күттірмейтін бостандықтың аса қажеттілігі туған жағдайда талқыға түспеуі тиіс, ол иддат мерзімін күтуден тыс, жойылмайтын талақ арқылы жүзеге асады».

Тафриқ

Сөздікте тафриқ; айыру, бөлу, деген мағыналарды білдіреді. Құқықтық термин ретінде тафриқ; «Мазһабтар қабылдаған ажырасу себептерінің бірінің табылмау жағдайында, ерлі-зайыптылардың бірінің сот мекемесіне арыз етуімен әкімнің ажырасуға үкім етуі» деген.[6, 447-б.]

Ислам құқығы, ерлі-зайыптылардың бірге өмір сүрулері, келесісіне қатерлі болған ауру немесе физиологиялық кемшіліктер, еркектің әйеліне тамағын тауып бермеуі, жаман мәмледе болу секілді себептерімен, ерлі-зайыптылардың сотқа арыз етумен ажырасуларын қабыл еткен. Ханафи мазһабының құқықшылары әйелдің ажырасу арызын ашу себептерін барынша шектеген. басқа мазһабтар да арыз ашуды кең түрде ұстанған.

Жалпы ерлі-зайыптылардың әр екеуінің де сотқа арыз етіп ажырасу құқығы бар. Тек еркек сотқа арыз етпей ақ жалғыз өзі қалауымен отбасылық өмірдің аяқталуына ақысы бар. Осы себептен сотта ажырасу ақысын бірінші әйелге берген. [7, 499-б.]

Хулланың Исламға сай орындалуы

Ер кісі әйелін үш рет талақ етуге құқылы. Үшінші рет талақ етуден кейін қайтадан сол әйелге үйленгісі келсе, әйел езге бір еркекке үйленіп, онымен ажырасса, сонда ғана оған қайтадан үйлене алады. Хазіреті Пайғамбардың (с.а.с) «Үш рет талақ еткеннен кейін қийылатын некенің тек қана қағаз жүзіндегі бір келісімнен тұрмайтынын, ісжүзінде үйленіп, жыныстық қатынастың іске асуы керектігін» білдірген хадисі мұндай келісімді түрде қийылған неке мен үйленудің жарамсыздығының екінші бір дәлелі болып табылады.

Құран Кәрімде былай баяндалған:

«Егер еркек әйелін тағы (үшінші рет) талақ етсе, енді әйел басқа бір еркекпен неке қидырып тимейінше (толық отбасылық қатынас құрмайынша), оған (бұрынғы күйеуіне) халал болмайды. Ал, (кейінгі күйеуі де) әйелді талақ етсе, олар (әйел мен бұрынғы күйеуі) Аллаһтың шегін қорғаймыз (бұйрықтарын бұлжылтпай орындаймыз) деп ойласа, (иддәт мерзімі аяқталғаннан соң) қайтадан бір-бірлеріне оралуларында (тұрмыс құрса), екеуіне де күнә жоқ. Бұлар (жоғарыдан бері айтылып келе жатқан үкімдер) - біліп, түсінетін қауым үшін Аллаһтың баяндаған шегі».

Отбасы тек екі кісіден ғана тұрмайды. Ол балалардан бастап әр екі жақтың туыстарына дейін кең түрдегі туысқан-туғандардың

қатынасын қамтиды. Ислам отбасын құрғандарға ең бастысы - ұрпақ тәрбиесі болып, аса маңызды міндеттер жүктейді. Бұл мәселеге байланысты хадистер бойынша әйел етеккір кезінде талақ етілмейді және үш талақ ету құқы бір тазалық мезгілінде қолданылмайды. Еркек бұрын талақ ету құқын екі рет қолданып қойған болса, енді үшінші рет талақ еткен жағдайда екі жақ қаласа да, қайтадан бас қосуларына болмайды, бұл мүмкін емес. Ал бұған мүмкіндік тууы үшін әйелдің шынайы түрдегі отбасылық өмір кешу мақсаты-мен өзге бір еркекке тиіп, қосылуы керек. Сонымен қатар тиген осы екінші күйеуі де оны талақ етсе не басқа бір жолмен отбасылық өмірі аяқталса, екі жақтың келісімімен әйелдің бұрынғы күйеуіне тұрмысқа шығуына болады. Осы жолғы бас қосуда да үш рет талақ ету құқы бар. Аят кәрімәда «үш рет талақ ету» мен «басқа бір еркекпен неке қидырып...» мәселесі алға тартылғандықтан, ғұламалар осы «үш талақ» пен «хұллә» мәселесіне кеңінен тоқталған. Сонымен қатар әйелін үш рет талақ етіп, үй ішімен тым қиналып қалған адамдар мұндайға шара іздестіреді. Ондай жағдайда талақ еткен әйеліне қайтадан үйлене алуы үшін мына шарттардың іске асуы керек.

1. Үш рет талақ етілген әйел екінші бір адамға тиюі үшін иддәтін тәмәмдауы керек.

2. Әйел екінші ер адаммен заңды (сахих) түрде некеге отыруы керек.

3. Әйел екінші күйеуімен жыныстық қатынаста болуы керек.

4. Бұл екінші үйленудің өлім, ажырасу (талақ) немесе қазының шешімі арқылы аяқталуы керек.

5. Әйел екінші күйеуінен болған иддәтін тәмәмдауы керек.

6. Бұл мәселеде ең маңыздысы және ең басты шарты – екінші адамға үйленгенде уақытша келісім болмауы керек.

Ислам фәқиһтарының басым көпшілігі хұллә некесін жарамсыз дейді. Ал әйелін қайтып алғысы келсе, екінші адамның сол әйелін міндетті түрде өз еркімен талақ етуі керек. Яғни, төртінші тармақтағы шарттар іске аспаса, олардың қайтадан үйленуі мүлде мүмкін емес.

Кәпірлікке итермелейтін сөз айту немесе сондай іс-әрекет жасау некеге кері әсері жайлы.

Мұсылман адам өзін кәпірлікке итермелейтін сөз айтса немесе сондай іс-қимыл жасаса, жұбайлардың некесі бұзылады. Аллаһқа, Кітапқа (Құран), Пайғамбарға тіл тигізу, Құран Кәрімді қорлап жерге тастау сияқты істер адамды кәпірлікке апарады. Тәубе етіп, қайтадан Исламға кірсе, жаңадан неке қиюлары керек. Әйтпесе, жұбайымен бірге тұруы харам болады.

Шафии мәзһәбінде кәпірлікке итермелейтін сөз немесе іс-қимыл жыныстық қатынастан бұрын болса, ол некені жояды. Жыныстық қатынастан соң айтылған не істелген болса, иддәт мерзімі таусылғанша күтеді. Осы уақыт ішінде тәубе етіп, қайтадан Исламға кірсе, некесі жойылмаған болып, жалғасады. Исламға қайтпаса, некесі діннен

шыққан күнінен бастап жойылған болып есептеледі. Ерлі-зайыптылардың біреуі діннен шығатын болса, Әбу Ханифа, Әбу Юсуф және Мәліктің ижтиһадтарында некесі өздігінен бұзылады. Бұл мәселеде қазының шешімі қажет емес. Шафии мен Ханбәлилардің пікірінше мұндай жағдайда неке иддәт мерзімінің соңында бұзылады. Сол себепті діннен шыққан адам иддәт мерзімінің ішінде Исламға қайта кіретін болса, алдыңғы некелері жалғаса-ды. Ерлі-зайыптылардың екеуі де діннен шығып, кейін екеуі де дінге кіретін болса алдыңғы некелері жарамды болады. Өйткені бұл жерде жұбайлар арасында дін айырмашылығы болған жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шархул-Фатхул қадир, Ибнул Һумам, Камалуддин Мухаммад бин Абдулуаһид бин Абдулхамид әс-Сиваси, «Дәру-л-кутуб әл-илмия» баспасы Бейрут, 1994 – 3 том. - 3 б.
2. Әл-Жамиғу ли Аһкамул Куран, Абу Абдулла Мухаммад бин Ахмад әл- Ансари Куртуби, «Дәру ихия әт-турас әл-араби» баспасы Бейрут, 1985 – 3 том. – 126 б.
3. Бидаятул Мужтахи және Нихаятул Муктасид, Әбул Уалид Мухаммад бин Ахмад ибн Рушд, «Дәру-л-кутуб әл-илмия» баспасы Мысыр. 1989 – 2 том. – 72 б.
4. Әл-Камусул Фиқһи Луғатан уа Истилахан, Сағди Абу Жайб, «Дәру ихия әт-турас әл-араби» баспасы Димашқ, 1988 – 1 том. - 167 б.
5. Дәлелдерімен ислам ғылымхалы, Хамди Дөндерен, «Диянет» баспасы Истанбул, 1984 – 1 том. – 110 б.
6. Фиқһ және Құқық термин сөздіктері, Мехмет Ердоған, «Диянет» баспасы Истанбул, 1988 – 447 б.
7. Ислам құқығы ілімінің негіздері, Зекиддин Шабан, «Ибрахим Кафи Дөнмез» баспасы. Анкара, 1990 – 499 б.

3.28. Исторические памятники Атырауской области Западного Казахстана

Динара Улыкпановна Хамидуллина

PhD., Атырауский государственный университет
им. Х. Досмухамедова (г. Атырау, Казахстан)

Молдир Кенжегалиевна Макжанова

магистрант. Атырауский государственный университет
им. Х. Досмухамедова (г. Атырау, Казахстан)

В Атырауской области много исторических памятников. На территории области сохранилось 250 (500 объектов) мемориально-культурного зодчества, памятников градостроительства и архитектуры. В основном это здания, построенные в начале XIX века, а также

отдельные здания, жилого, административного назначения, некрополи, мавзолей, подземные мечети, надгробные памятники (кошкартас, саганатам), построенные в XVIII-XX веках. Что же они из себя представляют? Надо отметить, что значительную часть Западного Казахстана занимает Атырауская область.

В археологическом отношении она изучена недостаточно, а памятники мемориально-культурного зодчества до последнего периода фактически оставались неизвестными для широкой общественности. И моя задача донести для широкого круга читателей сведения о мемориально-культурных памятниках, которые в основном сконцентрированы на некрополях и культурных комплексах средневековья и нового времени.

Мечети. Мечеть — это молитвенный дом мусульман. Они делятся на следующие типы: скально-подземные, степные напольные (простые), подземные стеновые. На территории Атырауской области встречаются подземный и наземный вариант этих сооружений.

Мавзолеи. Мавзолеи — один из наиболее популярных видов мемориальных зданий. Они представляют собой купольные в основном прямоугольные в плане, и в отдельных случаях план представляет восьмиугольник (редко шестиугольник) и круглые. Мавзолеи построены как правило из природного камня с последующей облицовкой (снаружи) огромными плитами с небольшой декоративной обработкой. Различаются по особому оформлению входной части длинным коридором, порталом («тамбурные», портално-купольные); по материалу (сырцовый и жженный кирпич; отесанные и пиленные каменные блоки и плиты; деревянные конструкции; кованое железо).

Кулпытас (надгробие). Кулпытас — это каменный столб и функционально применяется как вертикальная надгробная стела, которые чаще всего встречаются на территории Западного Казахстана. Обычно в кулпытасах писали на арабском языке, ставили родовую тамга усопшего.

Одним из факторов возведения памятников в этом регионе является наличие строительного материала. Если в Жылыойском и Кызылкогинском районах Атырауской области Западного Казахстана для строительства мавзолеев, мечети, саганат распространены опиленные и отесанные блоки, то в Индерском, Махамбетском и Исатайском районах такие же памятники строились из сырцового кирпича с прослойками камыша. В приграничных зонах с России в Курмангазинском и Исатайском районах можно встретить сооружения деревянных памятников: мавзолеев и саганатамов.

Многие исторические памятники были обследованы в 1988-1992 гг. в ходе экспедиции «Казпроектреставрация» и в 2004 году во время Западно-Казахстанской комплексной экспедицией под руководством доктора исторических наук, профессора С. Ажигали. Среди них можно выделить: некрополь «Алтын» расположенные в Махамбетском

районе, некрополи: «Алып ана», «Ушкан ата», «Шерлигул», «Карашунгил», а также исследованные и взятые на учет в 2004 году религиозный комплекс Шолабай и некрополь «Желтау» в Жылыойском районе.

В рамках реализации задач, поставленных в программной статье Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: духовное возрождение» Государственная инспекция по охране, реставрации и использованию историко-культурного наследия Атырауской области Управления культуры, архивов и документации Атырауской области с целью сохранения и изучения историко-культурного наследия - издала книгу-альбом серии «Эпиграфические памятники атырауских казахов».

В результате проведенной работы общественности был представлен ряд новых собраний памятников. Поэтому книга-альбом является закономерным продолжением исследовательской работы по изучению эпиграфики казахов, проживавших в западном регионе Казахстана, а в истории Атырауской области такая работа предпринималась впервые.

Кулпытасы являются одним из видов надгробных памятников, наиболее распространенных в западном регионе Казахстана по сравнению с другими областями. Они устанавливались с западной стороны надмогильной насыпи вертикально в виде столба. В зависимости от социального положения умерших кулпытасы иногда устанавливались вместе с мазарами, торткулаками - оградами с четырьмя выступами, саганатамами и другими надмогильными памятниками (койтасы, сандыктасы, уш тасы и бестасы и т.д.). Вообще кулпытасы встречаются во всех памятниках у могил.

Ученые-исследователи связывают возникновение кулпытасов с каменными балбалами древних времен. Тюркские племена, обитавшие на территории Казахстана в доисламский период, возводили над могилой земляную насыпь в виде кургана, подле нее устанавливали один или несколько столбов с изображением бога или воинов. В настоящее время ученые именуют их камнями-балбалами. К примеру, на могилах тюркских ханов устанавливали не один, а несколько каменных балбалов. Их количество было равным количеству убитых ханом врагов. То, что данное явление существовало у тюрков и в XIII веке, было отмечено проезжавшим в то время через Кыпшакскую степь Вильгельмом Рубруком. Персидский путешественник Абулхаир Рузбихан (Рузбехан) также писал о том, что в казахском обществе в XVI веке все еще сохраняется чуждое мусульманству поклонение каменным балбалам, содержащим изображения. Однако с полным проникновением в казахскую степь религии ислама на изображения людей налагался запрет, и постепенно камни-балбалы превратились в кулпытас.

Кулпытасы на территории Атырауской области различны по композиционным и стилевым особенностям. Наиболее часто встречаются каменные столбы, похожие на балбалы. Также существуют, хотя встречаются реже, кулпытасы круглой, овальной, сердцевидной формы, а также похожие на треугольники и четырехугольники. В качестве основного материала для создания кулпытасов использовались местные легко обрабатываемые известковые и песчаные камни.

Некрополь «Алтын» является самым крупным из ансамблей вдоль реки Урал и религиозно-мемориальных комплексов на побережье Северного Каспия. Некрополь расположен в 4 километрах к северо-востоку от села Ортакшыл Махамбетского района Атырауской области Западного Казахстана вдоль шоссейной дороги Атырау-Индер. Легенда гласит, что название некрополя «Алтын» связано с именем захороненной здесь женщины. В некрополе около 200 примечательных строений. Они сконцентрированы в центральной и западной части кладбища. Мавзолеи сложены из сырцового кирпича по распространенному в этом краю образцу «уйтам». Вершина купола, подобно шаныраку юрты, укреплена деревом. Кулпытасы, похожие по своим размерам и особенностям изготовления на кулпытасы данного некрополя, в регионе встречаются редко. Те, что были возведены в середине XIX века, сходны с мангистаускими образцами. Заметно влияние на украшенность и эпиграфику ряда памятников традиций захоронения волжских татар. Здесь имеются очень редкие виды памятников, вытесанных из камня, например, установленная с западной стороны некрополя колонна из необработанного камня. Этот особенный символический памятник своим древним обликом выражает идею вечности колонны и напоминает обратившиеся в груды камней кулпытасы в Мангистау-Устюрте и окаменевшие кулпытасы в некрополе «Абат-Байтак» в Актюбинской области. В некрополе есть редко встречающиеся виды памятников, характерные лишь для Атырауского и Уральского регионов, - кулпытасы круглой формы. В некрополе захоронены представители рода Бериш подразделения Себек, среди которых – прославленные бии Айтуар и Бегалы, чьи имена остались в истории. В издание вошла эпиграфика 68 памятников данного некрополя.

Некрополь Дари – один из памятников, появившихся на территории Индерского района Атырауской области Западного Казахстана в начале XIX века. Он расположен в 44 километрах к северо-востоку от села Жарсуат Индерского района на вершине высокого холма. Его название связано с именем Дари Караулы – выходца из рода Бериш подразделения Каратокай. В эпоху воинских походов верблюдов, на котором перевозили на родину останки батыра, остановил свой ход и опустился на колени у высокого холма. После этого было решено здесь и похоронить батыра. Позднее это

захоронение стало кладбищем, где стали хоронить выходцев из Каратокая. Здесь похоронен Есет Караулы - известный Младшему жузу би, акын и батыр, чье творчество оставило заметный след в казахской литературе. Территория некрополя занимает площадь размером 150x160 квадратных метров. В некрополе имеются около 100 визуально заметных традиционных памятников. Они построены в период с XIX в. до 30-х годов XX в. Большинство оград, построенных из саманного камня, ныне обратились в песчаные насыпи. Вследствие влияния природных и других факторов кулпытасы потеряли свою первоначальную форму.

Некрополь Косай - расположен на территории Индерского района Атырауской области Западного Казахстана в 3 километрах к юго-востоку от села Курылыс. В некрополе похоронены представители рода Бериш подразделения Есен. Здесь похоронен Тегисбай Алимбайулы, который держал в этом регионе мечеть и в годы советской власти был репрессирован. Тегисбай Алимбайулы родился в 1871 году в местности Добия на берегу Урала. Он окончил медресе в Каркаралы, который предположительно находится на территории станции Казалы в Кызылординской области, и знал арабскую письменность. В 1904 году в возрасте 33 лет Тегисбай на земле своих предков (Индерский район 5 аул – село Курлыс) построил мечеть. До этого на джайлау (летнее пастбище) Курайлы Тегисбай открыл медресе, где обучались в основном дети из рода Бериш. Среди учеников были сын Хамидолла, Мукаш Коркытов, а также ставшие в последствие муллами: Куспан, Жолай, Шаутик Толыбайулы, Коптилеуов Есмукаш, Искендеров Хайдар, Жасмаганбетов Хами, Ергожулы Батаба и многие другие. Рядом с медресе Тегисбай посадил три дерева, назвав это место Кобей. В последствие вплоть до 70-ых годов это место было цветущим садом, но из-за взрыва подземного газа сад превратился в пепелище. В 1920 году халфе Тегисбай получил титул ишана.

Ишан — это религиозный титул. Ишаном по суфийской традиции может стать любой мусульманин, достигший определённого уровня просвещённости.

Хамидолла Тегисбайулы в раннем возрасте обучался в медресе своего отца, потом продолжил свое обучение в медресе Қаргалы, а затем окончил в Уфе Галия (высшее учебное заведение). В 1910-1915 годы вернулся на родину и обучал своих односельчан арабской, русской грамоте, арифметике, восточной медицине. Поэтому односельчане свято чтят имя Хамидоллы Тегисбайулы и место его захоронения является священным местом для паломников.

Примечание

Учителей, преподающих в медресе, называли «абыз», «ахун», «молда», «хазрет», а самое высшее звание «мударрис». Учеников называли «ученик», «талиб эл-илим». Обучение в медресе делятся на 4 ступени:

Начальное звено медресе, их называли ибтидия, срок обучения - 4 года;

Среднее звено - Рошдия, срок обучения - 3 года;

Икдадия – подготовка к поступлению высшее учебное заведение, срок обучения - 3 года;

Галия - высшее учебное заведение, срок обучения - 3 года.

Выпускникам окончившим Галия (высшее учебное заведение) присваивали звания «абыз», «молла», «халфе» или «мударрис». Обучение в медресе длилось 12-13 лет. А для поступления в некоторые Медресе имелись подготовительные классы «техзирия». Учебные предметы преподавались в зависимости от ступени обучения. На высшей ступени медресе преподавали арабский язык необходимый для чтения Корана (лексика, этимология, синтаксис, ораторское искусство), а также арифметику и историю, в основном изучались предметы с религиозным уклоном, в том числе богословие и коранические дисциплины, а также логику, математику, географию, астрономию, медицину, философию.



1. құлпытас

*Beric urugu, Esen taipasi, Gienet
bolimi Baitebaiuli Esbosin 1938
gili opat boldi 68 gasta qoudi
gieni Biserbai*

*Из рода Бериш, племени Есен,
под рода Жанет Бәйтебайулы
Есбосын в 1938 году умер в 68
лет, похоронил племянник
Бисербай.*



2. құлпытас

بروش روعى ننگ
يسن طائفاسى ننگ
جىنت بولمى ننگ
موناربای سانن
اوعلی وفات
۷۲ ياشنده
۴ نچى جوط بو طاسى الب قويدى بالاسى اومبتر



Из рода Берш,
племени Есен,
под рода Жанет
Мунарбай Санан улы
скончался в 72 года
4-го жут, похоронил сын
Умбетер



3. құлпытас

брож рوعى
انسн طائفسى
جنت بولمى
ايما...
بوربسباى
اوعلی اوفات
۱۹۱۲ نلده الوب قويسى بالاسى...

Из рода Берш, племени Есен,
под рода Жанет Айма...
Борисбай улы скончался в 1912
году, похоронил сын...



4. құлпытас

المرحوم والماغفور بروش روعى
ايسن طانفسى ارساى بو
لمى بوكمباى سويونكعان
او على ۵۳ ياشنده درالعنا
دس درالبا قانغا رحالات
قويلىدى ۱۹۱۰ نچى بلده بو مقا
معا فون اولى مونى ياز
دير عن بالاسى ايرماعمبت

Покойный, из рода Бериш, племени Есен, под рода Ырсай Бокембай Суйнген улы, скончался в 53 года, в 1910-ом году оставил памятную надпись сын Ермагамбет



5. құлпытас

بروچ روعى ايسان طای

فسى جاننت بولمى جا
كسنباى او على
اوفات ۴۹ ياشنده ۱۹۱۷
نچى بلده

Из рода Бериш, племени Есен, под рода Жанет Жексенбай улы скончался в 49 лет в 1917-ом году

Как видим на территории Атырауской области много исторических памятников. В этой статье я остановилась только на некоторых из них. Поэтому моя задача была созвучна с общенациональными задачами охраны, реставрации и дальнейшего использования памятников истории и культуры и ознакомление широкого круга общественности.

Список литературы:

1. Ажигали С.Е., Бекназаров Р.А. Обзорный отчет о работе Западно-Казахстанской комплексной этно-археологической экспедиции за 2004 г. Алматы-Атырау, 2004 г.

2. Сакральные объекты Казахстана общенационального значения. - Астана: Фолиант, 2017. – 496 с. / The Kazakhstan Sacred Objects of Whole National Importance. – Astana: Foliant. 2017. – 496.

3. Эпиграфические памятники атырауских казахов: Некрополи Акмечеть, Алтын, Дари, Ушкан ата. Т. I. – Атырау: ИП «Ағатай», 2017. - 152 с.

4. Эпиграфические памятники атырауских казахов: Некрополи Атан, Жаналы, Кетебай, Копмола, кабдуалы, Карабала-Кантемир, Косай, Мынбай, Сағатай, Султанали, Тайлан, Шелекмола, Шошакмола. Т. II. – Атырау: ИП «Ағатай», 2018. - 150 с.

5. С.Е. Ажигали: «Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии». Алматы, 2002 г. - 159 с.

6. Институт «Казпроектреставрация»: «Отчет о работе по выявлению, обследованию памятников истории и культуры в целях паспортизации, включения в Свод памятников Казахстана и взятии их на Госохрану по Гурьевской области за 1988-1989 гг.» Алматы, 1989 г.

7. Нағымұлы Шахман. Батыс өлке тарихының тағылымды беттері. Ақтобе: «Хабар-Сервис» ЖШС, 2018. – 152 б.

3.29. С.Ж. Жолдасбаевтың «Жетісу тарихы» еңбегі

Казира Оразғалиевна Жолдасбаева

Тарих және құқық пәнінің оқытушысы. Алматы
технологиялық университетінің технология-экономикалық колледжі
(Алматы Қазақстан)

Тұрақ-жай оны мекендеген халықтың тұрмысы және мәдениетінің дәрежесінің көрсеткіші, тарихи дамуынан хабар беретін құнды дерек көзі. Оларды арнайы зерттеу - белгілі бір халықтың тарихындағы этникалық және тұрмыстық, материалдық және рухани мәдени дамудың барысын анықтауға мүмкіндік береді.

Біз қарастырып отырған зерттеу жұмысы Жетісу өңірін мекендеген тұрғындардың тарихи дамуындағы тұрақ - жайлардың орналасуы мен құрылыс жүйесін, құрылысының материалдары мен әдіс - тәсілін, басқалардан ерекшелігі мен ұқсастығын анықтауға бағытталған. Бұл еңбек сонымен қатар «Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының» академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәйден Жолдасбайұлы Жолдасбаевтың қызметтің бір кезеңі ғана қамтылады.

С.Ж. Жолдасбаев “Жетісу тарихы” [1] атты еңбегінде археологиялық деректер негізінде қазақ жеріндегі тұрақ - жайлардың даму тарихының қола және темір дәуірінен бастау алатынын баяндайды. Айта кететін бір мәселе, қола және темір дәуірлеріндегі тұрақ-жайлардың даму барысы жайлы мәселелер

А.М. Оразбаев[2] пен А.Х. Марғұланның [3] ғылыми еңбектерінде де айтылған еді. С.Ж. Жолдасбаев сонау ерте замандағы тұрақ жайлар мен зерттеліп отырған кезеңдегі Жетісу өңіріндегі тұрақ жайлардың арасында көп айырмашылықтың жоқтығына көңіл аударып мынандай пікір білдіреді: «Екі дәуірдің мыңдаған жылдарды араға салған ұзақтығына қарамастан құрылыс жүйелерінің бір-біріне дәлме-дәл ұқсастығына қарағанда, бұлардың арасында бір жергілікті этникалық байланыс бар ма деген ой тудырады. Олай болса, жерімізде үй-жай салудың мыңдаған жылдар тарихы бар деп айтуға толық құқығымыз бар деп айта аламыз» [4]. Мұны С.Ж. Жолдасбаев өзінің жүргізген зерттеулерінің барысында туындаған тұжырымының бірі деп есептеуге болады. Қазақ халқының тұрақ жайларының өзіндік тарихы сонау қола, темір дәуірінен даму алатыны жайлы зерттеулері оның көлемді еңбегінің алғашқы бөлімінде баяндалған. Осы тұрақ - жайлардың салыну ерекшеліктеріне, құрылыс материалдарының саны мен сапасына қарай бұрынғы ру-тайпалардың өмір суру деңгейін анықтауға болатыны белгілі.

С.Ж. Жолдасбаев Л.Г. Нечаеваның [5], Страбонның [6] еңбектеріндегі мәліметтерді пайдалана отырып, басқа жерлерде де тұрақ - жайды салудың көне дәуірден басталғаны жайлы тұжырымдар жасау барысында салыстырмалы талдау тәсілін кең қолданған. Л.Г. Нечаева өзінің зерттеуінде көшпелі халықтың ерте темір дәуірі мен ортағасырдағы тұрақ - жайларына байланысты мәселеге баса көңіл аударады. Сонымен қатар зерттеудегі тұрақ - жайлар өз кезінде халықтар өмірінде маңызды орын алған, тек кейінгі отырықшылыққа көшкен кезде ол жерлерді тастағанын атап өтеді. Л.Г. Нечаева өзі зерттеп отырған дәуірдегі тұрақ жайлардың өзгерістерін жүйелі түрде зерттеген, ол өзгерістерді шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық, географиялық факторлармен байланыстырған және жергілікті халықтың көшпенділерге әсерін де анықтаған.

Мұнымен қатар, С.Ж. Жолдасбаев сақ тайпасындағы құрылыс ісінің дамығандығы жайлы К.А. Ақышевтың[7], С.П. Толстовтың, [8] Ә.Х. Марғұланның [9] ғылыми зерттеулеріндегі мәліметтерді орынды пайдалана білген.

К.А. Ақышевтың «Ақтас қыстауы» [10] еңбегіндегі тұрақ - жай туралы көзқарастарына тоқтала отырып, С. Жолдасбаев қыстауды ұзағырақ мекендеудің себебтерін анықтап көрсеткен: «басты себеп тұрақ-жай салынған жердің адам өмір сүруге де, мал жайылуға да, шаруаны жүргізуге жағырафиялық жағынан тиімділігі.

Екінші жағынан, тастан салынған үй-жайдың беріктігі» [11]. Ол қыстаудағы өмірдің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуын табиғи, тарихи тиімділіктің нәтижесінде деп пайымдайды. Алғашқы тұрақ-жайлардың тастан салынғаны жайлы мәліметтер зерттеу барысында анықтаған. Тұрақ - жайлардың ерте кезден бастап тастан салынғанын Солтүстік Кавказ халқының материалдық мәдениетін зерттеуші В.П. Кобычевтің

[12] зерттеулері негізінде де нақтылай түседі. Сөйтіп, зерттеуші тек қазақ жеріндегі тұрақ жайларды ғана зерттеп қана қоймай басқа халықтардың да тарихындағы тұрақ- жайлардың дамуына да көңіл аударып білген.

Соның нәтижесінде салыстырмалы әдіс- тәсілдерді қолдана отырып зерттеу барысында үлкен жетістікке қол жеткізе алған.

Тұрақ - жайлардың түрлерін анықтау кезінде С. Жолдасбаев зерттеушілер - Н.Н. Харузиннің [13], Г.П. Васильеваның [14], У.Х. Шәлекеновтың [15], К.Ш. Шаниязовтың [16], Б.Х. Кармышеваның [17], Э.А. Рикманның [18], С. Мұқановтың [19], В.В. Востровтың [20] еңбектеріндегі материалдарды пайдаланған.

Автор сондай-ақ, тұрақ-жайлардың бір түрі - шошаланың даму тарихына да баса көңіл аударған. Шошаланың аталуына тоқтала отырып, оның әр жерде әртүрлі атауларының болғанын көрсетеді. Сонымен қатар шошаланың салыну құрылысын зерттеу барысында А.М. Оразбаевтың [21] еңбегінде қола дәуіріндегі шошаланың жерден қазылып, ағаштан айналдыра қадалар қазылып жасалғаны анықталса, Жетісу шошаларының жер бетінен тастан қаланғанын археологиялық қазба жұмысының нәтижелері бойынша дәлелді, деректерді нақты көрсете отырып дәлелдеген. Зерттеу барысында С. Жолдасбаев шошала бірінші пайда болды ма, әлде киіз үй пайда болды ма? - деген сұраққа жауап іздейді. Ол жауапты Ә.Х. Марғұланның [22] және А.М. Оразбаевтың [23] ғылыми зерттеулерінен табады. С.Ж. Жолдасбаев тұрақ - жайға байланысты зерттеулерді салыстыра келе, ең алғаш болып шошаланың пайда болғанын көрсетіп, одан кейін киіз үйдің пайда болғаны жайлы пікірді қостайтынын нақты көрсеткен.

Ғалым киіз үй жайлы мәселе С.М. Мұқановтың [24] еңбегінде дәлелді деректің негізінде қазақ халқының тұрақ - жайының даму барысы нақты айқындалған деп жоғары бағалайды.

Шошаланың жасалу жүйесіне А.М. Оразбаевтың [25], Н. Харузиннің [26], К.М. Байпақовтың [27] зерттеулері негізінде салыстырмалы түрде зерттеу- жүргізіп, ғалым қазақ халқының өмірінде тұрақ- жайдың басты бір түрі шошала болғанын және оның жасалу материалдары жергілікті жағдайға байланысты екенін өзінің жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесіндегі деректерімен дәлелдеген.

С.Ж. Жолдасбаев өзінің археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша шошаланың салыну жүйесіне жан-жақты сипаттама жасаған. Бұл нақты берілген сипаттаманың археология саласында әлі де дау тудырып жүрген мәселелердің басын ашуға үлкен септігі тиері анық. Ол сонымен қатар, өзінің жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған деректер негізінде В.В. Востров пен И.В. Захаровалардың [28] қазақтардың қыстауларында Қазан төңкерісіне, колхоз құрылысына дейін тұрақ - жайлар тек бір бөлмелі болып келді деген пікіріне қосылмайтын-дығын жазады.

С.Ж. Жолдасбаев «Жетісу тарихы» еңбегінде халқының қалыптасқан кезіндегі елді мекендерді зерттеп, ондағы тұрақ-жайларға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, оларды сипаттап жазған. Әулиеата уезіндегі Хантау баурайында орналасқан Күйелі деген жерде 11 қыстауындағы елді-мекендерінің жұрты анықталып, ондағы 50-ден астам тұрғын үй мен қора-жайлар зерттеліп олардың сипаттамасы ғылыми еңбекке енгізді.

Күйелі екінші қыстауындағы тұрақ-жайлардың орналасуын зерттеп, олардың салыну әдіс – тәсілін былайша сипаттайды: «Қыстауда екі бөлмелі тұрғын үй, бір қораның орны бар. Қора тұрғын үйдің бет алдында жартасқа тақап салынған. Алдындағы екі бөлмелі тұрғын үйдің бір бөлмесі киіз үйдің формасымен жасалған шошала. Алдыңғы төрт бұрышты, көлемі 1.90*1,50 м. Ал шошала тәрізді бөлеменің көлемі 4*4 м. Сақталған қабырғаның биіктігі 60 см. Кейбір жерлері 90 см. Қалған тастары өте үлкен. Қабырғаның қалыңдығы 60 см. Шамасы 4-5 қанатты киіз үйдің формасын береді. Бөлменің ошағы оң жағындағы қабырғаға тақап салынған. Құрылыс материалдары шикі кірпіш» [29].

Осы қыстаудағы тұрақ жайларды зерттей келе С. Жолдасбаев оның негізгі ерекшелігі-төртбұрышты бөлме мен киіз үй тәріздес бөлменің бір-бірімен жалғастырылып жасалуы екенін және киіз үйдің формасына еліктегіштіктің күшті болғанын дәлелдейді. Ол өзінің зерттеу жұмысы барысында қыстаулардағы тұрақ-жайлардың екі-үш-төрт бөлмелі екенін және олардың формаларының барлығы киіз уйге, шошалаға ұқсас екенін айқындайды.

Сонымен қатар қыстау салған кезде қазақ халқы оның малға, жанға қолайлы жерге орналасуына да көңіл аударғанын көрсетеді. «Қыстау салсаң күнгейге сал, күн түсіп түрсын, қыста малға шөп болмаса, күн болсын» [30], - деген байырғы заманнан келе жатқан еоздердің дұрыстығын Сұңқар шоқысына жүргізген зерттеу барысында дәлелдейді.

С.Ж. Жолдасбаев Бұғыты, Сартау, Торайғыр, Бартоғай жеріне жүргізілген археологиялық зерттеу жұмысы кезінде анықталған тұрақ - жайлардың орналасуына байланысты қысқаша төмендегідей тұжырым жасаған:

1) Тұрғын жайлардың құрылыс жүйелері киіз үйдің түріне сәйкестеліп, жасалған.

2) Құрылыс материалдары ретінде жергілікті тасты пайдаланған.

3) Құрылыс жүйелерінің жобаларынан тарихи тұрғындардың, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын бірден байқауға болады. [31]

Бұл жасалған тұжырыммен Жетісу өңірінде мекендеген халықтың тұрмысы мен шаруашылығын анық сипаттауға мүмкіндіктің туындағаны байқалады. Зерттелген тұрақ жайлардың киіз үйге ұқсастығы, оны тастан салуы анық көрсетілуінің өзі оны мекендеген халықтың жартылай отырық- шылықтан отырықшылыққа өтуін көрсетеді.

Малайсары тауының бөктерінен табылған тұрақ - жайлар соқпа там әдісімен жасағаны анықталған. Бірақ, бұл әдіс қай кезден пайда болғаны туралы дерек жоқ. Тек Алматы облысының шығысында ұйғыр халқының қоныс аудару кезінде олардың тұрақ-жайларды осы соқпа әдісімен салғаны белгілі. Ұйғыр халқының тұрақ жайының даму жайлы зерттеген ғалымдар Г.С. Баратова [32], А.Б. Зульяровтардың [33] еңбектеріне сүйене отырып, С.Ж. Жолдасбаев тұрақ жайларды соқпа әдісімен салуды бұрынғы қазақ халқының қолданған әдісі емес пе деген ойды өрбітеді.

Малайсары жеріндегі қыстаулардағы тұрақ жайлардың құрылыс жүйелерінің ерекшеліктерін С. Жолдасбаев атап көрсеткен: «біріншіден, тұрақ жайлардың төртбұрышты болып келу басым. Екіншіден, қораларының шошала тәрізді жасалуы немесе жер кепелер болуы. Үшіншіден, соқпа там тәсілімен тұрақ жай салудың болуы. Алайда барлық жағдайда тұрақ жайлардың құрылыс материалдарына негізінен қарапайым тасты пайдаланған. Төртінші бір ерекшелік, мұндағы қазақтардың тұрақ жайларының екі немесе үш бөлмелі үйлері көп жағдайда қоржын тәрізді жасалуы» [34]. Ғалым бұл ерекшеліктерді нақты керсетуі арқылы қазақ халқының тұрақ жайларының қандай дәрежеде дамығанын білеміз және басқа халықтан өзгешеліктері де анықталады деп есептейді. Автор зерттеу барысында табылған тұрақ жайлардың алуан түрі бар екенін және олардың архитектуралық жүйелерінде жергілікті этникалық ұқсастықтың басым екенін анықтаған.

Ғалым тұрақ жайларды төрт түрге топтастырған:

1) бір бөлмелі тұрғын үйлер, оларды үшке бөлген: а) жерден қазылған жер үйлер; ә) жер үстінен жасалған шошала, құрылыс материалдары тас; б) жер үстінен салынған төртбұрышты бір бөлмелі үйлер.

2) екі бөлмелі үйлер, оларда үшке бөлінген: а) жер үстінен салынған төртбұрышты екі бөлмелі үйлер; ә) екі бөлмелі үйдің бір бөлмесі шошала болып келеді; б) қатар бір-бірімен байланысты салынған шошаланың құрылыс жүйесімен салынған үйлер.

3) үш бөлмелі үйлер, олар бес түрге бөлінген: а) үш бөлмелі тұрақ жайдың құрылысы тек шошаладан жасалуы. Үйге кіретін есігі ортадағы шошаладан жасалған, одаш екі жағындағы шошалаларға қатынасады. Сонда ортадағы шошала дәліздің (ауыз бөлменің) қызметін атқарған; ә) екі төртбұрышты бөлменің ортасындағы бөлмесі немесе дәлізі шошаланың кейпімен салынуы; Екі жағындағы төртбұрышты бөлмеге ортадағы шошала арқылы қатынас жасалынатыны; б) төртбұрышты екі бөлменің ұзын жағынан емес көлденең жанынан, үшінші бөлме есебінде шошаланың салынуы. Шошала негізгі түпкі қонақ бөлменің қызметін атқарған; в) үш бөлмелі үйдің екі төртбұрышты бөлмесінің көлденең жанынан емес, ұзынынан үшінші бөлме болып шошаланың жасалуы; г) үш бөлмелі үйдің құрылыс жүйесінің төртбұрышты бөлмелерден жасалуы.

4) төрт - бес бөлмелі үйлер, оларда төрт түрге бөлінген: а) бірінші ортасындағы бөлмесі шошала болса, ал қалған төрт бөлме сол шошаланы айналдыра жалғастырылып есіктері жеке-жеке ортадағы шошала арқылы байланысады; ә) негізгі ортадағы бөлменің қызметіне енді шошала емес төртбұрышты бөлме жасалған. Мұндай жағдайда ортадағы бөлмемен екі бөлме байланыстырылса, ал екі бөлме ортадағы негізгі бөлменің оң жағындағы керегесімен бірге жасалып, есіктері бір біріне тұтасып жатқан кіші-гірім қамал тәрізді; б) қоржын тәрізді жасалған енді, үш бөлмелі емес төрт бөлмелі үйдің бесінші бөлмесі шошаланың кейпімен жасалған; в) екі - екі бөлмеден бір-бірімен қатынас жасайтын біріктіріп жасалған төрт бөлме. [35]

Ғалымның тұрақ – жайлардың бұлай топтастыруының өзі археология саласының дамыған дәрежесін байқатады. Жетісу өңіріндегі тұрақ жайлардың топтастырылуы арқылы халықтың қола дәуірінен бастап даму барысы қалай жүргенін көруімізге болады. Сонымен қатар оның біз талдап өткен еңбегін қазақ халқының жартылай отырықшылықтан отыршылыққа өтуін нақты дәлелдейтін зерттеу жұмысының бірі деп есептеуге болады.

Әдебиеттердің тізімі:

1. С.Ж. Жолдасбаев Жетісу тарихы. 1996, Алматы, 211-228 бб.
2. А.М. Оразбаев Поселение Чагалинка (Шағалалы), некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана. А., 1970. 129-130 бб.
3. Ә.Х. Марғұлан Ерте дәуірдің архитектурасы // Қазақстан архитектурасы. А., 1959. 79 б.
4. С.Ж. Жолдасбаев Жетісу тарихы. 1996, Алматы, 211 б.
5. Л.Г. Нечаева о жилище кочевников Юго-Восточной Европы В железном веке (1 тыс. лет до н.э. - первая половина 2 тыс. лет н.э.) // Древнее жилище народов Восточной Европы. М., 1975. 7-50 бб.
6. Страбон. География VII. 17; ВДИ, 1947, № 4. 201 б.
7. К.А. Ақышев, А.К. Ақышев. Отчет за 1992 г. Институт археологии им. А.Х. Марғұлана. Рукописн. фонд.
8. С.П. Толстов. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. 136-204 бб.
9. А.Х. Марғұлан. Ерте дәуірдің архитектурасы. 79 б.
10. К.А. Ақышев Зимовки-поселения и жилища древних усуней // Известия АН КазССР, сер. Общ. наук, 1969, № 1.
11. С.Ж. Жолдасбаев Жетісу тарихы. 1996, Алматы, 213 б.
12. В.П. Кобычев. Поселения и жилища народов Северного Кавказа в XIX-XXв.в.М., 1982.
13. Н.Н. Харузин История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России. М., 1896, 54-55 бб.
14. Г.П. Васильева. Формы оседлого жилища Южной Туркмении в XIX в. // Жилища народов Средней Азии и Казахстана. М., 1982, 195 б.

15. У.Х. Шалекенов Казахи низовьев Амударьи. Ташкент. 1966. 207 б.
16. К.Ш. Шаниязов К этнической истории Узбекского народа. Ташкент. 1974, 237 б.
17. Б.Х. Кармышева, Дж.Х. Кармышева. Что такое Арка-Юрт? // Ономастика Востока. М., 1980, 108-113 бб.
18. Э.А. Рикман. памятники сарматов и племен черняховской культуры. Кишенев, 1975, 113-115 бб.
19. С. Мұқанов Халық мұрасы. А., 1974, 99 б.
20. В.В. Востров К истории развития оседлого жилища у казахов. М.-Л., 1961.
21. А.М. Оразбаев Поселение Чагалинка... 141-142 бб.
22. А.Х. Марғұлан Ерте дәуірдің архитектурасы... 79 б.
23. А.М. Оразбаев Поселение Чагалинка... 141-142 бб.
24. С.М. Мұқанов Казахская юрта. А., 1981.
25. А.М. Оразбаев. Поселение Чагалинка... 143 б.
26. Н. Харузин История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России. М., 1896. 54-55 бб.
27. К.М. Байпақов Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. А., 1986. 157 б.
28. В.В. Востров, И.В. Захарова Казахское народное жилище. А., 1989, 30-34 бб.
29. С.Ж. Жолдасбаев Жетісу тарихы. 1996, Алматы, 127 б.
30. С.Ж. Жолдасбаев Жетісу тарихы. 1996, Алматы, 132 б.
31. С.Ж. Жолдасбаев Жетісу тарихы. 1996, Алматы, 155 б.
32. Г.С. Баратова Социально-экономическая история уйгуров Семиречья (на рубеже XIX-XX вв.) Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата истор. наук. А., 1988, 1-2 бб.
33. А.Б. Зулъяров Поселение и жилища уйгуров Казахстана (конец XIX в. - нач. XX вв.) Автореферат дис-и канд. исторических наук. А., 1994.
34. С.Ж. Жолдасбаев Жетісу тарихы. 1996, Алматы, 162 б.
35. С.Ж. Жолдасбаев Жетісу тарихы. 1996, Алматы, 228 б.

3.30. Innovative Activity at the University

Makhfuza V. Baidildinova

Associate Professor, Department of Language and Literature.
Kazakh-Russian International University (Aktobe, Kazakhstan)

Gulnur A. Tulepbayeva

Teacher of English Language. Kazakh-Russian International University
(Aktobe, Kazakhstan)

The university education in its content is a reflection of the current and accelerated condition of science and production, selecting hypotheses and theories tested by practice. However, in the context of globalization, such conservatism can reduce the speed and effectiveness of universities' response to changes in the external environment, which is why they now have fundamentally new functions, primarily innovative ones, which are manifested in the active influence on people's lives through innovative activities. The innovation process in universities is based on new ideas and opportunities that arise, on the one hand, as a result of the unmet need of society, and on the other, as a result of lobbying for new achievements in science and technology. In order for the university to be able to implement innovations, it is necessary to have a set of conditions (organized methodological, resource) that ensure:

- 1) Generation of ideas, conducting functional and exploratory research, obtaining patents;
- 2) Organizational support of applied research, development, creation of prototypes of new equipment and technology;
- 3) Production of innovative products, conducting market research, transferring finished products to the market, ensuring the diffusion of innovations;
- 4) Introduction of innovations in the educational process of the university.

Білім беру ұйымы жетекшісіне қатысты заманауи білім беру мен ғылыми білімнің жүйелі парадигмасы «ғылым негізі» деп саналатын мазмұнның дәстүрлі пәндік құрылымына сәйкес келмейді. Бұл «негіз» адамның шынайы тұрмысынан практиканың алшақтығы сияқты ғылымнан едәуір қашықтықта орналасқан. Сондықтан, осы айтылған салыстыруды негізге ала отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыратын және бірыңғай да тұтас әлемнің негізгі фонемені ретінде жауап беретін білім мазмұнының конструкциясын жасау талабы туындайды. Ал мұндай талаптарды білім беру ұйымы басшысы-ның құзыреттілігінсіз қалыптастырып, одан әрі жүргізу мүмкін емес. Дегенмен, білімділік пен біліктіліктің әртүрлі деңгейінен және түрлі жас ерекшелік кезеңінен алынған іс-әрекеттер тәсілінің кешені түптің түбінде тұлғаның кез-келген еңбек нарығына тәуелсіз қолдануға мүмкіндік беретін және жан-жақты қамтылған сапалы қасиеттермен қамтамасыз етеді. Осы жан-жақты қамтылатын іс-әрекеттер тәсілін – тұлғаның құзыреттілігі деп қарастыруға болады.

ЮНЕСКО-ның «Образование: сокрытое сокровище» атты бас конференциясында даярланған баяндамасында ХХІ ғасырдағы білім берудің негізгі төрт қағидасы қалыптастырылды [2]. Заманауи болу үшін 1-суретте бейнеленген осы төрт қағиданы ұстанып, оны іс жүзінде бұлжытпай орындау қажет.

Сондықтан, білім беру ұйымында жаһандану талаптарына сай заманауи сипатқа ие болу үшін қойылған осындай мәселелер басшының мынау жылдам өзгертін кезеңде жаңа басшыға тән тек менеджменттің академиялық дағдыларын ғана емес, болып жатқан өзгерістердің сипаты мен мәнін, олардың нормативтік-құқықтық қамсыздандырылуын, заңнамалық базаның барлық өзгерістерін өте жақсы меңгеруі тиіс екендігін белгілеп береді. Осы айтылғандарды жинақтап көрсететін болсақ, білім беру ұйымы басшысы – рефлексияға

қабілетті, өзін-өзі жүзеге асырып, жетілдіруге ұмтылған коммуникативті, әлеуметтік тұлғалы, әдіснамалық, дидактикалық-әдістемелік, ақпараттық және т.б. қасиеттердің жоғары деңгейімен сипатталатын белсенді, сауатты, рухани-адамгершілігі жоғары, шығармашыл тұлға болуы тиіс.



1-сурет – Білім беру жүйесіндегі заманауи талапқа сай болуға қажет қағидалар

Басшыда болуы тиіс және уақыт талаптарына сай толықтырылып, дамытып отыруға міндетті құзыреттілік түрлері ұйым басшысына бағытталған біліктілік жүйесі ретінде білім стандартына сай оны жан-жақты дамытуға негізделген, өзінің қабілет қорын өмірдің қандай да бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсынуға даяр сапалы жиынтықтар ретінде түсіндіріледі. Дүние жүзі ғалымдарының, психологтардың, педагогтардың, зерттеушілердің тұлғаны, жетекшіні немесе ұйым басшысын дамыту мәселесі жөнінде жүргізген еңбектерінің қорытындысы – адамның рухани-интеллектуалдық, кәсіби шығармашылық арқылы өзін-өзі дамытуы оның іс-жүргізу мерзіміндегі өмірлік қимыл-әрекетінің әр кезеңінде әртүрлі деп көрсетеді. Адам өз кәсібімен айналыса отырып, жоғары еңбек көрсеткішімен, әртүрлі мәселе-лерді шығармашылық тұрғыда шеше алу білігімен өзін-өзі дамытады. Сонымен қатар, адам еңбек ете отырып, өзінің табиғи жаратылысы, қабілеті, қызығу-шылығы өзі таңдаған мамандығына қаншалықты сәйкес екендігін біртіндеп бағдарлай бастайды. Бұл

әсіресе білім беру ұйымы басшысына қажет қасиет. Егер білім беру ұйымы басшысының қызығушық танытатын іс-әрекеттері өзі-нің басшылық міндетімен астарланып жатпаса, онда оның құзыреттілік қабілеті іс-барысында толық көрініс табуы мүмкін емес. Сондықтан, білім беру ұйымы басшысы кәсіптің маңыздылығы мен құндылығын түсіне отырып, басшы ретінде өзіне позитивті көзқарастың қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, басшы өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отырмын ба деген мәселе тұрғысынан өзіне үнемі сын қарауы тиіс. Осыдан кейін барып, білім беру ұйымы басшысы өзі басқарып отырған ұйымның оқу процесін әдіснамалық, теориялық, оқу-әдістемелік, ақпараттық-технологиялық тұрғыда қамтамасыз ету мәселесіне еш қиындықсыз қол жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір үміт, бір болашақ» // Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жыл 17-қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Интернет-ресурс: <http://www.unesco.org/new/ru/media-services/single-vi.. vk.comunesco // Деятельность – Образование>.
3. Милорадова Н.Г. Психология управления в условиях стабильной неопределенности. Монография. М.: АСВ, 2004 г. – 232 с.
4. Жаксылыкова К.З. «Мектеп директорының кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары» Автореферат, Алматы, 2014 жыл.

3.42. Тренинг - біліктер мен дағдыларды игеруге бағытталған оқыту формасы

Кенжегүл Зарлыханқызы Жаксылыкова

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институты «Менеджмент және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы
(Алматы, Қазақстан)

Гульям Егеубаевна Ережепова

«Ақсу қаласындағы № 1 орта мектеп» КММ директоры
(Ақсу, Қазақстан)

Карлыга Маулетовна Турлыкожаева

Алматы қаласы № 87 жалпы білім беретін мектеп КММ директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары (Алматы, Қазақстан)

Айнагуль Нагашбаевна Мусина

Ақтөбе облысы Хромтау қаласындағы №7 Хромтау мектеп-гимназиясының әдіскері (Ақтөбе обл., Хромтау қ., Қазақстан)

Динара Нурлановна Есенсарина

Алматы облысы Талғар ауданы № 45 орта мектеп гимназиясы
директорының оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары
(Алматы обл., Талғар ауданы, Бесағаш а., Қазақстан)

Аңдатпа:

Мақалада тренингтердің қағидаттары, жүргізу жолдары, технологиялары, өткізудің әртүрлі тәсілдері қарастырылған.

Түйінді сөздер: тренинг, дағды, интербелсенді оқыту формасы, қағидат.

Аннотация:

В данной статье рассматриваются принципы, пути, технологии проведения тренингов, приведены различные способы.

Ключевые слова: тренинг, навык, форма интерактивного обучения, принципы.

Summary

In this article there are given principles, ways and technologies of trainings.

Keyword terms: training, skill, form of interactive learning, principles

Елбасы Н. Назарбаевтың «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты дәрісінде «Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» делінген [1]. Мұндай философиялық ұстаным бүгінгі күні бүкіл әлемде білім беру саласында жүріп жатқан реформаның негізін құрайды.

Бүгінгі күні оқу үдерісі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды етістіктерден құрылмай, "ұйымдастыру", "жағдай жасау", "бағыт-бағдар беру" сияқты ұғымдардан тұрады. Басқаша айтқанда, бүгінгі күні білім беру жүйесінде мәселе «үйрену мен үйрету арқылы тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және тек әрекеттесу арқылы үйренуге және үйретуге болады. Міне осы себептерге байланысты, білім беру ұйымдарындағы сабақтарда оқытудың интербелсенді әдістері кеңінен қолданылуы қажеттіліктердің бірі болып табылады [2].

Білім берудің дәстүрлі үлгілерінің кейбірде сәтсіздеу болып шығып жатқаны, мұғалімдер қабылдап жатқан тәжірибелердің психологиялық түрде негізделмеуінен. Бұған жауап ретінде дамытын, «іштен-сыртқа» жүретін, «жемісті және шығармашылықпен өмір» суретін тәжірибе қарсы тұра алады (Дж. Дьюи).

Өмір бойы оқуға деген тілек және дағды – мұғалім мамандығындағы ең маңызды құраушылардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта жаттығулар, психологиялық тренингтер мұғалім тұлғасының кәсіби өзіндік дамуының психологиялық-педагогикалық

мәнін және теориялық – әдіснамалық ерекшеліктерін ашуға көмектеседі. Бұл тренингтер біліктілікті арттыру және қайта даярлау жүйесінде кәсіби педагогикалық білім беру мазмұнын қайта қарау мақсатында қолданылады.

Тренинг ағылшынның «Training» – тәрбиелеу, оқыту, дайындау ұғымдарынан шыққан. Ол жаттығу (белгілі бір дағдыға жаттықтыру) деген мағынаны да білдіреді. Тренингтер – қысқа мерзім ішінде практикалық қолданыста қажетті әрі тиімді біліктер мен дағдыларды игеруге бағытталған оқу сабақтары. Тренинг - қарым-қатынастағы тұлғааралық және кәсіби мінез-құлық құзыреттілігін дамытудың тиімді формасы. Тренингте әр үйренуші кәсіби қызметі мен жүктелген міндеттерін орындауда тиімді әрі ұтымды әрекеттерді таңдап, оларды бекітуге, үйреншікті дағдыға айналдыруға машықтанады. Тренинг барысында қатысушылардың арнайы практикалық дағдылары қалыптасады, мұнда жұмыстың жалпылама әдістемесі қарастырылмайды. Тренингтің басты мақсаты – үйренудің ең тиімді жолдарын игеру. Мұнда үйренушілер өз әрекеттерін қалайша тиімді түрде ұйымдастырып, жұмыста оң нәтижеге қалайша жету керектігі мәселесімен айналысады. Сол себепті де тренингтерде оқу мазмұны (контенті) тек практикалық тұрғыдан қарастырылады. Мәселен үйренушілер тренингтерде арнайы берілген жағдайлар мен ситуацияларды модельдейді, оларды қатысушы ретінде өздері «ойнап шығады». Осындай әрекеттер арқылы үйренушілер қажетті практикалық білік пен дағдыларды бекітіп, өздерінің өмірлік тәжірибелері мен жұмыс тәсілдеріне өзгерістер енгізеді. Тренингтердің соңында үйренушілер үйренген дағды және машықтары тұрғысында пікір алмасып, олардың тиімділігі мен маңызы туралы өз ойларын ортаға салып, талқылайды. Мұндай жұмыс әр үйренушінің өз ойлары мен пікірлерін қағазға түсірумен аяқталады. Әдетте тренингтерде интербелсенді тәсілдер қолданылады: іскерлік және рөлдік ойындар, нақты жағдайлар мен ситуацияларды талдау, топтық пікірталастар, таныстырылымдар және т.б. [2].

Тренингтің түрлері

Таныстырылымдарды өткізу дағдыларын қалыптастыру тренингтері қандай да болмасын ұсыныстарды баршаға тиімді таныстыру тәсілдерін қарастырады. Таныстырылым (презентация) жариялау деген мағынаны білдіреді. Мұндай тренингте үйренушілер жеке немесе топтық жұмыстардың нәтижелерін басқаларға таныстырудың әдістерін меңгереді. Мысалы, бір топ бірлесе отырып қарастырған проблеманың шешімін плакатта, постерлерде кесте, кластер, схема, ментальды карталар және т.б. түрінде кескіндеп, өз ұстанымын топ өкілі (шешен, спикер) арқылы жария етеді. Бұл жерде басты назар жариялаудың қандай әдістер мен тәсілдер арқылы нақты, ұтымды және баршаға анық болатындығына аударылады. Үйренушілер осындай тәсілді іс жүзінде игереді.

Жаңа дағдыларға үйрену тренингі – үйренушілер тобы мүшелерінің қандай да бір жаңа білік пен дағдыларға үйренуі үшін өткізілетін жаттығулар жиынтығы. Мұндай тренингтің мақсаты – топтың жұмыс жасау деңгейін (ұжымның бәсекеге қабілеттілігін) арттырып, үйренушінің оқу мен жұмыстың жаңа тәсілдеріне үйренуі.

Іскерлік қатынас дағдыларының тренингтері үйренушілерде тұлғааралық қарым-қатынастың тиімді дағдыларын дамытуға бағытталады. Үйренушілер мұндай сабақтарда топ құрамында бірлесе жұмыс жасаудың, өзгелермен тіл табысудың, ортақ мәмілеге келудің тәсілдерін меңгереді.

Көшбасшылық немесе басқару дағдыларын қалыптастыру тренингтері болашақ маман және басшы ретінде үйренушілердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталады. Мұндай тренингтерде тыңдаушылар ұжымды басқарудың кейбір ерекшеліктерімен танысып, ұжым қызметшілерін ынталандыру, бірлесе жұмыс жасауды ұйымдастыру, шешім қабылдау және де басқа дағдыларды қалыптастыруға белсенді әрекеттер арқылы үйренеді. Үйрену нәтижесінде қатысушылар басқару ісіне (мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру, болжау, бақылау, түзету, реттеу, талдау және т.б.) талдау жасап, басқару мәселелерін тиімді шешудің әрекеттері мен алгоритмдеріне үйренеді.

Соңғы кезде үйрену үдерісінде бейне тренингтер қолданылып жүр. Олардың ерекшеліктері бейне жазбаларды оқу мақсатында қолдануында [2].

Тренингті ұйымдастыру кезеңдері

Тренингті ұйымдастыру кезеңдері төмендегі шарттарды қамтамасыз етуден тұрады: **«Дамыту кеңістігін құру»** (парталар, үстелдер және олардың оқыту әрекетіндегі рөлі). Тренингті ұйымдастырып, оны жүргізген кездегі ең басты рөлді парталар немесе жұмыс үстелдері атқарады. Кластардағы немесе аудиториялардағы парталар (үстелдер) әдеттегідей классикалық түрде орналастырылған. Мұндай жағдайда оқушылар немесе тыңдаушылар оқушылардың (тыңдаушылардың) және педагогтың арқаларын ғана көреді. Бұл вариантта олар бір-бірімен тікелей қарым-қатынасқа түсе алмайды, араласып кетуі де қиын. Сондықтан тренингті өткізген кезде психологтар парталарды (жұмыс үстелдерін) неше түрлі үлгілерде орналастыруға болатынын айтады. Мұндай орналастырудың ұтымды жері әрбір тренингке қатысушының көз алдында болуы. Сондай-ақ қатысушы да ештеңеге алаңдамастан тренинг жұмысына қатысуына толық мүмкіндік алады және тренингтік көршілері мен тренердің назарында екенін сезінеді. Бұл оқушыларды тәртіптілік және жауапкершілікке әкеледі. Осындай кеңістікті ұйымдастыруда қатысушының жауабы тек жаттықтырушыға ғана емес басқа да қатысушыларға қолжетімді және бағытталады. Сондықтан да тренинг өткізетін кеңістіктегі интерьердің міндетті элементі болып парталар

(үстелдер) табылады. Оларды әртүрлі формаларда орналастыруға болады. Француз психологтары жүргізген зерттеулер нәтижелерінде үстелдер формалары жүргізілетін іс-әрекетке өте көп әсері бар екен деген қорытындыға келген:

Жұмыс үстелінің (партаның) формасы	Жұмыс үстелінің жұмысқа қабілеттілікке әсері
Төртбұрышты форма	Тиімді жұмысқа жарайды.
Дөңгелек немесе шеттері дөңгеленген форма	Достық атмосфера құрады және шығармашылық ойларға жетелейді.
Квадрат форма	Назар аударады, назарды тұрақтандырады.

Сондай-ақ, үстелдер түстерінің адамның эмоционалдық көңіл-күйлеріне деген ықпал-әсерлері баршылық. Интерьердің табысты түсі еңбектің гигиеналық шарттарының жақсаруына, адамның нерв жүйесіне күш түсірмеуіне, шаршағандықтарын басуға, еңбек өнімділігін арттыруға айтарлықтай үлестері бар.

Жұмыс үстелінің (партаның) түсі	Мағынасы мен мәні
Қара	Көңіл-күйдің дұрыстығына ықпал етеді. Бірақ та 2-3 сағаттан кейін шаршатып жібереді.
Сұр	Сұр үстелдегі ұзақ жұмыс депрессияға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда қатысушының шығармашылығы оянбайды.
Қара - ала	Ала түс жұмысқа деген қабілеттілікті түсіріп, жұмыс белсенділігін төмендетеді.
Ақ	Идея келеді, бірақ оны нақты айтып түсіндіру қиынға түседі.
Қоңыр	Шаршатпайды және жұмысқа бағытталған көңіл-күйді қамтамасыз етеді.

Осындай орналастырулар мен үстелдердің түстері тренингтің жақсы, жайлы жүргізілуіне және аудиториядағы өзара қарым-қатынастың оң психологиялық климатта өтуіне әсер етеді. Және де әр қатысушы назарда болады.

Тренингтің сәтті өтуі және нәтижелі жетістіктерге жетуі үшін алдын-ала ойластырылған дайындық жұмыстары:

Техникалық, ақпараттық, дыбыстық оқу құралдарымен қамтамасыз ету (интерактивтік тақта, экран, проектор, кодоскоп, эпидиаскоп т.б.); магнитофон, диск, кассеталарды дайындау; трибуна дайындау; флип-чарт, маркерлерді түгендеу; әрбір қатысушыға арналған және олардың есімі жазылған бейджиктермен қамтамасыз ету (кез келген адам басқа дыбыстан гөрі өзінің аты аталса, оны тез естиді, оған тез жауап береді; релаксацияға арналған жаттығуларды пайдалану. Бұл жерде тренер міндетті түрде педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды ескеруі қажет: *санақ бойынша нешінші сабақ* (бірінші сабақта психологиялық процесс әлі оянбайды, ал соңғы сабақта керісінше балалар шаршайды); *аптаның күні* (дүйсенбі, сенбі

күндері басқа күндерге қарағанда жұмысқа деген құлшыныс төмен); алдағы және өткен мереке күндері немесе каникул уақыты.

Тренингті әртүрлі бөлмелерде өткізу варианттары

1. Стандарттық оқу бөлмесі - дәстүрлі орналастыру көптеген аудио-визуалды мүліктерді қолдануда және де жазылған бейне таспалармен жұмыс жасау қажет кезде, егер де ақпарат визуалды және жазба түрде ұсынылған жағдайда өте қолайлы.

2. Дөңгелек үстел - миға шабуылға арналған керемет орналастыру, проблемаларды шешуге арналған жаттығуларды жүргізуге қолайлы; формалды емес диалог және белсенді түрде тыңдауға ықпал етеді; формалды көшбасшы қажеттілігін төмендетеді және де барлық қатысушылардың құқыларының тең болуына жағдай жасайды.

3. Конференцияға арналған зал - әртүрлі модификациядан тұрады: негізгі модификация «О» блогы, «П» блогы, «V» блогы.

Жалпы мінездемесі: үстелдер мен орындықтар қолданылады; шағын топтарға қолайлы; жаттықтырушының тұсаукесеріне өте ыңғайлы; арнайы техниканы, проекторды, компьютерді және т.б. қондырғыларды қолданатын презентациялар мен топтардың тұсаукесерлерін көрсетуге жарайды; топты диалогқа сұрақ-жауап әдісі режимінде тартуға ыңғайлы; жүргізушісі бар дискуссияларды өткізу және жазу кезінде қолайлы; дәріс және демонстрациялау кезінде жүргізушісі барлық қатысушылардың түрлерін көріп отыруға ыңғайлы; жүргізушінің нақты орны болады.

Негізгі модификация:

- үстел шетінің ашық болуы семинар барысын бейнекамераға түсіруге мүмкіндік береді;

- қатысушы жеке жұмыс жасау кезінде жаттықтырушы оған көмек бере алады.

«О» блогы - егер ортада орналастырылған арнайы монитор болса, онда теледидарлық тұсаукесерлерді жүргізуге қолайлы; қарама-қарсы жақтармен дебат, пікірталас өткізгенге қолайлы; егер де қатысушылар саны 4 адамнан көп болмаса, онда шағын топтармен жұмыс істеуге әбден болады.

«П» және «V» блоктары - дебат, пікіралыс, пікірталас, жеке презентацияларды өткізгенге өте қолайлы.

4. Интерактивті семинар-тренингті өткізуге арналған бөлме - орналастырулардың әртүрлі модификациялары бар: негізгі модификация, шырша тәріздес, дөңгелек пішіндес.

Жалпы мінездемесі:

- бөлме көп адамдарға арналған; әрбір қатысушы жаттықтырушыны жеңіл көре алады;

- семинар-тренинг барысында көптеген жаттығулар мен әрекеттерді жасауға, өткізуге болады.

5. Психологиялық тренингке арналған бөлме

Бұл сипаттағы өткізілетін тренингтер психологиялық, өнер жайлы және т.б. пікірлесу және келіссөз жүргізуге арналған.

Жалпы мінездемесі

Қатысушылардың орналасуларына қолайлы; қатысушылар арасында кедергілер болмайды; ортада сенімділік атмосферасы қалыптасады; үстелдердің қажеті болмайды. [3].

Тренингті өткізудегі музыканың рөлі

Психологтардың пікірлері бойынша музыканы оқыту үдерісіне пайдалану оң өзгерістерді береді екен. Бұл мәселемен көптеген ғалымдар айналысқан. Солардың бірі Джаннет Вос *«не себепті музыканың оқытуға ықпалы бар?»* - деген сұрақты зерттеу барысында мынадай қорытындыларға келген:

Музыка миды шаршаудан арылтып, босатып, күйзелісті азайтады (күйзеліс ми каналы жолын жауып тастайды).

Музыка тікелей адамның денесіне әсер беріп, оны тыныштыққа бөлейді.

Музыка көңілсіз күйдегі адамдарды сергітеді, оятады және ынталандырады.

Музыкада математикалық бастау бар, ол мидың ерекше электрлік тізбегін ынталандырады.

Музыка эмоцияларды оятады, ал бұл оқуға деген қадам.


Музыка психикалық жағдайды өзгертеді және оқу темпінің өзгеруіне себепші.

Музыка – әмбебап тіл, ол барлық мәдени кедергілерді жеңіп шығуға көмектеседі.

Музыка – мықты якорь, өйткені оның оқытылатын пәнді есте жақсы сақтауға ықпалы мол.

Тренингті ұйымдастыру моделі сұрақтар қою, әңгімеге тарту, күтілетін нәтижені талдау, мақсат қою, тренинг модулін құру, тренингтік материалдарды пысықтау және импровизациялау, уақыт менеджментін ескеру мен тренинг модулін түзетуден тұрады.

Тренинг сценарийін дайындағанда оның негізі – жаттығулар кешені екендігін білу қажет. Ол жаттығулар тренингке қатысушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, тренингтің өткізілу формасы мен тақырыбына сәйкес таңдалуы керек. Тренердің оқытудың барлық (жеке, жұптық, топтық) формаларын ескеруі және жоспарлауы аса маңызды. Сондай-ақ, жұмысты шағын топтарда (5-6 адам) ұйымдастырған өте қолайлы.



Тренингті ұйымдастыру моделі

Тренингтегі тренер белсенді басшы, топ мүшесі, кеңесші, делдал, сарапшы, комментатор рөлін атқара алады [5].

Шағын топтарды құру жолдары

Тренингте шағын топтарды жинақтауды әртүрлі тәсілдермен құрастыруға болады:

1 нұсқа. Әркімнің (алдын-ала жасалынған неше түрлі эмоциядағы смайликтерді, немесе салынған әртүрлі гүлдерді - роза, фиалка, қызғалдақ т.б.) дөңгелекшелерді суырулары (гүл, смайлик, жапырақ) арқылы команда құрылады.

2 нұсқа. 3 түрлі ойын жүргізу. Барлық қатысушыны тақта алдына шақырып, оларға:

- бойлары бойынша тұру;

- шаштарының ең ашық түсінен бастап ең қара түске дейінгісіне қарай тұру;

- туған күндерінің қаңтар айынан бастап желтоқсанға дейінгісіне қарай сапқа түзелу ұсынылады. Бұдан соң қатысушылар бір, екі, үш реттік сандарға саналып, сәйкес реттік сандары бойынша команда құрады.

3 нұсқа. Жаттықтырушы қатысушыларды өзінің қалауы бойынша командаларға бөледі.

4 нұсқа. Қатысушылар өздерінің қызығушылықтарына сәйкес команда құра алады.

5 нұсқа. Қатысушыларды біртіндеп біркелкі отырған жерлерінен санап команда құрастыруға болады. Әрбір бес адам – бір команда.

Тренингтегі топтардың даму кезеңдері



Тренингтік топтық жұмыс қағидаттары

1. Ықпалдастықты диалогтандыру қағидаты, яғни, топ жұмысындағы қатысушылардың өзара сыйластығына, олардың бір-біріне деген толық сеніміне негізделген тең құқылы, толыққанды тұлғааралық қарым-қатынас қағидаты. Олардың бірі немесе бірнешеуі басым болған жағдайда, қарым-қатынас шынайы диалог сипатынан айырылады да, монолог арнасына ауысады, бұл тренинг табиғатына қарама-қайшы келеді.

2. Тұрақты кері байланыс қағидаты, яғни қатысушының өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін талдайтын топтың басқа мүшелерінен ақпаратты үздіксіз алып отыруы. Дәл осы кері байланыстың арқасында адам қарым-қатынастың сәтсіз тәсілдерін жаңаларына алмастыра және олардың айналасындағы адамдарға қалай әсер ететіндігін тексере отырып, өзінің кейінгі мінез-құлқын түзете алады. Бұл үшін қатысушылардың басқаларға олардың өздері туралы айтып беруге және өзі туралы пікірді тыңдауға дайындықтарын камтамасыз ететін жағдайлар жасалуы тиіс. Мұндай саналы түрде жүзеге асырылатын, әдейі жасалған кері байланыс барынша көпдамытушы әсер береді.

3. Өзін-өзі диагностикалау қағидаты қатысушылардың өз-өздерін ашуларына, олардың өз жеке бастары үшін маңызды проблемаларын жете ұғынуларына және тұжырымдауларына көмектеседі. Сабақтардың мазмұнында адамның өзін, өз жекебасының ерекшеліктерін танып-білуіне көмектесетін жаттығулар қарастырылған. Топтың әрбір мүшесіне өзін одан белгілі бір шешім қабылдау және оны жүзеге асыру талап етілетін әр түрлі жағдайларда көруіне көмектесу қажет. Көбінесе бұған қарым-қатынастың ауызша (сөздік) тәсілі емес, тәжірибелік іс-әрекеттері көмектеседі. Тренинг кәдімгі оқу сабақтарынан осынысымен ерекшеленеді.

4. Дамуды оңтайландыру қағидаты. Жүргізушіден жекелеген қатысушылардың және жалпы топтың белгілі бір психологиялық жай-күйін анықдиагностикалау мен білікті айқындау ғана емес, сонымен қатар, олардың дамуы үшін қажетті жағдайларды оңтайландыру мақсатында болып жатқан оқиғаларға белсенді түрде араласу да талап етіледі. Арнайы жаттығуларды қолдана отырып, жүргізуші қатысушылардың өз-өздерін дамытуларын ынталандыруы, олардың күш-жігерлерін қажетті арнаға бағыттап отыруы тиіс.

5. Интеллектуалды және эмоционалды салаларды үйлестіру қағидаты. Бір жағынан, тренингке жоғары эмоционалды ширығу тән, оқушылар топта болып жатқан оқиғаларды шынымен өз бастарынан өткереді. Бұл олардың шындықты жасырмай айтуға бет бұруларына, көбірек дәрежеде әріптестеріне сенім білдірулеріне, бір-біріне қатысты әлдеқайда ізгілікті бола түсулеріне көмектеседі. Бірақ, екінші жағынан, тренинг оқиғаларды талқылау кезіндегі интеллектуалды талдау үдерістерін де белсендіре түседі. Мұндай іс-әрекеттің басты нысаны - барлық сабақтар бойында пайдаланылатын топтық пікірталас.

6. Бүкіл тренингке, сондай-ақ оның жекелеген сабақтары мен жаттығуларына ерікті қатысу қағидаты. Жасөспірімнің жұмыс барысындағы өз мінезінің өзгерулеріне табиғи ішкі қызығушылығы болуы тиіс. Оң мағынасындағы тұлғалық өзгерістер, әдетте, мәжбүрлі түрде жүзеге аспайды, және оны талап етудің қажеті де жоқ.

7. Топтың тұрақты құрамы қағидаты. Тренингтік топ жабық болса, яғни, оның құрамы тұрақты және жаңа адамдар қосылмайтын болса, ол әлдеқайда тиімді жұмыс істейді, және онда топ мүшелерінің өз-өздерін ашуына септігін тигізетін ерекше үдерістер пайда болады. Өздігінен алғаш рет өз тренингін бастағандарға шағын топпен - 10-12 адаммен жұмыс істеген дұрыс. Белгілі бір тәжірибе жинақтағаннан кейін қатысушылардың санын 30-40 адамға дейін арттыруға болады.

8. Шому қағидаты. Сабақтардың ұзақтығы жұмыстың ең басында анықталуы тиіс. Оларды өткізу тәжірибесі әбден негізделген қорытынды үшін негіздеме береді: ірі уақыттық блоктармен - қандай да бір жұмысқа 3-4 сағатқа, кейде одан да ұзағырақ уақытқа шомумен жұмыс істеу кезінде аса жоғары әсерге қол жеткізіледі. Бұл қатысушыларды «босаңсытуға», олардың ұзақ үзілістен кейін топтық үдерістерге эмоционалды кірігуіне көп уақыт жоғалтатындығымен байланысты. Мектеп жағдайларында тренингтік топтар мектеп кестесінің аясына әбден сыяды. Қосарлы сабақтарды және аптасына бір реттен кем емес өткізген дұрыс. Егер мүмкіндік болса, сабақтарды 2-3 күнге дейін тығыздандырып, күніне 6-7 сағаттан қарқынды тренинг өткізген мақсатқа сай болады. Және ықтимал нұсқалардың бірі ретінде 24 сағатқа созылатын тренинг-марафон, бірақ оны тек дайындығы бар қатысушылармен ғана өткізуге болады.

9. Оқшаулану қағидаты. Оқушылардың өздерін ешкім тыңдап тұрмағанына толық сенімді болулары сөзсіз талап болып табылады.

Егер жүргізушіде сабақтардың аудио- немесе бейнежазбасын жүргізу қажеттілігі болса, ол топтың барлық мүшелерінің келісімін алуы тиіс. Тренингтік жаттығулар мен тапсырмалардың басым бөлігі қатысушылардың өздерінің осы материалмен кейіннен өздігінен жұмыс істеулері үшін арнайы жазылуыда мүмкін.

10. Бос кеңістік қағидаты. Сабақтарға арналған бөлмелерде қатысушылардың еркін жылжу, шеңбер бойынша жайғасу, 3-5, 7-8 адамнан шағын топтарға бірігу, сондай-ақ оңашалану мүмкіндігі болуы тиіс. Болашақ ұжыммен алғашқы кездесу тренингті дайындаудың маңызды элементі болып табылады. Ол, қағида бойынша, екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде топтық әңгімелесу жүреді, оның барысында кездесулердің мақсаттары, мерзімдері мен ұзақтығы және т.б. әңгімеленеді. Жиналғандар тренингке қатысу туралы шешім қабылдайды немесе қандай да бірсебептерге байланысты бұдан бас тартады. Екінші кезеңде жұмысқа қатысуға нық шешім қабылдағандармен жеке сұхбаттасу жүргізіледі. Оның барысында түрткілер (қызығушылық, білімге деген құштарлық, жаңа тәжірибе алуға ұмтылыс, өмірге дайындық, өз проблемаларын шешу) нақтыланады. Бұл топқа кездейсоқ адамдар емес, саналы шешім қабылдаған адамдардың келуі үшін қажет. (мұнда қағидаттардың ішінде тек негізгілері ғана берілген, мамандандырылған тренингтерде тағы да қосымша қағидаттар мен ережелер беріледі [4].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Н. Назарбаевтың Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде оқыған «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты дәрісі.
2. Әлімов А. «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» оқу құралы, Алматы, 2009 ж.
3. Садвакасова З. «Оқытудағы тренингтердің рөлі» әдістемелік құрал, Алматы, 2010 ж.
4. Әлеуметтік–психологиялық тренинг арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас түрі ретінде (аударма).
5. Жаксылыкова К. «Тренингтік ойындар мен жаттығулар» әдістемелік құралы, Алматы - 2017 ж.

3.43. Инновациялық технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының метапәндік құзыреттілігін қалыптастыру

Манат Кенесовна Жайлауова

педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика және оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қ., Қазақстан)

Таңсұлу Талғатқызы Мейрамова

магистрант. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қ., Қазақстан)

Қоғамның инновациялық даму жолына өтуіне байланысты бүгінгі күні мектепте білім беруді модернизациялау оқыту мақсаттарын және оларды жүзеге асыру жолдарын қайта қарауды ұсынады.

Қазіргі таңда бастауыш мектеп негізгі білім беру бағдарламасын меңгерудің жеке, метапәндік және пәндік нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарланады. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында әмбебап әрекеттерді (танымдық, реттеушілік, коммуникативтік) қамтитын метапәндік құзыреттілікке ерекше көңіл бөлінген [1].

Құзыреттілік (лат. *competere* - сәйкес келу, жақындау) - жалпы түрдегі міндеттерді шешу кезінде практикалық тәжірибе негізінде, сондай-ақ белгілі бір кең аймақта табысты әрекет ету қабілеті. Құзыреттілік-оқушының өзіне және қызмет нысанына жеке қатынасын қамтитын тиісті құзыреттілікке ие болуы. Құзыреттілік – құбылыстар тобын түсінудің, түсіндірудің белгілі бір тәсілі, әрекетті талдаудың жетекші принципі [2].

А.В. Хуторской ұсынған негізгі құзыреттіліктердің классификациясын қарастырып көрейік: құндылық-мағыналық құзыреттіліктер, жалпы мәдени құзыреттіліктер, оқу-танымдық құзыреттіліктер, ақпараттық құзыреттіліктер, коммуникативтік құзыреттіліктер, әлеуметтік-еңбек құзыреттіліктері, тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзыреттіліктері [3, С. 155].

Метапәнділік - бұл дәстүрлі пәндердің үстінен құрылатын жаңа білім беру нысаны, оның негізінде оқу материалы интеграциясының ойлау-әрекеттік түрі және ойлауға рефлексивті қатынас принципі жатыр.

Сабақтарда метапәндік байланыстарды қолдану негізгі оқу құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді:

- білім алушылардың әлемдік кеңістікке енуіне (әлемнің алуан түрлілігі мен тұтастығын көрсету, оның тұтас қабылдануын қамтамасыз ету);

- білім алушылардың жан-жақты дамуына, процессуалдық біліктерді (қазіргі метапәндік коммуникативтік құзыреттіліктерді) қалыптастыруға;

- сабаққа дайындық және сабақ барысында оқушыларға өз шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беруге.

Дәстүрлі емес педагогикалық технологиялар балалардың оқуға уәждемесін және мектепке қызығушылығын арттырады, шығармашылық ынттымақтастық және бәсекелестік ахуалын қалыптастырады, балаларда өз жеке басына құрмет сезімін тәрбиелейді, оларға шығармашылық еркіндік түйсігін береді, және ең бастысы, оларға қуаныш сыйлайды.

Оқушыларда метапәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру бойынша барлық жұмысты бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

1. Ойлау операцияларын қалыптастыру бойынша жұмыс (кезең-кезеңімен).

2. Ғылыми таным әдістері элементтерін қалыптастыру бойынша жұмыс.

3. Метаұғымдарды қалыптастыру бойынша жұмыс.

4. Қазіргі білім беру технологияларын пайдалану [3].

Метапәндік құзыреттілікті қалыптастыру оның тұлғалық дамуы үшін жағдай жасай отырып, әрбір оқушыны әрекеттің сан алуан түрлеріне тартуды көздейді.

Бастауыш сынып оқушысының метапәндік құзыреттілігі деп тиімді және оқу-зерттеушілік әрекетінің мүмкіндігін қамтамасыз ететін оның тұлғасының кешенді ресурсын, яғни метапәндік оқу-зерттеу әрекетін жүзеге асыруға «дайындық пен қабілеттілікті» түсіну керек.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік құзыреттілігі оқушыларға реттеушілік, танымдық және коммуникативтік міндеттерді нәтижелі орындауға мүмкіндік беретін әмбебап оқу іс-әрекеттерінің жүйесі ретінде анықталады. Құзыреттілікті жүзеге асыру әртүрлі әрекет түрлерін орындау үдерісінде жүзеге асырылады, бұл реттеушілік, танымдық және коммуникативтік құзыреттілікті бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Интербелсенді технологиялар - бұл бірлескен әрекетті ұйымдастыру және орындау кезінде индивидтердің өзара іс-қимылының стратегиясы мен үйлестіруін жасау жүргізілетін оқыту формаларының, әдістері мен құралдарының арнайы жиынтығы мен жинақталуын анықтайтын психологиялық-педагогикалық қондырғылардың жиынтығы.

Метапәнділік интеграциялық принцип, теориялық ойлауды және қызметтің әмбебап тәсілдерін қалыптастыру тәсілі ретінде білім беру мазмұнын біріктіру баланың санасында әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Мұндай тәсіл бойынша оқыланып пән әлем туралы білімдер жүйесі ретінде қалыптасады.

Сонымен, метапәндік құзыреттілік - бұл оқушының адамзаттың әлеуметтік тәжірибесімен өзара іс-қимылы. Бірақ осы өзара іс-қимыл сабақта жүзеге асуы үшін С.В. Галян ұсынған метапәндік құзыреттілікті қалыптастыру технологиялары мен тәсілдерін қарастырайық:

- оқушылар әрекетінде мотивация құру – мақсат қою.
- проблемалық жағдаят құру: жаңа материалды оқып үйрену, әдістемелік тәсілдер көмегімен бекіту, бақылау кезінде.
- ұғымды қалыптастыру-бұл адамның ойлау формасы, онда заттардың жалпы және елеулі белгілері, осы заттың басқалармен байланысы, оның шығу тегі мен дамуы көрсетіледі.
- әрекет тәсілдерін қалыптастыру: болжамдар және сұрақтар.
- әрекет тәсілдерін қалыптастыру: бақылау және эксперимент.
- топтық жұмысты ұйымдастыру, сабақта бастапқыда проблемалық жағдаят қойылады, нұсқалар ұсынылады, содан кейін жаңа ақпарат үшін дерек көздерін анықтайды, міндеттерді бөледі және орындайды.
- өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау. Оқушы оқу үдерісі кезінде өз іс-әрекетінің дұрыстығын немесе қателігін өзі түсінеді және өзінің оқу жетістіктерін қалыпты бағалайды, яғни рефлексияны жүзеге асырады [4].

Осылайша дер кезінде қалыптасқан метапәндік құзыреттіліктер - бұл бағдар, болашақты игеру бағыты және оқуға уәждеме тәсілі. Сондай-ақ мұнда осы құзыреттілікті қалыптастыру технологиялары мен тәсілдері маңызды болып табылады. Бірақ оқу кезеңінде оқушыда құзыреттіліктердің қандай да бір құрамдас бөліктері қалыптасады. Тек болашаққа дайындалу ғана емес, сонымен қатар қазіргі уақытта өмір сүру үшін ол білім беру әрекетінде метапәндік нәтижелермен тексерілетін бұл құзыреттілікті білім беру тұрғысынан меңгереді. Метапәнділік нәтижелері - бұл оқу бағдарламасын меңгеру көрсеткіштері.

Сонымен, жалпы бастауыш білім берудің мақсаты - оқушылардың мүмкіндіктерін, әлеуетін дамыту, соның арқасында оқушы өмірдің жаңа әлеуметтік жағдайларына оңай бейімделе алатын маңызды қасиеттерді қалыптастыру.

Мұғалімнің өзі метапәндік құзыреттілігін қалыптастыру мен диагностикалаудың әртүрлі әдістері мен технологияларын, тәсілдері мен дидактикалық құралдарын меңгеруі қажет. Бүгін мұғалім пәндік білім, білік және дағды сұрақтарынан метапәндік сипаттағы, метапәндік нәтижелермен тексерілетін негізгі жеке қасиеттерден құралатын құзыреттіліктер туралы сұрақтарға ауысады.

Интербелсенді технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының метапәндік құзыреттілігін дамыту моделі (жобалық оқыту технологиясы мысалында) оқылатын үдерісті жобалау үшін бағдарлы негіз болып табылады, ал анықталған педагогикалық жағдай бастауыш сынып оқушыларын оқыту үдерісінде осы модельдің тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі педагогикалық технологиялар арқылы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру - білім беру мақсаттарына барынша сәйкес келетін білім алушылардың жобалық әрекеті болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік құзыреттіліктерінің даму деңгейі білім беру өнімдерінен көрініс береді:

а) сыртқы:

- зерттеу жұмыстары;
- рефераттар;
- кітапшалар;
- макеттер;
- есептер;
- презентациялар;
- карталар;
- сахналық қойылымдар;
- қолдан жасалған заттар және т.б.

ә) ішкі:

- ұйымдастырушылық-әрекетті біліктер;
- таным әрекетінің тәсілдері;
- коммуникативтік дағдылар;
- шығармашылық қабілеттер [4, 5].

Сонымен, метапәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру бастауыш сынып оқушысының жалпы мәдениетін, ақпаратпен жұмыс мәдениетін, диагностикасын, таным процестерін түзетуді және дамытуды, өзіндік дамуын арттыруға бағытталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2015.

2. Ломакина Г.Р. Педагогическая компетентность и компетенция: проблемы терминологии // Педагогическое мастерство: материалы Междунар. науч. конф. (г. Москва, апрель 2012 г.). — М.: Буки-Веди, 2012. — С. 276-279.

3. Хуторской А.В. Компетентностный подход в обучении: Научно-методическое пособие. – М. Издательство «Эйдос»; Издательство Института образования человека, 2013. – 73 с.

4. Пляскина С.А. Формирование метапредметных компетенций у младших школьников // Молодой ученый. — 2016. — № 28. — С. 937-939.

5. Жайлауова М.К., Мейрамова Т.Т. Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру // Молодой ученый. - № 39 (277). – сентябрь 2019. – С. 284-285.

3.44. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың дидактикалық негіздемелері

Дидар Каримжановна Азизханова

«Педагогика және психология» мамандығының 3-курс докторанты,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
(Шымкент қ., Қазақстан)

Негматжан Шодиметович Алметов

педагогика ғылымдарының докторы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры
(Шымкент қ., Қазақстан)

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың дидактикалық негіздемелері қарастырылған. Хореографтың кәсіби ұтқырлығының теориялық мәні айқындалған. Қазіргі таңда жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың өзектілігі негізделген. Студенттер – болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру хореограф-маманның кәсіби ұтқырлығына бағдарланған және модельдейтін үдеріс ретінде сипатталған. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың тұғырлары мен ерекшеліктері ажыратып көрсетілген. Кәсіби ұтқыр маманды даярлауға бағдарланған хореографиялық білім мазмұнын жобалау негізінде жататын дидактикалық принциптер анықталған.

Түйін сөздер: ұтқырлық, кәсіби ұтқырлық, хореограф-маман, болашақ хореограф, дидактикалық негіздеме, хореографиялық білім, кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыру.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында Елбасы – Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев «болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан рәбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек», - деп жазады [1].

Қазіргі күн сайын өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде қазіргі өркениеттің адамға қоятын талаптарын бейнелеуші негізгі ұғымдардың бірі – ұтқырлық. Қозғалыс, жылдамдық, қарқын адам өмірлік қызметінің барлық салаларының байыбына барды. Осы себепті ғалымдардың, практиктердің ұтқырлық ұғымына, оның құрылымына, қалыптастыру мен дамыту мәселесіне деген қызығушылығын артуы айқын байқалады.

Ұтқырлық (мобильность) латынша *mobilis* – «жылжымалы», «орны ауысып тұратын», «қозғалмалы» мағынасын білдіреді. Энциклопедиялар мен анықтамаларда ұтқырлық - ептілік, шапшаңдық, жылдам әрекет жасауға, ерсілі-қарсылы жүруге, жылжуға қабілеттілік;

белгілі жағдайларда жылдам бағдар алуға қабілеттілік; іс-әрекеттің қажетті формаларын табу іскерлігі, деп түсіндіріледі [2, 380-б.].

Кәсіби ұтқырлық ұғымының әлеуметтану, психология, педагогика салаларындағы қазіргі заманғы анықтамалары көп. Бірақ кейбір зерттеушілер кәсіби ұтқырлықтың шығу тегі көбірек әлеуметтік ұтқырлықтан болғандығы себепті, кәсіби ұтқырлық ұғымын нақтылау әлеуметтік ұтқырлықтан бастау алуы керек, деген тұжырымды ілгері сүреді. «Кез келген кәсіби ұтқырлық, бір жағынан әлеуметтік ұтқырлық, екінші жағынан оның құрамдас бөлігі болып табылады». Сондықтан кәсіби ұтқырлық ғылыми категория ретінде әлеуметтануда көбірек мұқият зерттелінгендігі заңдылық. Қазіргі таңда әлеуметтанушылар кәсіби ұтқырлықты «қозғалу үдерістерінің жүзеге асуы үдерісі, адамның өмір бойы қайта оқуға немесе жұмысын өзгертуге қабілеттілігі, іс-әрекет мазмұны мен жағдайларын өзгерту, кәсібін өзгерту» ретінде сипаттайды [3, 18-б.].

Психологиялық-педагогикалық, арнаулы хореографиялық әдебиеттерді талдау негізінде хореографтың кәсіби ұтқырлығы ұғымына анықтама беретміз:

Хореографтың кәсіби ұтқырлығы бұл хореографиялық өнер саласындағы білімдердің когнитивті тірегіне, би орындаушылық дағдылар мен икемділіктерге, эмоциональдық-артистік реактивтілік, әлеуметтік-шығармашылық бейімдеушілік, репетициялық-сақналық мінездік вариативтілікке негізделетін және хореографтың көп функционалдық және көп бейіндік іс-әрекетін орындауды қамтамасыз ететін кешенді интегральді мінездемесі.

Хореографтың кәсіби ұтқырлығының құрылымы маманның қоғамның әлеуметтік-кәсіби құрылымында әлеуметтік беделін өзгертіп, немесе өзгеріссіз жылжуы үдерісін бейнелейді және мынандай құрамдас бөліктерден (компоненттерден) тұрады:

- *мотивациялық компонент* (кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығы мен қажеттілігін сезіну, кәсіби өрістеу мен беделін арттыруды ынталандырудың ішкі және сыртқы факторларына деген қатынас, кәсіби тұрғыда ұтқыр болуыға ішкі ұмтылыс);

- *мазмұндік (когнитивтік-іс-әрекеттік) компонент* (хореографиялық өнер саласындағы білімдер, икемділіктер мен дағдылар, би саласындағы орындаушылық икемділіктер);

Бакалавриаттың «Хореография» мамандығының модульдік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру мазмұны мына компоненттерден тұрады: хореографиялық өнердің теориялық негіздері мен ерекшеліктерін, шығармашылық үдерісінің заңдылықтарын білу; әлемдік және отандық хореография өнерінің тарихын, бағыттарын және даму тенденцияларын, бидің көркем-бейнелік тілінің ерекшелігін білу; хореографиялық білім беру саласындағы білімдерін білім алушылардың жас және жеке-дара айырмашылықтары, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін есепке алуып қолдана білу икемділігі;

би-орындаушылық дағдылары, би шығармаларын музыкалық жайып салу (раскладка) дағдыларын меңгеру; қойылым және репетициялық жұмыстар білімдері мен дағдыларын меңгеру; инновациялық педагогикалық тәжірибені қолдану икемділігі, би-педагогикалық іс-әрекетке жоғары мотивацияға ие болу, өзіндік білім алуға ұмтылыс мен концерттік-орындаушылық және ағартушылық іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыру икемділігі. [4, 4-б.];

Біздің пайымдауымызша, болашақ хореографтарға білім беру бағдарламалары мазмұнының кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастырудағы мүмкіндіктері жоғары. Мысалы, «Ұлттық сананы қалыптастыру және руханы жаңғыру негіздері мен қоғамдық пәндер» модулі мазмұнын құрайтын «Қазіргі Қазақстан тарихы», «Философия», «Қоғамдық сананы жаңғырудың өзекті мәселелері» оқу пәндерін оқып-үйренуде студенттерге қазіргі өзгермелі әлемде кәсіби ұтқырлық факторының маңыздылығы туралы білімдер беру мақсатқа сай. Ал «Өзін-өзі тану» пәні жаңалықтарды, өзгерістерді позитивті қабылдау, кәсіби іс-әрекетте экстремальді жағдайларға даярлықты қамтамасыз ететін психологиялық білімдер мен икемділіктерді қалыптастырады.

«Сахна шеберлігі негіздері» модуліне жататын пәндер – «Режиссура негіздері мен актердің шеберлігі», «Хореографиялық пәндерді оқытудың әдістемесі» пәндерін оқытуда бір іс-әрекет түрінен басқа іс-әрекет түріне өтуді жаттықтыру мүмкін. Яғни, студент – болашақ хореограф шынайы оқу жағдайларда хореограф маман қызметін модельдейтін әр түрлі әрекеттерді орындайды, олардың бірін басқасына ауыстырып ұтқырлық элементтерін жаттығады.

«Классикалық хореография негіздері» модулін оқып-үйрену, «Классикалық биді оқытудың әдістемелік негіздері», «Классикалық би тренажі I», «Классикалық биді орындау техникасы II» пәндері мазмұны меңгеруде классикалық би негіздері және залдың ортасында станоктың жанында экзерсисті орындау әдістемесін, классикалық би элементтерін әдістемелік және техникалық дұрыс орындау икемділіктерінен студенттер аналитикалық икемділіктерге қарай – балеттерден ұзындыларды талдау, көріп алынған балет спектакльдер бойынша қорытындылар жасауға өтеді.

«Хореография» мамандығының модульдік оқу бағдарламаларында студенттердің коммуникативтік қабілеттерін дамыту да қарастырылған, бұл кәсіби ұтқырлықтың маңызды құрамдасы - әлеуметтік бейімделу дағдыларын дамыту мен тығыз байланысты. Сондай-ақ, болашақ хореографтың орындаушылық білімдері, икемділіктері мен қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған арнаулы курстарды студенттердің оқу-танымдық жұмыстарын интербелсенді формалар және әдістермен өту кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

- *эмоциональдық-құндылық компонент* (хореография мамандығына деген құндылық қатынас, эмоциональдық-психологиялық әрекеттілік,

реакцияның жылдамдығы, зейіннің ауспалылығы, дамиған би қиялы, музыканы, би іс-қимылдары мен әрекеттерін қабылдау т.б. биші-орындаушының қажетті тұлғалық-психологиялық сипаттар);

- *әлеуметтік-коммуникативтік компонент* (әлеуметтік-артистик бағыттылық, би-коммуникативтік бастамашылдық, кәсіби-шығармашылық бейімділік, би орындауда мінез-құлық модельдерінің рөлдік ауыспалылығы, орындайтын қызметті жылдам ауыстыруға даярлық).

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді талдау қазіргі маман кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың бір қатар заңдылықтары мен шарттарын анықтауға мүмкіндік береді:

- кәсіби ұтқырлықтың ең маңызды жолы – білімін ұдайы жетілдіру. Ұдайы өз білімін жетілдіру қызметкердің еңбек нарығындағы позициясын күшейтеді. Маманның білімдік әлеуеті қаншалықты жоғары болса, оның экономикалық белсенділігі соңшама жоғары болады, жұмыс мен қамтылу дәрежесі артып, жұмыссыздық азаяды [5, с. 299];

- қоғамдағы кәсіби білімнің еңбек нарығы қажеттіліктерінің құрылымына сәйкестігі, сондай-ақ білім беру ұйымдарының жұмыс берушілермен тиімді өзара әрекеттестігі;

- жоғары кәсіби білім беру мазмұнының сыртқы факторларды ескеретін икемдігі;

- жоғары оқу орындары бітірушілерінің құндылық бағдарлары мен жұмыс берушілердің күтулері сәйкес келуі, бітіруші жас мамандардың өзіндік кәсіби өсу траекториясын анық елестеуі және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға деген қажеттіктерінің болуы (А.Б. Яшков [6]);

- хореография саласында кәсіби ұтқырлықтың әлеуметтік-демографиялық шартталуы (жас ерекшеліктері, білім деңгейі, бейіндік білім алу және хореографиялық өнердің түрі);

- кәсіби ұтқырлықтың жеделдігі мен жылдамдығы өзара байланысты.

Бүгінгі таңда Қазақстанда болашақ хореограф мамандардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың өзектілігін шарттайтын бір қатар факторлар пайда болды:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында болашақ хореограф мамандарды даярлаудың жаңа міндеттері [1];

- ұлттық кодті сақтау тұрғысынан ұлттық рухани-мәдени мұраға, соның ішінде қазақ халқының және Қазақстанның басқа этностары ұлттық би өнеріне деген қоғамдық сұраныстардың артуы;

- мәдениет саласын ұйымдастыру, мәдениет және өнер мекемелері қызметіндегі өзгерістер;

- төртінші өнеркәсіптік революцияның қоғамның кәсіби құрылымына әсері, көз жетерлік болашақта көптеген кәсіптер мен мамандықтардың жоғалуы ықтималдығы [7];

- ақпараттандыру, цифрлық технологиялардың тек техникалық емес, шығармашылық мамандықтар иелерінің қызметіне әсері [8].

Болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда кәсіби білімдер мен орындаушылық дағдылар мен икемділіктердің орны мен рөлі жоғары болғанымен, оның кәсіби ұтқырлығы хореографтың тұлғалық-психологиялық сипаттарын дамытусыз мүмкін емес. Қазіргі заманғы хореографтың іс-әрекетінде психологиялық құзыреттілік, оның орындаушылық немесе педагогикалық қабілеттерінен, би техникасын жете меңгеруден аз емес.

Хореографиялық педагогика саласындағы іргелі зерттеу жұмыстарында маманды кәсіби дамытудың негізі кәсіби іс-әрекетті мотивациялау мен кәсіпке құндылық қатынас екендігіне ерекше назар аударылады (А.К. Кульбекова [9], Е.А. Бережная [10] М.Н. Юрьева [11], Б.С. Тлеубаева [12] т.б.).

Хореографиялық іс-әрекеттің мотивациясын мотивацияның негізгі көзі болып табылатын қажеттіліктерді, іс-әрекеттің тұлғалық мағынасының көрінісі болған қатынасты және затталдырылған қажеттілік ретінде мотивтердің өздерін кірістіретін объективті және субъективті себептер (қозғаулар) деп сипаттау мүмкін. Бірақ болашақ хореографтардың кәсіби мотивациялау нақты мақсатқа және құндылықтарға бағытталған болуы қажеттігін ескерсек, онда кәсіби іс-әрекетке мотивациялауды оның қажеттіліктерін қамтамасыздандыруға бағытталған хореографиялық іс-әрекетке тұлғалық-мағыналық, шығармашылық, танымдық, коммуникативтік қатынас ретінде сипаттау мүмкін.

Хореографиялық білім педагогикасы саласындағы педагог-ғалым А.К. Кульбекова «хореографиялық факультеттердің бітірушілері әртүрлі мәдени-сауықтыру, әлеуметтік-мәдени түрдегі мекемелерде жұмыс істейді: хореографиялық ансамблдарда, халық шығармашылығы орталықтарында, өнер мектептерінде, мәдениет үйлерінде т.б. Бұл кәсіби міндеттерді толықанды орындау үшін қажетті білімдерді үздіксіз жаңғыртуды талап етеді. Өкінішке орай, бүгінгі таңда Қазақстанның жоғары оқу орындары мен мәдениет пен өнер мекемелеріне дайындалатын болашақ мамандар өсіп бара жатқан кәсіби талаптарға барлық жағынан сәйкес келетін білімдер мен икемділіктерді алмай отырғандығы мамандардың кәсіби шеберлігін одан әрі жетілдіруге деген қажеттілікті шарттайды. Хореографтарға кәсіби білім беру жалпы деңгейінің артуы, өз кезегінде, олардың өзін-өзі жетілдіруге қажеттіліктерін да арттыратындығын атап өтуіміз қажет» [9, 134-б.].

Педагог-хореограф тұлғасының кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруды Б.С. Тлеубаева объективті және субъективті, тікелей және жанама факторларға тәуелді болған, олардың ішінде студенттерді оқу-тәрбие үдерісіне және өзіндік білім алу мен өзін-өзі жетілдіру үдерістеріне кірістіруші, сондай-ақ белгілі педагогикалық шарттар болып табылатын қажеттіліктер, қызығушылықтар мен мотивтерді

анықтайтын педагогикалық басқарылатын үдеріс ретінде анықтайды [12, 39-б.].

Автордың жоғары оқу орныныда хореографиялық пәндерді оқытудың ерекшеліктерін анықтауға арналған зерттеулерінде хореографиялық педагогика құралдарымен болашақ педагог-хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға дидактикалық негіздеме бола алатын көптеген қорытындылар мен тұжырымдар жасалынған. Атап айтқанда, Б.С. Тлеубаева мектеп деңгейіндегі хореографиялық дайындықтың мазмұнына талдау жасау арқылы жоғары білім жүйесінде болашақ хореографтарға арнаулы білім берудің ерекше қырларын анықтаған.

«Болашақ педагог-хореограф жақсы білуі қажет болған мектеп деңгейінде хореографиялық дайындық мазмұнын талдау, барлық іскерліктер мен дағдылар күнделікті жаттығу, белгіленген қағидалар мен ұдайы сценикалық тәжірибені орындау үдерісінде меңгеріледі. Осы байланыстарда хореографиялық циклдағы пәндерді оқытудың мақсатына тек қана іс-әрекетсіз, теория мен, немесе іс-қимылдар кез келген өнердің көркемдік және техникалық ерекшеліктері туралы негізгі білімдерсіз қол жеткізуге болмайды», - деп жазады [12, 50-б.].

Осы пікірлер болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға негіз болатын хореографиялық теория мен тәжірибелік іс-қимылдарды кіріктіру принципін сипаттайды.

Қазіргі таңда балеттік педагогикаға талаптарды түзету және егжей-тегжей нақтылау қажеттілігі пісіп жетілді, деген пікір қолданылуда: орындаушылық шеберлігінің деңгейін арттыруға әсер етуші негізгі факторлардың бірі болып табылатын оқыту әдістемесін жетілдіру. Классикалық биді жаңа техникалық және мәнерлі мүмкіндіктермен байыту үдерісі хореографиялық білім беру жүйесін жетілдіруді талап етеді. Мұндай қайта құру бүгінгі таңда қозғалыс үдерісі мен тікелей байланыстағы ғылым салаларының (биомеханика, анатомия, физиология т.б.) бір қатар жетістіктерімен дайындалған. Ол өз дене қимылдары арқылы кез келген балетмейстерлік жұмысын оның би-пластикалық тілінің стилі мен сипатына қарамастан, өмірде нақтылы түрде көрсетуге қабілетті әмбебап-бишіні талап ететін қазіргі балет театрының сахналарындағы шығармашылық үдерістің қазіргі заманғы ерекшеліктерімен шартталады [12, 50-51-бб.].

Бұдан болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы принцип – *хореографиялық пәндерді оқыту әдістемелерін шектес ғылым салаларының жетістіктерін пайдаланып пәнаралық деңгейде жетілдіру принципін* сипаттайды.

Хореографиялық педагогика оқытуды рәсімдендіру (формализациялау)дан арылуы, яғни мектеп мен театрдың жанды байланыстарын бекіту, бірін-бірінің шығармашылық дамуына қолдау көрсетуі, ұрпақтар байланысын үзбеу, дәстүрлер сабақтастығын қамтамасыз ету – болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы

негіздерін қалыптастырудағы дидактикалық ұстанымдардың қатарына жатады. «Көркем-шығармашылық даму үстем міндет болуы керек, ал би әрекеттерінің жеңілдігі мен үйлесімдігіне қол жеткізу мен тікелей қатысты болған оқушы денесін физикалық және техникалық тәрбиелеу - балет артистерін дайындау құралдарының бірі болуы керек. Осы ережені болашақ педагог-хореографтарды дайындауда ескеру қажет» [12, 51-б.].

Кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыру студенттерде өзін-өзі дамытуға, өзін жетілдіруге ұмтылыстарды тәрбиелеумен байланысты. Бұған хореограф-студенттер меңгерілетін кәсіби білімдердің «тұлғалық мағынасын» терең пайымдаулары, білімдерді меңгеруге қажеттіліктерінің болуы, әр түрлі мәселелер бойынша өз пікірлерін негіздей білуі, шынайы хореографиялық үдерістерде «жаңа» сипаттарды анықтай білуі, оқу сипаттағы мәселелер мен тапсырмаларға жеткілікті дәрежеде еркін бағдар алу мүмкіндік береді.

«Қазіргі педагог-хореографтарға өз кәсіби көзқарастарын жылжытуға еркіндік берілген, оған тек «өз позициясын еркін таңдауға» ғана емес, оны дәйекті қорғауға да жағдай туғызылады. Бұл жерде өзін, өз тұлғалық әлеуетін шығармашылық жүзеге асыруға, объективті және субъективті факторлар негізінде қарама-қайшылықтарды диалектикалық талдауға қабілеттілік көрініс табады. Бұл жағдайда сөз шығармашылық іс-әрекеттің маңызды тетігі болған хореографияда жаңа, перспективалық бағыттарды көру туралы сөз барады» [12, 56-б.]. Кәсіби ұтқырлық қалыптастырудың тағы бір принципін біз - *оқу сипаттағы хореографиялық мәселелер мен тапсырмаларға жеткілікті дәрежеде еркін бағдар алу, ойлаудың креативтілігі мен перспективалылығы* деп атаймыз.

Болашақ хореограф кәсіби іс-әрекет тәсілдерін шығармашылық деңгейде меңгеруінің оның кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудағы маңызы зор. Заманауи хореографтың шығармашылық іс-әрекеті мынандай психологиялық-педагогикалық тетіктерді кірістіретін, өзінің арнаулы құрылымдық-мазмүндік құрамы мен мінезделеді:

- хореография саласындағы қазіргі құбылыстар мен үдерістерді, оның хал-күйі, мәселелерін білу, оларға өзіндік баға бере алу;
- хореография саласындағы озық тәжірибелерді зерделеу, қорыту және өзіндік іс-әрекетте пайдалану;
- кәсіби маңызды хореографиялық мәселелердің шешімдерінің әртүрлі нұсқаларын ұсыну және негіздеу;
- хореографиялық мәселелерді пайымдауда өзінің тұлғалық-кәсіби ұстанымын көрсету;
- хореография саласындағы алдағы өзгерістер, жаңа перспективалық бағыттарды көреу білу;

- өзіндік кәсіби шығармашылық ойлауын дамыту, психологиялық дағдыларын (шығармашылық көңіл-күй, стресстерге тұрақтылық т.б.) нығайту;

- кәсіби деформацияланудың алдын алу тәсілдерін меңгеру және пайдалану;

- икемді дағдыларды (ұдайы білімін жетілдіру, тиімді коммуникация құру, жаңалықтарды қабылдау және оларға жылдам бейімделу т.б.) меңгеру, әр қандай жаңалықтар мен өзгерістерді қабылдауға даяр болу.

«Хореография» мамандығының модульдік оқу бағдарламаларын [4] талдау және жоғары оқу орындарында хореографиялық білім беру тәжірибесін зерделеу, бүгінгі таңда болашақ хореографтарды даярлау мазмұны мен үдерісінің кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыру мүмкіндіктері жеткілікті дәрежеде пайдаланылмай жатқандығын көрсетеді. Оның негізгі себептерінің бірі – білім беру мазмұнын құрастыруда, яғни мамандықтың модульдік оқу бағдарламаларын жасауда кәсіби ұтқырлық факторын толық есепке алмау.

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттер мен жоғары оқу орындарында хореографиялық білім берудің озық тәжірибелерін зерделеу және қорыту негізінде, біз болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың нәтижелілігін артытурдың кейбір мүмкіндіктерін анықтадық және оларды төмендегідей педагогикалық шарттар түрінде тұжырымдадық:

1) *Кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудағы хореографиялық пәндердің педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау және жүзеге асыру.*

Жоғарыда қарастырылған «Хореография» мамандығы білім беру мазмұнын құрайтын оқу пәндерінің кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мүмкіндіктері талданып, анықталады және жүзеге асырылады.

2) *Хореографиялық білім беруді көп функциональдық тұғыр негізінде құрастыру және оны әмбебаптандыру.*

Болашақ хореограф тек хореограф маманның базалық қызметтерін орындай ғана қоймай, музыкант-концертмейстер, театр артисі, эстрада солистсі, педагог, менеджер-басқарушы қызметтерін атқаруға даяр болған жағдайда ғана кәсіби ұтқырлық танытады. Сондықтан хореографиялық өне саласында алынған берік іргелі білім өнердің тектес салалары бойынша білімдер, икемділіктер, қабілеттерді қалыптастыру мен кеңейтіледі. Көп функциялы тұғыр негізіндегі хореографиялық білім беру, оны әмбебаптандыру мынандай жолдармен жүзеге асырылады:

- «Хореографиялық өнер негіздері» интегративті курсына енгізу;

- «Хореография» мамандығы оқу жоспарына «Педагогика және психология», «Хореографиядағы менеджмент», «Музыкалық өнер негіздері», «Театральдық өнерге кіріспе» элективті пәндерін кіріту.

3) *Бір сабақтың аясында студенттердің әртүрлі кәсіби функцияларды орындауы, оларды кезектесдіруі, біріктіруі,*

тапсырманың бір түрінен басқа түріне ауысуын қамтамасыз ететін оқу жағдаяттарын жасау.

Бұған хореограф маманның кәсіби функцияларын модельдеуші оқу-өндірістік тапсырмаларды дайындау және болашақ хореографтарды оқыту үдерісінде пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Бұл шынайы өндірістік үдерістерді иммитациялық модельдеу әдісі. 5B040900-Хореография мамандығының білімдік бағдарламасыны талдау [4] хореограф-маманның бір қатар кәсіби функциялары анықтауға мүмкіндік береді, яғни оқу, оқу-өндірістік тапсырмаларда мынандай функциялар көрініс табады:

- мектептер және басқа мекемелерде үйірме жұмыстарына жетекшілік жасау;
- білім беру ұйымдарында әдіскерлік қызметі;
- классикалық, халық-сахналық, қазақтың би өнері, қазіргі хореография және спорттық-бал билері педагогтары қызметі;
- ғылыми-зерттеу ұйымдарында хореографиялық өнер зерттеушілері қызметі;
- шығармашылық ұжымдарда орындаушы-биші қызметі;
- шығармашылық ұжымдар менеджері қызметі;
- хореографиялық өнер саласында іскерлер қызметі.

4) Болашақ хореографтардың кәсіби дайындық іс-әрекет түрлерін (бейіндерін) кезең-кезеңмен кеңейту.

Студенттер әр оқу жылы оқу және кәсіби іс-тәжірибе барысында хореографиялық іс-әрекеттің белгілі бір бейінін меңгереді. Мысалы:

- мәдени-ағарту іс-әрекеті (хореографиялық өнерді насихаттаушы дәрістер оқу, сұхбаттар өткізу, театрларға саяхаттарды ұйымдастыру);
- шығармашылық іс-әрекеті (хореограф-репетитор, балетмейстер-қоюшы жұмысы);
- ұйымдастырушы-шығармашылық іс-әрекеті (хореографиялық ұжым менеджері, шоу-бағдарламалар ұйымдастырушысы, шығармашылық ұжымдар администраторы немесе жетекшісі);
- білімдік іс-әрекет (орта педагогикалық колледждердегі, өнер мектептері, студиялар, шығармашылық және мәдениет үйлері, балалар ұйымдары, ансамблдар мен клубтарда педагогикалық жұмыс жүргізу);
- ғылыми-зерттеу және әдістемелік іс-әрекет (хореография саласында, хореографиялық өнерді оқыту бағытында студенттік ғылыми-зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру);
- іскерлік қызметі (мәдениет мен өнер саласында қызмет көрсетудің бизнес жобаларын құру және іске асыру).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Оңтүстік Қазақстан, 2017, 12 сәуір.
2. Большая экономическая энциклопедия / Отв. ред.: Н.В. Дубенюк. - М.: Эксмо, 2007. - С. 380.

3. Бутова И.А. Формирование профессиональной мобильности музыканта-концертмейстера в процессе обучения в музыкальном колледже // Дисс. канд. пед. наук. - Екатеринбург, 2012. - 217 с.

4. Модульная образовательная программа. «Современные школы хореографии». в рамках специальности 5В040900 - Хореография. Уровень образования - бакалавриат. - Шымкент: ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2018. - 102 с.

5. Ковалева А.И. Профессиональная мобильность// Знание. понимание. умение, 2012. - № 1. – С. 298-300.

6. Яшков А.Б. Установки выпускников и ожидания работодателей // Образовательные технологии. 2010. - № 4. С. 60–71.

7. Сафаров Т.Ф. Трансформация рынка труда в условиях цифровизации экономики // сборник статей Международной научно-практической конференции. В 2 частях. Ответственный редактор Гуляев Г.Ю. – М.: Издательство: МЦНС «Наука и Просвещение», 2018. – С. 61-64.

8. Алметов Н.Ш., Толешова А.А., Азизханова Д.К. Factor of Professional Mobility in Training of Future Engineer // Труды Международной научно-практической конф. ICITE-2019. – Шымкент, 2019. - С. 147-151.

9. Кульбекова А.К. Формирование основ профессионального мастерства хореографов в вузах и учреждениях культуры и искусства Казахстана: системный подход // Дисс... доктора пед. наук. - М., 2009. - 444 с.

10. Бережная Е.А. Развитие основ профессионального творчества будущих хореографов в процессе изучения предметов психолого-педагогического цикла // Дисс... канд. пед. наук. - Ростов-на-Дону, 2008. - 166 с.

11. Юрьева М.Н. Профессионально-техническое становление личности студента-хореографа в ВУЗах культуры и искусства // Дисс... доктора пед. наук. - Тамбов, 2010. - 570 с.

12. Тлеубаева Б.С. Формирование профессионально значимых качеств будущего педагога-хореографа // Дисс. ... канд. пед. наук. - Шымкент, 2006. - 139 с.

3.45. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілегін қалыптастырудың педагогикалық негіздері

Алтын Конысбаевна Төлеуова

3. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік – техникалық университеті, гуманитарлық білімдер магистрі, доцент
(Қазақстан, Қостанай қ.)

Махаббат Бидавлетовна Куантаева

3. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік – техникалық университеті, аға оқытушы (Қазақстан, Қостанай қ.)

Дамеш Загановна Абдуллина

3. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік – техникалық университеті, гуманитарлық кафедраның доценті
(Қазақстан, Қостанай қ.)

Марина Александровна Футман

3. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік – техникалық университеті, тарих магистрі, аға оқытушы (Қазақстан, Қостанай қ.)

Нургуль Бейсембаевна Бейсембаева

3. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік – техникалық университеті, заң ғылымының магистрі, аға оқытушы
(Қазақстан, Қостанай қ.).

Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушылардың арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру мұғалімнің теориялық білімінің болуын қажет етеді. Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары: конструктивтік, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, акпараттық, зерттеушілік. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен карап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінеді. Әлемдегі озық, бәсекелестікке қабілетті 30 елдің қатарына еніп, өркениетті елдермен иық тіресе тұру міндеті, еліміздің болашақ азаматтарының қолында [1, 6 б.].

Ендеше жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы реформалар, педагогикалық әдіс - тәсілдердің тын, мәнді, әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезеңде, мұғалімдер жылдар бойы жинақтаған. Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Құзыреттілік дегеніміз-тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш - жігердің болуы. Құзыреттілік жаңа әлеуметтік- экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән беру білімді жоғары дәрежеге көтергені мәлім. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, соның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған максаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділігін атайды.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты [4]

Сондықтан, бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлі әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіліктерін сезіну» - кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. «Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді» [5].

Кәсіби білімді маманның құзыреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру. Құзыреттілік қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы, шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Құзыреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде

ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеністігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың маңызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі. [2, 3-4 б.]

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады. Мұғалім кадрларын кәсіби оқыту жүйесінде педагогикалық практика өте маңызды орын алады. Ол жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінің басты бір бөлігі болып табылады да, болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығы мен практикалық іс-әрекетін біріктіруін қамтамасыз етеді. Педагогикалық практика үрдісінде келесі міндеттер шешімін табады:

- студенттерді мұғалім мамандығына деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктің тұрақтылығына тәрбиелеу;
- нақты педагогикалық міндеттерді шешу барысында психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді пайдалану үрдісін терендету, бекіту;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту, педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік ыңғайға бейімдеу.

Педагогикалық практиканың тиімділігінің негізгі шарттары - оның кәсіби бағыты, теориялық негізділігі, оқыту және тәрбиелеу сипаты, педагогикалық практиканың мазмұнына және ұйымдастырылуына комплексті тұрғыдан қарау, жүйелілік, оны өткізудегі қажеттілік. [3]

Педагогикалық практика кезінде студент келесі кәсіби-педагогикалық іскерлік негіздерін меңгеруі тиіс: оқушылардың жас және

жеке ерекшеліктерін және ұжымның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, нақты оқу-тәрбие міндеттерін анықтау;

- оқушылардың дамуы мен тәрбиесін диагностикалау және жобалау мақсатында оқушы тұлғасы мен ұжымды зерттеу;
- педагогикалық қызметтің ағымдағы және болашақтағы жұмыстарды жоспарлауын жүзеге асыру;
- оқушылардың оқу-танымдық қызметінде басқарудың әртүрлі формалары мен әдістерін пайдалана алу және білім-тәрбие міндеттерін шешу;
- балалар ұжымын алға койған міндеттерді орындауын ұйымдастыру (өз іс-әрекеті мен оқушылар іс-әрекетінің жүйелілігін анықтау, белсенділерді анықтау, ұжым мен белсенділердің қарым-қатынасын үйлестіру, бақылауды жүзеге асыру, жұмыстың қорытындыларын шығарып, оны талдау);
- мұғалімдермен, сынып жетекшілерімен, тәрбиешілермен, ата-аналармен және тәрбие ісіне қатысы бар барлық адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болу;
- оқу-тәрбие жұмысын бақылау және талдау;
- ата-аналар арасында педагогикалық насихат жұмыстарын жүргізу [6]. Қорыта айтқанда, болашақ мұғалімнің кәсіби калыптасуында үздіксіз практиканың алатын орны ерекше. Ол педагогикалық оқу орны мен мектеп арасындағы тығыз байланыстың нәтижесінде жүзеге асырылады.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Алматы, 2010. 6 б.
2. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004. - 3-4 б.
3. Әлмұханова Х.Т., Бейсебаева П.С. Құзіреттілік-кәсіби маман даярлаудың басты сапасы. - // http://www.rusnauka.com/15; AAPSN 2011/Pedagogica/2_85259.doc.htm
4. Назарбаев Н. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасын дамыту. // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Оқылған лекция. - Астана, 2006.
5. Байжұманова Н.С. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі / Білім әлемінде, 2008, № 5.
6. Маркова А.К. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі, 2009 ж.

3.46. Формирование умений и навыков проектной деятельности студентов вуза

Гульшат Бисенгалиевна Акмурзиева

аспирант факультета «Педагогики и социальной работы»
кафедры «Социальной педагогики и психологии».
ФГБОУ ВО «Астраханский государственный университет»
(г. Астрахань, Россия)

преподаватель кафедры «Гуманитарные дисциплины и физическое воспитание». НАО «Атырауский университет нефти и газа им. С. Утебаева» (г. Атырау, Казахстан)

Гульнара Насипкалиевна Сагиденова

старший преподаватель кафедры «Гуманитарные дисциплины и физическое воспитание». НАО «Атырауский университет нефти и газа им. С. Утебаева» (г. Атырау, Казахстан)

Актуальными становятся задачи развития умений и навыков проектирования студентов вуза и формирования личности, способной адаптироваться в условиях постоянных изменений и находить решения в любых профессиональных и жизненных ситуациях. Сегодня в высших учебных заведениях есть все возможности для развития проектного мышления с помощью особого вида деятельности обучающихся – проектной деятельности.

Проектная деятельность студентов – форма учебно-познавательной активности студентов, которая заключается в мотивированном достижении сознательно поставленной цели по созданию творческого проекта, обеспечивающая единство и преемственность различных сторон процесса обучения и являющаяся средством развития личности как субъекта учения.

Проектное обучение или «метод проектов» используется педагогами разных стран. Теория и практика проектной деятельности и проектного обучения стала развиваться в конце XIX - начале XX века. Метод проектов возник во второй XIX века в школах США. Сначала его называли «методом проблем» и связывался он с идеями гуманистического направления в философии и образовании, разработанными американским философом и педагогом Дж. Дьюи, а также его учеником У.Х. Килпатриком.

Основная цель проектной деятельности студентов – это развитие свободной творческой конкурентоспособной личности, которое определяется задачами развития исследовательской деятельности студентов. Она помогает освоить им новые способы деятельности на основе интегрированного содержания; вывести образование за пределы образовательной организации, используя потенциал информационных ресурсов. Всё это в будущем поможет студенту стать востребованным специалистом.

Проектная деятельность студентов может стать и эффективным средством развития профессиональной мотивации, позволяет человеку самостоятельно развиваться, приобретать и усваивать материал в удобной и доступной форме, формирует навыки нестандартного мышления и творческого потенциала.

Важно отметить, что у проектной деятельности есть ряд преимуществ. Во-первых, во время проектной деятельности студенты учатся самостоятельно искать, анализировать, выбирать полезную информацию. Во-вторых, студенты могут выбрать задания, которые им интересны и соответствуют их личным способностям и интересам. В-третьих, является эффективной формой работы и тесно связана с применением новейших компьютерных технологий. В-четвертых, она позволяет решить проблему мотивации.

Проектная деятельность – самостоятельная деятельность студентов, направленная на приобретение ими учебно-познавательных и практических умений. Е.С. Полат и М.Ю. Бухаркина указывают, что проектное обучение даёт возможность развивать у студентов:

- коммуникативные навыки и умения: формулировать научную проблему в исследуемой сфере; адекватно подбирать средства и методы для решения поставленных задач при написании проекта; пользоваться различными методиками для сбора необходимой информации; владеть способами обработки полученных данных и их интерпретацией; делать обоснованные заключения по результатам проводимых исследований и оформлять их в виде презентации;

- исследовательские умения (умение анализировать проблемную ситуацию, выявлять проблемы, осуществлять отбор необходимой информации из литературы, проводить наблюдение практических ситуаций, анализировать их результаты, строить гипотезы, осуществлять, обобщать, делать выводы);

- умения работать в команде (происходит осознание значимости коллективной работы для получения результата, роли сотрудничества, совместной деятельности); выполняя разные социальные роли (лидера, члена команды), принятие и распределение ответственности за выбор, решение, контроль хода совместной работы и направление её в «нужное русло»;

- коммуникативные умения (умение не только высказывать свою точку зрения, но и выслушать, понять другую, в случае несогласия уметь конструктивно критиковать альтернативный подход для того, чтобы в итоге найти решение, синтезирующее, удерживающее позитивы каждого предложения).

Также в основе проектного обучения лежит развитие критического мышления, познавательных навыков обучающихся, умение самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, находить решение различных

проблем. Этот метод позволяет воспитывать самостоятельную, ответственную личность, развивает умственные способности и творческое начало. Проектная деятельность даёт возможность студентам активно проявить себя в системе общественных отношений и позволяет приобрести навыки планирования и организации своей деятельности. Практика показывает, что при такой работе у будущих специалистов развивается стратегия мышления, оттачиваются аналитические способности, формируется самокритичность.

Проектное обучение сочетает теоретические знания и их практическое применение для решения проблем, т.е. проектное обучение – это есть способ достижения дидактической цели через детальную разработку проблемы, которая должна завершиться реальным, практическим результатом, оформленным тем или иным образом. Это результат можно увидеть, осмыслить, применить в реальной практике.

Привлечение студентов высших учебных заведений к проектной и исследовательской деятельности начинается с первого курса обучения. Участие студентов в научных конференциях (подготовка и написание статей, выступление перед аудиторией); работа в научных кружках под руководством опытных преподавателей позволяет сформировать общекультурные компетенции и получать новые знания в сфере проектирования. Постепенное включение студентов в проектную деятельность в качестве волонтеров, участие студентов в конкурсных отборах различных проектов на внутривузовском, а затем и республиканском уровнях позволяет грамотно формулировать проектный замысел, научиться генерировать инновационные решения, владеть научными основами и методами трансфера технологий.

Результатом проектной деятельности являются любые продукты, процессы, услуги, стандарты, программное обеспечение, а также компетенции (личностные, информационно-коммуникационные, коммуникативные).

Проект, который выполняют студенты, должен вызвать в них энтузиазм, увлекать их, идти от души. Любое действие, выполненное индивидуально или в группах, обучающиеся должны спланировать, самостоятельно выполнить, проанализировать и оценить.

Умение и навык проектирования важны в современном мире и метод проектов помогает их формированию. Если студент сумеет справиться с работой над учебным проектом, можно надеяться, что в настоящей взрослой жизни он окажется более приспособленным: сумеет спланировать собственную деятельность, ориентироваться в разнообразных ситуациях, совместно работать с различными людьми, т.е. адаптироваться к меняющимся условиям.

Список литературы:

1. Безрукова В.С. Педагогика. Проективная педагогика. - Екатеринбург: Изд. «Деловая книга», 1996. - 344 с.
2. Джуринский А.Н. История педагогики: Учеб. пособие для студентов пед. вузов. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. - 432 с.
3. Емельянова Н.В. Проектная деятельность студентов в учебном процессе // Высшее образование сегодня, 2011. № 3. 82 -84 с.
4. Закирова Т.И. Проектная деятельность студентов как метод формирования компетенций студентов вуза // Современные проблемы науки и образования. - 2017. - № 5, 145-148 с.
5. Подласый И.П. Педагогика: Новый курс: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений: В 2 кн., Кн. 1. Общие основы. Процесс обучения. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. - 576 с.
6. Слостенин В.А. Педагогика [Текст]: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; Под ред. В.А. Слостенина. - М.: Издательский центр "Академия", 2015. - 576 с.

3.47. Білім алушылардың жоғары ойлау дағдыларын дамыту жолдары

Айнур Ержановна Рымжанова

Физико-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі тарих пәні мұғалімі (Қазақстан, Алматы обл., Талдықорған қ.)

Қазіргі қоғам өзінің іс-әрекетіне өзі басшылық жасап, шұғыл шешім қабылдай алатын тұлғаны қажет етеді. Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық, түсіністік, сыйластыққа негізделуі оқушының ізденушілігін дамыту - қазіргі оқыту жүйесінің бағыт алатын өзекті мәселелері.

Әлемдік еңбек нарығында жеке тұлғаның жоғары ойлау деңгейі айрықша бағаланады. Жоғары ойлау деңгейі – оқушылардың білімді жаңа ситуацияда қолдануы, оны түрлендіріп, алған білімінен жаңа нәрсе жасауы. Қазіргі заманғы білім берудің басымдылығының өзі - оқушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолдану болып табылады. Осы талапты жүзеге асыру барысында «Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)» пәнінің негізгі мақсаттарының бірі - елдің ішкі саяси және әлеуметтік-экономикалық, ұлттық мәдени және өркениеттік ерекшеліктерін, географиялық жағдайын назарға ала отырып, Қазақстанның қазіргі әлемдегі орнын түсіну және болашақта мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық әлеуетін өсіру, оның саяси ықпалын ұлғайту, халықтың әл-ауқатын арттыру, ұлттың зияткерлік және өнегелілік прогресін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар пәндердің синтезі негізінде қажетті білімдер мен дағдыларды

қалыптастыру болып табылады. Пәнді оқыту барысында оқушыларда жоғары ойлау дағдыларын дамыту үнемі оқу мақсаттары, әр деңгейдегі тапсырмалар және кері байланыс түрінде жүзеге асырылып келеді.

Сыныптағы оқушылардың жоғары ойлау дағдыларын дамыту бірнеше факторларға яғни, мұғалімнің пәндік біліктілігіне, қарым-қатынасына, мұғалімдердің үздіксіз кәсіби біліктілігінің дамуына және ойлауға арналған оқу ортасын қамтамсыз етуге ықпал етеді.

«Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)» пәнінде жоба жасау және ол үшін ақпараттарды өздігінше іздей білудің қажеттілігі жоғары ойлау дағдыларын талап етеді. 11-сынып бағдарламасы бойынша талап етілетін жоғары ойлау дағдыларына негізделген тапсырмаларды орындауда қиналатын оқушылар да бар. Сондықтан да бұл жердегі мәселе әр оқушының қабілеттері мен жеке ерекшелігін ескере отырып, әрі өзіне деген сенімін арттыратын әдіс-тәсілдерді қолданып, сапалы жеке жұмыс жасай білуге үйрету болды. Сол мәселені шеші мақсатында «Іс әрекеттегі зерттеу» жүргізілді.

«Іс-әрекеттегі зерттеу» қарапайым зерттеу циклі бойынша іске асырылады: жоспарлау, әрекет ету, бақылау және рефлексия жасау, сонан соң, нәтижесіне қарай қайта жоспарлау, ары қарай әрекет ету, ары қарай бақылау және рефлексия жасау. «Іс-әрекеттегі зерттеу» зерттеу сұрағын анықтау мақсатында бірнеше дерек жинау әдістері қолданылып, тәжірибенің мықты және дамытуды қажет ететін тұстары қарастырып, тәжірибе зерделенді. Атап айтқанда:

- мағлұматтарды жинақтау (бақылау, әңгімелесу, сауалнама, тестілеу, сұхбаттасу, құжаттар мен іс-әрекет нәтижелерін талдау, оқытушы жұмысы тәжірибесін талдау және т.б.)

- бақылау мен өлшеу әдістері (шкалалау, тестілеу және т.б.);

- педагогикалық үрдісті өзгертілген және нақты ескерілген жағдайда зерттеу (педагогикалық эксперимент, зерттеу нәтижелерін мектеп жағдайында тексеру).

11-сынып оқушылары үшін Қазіргі әлемдегі Қазақстан (Қазақстан тарихы) жаңа мазмұндағы пән болғандықтан, жылдың басында біраз кедергілер кездесті. Жоғары ойлауды қажет ететін тапсырмаларды орындау бірқатар оқушыларға қиындық туғызды. Қазіргі әлемдегі Қазақстан (Қазақстан тарихы) пәні бойынша оқу бағдарламасы оқушылардың қазіргі заманғы ғылым проблемаларын қозғайтын жобалық-зерттеу жұмыстарын жүргізуін талап етілетіндіктен, оқушылардың нені жақсы іске асыра алатынын және нені дамыту қажет ететін бағыттарын анықтауда сауалнаманың бірнеше түрі қолданылды. (Қосымша 1).

Зерттеудің мақсаты: Оқушылардың жоғары ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамыту үшін тапсырмалар мен тиімді әдістерді ұйымдастыру және басқару.

Зерттеуден күтілетін нәтиже:

- Жоғары ойлау деңгейіне жататын дағдылар анықталады

- Жоғары ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен стратегиялар кіріктіріліп сабақ жоспарлары әзірленеді

- Оқушылардың ақпаратты іздеу, өңдеу, талдау және сыни бағалау дағдыларын дамытуға ықпал ететін стратегиялардың тиімділігі бағаланады.

Жоғары ойлау дағдыларын білім алушылар бойында қалыптастырып, дамыту үшін оқу үрдісінде алуан түрлі стратегиялар мен әдіс-тәсілдер қолданылды. Мысалға, сабақта қолданылған әдістің бірі - Эдвард де Б. Боно ұсынған АBB Абревиатура / Альтернатива, возможности, варианты / АМН Альтернатива, мүмкіндіктер, нұсқа. Мақсаты: Мәселені жан-жақты қарастыру, проблеманы кешенді шешу. Қазақстанның жаһандық дамуы себептерін талдау үшін IDEA формуласын сабақта пайдалану өте тиімді. IDEA формуласын (I (Identify) пайдалануға болады – жаһандануға кірігу оқиғалардың себептерін анықтайды; D (Describe) – сәйкесінше дәлелдерді сипаттайды; E (Explain) – осы себептердің Қазақстанның дамуына қалай ықпал еткенін түсіндіреді; A (Analyze) – осы себептердің қаншалықты маңызды болғанына талдау жасайды.

«Форсайт» немесе болашаққа болжам әдісіне тоқталсақ, оқушылардың жоспарлау, жасау, болжай білу (прагматизм) ойлау деңгейлерінің дамуына ықпалы сөзсіз. Сондай-ақ, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытатын әдістердің бірі. Форсайт немесе көзделген болашақ кестесі. (Қосымша 2)

Осы әдісті қолдану негізінде оқушылар болашақты енжар күтпей, керісінше оның параметрлерін белсенді үлгілеуге және болашақта белгіленген мақсаттарға жету үшін стратегияларды анықтауға үйренеді. Жоғарыда ұсынылған жоғары ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында оқушылардың ізденіс және зерттеу жұмыстарын жүргізу, өзгерістерді анықтау оған сәйкес дәлелдемелер келтіре отырып, шешім қабылдау және бағыттарды белгілеу, деректі таңдау, талдау, бағалауға арналған тапсырмалар мен стратегиялар мұғалімнің үздік тәжірибесінің дәлелдері және осы тәжірибе мұғалімдер үшін құнды мәлімет болып табылады.

Қазіргі әлемдегі Қазақстан (Қазақстан тарихы) пәні бойынша іс-әрекеттегі зерттеуге алынған сыныпта өзгерістер қаншалықты орын алғандығын анықтау мақсатында және анықталған мәселелердің деңгейін зерттеу үшін шығыс дерек жинау әдістері қайталанып жүргізілді. Іс-әрекеттегі зерттеу үдерісі тиімділігінің нәтижесін бағалау барысында бастапқы дерек жинау әдістері мен шығыс дерек жинау әдістерін салыстырылды.

Іс-әрекеттегі зерттеуді іске асыру барысында сабақта пайдаланған стратегиялардың тиімділігін анықтауға арналған сұраққа жауаптар қорытындысынан оқушылардың жоғары ойлау деңгейлерін дамытатын стратегияларды тиімді қолданылғанын көрсетеді. Сондай-

ақ оқушылар пәннің негізгі талаптары мен олардан күтілетін нәтижені түсінгені және бастапқы зерттеуде анықталған мәселелердің шешімдерінің табылғаны анықталды. (қосымша-3)

Алынған нәтижелердің қорытындысын және тиімділігін жинақтап, бағалай отырып, оқыту және оқу үдерісі бойынша мынадай мықты тұстары анықталды:

- Әр түрлі форматтағы жобаларды оқыту барысында оқушылардың өздігінен жұмыс жасай білу біліктерін арттырылды;

- Қоғамдағы өзгерістерді әлемдік деңгейде талқылау және бағалау дағдыларына бағытталған тапсырмалар оқушыларды прагматизмге тәрбиеледі;

- Жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін стратегияларды тиімді пайдалану оқушылардың сыни және рефлексиялық ойлауды, ізденіс және зерттеу жұмыстарын жүргізу, логикалық қорытынды жасай отырып, дәлелдер ұсыну дағдыларының дамуына ықпал етті.

- Мұғалімнің оқушылардың кері байланысына мұқият назар аударуы, оқу үрдісін дұрыс жоспарлай алуға, ал ол өз дәрежесінде оқу сапасын арттыруға көмектесті.

- Іс-әрекеттегі зерттеу пән мұғалімі ретінде өзімнің қандай мұғалім екенімді білуге және оқыту мен оқу үдерісім туралы сын тұрғысынан ойлауға көмек беретін тәсіл екені анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2005 жылғы, 16 ақпан.

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015, 30 б.

3. Мұғалім тәжірибесіндегі іс – әрекеттегі зерттеу @«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. Казыгулова Гаухар Ясыновна; Еликбаева Айгул Мамырбековна; Арынов Бакытнұр Токтиярович; Нурханова Ляззат Суйеубаевна; Жанабаева Жанагул Едресовна.

4. ПҚМК_2а2к_Рефлексиялық күнделік туралы ойлар.

5. Мұғалім тәжірибесіндегі іс-әрекеттегі зерттеу. @«Назарбаев Зияткерлік мектептері». ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018.

6. Бекахметов Г., Коржумбаева А. Сыни ойлаудың негіздері. Баспа. Қазақстанның жалпы ұлттық қозғалысы. 2050.

7. Іс-әрекетті зерттеу нұсқаулығы, 2014, Астана.

8. Іс-әрекеттегі зерттеу «Назарбаев Зияткерлік мектептері». ДББҰ, 2012.

Қосымша-1.



Қосымша-2.

Форсайт немесе көзделген болашақ кестесі

Қазақстан Республикасы экономикалық дамуы

1. Қандай болашақ бізді толықтай қанағаттандырады?	1. ҚР-ға топ-20 рейтинг экономикасы мемлекеттерінің тізіміне кіруге. 2. Еліміздегі орташа жалақы мөлшері 5000-7000 бақыты. 3. Мемлекеттің кәсіпшілік реттеуі тек 0.1% болуы.
2. Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін бізде не бар, не жоқ?	1. Елімізде ықпалды бар (жұмыс 20 млрд. теңге, қилла өндiрiсi 100млн. - IT-аппараттарды) 2. Елімізде стратегиялар бар (Қазақстан - 2050, Реттеу және) 3. ҚР-ға профессионалды кадрлар аз (2018 жылы 3700 адам жұмыс істеді)
3. Барды қалай ұтымды пайдалануымыз керек?	1. Шетелдік компаниялар мен экспортпен тиімді пайдалануы. 2. Елімізде барлық салаларда стратегиямен тиімділікпен қолдануы. 3. Еліміздегі ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу.
4. Жоқты қалай бар қыламыз?	1. Мемлекеттің қолдауы мен қолдауы, қолдау. 2. Елімізде мемлекеттік қолдауы. 3. Мемлекеттің қолдауы мен қолдауы.
5. Көзделген болашаққа қол жеткізуіміз үшін біздің не істеуіміз керек?	1. Шетелдік компаниялармен кәсіпшілікпен жұмыс істеу. 2. Шетелдік компаниялардан ҚР-ға жұмыс істеу. 3. ҚР ақпараттық көбірек түрліс ортамен жұмыс істеу.
6. Көзделген болашаққа жету үшін шаралардың реттілігі қандай болмақ	1. ҚР-ға өз мемлекеттерімен тиімділікпен жұмыс істеу. 2. Мемлекеттің қолдауы мен қолдауы. 3. Ел ақпараттық көбірек түрліс ортамен жұмыс істеу.

Қосымша-3.



3.48. Критериалды бағалау жүйесінің қазіргі жай-күйі

Ұлдада Тайырбекқызы Әнәпия

«6M012400 – Педагогикалық өлшемдер», 2-курс магистранты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

Жаңартылған білім беру бағдарламасы құзыреттіліктер мен білім сапасын арттыруға бағытталған. Оның маңыздылығы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибе жасау, АКТ-ны белсенді қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке және топта жұмыс жасай білу, функционалдық сауаттылықты шығармашылықпен қолдана білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатты қолануы, яғни жеңілден күрделіге өткенді қайталай отырып біртіндеп көтерілу, қиындығын арттыру [1].

Әлемдік «МакКинзи» компаниясының кеңесшісі, Ұлыбританиядағы білім сапасының сарапшысы М. Барбер «білім беру нәтижесін түбегейлі өзгертудің 3 факторы бар, олар: педагогтік қызметке соған лайықты адамдардың келуін қадағалау, олардың оқытушылық қызметті тиімді жүргізуге қажетті деңгейде даярдау және әрбір білім алушыға сапалы білім алуына қолайлы жағдай туғызу. Өйткені, кез келген білім беру ұйымындағы білім сапасы онда жұмыс істейтін оқытушылар сапасынан жоғары болуы мүмкін емес» деген.

Білім сапасына қойылатын жаңа талаптар білім мазмұнын игеруде мұғалімнің оқушымен қатар тұруын қажет етеді. Оқушылар білімін критериалдық бағалау оқыту мен білім беруге деген әртүрлі тәсілдемелерді пайдалануға, оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингін уақытылы жүргізуге, мұғалімге сабақты қажетті мазмұнмен толтыруға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, критериалды бағалау технологиядары оқушылардың оқуға деген уәждерін арттырып, оқытудың әлемдік тәжірибедегі үздік әдістерін біріктіреді.

Критериалды бағалау баланың бойындағы қорқынышты басады және мұнда ұстаз бағыт беруші рөлін атқарады. Есесіне оқушы өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуы секілді жақсы қасиеттерді игере алады. Қазіргі таңда оқушы білімінің деңгейін критериалды бағалау жүйесі бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр [2].

Қалыптастырушы бағалау технологиясын қолдану педагог пен бала арасындағы кері байланыс сыртқы кер байланыстан ішкі кері байланысқа ауысады, ал бұл оқушыны білім берудің субъектісі деңгейіне көтерілуіне мүмкіндік беріп отыр. Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Солайша бала, мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені

жоспарлау, оны бақылау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырады [3].

5,7-сыныптарда білім беру үрдісін ұйымдастыруда ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы №668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі №150 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары басшылыққа алынады [4].

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Әр критерийдің дискрипторы болады, онда оқу тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дискрипторларға сәйкес оқушы өз мақсатына жетіп-жетпегендігін анықтайды.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсіндірмейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгендігін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өз нәтижесін жақсарту үшін ары қарай не істеу керек екендігін түсінуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесін енгізуден кейінгі күтілетін нәтижелер:

- оқушылардың оқудағы жетістігін шынайы бағалау;
- әр оқушының қабілетін ескере отырып даму траекториясын анықтау;
- оқытудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін оқушылардың білік дағдыларын дамытуға ынталандыру;
- оқыту сапасын жақсарту;
- оқу үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен оқу материалын сапалы меңгеруін анықтау үшін мұғалімнің, оқушы мен ата-ананың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу;
- оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру [5].

Критериалды бағалау ұғымы бүгін пайда болған ұғым емес. Оған дәлел ретінде халқымыздың алғашқы ағартушы-ғалымдарының бірі Ы. Алтынсарин атамыздың «Шәкірттің ойлау қабілетіне еркіндік беріп, шектемей, жетелеп, адастырмай бақылап, керек кезінде жол көрсетіп отыру дұрыс» [6] деген сөзін айта аламыз. Бағалаудың бұл түрі арқылы

оқушы бағаны қандай өлшемдер бойынша алғаны, келесі сабақтарда қандай өлшемдерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Оқушының мұғаліге деген сенімі артады, көзқарасы жақсы жағына қарай өзгереді: себебі мұғалім ол үшін бұйрық беруші, орындамаса жазалаушы кейпінде емес; қате кетсе демеп, жол сілтеуші адам ретінде қабылдауына мүмкіндік береді.

Критериалды бағалаудың ұтымды пайдасы – білім алушылар бағаның соңына түспей, яғни тек баға үшін оқымай, оқу мақсатына қол жеткізуге, құзыреттіліктерді меңгеруге ұмтылады. Сонымен қатар, критериалды бағалау жүйесі барысында өзіңді басқа адаммен салыстыру қажет емес, критерилер үлгілері бойынша мүмкіндігіңді бағалап, жетістікке жетуге ықпал етеді [7].

2016 жылы жаңартылған оқыту бағдарламасы бойынша 1-сыныпқа барған балалар бірден формативті және жиынтық түрде бағаланып, жаңа жағдайларға белсенді түрде енді. Олар "жаман" белгілерді алуға қорықпайды, олар оны білмейді де. Олар үшін өз жауаптарына мұғалімнің жақсы болғанына, ал не істемегені туралы түсініктерін естуге үйренеді. Жаңа жүйемен бағалауға алдымен ескі жүйеде оқыған және бағаланған, қазір жаңасына көшкен балалар баяу бейімделуде. Олардың қиындықтары психологиялық тұрғыдан бір-біріне үйреніп қалуларында, енді оларға қайта бейімделуге тура келеді.

Бүгінгі ата-аналар-кешегі мектеп оқушылары, олар өздері ескі бағдарлама бойынша оқып, баға алды "3", "4", "5". Олар үшін кез келген бағалар өздімен ғана байланысты. Басқаны елестету оларға қиын. Сонымен қатар, бұрынғысы ыңғайлы. Және бұл түсінікті. Бұл ретте, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ережелерінде БЖБ мен ТЖБ саны күніне 3-тен аспауы тиіс, оқушылардың шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу үшін БЖБ мен ТЖБ тапсырудың икемді кестесі және т.б. бар екендігін атап өту қажет. Сонымен қатар, біз курстар, семинарлар, тренингтер арқылы педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастырамыз. Бізге объективті, ең бастысы, оқушыларды оқыту процесін қолдауға және ынталандыруға бағытталған бағалаудың жаңа жүйесінің ерекшеліктерін педагогтарға, ата-аналарға түсіндіру маңызды.

Ескі және жаңа бағалау жүйесінде орындалатын бақылау жұмыстарының санында елеулі айырмашылық жоқ. Мысалы, 2013 жылы "Қазақ тілі" / "Орыс тілі" пәндері бойынша Типтік оқу жоспарларында (ҮОЖ) бақылау жұмыстарының келесі түрлері белгіленген: диктант, баяндау, шығарма, тестілеу, бастауыш мектепте жылына 13-15-ке дейін бақылау диктанты (2 сыныпта - 15, 3 сыныпта - 14, 4 сыныпта - 13).

Мұғалімдер критериалды бағалау жүйесінің әдіснамасы дұрыс екенін түсінеді және ол дамыған елдердің бағалау жүйесінің талаптарымен салыстырылатын бағалаудың жаңа стандарттары мен

механизмдерін қамтамасыз етті. Сондықтан біз критериалды жүйеден бас тартпаймыз [8].

Қортындылай келе, критериалды бағалау жүйесі – бағалаудың озық жүйесі екенін мойындауымыз қажет. Себебі, дамыған елдер критериалды бағалау жүйесін қаншама жылдар алдын қолданысқа енгізіп, қазіргі таңда нақ сол білім, ғылымның биік жетістіктеріне қол жеткізіп отырғаны мәлім. Бізде неге сондай жоғары нәтиже жоқ, мұнан ескі бағалау жүйесі дұрыс еді деп пікір айтуға әлі ерте деп санаймыз. Өйткені, кез келген жаңа дүниені қабылдап, қолданысқа енгізіп, ыңғайлап, жетілдіріп алу уақыт пен еңбекті талап етеді. Критериалды бағалау жүйесі – әділ бағалау жүйесі болуы үшін ең алдымен оны жүргізіші мамандар, яғни мұғалімдер қауымы аса жоғары біліктілік пен замануилық, жаңашылдық пен ізденімпаздық қасиеттеріне ие болуы керек, ие болуға міндетті. Себебі ұлт болашағы – жастар, ал жас ұрпақ мықты біліммен қаруланса алар асуымыз бен жетер жетістіктеріміз көп болары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекжанова А. Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу. Қазақстан мектебі / № 7, 2018 шілде, 39-40 бб.
2. Материалы международной заочной научно-практической конференции «Актуальные проблемы современной педагогики» / А.А. Красноборова «Критериальное оценивание как педагогическая технология», Пермь. 2010.
3. Heidi Andrade & Anna Valtcheva (2009) Promoting Learning and Achievement Through Self-Assessment, Theory into Practice, 48:1, 12-р.
4. https://ziatker.kz/pptx/kriterialdy_bagalay_46650.html.
5. Ибраева Г.Н. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдері. Әдіскер-методист республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. № 2 (68). 2018.
6. Алтынсарин Ы. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку, Оренбург, 1879.
7. Десятибалльная система оценки результатов учебной деятельность учащихся: Инструктивно-метод. Материалы / Под. ред. О.Е. Лисейчикова. Мн.: НИО, 2002, 400 с. 80-б.
8. <https://baq.kz/news/othernews/b-m-kriterialdy-ba-alau-zh-yesi-alady-bira-zgerister-bolady/>.

3.49. Результаты международных сравнительных исследований качества образования

Асемгуль Сандибековна Андрей

Магистрант по специальности «6М012400 - Педагогические измерения». Казахский национальный женский педагогический университет (г. Алматы, Казахстан)

Показатели международных сравнительных исследований качества образования (PISA, TIMSS и PIRLS) во многих странах используются для утверждения управленческих и политических решений в сфере образования, что поднимает ответственность аналитиков, берущихся за интерпретацию этих результатов.

Для повышения качества образования необходимо проведение постоянного мониторинга состояния и тенденций его развития, объективная и адекватная оценка образовательных достижений обучающихся. Особо это важно на уровне среднего образования, закладывая фундамент их дальнейшего личностного развития и гражданского становления. Как известно, в Казахстане интенсивно развиваются такие процедуры внешней оценки образовательных достижений обучающихся как единое национальное тестирование (ЕНТ) и внешняя оценка учебных достижений (ВОУД). Результаты ЕНТ и ВОУД используются для оценки качества образования, принятия управленческих решений по совершенствованию деятельности системы среднего образования. В то же время эти процедуры не дают возможности провести сопоставительный анализ качества образования в наших общеобразовательных школах с другими странами. Для этого необходимо участие в Международных сравнительных исследованиях в области образования, таких как TIMSS, PISA, PIRLS и т.д.

Сложившаяся практика анализа взаимосвязи результатов PISA, TIMSS и PIRLS с контекстными данными, на мой взгляд, таит в себе опасность своего рода «ловушек антиисторизма», связанных с не учетом двух принципиальных обстоятельств:

- степень учебных достижений, демонстрируемый в момент проведения оценивания – это накопленный результат. Он образовался не «здесь и сейчас», а был сформирован всей предыдущей историей обучения и развития школьника.

- образовательные институты являются системами с высокой степенью инерционности. Происходящие изменения в условиях их функционирования, по-видимому, весьма часто приводят не к моментальным, а к «отложенным» эффектам.

Таким образом, результаты международных тестирований говорят не столько о том, насколько успешны, сколько о том,

«насколько были успешны» сравниваемые образовательные системы в период, предшествующий времени самого тестирования.

Это означает, что, например, анализ динамики результатов между двумя циклами одного исследования должен строиться с учетом изменчивости контекстных данных не между моментами тестирования, а (по меньшей мере) между циклами формального обучения тестируемых когорт.

Изменения исследовательской перспективы при предлагаемом подходе к отбору контекстных данных для анализа в докладе будут продемонстрированы на нескольких примерах.

Информационной базой исследования являются:

1) официальные публикации и международные базы данных PISA, TIMSS и PIRLS;

2) данные макроэкономической статистики из открытых источников (в первую очередь база данных Всемирного банка World Development Indicators).

Международные исследования качества чтения и понимания текстов, а также качества математического и естественнонаучного образования среди школьников PIRLS и TIMSS проводятся примерно в 50 странах мира один раз в несколько лет.

Их основная цель – выявлять сильные и слабые стороны каждой национальной системы образования, задавать курс образовательным реформам при помощи получаемых данных и формулировать рекомендации. Организацией (41 год), объединяющей министров образования одного региона, является организация министров образования Юго-Восточной Азии (Southeast Asia Ministers of Education Organization - SEAMEO), 8 ассоциированных членов (Австралия, Канада, Франция, Германия, Нидерланды, Новая Зеландия и Норвегия, Испания). Корея и Финляндия обсуждают этот вопрос. Организация проводит ежегодные встречи по вопросам сотрудничества и профессиональному сообществу.

В странах Центральной Европы (Франция, Нидерланды, Германия) приём в вузы по качеству и доступности высшего образования обеспечивается без обязательной процедуры вступительного отбора на основании личного заявления.

Финансовое напряжение в высшем образовании за последние 20 лет в европейских странах связано со значительным ростом численности студентов, с увеличением количества высших учебных заведений. Проблемой первостепенной важности в европейских странах считают: создание действенного механизма управления образованием, где будет главенствовать не управление ограничениями, а управление качеством. В связи с этим оценка качества стала осуществляться буквально на основе стандартных и директивных требований.

Среди отличительных особенностей гарантий качества образования выступает функциональный подход в оценке качества образования. В отличие от обобщённой в США системы оценки качества, в Европейских странах достижение определённого статуса фиксируется сильными и слабыми сторонами, способствующими совершенствованию своей деятельности (подобный подход используется и в Нидерландах).

Сравнительный анализ показателей между вузами по гарантии качества определяется экспертными комиссиями при проведении экспертизы всех программ (в данной области знаний) по всей стране, а также между странами. В экспертных комиссиях (Нидерландов) к работе привлекается один иностранный специалист, а в экспертных комиссиях Франции иностранные специалисты составляют 5 %.

Сравнительный анализ показателей качества вузов, в отличие от американского подхода к оценке соответствия деятельности учреждения поставленным целям, свидетельствует об единообразии, ограниченности, бюрократизме государственного контроля.

Национальные системы образования стали перед необходимостью поиска новых моделей оценки качества, которые предусматривают оценку института в целом, наряду с оценкой отдельных образовательных программ, как, например, во Франции; а также самообследование структурных единиц. Отличительной чертой от других стран стало создание специально организованных структур, не влияющих напрямую на учреждения.

Европейская ассоциация гарантии качества в высшем образовании (The European Association for Quality Assurance in Higher Education - ENQA) была учреждена на основании Рекомендации Европейского совета от 24 сентября 1998 года. В марте 2000 года Генеральная ассамблея сети принимает нормативные акты и план действий. С этого момента сеть ENQA становится основной организацией, координирующей работу по обеспечению качества высшего образования в рамках Болонского процесса.

В ноябре 2004 года во Франкфурте (Германия) Генеральной ассамблеей сети было принято решение о переименовании сети в Европейскую ассоциацию гарантии качества в области высшего образования.

Миссия ENQA: Ассоциация учреждена для содействия европейскому сотрудничеству в области гарантии качества высшего образования для всех заинтересованных лиц, вовлеченных в процесс гарантии качества [1, с. 11].

Азиатско-Тихоокеанская сеть гарантии качества была создана при содействии международной сети агентств гарантии качества в высшем образовании при финансовой поддержке Всемирного банка при получении гранта на развитие возможностей. Сеть была создана в Гонконге в январе 2003 года. Организация имеет устав, является

независимым юридическим лицом, зарегистрированным в Австралии, и функционирует как региональная сеть INQAANE [2].

Миссия APQN: улучшать качество высшего образования в Азиатско-Тихоокеанском регионе посредством развития деятельности агентств гарантий качества и расширения сотрудничества с ними [3]

Старейшей развития образования, создала и поддерживает 15 научных центров и программ подготовки кадров.

Однако, несмотря на то, что министры стран-членов (кроме Малайзии и Филиппин) представляли как среднее, так и высшее образование, до недавнего времени в большей степени они уделяли внимание среднему образованию: во-первых, потому, что сектор школьного образования гораздо больше вузовского; во-вторых, он является предметом регулярных мониторинговых исследований качества образования.

Решение о создании Евразийской сети обеспечения качества образования ЕСОКО было принято в г. Алматы (Казахстан) в октябре 2004 года. Английский вариант названия сети - The Eurasian Quality Assurance Network - EAQAN. [4].

Евразийская сеть обеспечения качества образования является сетью организаций (органов), осуществляющих внешнюю оценку качества образования на национальном или региональном уровне в странах СНГ и Балтии.

Проблемы менеджмента качества в области предоставления образовательных и научно-исследовательских услуг высшей школы стали принимать систематизированный характер. Вузы, участвовавшие в конкурсах, стали совершенствовать собственные системы менеджмента качества.

В соответствии с Государственной программой развития образования наша страна в 2007 и 2011 годах принимала участие в исследовании TIMSS (цикличность 4 года), которое проводится Международной ассоциацией по оценке качества образовательных достижений учащихся (IEA). В нем приняли участие учащиеся 4 и 8 классов 59 стран мира. Исследование TIMSS (Trend in International Mathematics and Science Study) позволяет отслеживать тенденции в математическом и естественнонаучном образовании участвующих стран посредством оценки образовательных достижений учащихся 4 и 8 классов по математике и естествознанию. В исследовании изучаются особенности содержания математического и естественнонаучного образования, организации учебного процесса, а также факторы, связанные с характеристиками организации образования, учителей, учащихся и их семей. Для оценки образовательных достижений проводится тестирование учащихся, а для получения информации о факторах, влияющих на результаты обучения – анкетирование учащихся, учителей и администрации школ.

Образовательные достижения наших школьников по результатам TIMSS 2007 признаны Международной ассоциацией очень высокими – 5 место по математике, 11 место по естествознанию в общем рейтинге 36 стран, принявших участие в исследовании среди 4 классов [5].

По итогам исследования получена очень большая и разнообразная информация об особенностях содержания математического и естественнонаучного образования, учебных программ, требований к образовательным достижениям учащихся, организации учебного процесса, о различных факторах, влияющих на образовательные достижения учащихся. То, что результаты девочек по математике в Казахстане выше результатов мальчиков можно объяснить большим усердием девочек при обучении в целом. Сопоставимые результаты мальчиков и девочек по естествознанию объясняются большим интересом мальчиков к предметам естественнонаучного цикла. Особый интерес для Казахстана представляют данные, связанные с наиболее актуальными вопросами, которые активно обсуждаются в обществе в связи с проводимой в последние годы модернизацией школьного образования и предстоящим переходом на 12-летнее среднее образование. Учебная программа начальной школы Казахстана охватывает более половины тем и вопросов заданий международных тестов, остальные задания содержат внепрограммный материал. Обязательный минимум содержания начального общего образования не содержит ряд тем и вопросов, важность которых для развития учащихся признается на международном уровне.

Формирование положительного отношения к математике и естествознанию является одной из самых важных целей в учебных программах по этим предметам во многих странах. Чтобы получить информацию о том, насколько эта цель реализована в учебном процессе, в исследовании TIMSS изучались факторы, характеризующие отношение учащихся к математике и естествознанию и их самооценку в изучении данных предметов.

Чтобы понять, как учащиеся относятся к данным предметам, в исследовании был построен индекс позитивного отношения учащихся к ним, основанный на ответах учащихся на три утверждения: «Изучение математики или естествознания доставляет мне удовольствие», «Математика или естествознание - скучные предметы (с обратной шкалой)» и «Мне нравятся математика или естествознание». Учащиеся Казахстана также подтвердили явную зависимость высоких результатов от позитивного отношения к предметам [6].

Чтобы изучить самооценку учащимися своих способностей в освоении математики, в исследовании TIMSS рассчитан индекс уверенности учащихся в изучении этого предмета, основанный на ответах учащихся на четыре утверждения: «Я обычно хорошо учусь по математике», «Математика дается мне труднее, чем многим моим

одноклассникам» (с обратной шкалой), «В математике я не силен» (с обратной шкалой), «Математика дается мне легко».

Учащихся просили указать, насколько они согласны (полностью согласны, скорее согласны, скорее не согласны, или полностью не согласны) с каждым из этих утверждений. Чем выше самооценка учащихся в изучении учебного предмета, тем более высокие результаты они демонстрируют. В Казахстане девочки больше, чем мальчики уверены в своих способностях в изучении математики и естествознания, так 69% девочек имеют высокое значение индекса самооценки в изучении математики и 73% в изучении естествознания. Для мальчиков эти показатели значимо ниже и равны 63% и 69% соответственно. Также не выявилось значимых различий между результатами учащихся и размером классов. 45% учащихся 4 классов обучаются в классах, в которых учителя ответили, что различный состав учащихся не оказывает заметного влияния на результаты, если оказывает вообще, и эти же учащиеся показали наиболее высокие результаты. В Казахстане таких учащихся 71%, они также продемонстрировали значимо высокие результаты. Выполнение домашних заданий дает возможность учащимся расширить и закрепить материал, изученный в школе, а для учителей расширить время обучения предмету. Следовательно, можно ожидать, что учащиеся, которым задают большой объем домашней работы, должны иметь высокие результаты, чем учащиеся, которые имеют малый объем или вообще не получают. Тем не менее, ситуация не так однозначна, как кажется. Традиции выполнения домашних заданий широко варьируется по странам. В 4 классах в некоторых странах редко задают на дом, в основном в коррекционных целях, чтобы позволить отдельным учащимся догнать своих сверстников в освоении материала. Учащиеся Казахстана являются самыми перегруженными домашними заданиями по математике в мире. В целом большой объем домашних заданий чаще всего оказывает негативное влияние на качество образовательных достижений учащихся. Расчеты индекса ощущения учащимися себя в безопасности в школе были основаны на ответах учащихся на пять вопросов международной анкеты о том, что происходило в их школе за последний месяц. Полученные данные свидетельствуют о том, что 80% казахстанских учащихся начальной школы чувствуют себя в безопасности в своих школах, что, несомненно, повлияло на их результаты в данном исследовании [7]. В TIMSS-2014 приняли участие учащиеся 4-х классов из 50 стран и 8-х классов из 42 стран. Казахстан в Исследовании представили 8775 учащихся 4-х и 8-х классов. По итогам TIMSS – 2016 учащиеся 4-х классов заняли 27 место по математике и 32 место по естественнонаучным дисциплинам среди 50 стран мира. Результаты учащихся 8-х классов следующие - 17 место по математике и 20 место по естественно-научным дисциплинам среди 42 стран мира.

Список использованных источников:

1. Байденко В.И. Болонский процесс: проблемы, опыт, решения. М.: Иссл. Центр проблем качества подготовки специалистов, 2017. – 125 с.
2. Мотова Г.Н., Наводнов В.Г. Экспертиза качества образования: европейский подход. Йошкар-Ола: Учебно-консульт. центр, 2018 – 106 с.
3. <http://www.centeroko.ru/>.
4. http://www.ciced.ru/conference2012/Bagdasaryan_multidimensional%20research%20in%20education.pdf.
5. <http://rudocs.exdat.com/>.
6. <http://www.naric.kz/index-9.php.htm>.
7. <http://www.ipkro.kz/>.

3.50. Аралық бақылау жұмыстарын бағалау: ерекшеліктері мен шетелдік тәжірибе

Гүлмира Кабышевна Исина

«6M012400 – Педагогикалық өлшемдер», 2-курс магистранты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

Қазіргі таңдағы өзгерістер жоғары оқу орындарында оқыту нәтижелерін заман талабына сай бағдарланған құралдар арқылы өлшеп, білім беру сапасын бағалаудың жаңаруына әкеліп соқтыруда.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру үдерісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда», деп атап көрсетуі жоғары оқу орындарында білім алушыларды мобильділік, көшбасшылық, кәсіби құзыреттілік таныта алатын маман ретінде оқытудың қажеттігін білдіреді [1].

Осыған орай, оқу үрдісін ұйымдастыруда білімгерлердің білімін бағалау мен бақылау маңызды орын алады десек, университетте студенттердің білімін бақылау мен бағалау балдық-рейтингтік жүйе бойынша жүргізіледі. Білім алушылардың оқу әрекетін бағалаудың апталық жинақтау жүйесі бойынша электрондық журнал енгізілген. Ақпарат университеттің веб- порталына шығады, бұл студенттердің үлгерімін бағалау мен бақылаудың мінсіздігін қамтамасыз етеді. Білімгерлер өз бағаларын университеттегі промоутерден немесе интернетке қосылған кез - келген компьютер арқылы көре алады.

Білімді баллдық-рейтингтік бақылаудың ерекшелігі мыналарды қамтиды: - университеттің пәндік бағыттарды дамыту үшін стандартты көлемдерін (семестрдегі кредиттер саны, күнтізбелік модуль) құруы; - университеттің пәндердің дамуын баллдық-рейтингтік бағалау шкаласын таңдауда біртұтас көзқарасты дамыту; университеттің оқу үлгерімінің өлшемдері мен студенттік мәртебесін дамыту (орташа балл дегеніміз - таңдалған бағдарлама бойынша білім алушының жетістік деңгейінің орташа өлшенген бағасы дегенді білдіреді); - факультеттер мен кафедралармен әр пән бойынша баллдық-рейтингтік жүйе бойынша нақты сызбалар мен ережелерді әзірлеу (орта мерзімді бақылаудың әр кезеңі үшін кредиттермен өлшенген күрделілігіне қарай бөлінген); студенттердің білімін бақылау формаларын факультеттер мен кафедралардың әзірлеуі. Әрбір студенттің жеке рейтингін алу: магистратура түсу кезінде артықшылықты қамтамасыз етуге: басқа университеттерде оқуға және тағылымдамадан өтуге гранттар тағайындауға; студентті стипендияға тағайындау; Жұмысқа өтініш берген кезде кеңес беру және т.б. рейтинг нәтижелері бойынша курстың үздік студенті анықталады: факультеттің үздік студенті; университеттің үздік студенті: үздік студенттік топ және т.б. [2]

Білімді баллдық-рейтингтік бақылаудың ерекшелігі мыналарды қамтиды: - университеттің пәндік бағыттарды дамыту үшін стандартты көлемдерін (семестрдегі кредиттер саны, күнтізбелік модуль) құруы; - университеттің пәндердің дамуын баллдық-рейтингтік бағалау шкаласын таңдауда біртұтас көзқарасты дамыту; университеттің оқу үлгерімінің өлшемдері мен студенттік мәртебесін дамыту (орташа балл дегеніміз - таңдалған бағдарлама бойынша оқушының жетістік деңгейінің орташа өлшенген бағасы дегенді білдіреді); - факультеттер мен кафедралармен әр пән бойынша баллдық-рейтингтік жүйе бойынша нақты сызбалар мен ережелерді әзірлеу (орта мерзімді бақылаудың әр кезеңі үшін кредиттермен өлшенген күрделілігіне қарай бөлінген); студенттердің білімін бақылау формаларын факультеттер мен кафедралардың әзірлеуі. Әрбір студенттің жеке рейтингін алу сізге: магистратура мен аспирантураға түсу кезінде артықшылықты қамтамасыз етуге: басқа университеттерде оқуға және тағылымдамадан өтуге гранттар тағайындауға; студентті стипендияға тағайындау; Жұмысқа өтініш берген кезде кеңес беру және т.б. рейтинг нәтижелері бойынша курстың үздік студенті анықталады: факультеттің үздік студенті; университеттің үздік студенті: үздік студенттік топ және т.б. [3, 4] .

Білім сапасының сипаттамасы толықтық, тереңдік, шапшаңдық, бірізділік, нақтылық, жалпыламалық, орамдылық, тармақталғандық, жүйелілік, түсініктілік және тиімділік екендігі белгілі. Білімнің толықтылығы оқу бағдарламасында қарастырылатын объектілердің барлық белгілерін білумен сипатталады. Студенттер білімін бағалауда,

алдымен, олардың объектілердің белгілерін бөліп көрсете алуы мен баяндап бере алуы тексеріледі.

«Бағалау» ұғымына Ұлттық энциклопедияда «оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, студенттің берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Бағалау, көбінесе, баға қоюдың синтездік түрі (1-ден 5-ке дейінгі ранг) арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ жоғары оқу орны тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар, оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Жоғарғы оқу орындарында бағалау рейтингтік әдіс арқылы жүргізіледі» деген анықтама берілген.

Білімнің тереңдігі студенттердің оқу объектісін тұтастай бейнелеуімен, білімдерін басқа білім - дермен мәнді байланыстыра білуімен белгілі болады. Байланыстардың анықталуы белгілі бір уақытты қажет етеді, тіптен кейде оқу курсы оқытудағы барлық уақытты қамтуы мүмкін. Білім бағалануының көрсеткіші 50-74 балл аралығында болатын студенттер, әдетте, білімдер арасындағы байланыстарды бірден байқай бермейтіні себепті болады, өйткені олар, біріншіден, параллель немесе тізбекті орналасқан байланыстарды түсіне алмай қалып жатады, екіншіден, ол байланыстарды түсіну үшін жаңа аралық байланыстың болуы қажет етілетіні себеп болады.

Сонымен қатар студенттердің білімін бағалау үшін білімінің тереңдігі, дағды және икемділік ұғымдарының да алатын орны ерекше және дағды ұғымы мен икемділік ұғымдарын ажырата білу маңызды. Білімінің тереңдігі студенттердің білімді, интеллектуалдық дәрежеде меңгерулеріне, практикада қолдана алу дағдылары мен икемділігіне қатысты сипатталады. Икемділік – белгілі бір дағдылар мен білім қорын практикада қолдана алудың көрінісі, білімнің амалға айналуы және амалды жүзеге асырудың де тәсілі. Білімнің икемділігі студенттердің тапсырмаларды орындаудың тиімді нұсқасын табудың жылдамдылығымен және де студенттердің бір тапсырманы бірнеше нұсқамен орындау қабілет-тілігіне де қатысты анықталады.

Білімнің жеделдете меңгерілуі нақты жағдайлар үшін білім мен дағдыны қолдану болса, ал білімнің икемділігі белгілі жағдайлардан ауытқып жаңа тәсілді бұрыннан белгілілері арқылы шығарып алуға қатысты жаңа білік пен дағдыны қалыптастыру болып табылады.

Білімді тексеру — кең ауқымды ұғым. Оған білімді тексеру жүйесі тексерудің әдіс-тәсілдері, оған қойылатын талаптарды анықта, ұйымдастыру мен мазмұндық құрылымы сияқты мәселелер қамтылады. Психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерде жоғарғы оқу орындары студенттерінің білімдерін тексеру мен бағалаудың практикалық жағдайына талдау жасау білім сапасын бағалауды ұйымдастырудың инновациялық формасы теориялық тұрғыда жеткілікті баяндалғанымен, оны білімді үздіксіз бақылау

жүйесінде қолдану деңгейінің практикалық қолданылуы айқындала түсуді қажет ететіні ақиқат.

Білімнің сапалылығы білімдер арасындағы байланыстарды түсінуімен, елеулі және елеусіз байланыстарды ажырата білу біліктілігімен, осы байланыстардың байқалуы мен жүзеге асырылу механизмін түсінумен, білімдерді меңгеруде қолданатын тәсілі мен оны қолдану үшін негізге алатын принциптерді ұғыну аймағын анықтаумен сипатталады, осы білімнің сапалылығы белгілерін қалыптастыру біртіндеп жүзеге асады. Студенттердің білімін бағалауда білімнің сапалылық белгілерінің көрсеткіштерін анықтай білу керек. Білімнің сапалылығының негізгі көрсеткіші критерийіне студенттердің берілген сұраққа оқулықтағы, оқу-әдістемелік кешендегі келтірілген дайын жауап бергені емес, сұраққа жауапты өздігінше тұжырымдап, ой қорытып беруі үшін білімдерді топтау мен жүйелей алуы енеді. Білімнің жүйелілігі мен тереңдігі білімдердің арасындағы байланысқа қатысты болғандықтан, сапалылықтың артуына әсерін тигізеді. Біртұтас теорияда жүйелілік білімнің орнықтылығын анықтайды.

Студенттердің білімді меңгеру орнықтылығы деп ойында ұмытпай сақтау ұзақтығы мен есінде сақтап алуы, білімді толық жүйелілігімен қайталай алуын айтамыз. Білімнің меңгеру орнықтылығы елеулі білімдер жүйесін есте сақтау мен оны қолдану тәсілдерін білуден тұрады. Ұзақ уақыт бойы жоғарғы оқу орындарының оқыту тарихында студенттерге білімді меңгерту орнықтылығы білімді бір немесе бірнеше формада бір мазмұнды қайталап айтқызу арқылы қамтамасыз етіліп келді.

Зерттеу жұмыстарынан қайталап айтқызу білімнің сапалы меңгерілуін барлық уақытта қамтамасыз ете бермейтіндігін, керісінше, білімді жүйелі ұғынып меңгерту, оны талдауға үйрену білімді орнықты меңгеруге септігін тигізетіні белгілі болды және білімнің орнықты меңгерілуін іске асыру арқылы оқытудың тиімділігін арттыруға болады [5].

Дәстүрлі педагогикада студенттер практикалық сабақтарда оқулықтар немесе оқу құралдарда берілген жаттығулар арқылы білім алушылардың жаңа ақпаратты қалай меңгергенін анықтау мақсатында жеке студенттермен тақтада алған білімді пысықтау мен бекіту түріндегі жұмыстар жүргізілетін де, меңгерілген тақырыптың мазмұнына үңілдіртіп, тереңірек ойлануды оқытушыдан да, студенттерден де талап етілмейтін. Осының салдары студенттердің өз ісіне сын көзбен қарап, өздеріне талап қою, өз ісіне баға бере алу сияқты қабілеттерінің төмендеуіне әкелді. Олай болса, білімнің орнықты болуы үшін, келешекте нәтижелерге жету үшін кепіл болатын, болашақтағы педагогикалық әрекеттеріне қызмет ететін біліммен қарулану үшін шығармашылықпен немесе инновациялық тұрғыда өздігінен жұмыс жасап, әрекетінің мәнін мейлінше терең ойлануының маңызы зор.

Әрекетті орындау алдында ойлану немесе орындалған соң толғану, ой қорыту дұрыс.

Әлемдік білім кеңістігіне ену міндеттеріне қарай болашақ педагогтардың мәдениеттілік құндылықтарын арттырып, өздігінше әрекет ету қабілеттіліктерінің мүмкіндіктерін мейлінше кеңейту қажеттілігін бүгінгі күннің талабымен сәйкестендіру мәселесін шешу тәсілдерін анықтау үшін ол «білім, білік, дағды» қалыптастыру парадигмасының орнына «білім арқылы тұлғаны дамыту» парадигмасын таңдауға әкеледі. Олай болса, жаңа қоғамдық қатынаста құзыреттілігі жоғары, сын тұрғысынан ойлайтын, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, кәсіби біліктілігі жетілген педагог дайындау қажеттілігінен білім беру тұжырымдамасын түбегейлі өзгерту талап етеді.

Оқытуды студенттер білімін бағалау үшін оларға берілетін тапсырма рейтинг балл көрсеткішіне сәйкес топтастырылады:

- міндетті тапсырма (50–74 балл);
- шығармашылық зерттеу жұмыстарына дайындық деңгейіндегі тапсырма, бағдарламадағы міндетті білімді толық меңгертетін, жоғары деңгейге жетуге жағдай туғызатын тапсырма (75–89 балл);
- шығармашылық зерттеу жұмыстары тапсырмасы, студенттердің қызығушылық пен танымдық қажеттілігіне, қабілетіне байланысты білімін тереңдететін, оперативтік өзіндік ойлау іс-әрекетін орындауды талап ететін тапсырма (90–100 балл).

Тапсырмалардың қиындығына байланысты студенттердің қабілетіне қарай жіктеп ұсыну нәтижесінің жеке студент үшін *жетістіктері*:

- ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегінен өткізеді;
- тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады;
- ойлауды белсендіреді;
- әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастырады;
- өз іс-әрекетін талдайды;
- ынтымақтастықпен әрекет етуге үйренеді.

Ескеретін ерекшелік: жеке бастық «Мендерінің» қақтығысу қауіпі.

Оқытушы үшін жетістік: студенттердің санының көп болғанында да тиімді болады.

Қиындықтары:

- әрбір жеке студент үшін тапсырма дайындау ұзақ уақытты қажет етеді;
- әрбір жеке студенттің орындаған жұмысын тексеру де уақытты қажет етеді.

Дегенмен де, одан шығудың жолдары студенттерге бір-бірлерін бағалау әрекеттерін орындату мәселесін де іске қосу болып табылады. Білімді меңгеру әрекеттерінің нәтижелі болу өлшемдері:

- «білім және түсінік» (қандай да болмасын ғылым саласындағы теориялық білім, білу және түсіну);

- «қалайша әрекет жасау керектігін білу» білімі (нақты ситуацияларда білімді практикалық және оперативтік тұрғыдан қолдана білу);

- «қалайша болу керек» білімі (әлеуметтік контексте түйсіну мен басқа адамдармен өмір сүрудің ажырамас бөлігі болып табылатын құндылықтар).

Білімді меңгеру үдерісінің нәтижесі кәсіби мүмкіндіктерін мен жеке кәсіби тұлғалық қабілетін жетілдіруге бағытталады. Ал ол қабілеттер өз кезегінде білім алушыларға техникалық, экономикалық және мәдени өзгерістерді саналы түрде түйсініп, әлеуметтік тәртіп пен топ ішінде жұмыс жасай білу, бастамашылдық пен жауапкершілік, шығармашылық пен конструктивтік көзқарас, икемділік пен бейімшілдік сынды қасиеттерді өз бойына сіңіруге және дамытуға мүмкіндік береді.

Білімдарлық студентті өзін-өзі ұйымдастыру, басқару, бағалау, қадағалау, түзету әрекеттеріне ниеттейді, оны масылдық пен бәлсенділіктен арылтып, белсенді және өмірінің қалайша өтетіндігіне деген жауапкершілікті толық өз мойнына артуға негізделген өмір сүру қағидасына бағыттайды.

Қорыта келгенде, жүйелі бақылау жүргізілу барысында студенттердің алған білімінің сандық сипатын ғана емес, сапалық көрсеткішін де толық алуға мүмкіндік туады және де оқытудың және студент білімін бағалаудың жариялылығы білім беруді ізгілендіру мен білім берудің мазмұны мен әдістерін жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру мәселелерін шешудің тәсілі екендігі ақиқат.

Бағалау жүйесі академиялық пән бойынша білім мен дағдыларын игерумен шектелмейді. Ол материалды түсіну дәрежесін, студенттердің өзін тексеру және бақылау, өз қызметін сын тұрғысынан бағалау, қателіктер мен оларды жою жолдарын табуы тиіс. Оқу процесін бақылау оқытудың қаншалықты тиімді екенін анықтауға бағытталған. Сондықтан бағалау құралдары екі негізгі сұраққа жауап беруі керек: студенттердің қаншалықты жақсы оқитындығы және оқытушылардың қаншалықты тиімді сабақ беретіндігі. Қазіргі уақытта әлемдік формальды білім беру жүйесінде (және MOODLE-да) бағалаудың екі түрі қолданылады:

1. Жинақтау (Summative assessment), мыналарға бөлінеді: • балл жинау және қорытынды баға алу:

2. Қалыптастырушы бағалау - бұл мұғалімге оқытуды жақсартуға, оқытудың тиімді әдістерін табуға және студенттерді оқу процесіне көбірек қатысуға ынталандыратын ақпарат беретін механизм [6].

Шетел елдерінде де білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әртүрлі тәсілдері байқалады:

Әлемдік тәжірибеде білімді бағалаудың әр түрлі тәсіл шкалалары қолданылады. Кейбір шкалаларда сандық көрсеткіштер және бөлшек бағалар, басқа шкалалар (мысалы, американдық) дәстүр бойынша әріптік белгілер қолданылады. Американдық шкалада сонымен қатар

сандық интерпретация бар, онда ең жоғары А және А + 4 балға сәйкес келеді.

Оқу нәтижелерін бағалау бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау бұл мәселені шешудің көптеген тәсілдері бар екенін көрсетті:

7 балдық, 10 балдық, 11 балдық, 12 балды, 100 балдық, рейтингтік бағалау түрлері және т.б.

Оңтүстік Кореяда білім алу - бұл бүкіл әлемге жарамды білім алу мүмкіндігі, сондай-ақ белсенді дамып келе жатқан Азия елінде тұрудың бірегей тәжірибесі. Кореяның білім беру жүйесі Болон талаптарына сәйкес келеді - бакалавриат (4 жыл), магистратура (2 жыл), докторантура (3 жыл). Ішкі еңбек нарығындағы қатал бәсекелестікке байланысты барлық оқытушылар қатаң іріктеуден өтеді, ал ең жақсы оқытушылар жоғары оқу орындарында жұмыс істеуге құқылы. Корея университеттерінің батыс университеттерінен, оның ішінде танымал оқу орындарынан еш айырмашылығы жоқ. Олардың дипломдары Азияда (Оңтүстік Кореяның 9 жоғары оқу орны QS Rankings Asia-2017 рейтингінің құрамына 50-ші боп кіреді), сондай-ақ бүкіл әлемде (мысалы, 4 Оңтүстік Корея жоғары оқу орны QS-2016 рейтингінің 100-ші болып, ал олардың 2-і тіпті 50-ші болып) бағаланды. Оңтүстік Кореяда білім алушылардың бағалары жарты жылдықтың нәтижесі болып табылады, емтихан (максимум-100 балл). Пайыздар белгілі бір пән бойынша студенттердің білімін басқа студенттермен салыстыруға көмектеседі.

Жапониядағы білім беру жүйесіне – "ғасыр өмір сүр – ғасыр оқы" орыс мақалын мысалға келтіруге болады. Өз өмірінде жапондықтар 3 жастан бастап, яғни балабақшадан ширек ғасырға жуық оқиды. Жапон тілі әлемдегі ең қиын тіл болып саналады. Алайда, оны зерттеместен, Сіз Жапонияның әдет-ғұрпы мен мәдениетін түсініп, жапон тілі бойынша менеджменттің мәніне еніп, жапон университеттерінде білім ала алмайсыз.

Сингапурдың жоғары оқу орындары әлемдік рейтингтерде жоғарғы сатыда орын алады.. Университеттер білім беру инновацияларын мұқият қадағалап, оқу бағдарламаларын тез арада түзетеді. Бұл, әрине, түлектер алған білімдерін қолдана алатындығының кепілі. Осы елде алынған жоғары білім туралы дипломдар бүкіл әлемге жарамды және өз мамандықтары бойынша сәтті жұмысқа орналасуды қамтамасыз етеді.

Малайзиядағы жоғары білім. Елдегі ең танымал университеттердің көпшілігі - бүкіл әлемге танымал британдық, австралиялық және американдық оқу орындарының филиалдары. Мұндай жоғары оқу орнының түлегі оқуды аяқтағаннан кейін алатын дипломның Англия немесе штаттардың бас университетінің студенттері иеленетін құжаттан ешқандай айырмашылығы жоқ. Малайзиядағы оқудың артықшылығы - университеттердің сан алуан профессорлық-

оқытушылық құрамы. Жергілікті мамандар да, Англия, Америка, Канада және Австралия профессорлары Малайзияда тәжірибе алмасуға бағытталған оқу орындарында жұмыс істейді. Осы елдің жоғары оқу орындарында, сондай-ақ Еуропалық мемлекеттердегідей бакалавр, магистр, ғылым докторы ғылыми дәрежелерін алуға немесе өз ауызекі және іскерлік ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруға болады.

Германия - іскерлік және тыныштық елі, қазіргі таңдағы жоғары білім беру көшбасшыларының бірі деп атаса болады. Германия азаматтары сияқты шетелдік студенттер мұнда тегін жоғары білім алады. Ел үкіметі және жеке қайырымдылық қорлары шетелдік ғалымдар мен студенттердің қатысуымен көптеген білім беру және ғылыми стипендиялық бағдарламаларды қолдайды.

Бұл жіктеу нақты параметрлерді ажыратпайды, қолдануға ыңғайлы және оқытушыға топ деңгейінің білім нәтижесіне сәйкес бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Шын мәнінде Германиядағы білім беру ісі сол елдің экономикасына сай құрылғандығы таң қалдырады. Яғни, мұнда білім саласындағы инновация жай айтылған сөз емес, мұнда инновация бұл елдің экономикасындағы инновацияға тығыз ұштастырылып отырған, елдің қажеттілігіне айналған, сол арқылы білім жүйесіне белгілі бір серпін беріп отырған жүйелі құбылыс. Сондықтан да Германия елінде білім беру жүйесі елдің экономикалық дамуының тірегі деп саналады. Оқуға түсу мен диплом алу екеуі мүлде екі нәрсе. Оқуға тілек білдіргендердің бәрі бірдей қамтылғанымен, диплом алып шығуға бәрінің бірдей қолы жете бермейді екен. Осының өзінен ақ білімге деген талаптың ерекше жоғары екендігін аңғаруға болады. Мысалы, профессор Андресс Иаяр Германияның бүгінгі таңда білікті инженер мамандарына зәру болып отырғандығын айта отырып, соған қарамастан осы салада білім алушылардың 50 пайызынан астамы оқудан шығып қалатындығын қынжыла айтты. Алайда, елге біліксіз маман мүлде керек емес. Сондықтан да бұл елде жоғары оқу орнын бітіру емес, білікті маман болып шығу о бастан ақ әрбір студенттің басты мақсаты болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Савельева Г.П. Рейтинговые технологии в управлении качеством подготовки выпускников в вузе / Г.П. Савельева. – М., 2005.

3. Credit Transfer and Accumulation – the Challenge for Institutions and Students, EUA/ Swiss Confederation Conference, ETH Zurich, 11–12 October 2002.

4. Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area. – Bergen: ENQA, 2005.

5. Қадырбаева Б.А. Оқытудағы басты тұлға – студент: сб. матер. междунар. науч.-практ. конф. «Непрерывное пед. образование в контексте современности: теории, концепции, опыт» //СГПИ, Московский ГПИ, Новосибирский ГПИ, Респ. ИПК рук. и науч. пед. кадров системы образования. — Семей, 2008.

6. Тунда В.А., Тунда Е.А. Национальный исследовательский Томский государственный университет / Оценивание, принятое в рамках Болонского процесса и в системе MOODLE.

3.51. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың теориялық негіздері

Назерке Акановна Орахова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты (Атырау қ., Қазақстан)

Нуржауған Сарсеновна Жумашева

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті (Атырау қ., Қазақстан)

Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігінің жоғары болуын, барлық мәселелерді шешуде өзіндік бағдары мен шығармашылығы, қоғам дамуының қазіргі шарттарына өзіндік бейімделуін қазіргі қоғамның әлеуметтік–экономикалық дамуы талап етіп отыр.

Ғылыми жаңалықтар жетістіктерін тәжірибелік іс- әрекетте шығармашылықпен қолдана алатын, яғни қазіргі заманғы экономиканың даму жағдайларына шапшаң бейімделе алатын, жоғары білімді мамандар дайындаудың сапасын арттыратын маңызды құралдардың бірі.

Жоғары оқу орнында мамандарды даярлау жүйесінің маңызды құрамды бөлігі - студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекеті болып табылады.

Ғалымдар Н.В. Кузьмина, А.И. Кочетов, А.Я. Найн, П.Т. Приходько, В.И. Рузавиннің және т.б. өз еңбектерінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ғылыми-зерттеу деп түсіндіреді. Дейтұрғанмен, бұл берілген анықтамалар студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің ерекшелігін толық аша алмайды.

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекеті оқу іс-әрекетімен тікелей байланысты болғандықтан, студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін оқыту үрдісінің құрылымына сүйене отырып, талдау жасап көрелік. Оқыту үрдісінің құрылымы Ю.К. Бабанскийдің зерттеуі бойынша, мақсатты, ынталандырушы-мотивациялаушы, мазмұнды, операциялық-әрекеттік, бақылаушы-реттеуші, бағалаушы-нәтижелі компоненттер жүйесін білдіреді.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттері кәсіби білім беру бағдарламасы талаптары және студенттерді болашаққа даярлау деңгейі, ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу негізінде анықталады.

Ғылыми-зерттеу міндеттерін шығармашылықпен шешудегі мотивациялық компонент студенттердің қызығушылығы мен қажеттіліктерін ынталандырумен анықталады. Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне деген ішкі мотивациясын қалыптастыру оларға зерттеу сипатындағы болашақ кәсіби қызметіне белсенді кірісуіне мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің мазмұны туындаған мәселені және әртүрлі ғылыми-зерттеу міндеттерін шешудің ұтымды жолдарын іздеу үшін «оқу проблемасы», «проблемалы міндет», «ғылыми-зерттеу міндеті» ұғымдарын нақтылау қажет.

Ғалымдар В.И. Андреев, В.И. Журавлев, В.И. Загвязинский, А.И. Кочетов, М.Н. Скаткин, З.П. Шульга еңбектерін талдау ғылыми-зерттеу іс-әрекеті кезеңдерінің мазмұнын нақтылауға мүмкіндік берді.

1. Бағдарлы:

- зерттеу аймағын таңдау,
- проблеманы қою, зерттеу тақырыбын анықтау,
- зерттеу мақсатын анықтау,
- зерттеу объектісі мен пәнін белгілеу,
- болжам жасау,
- зерттеу әдістерін таңдау.

2. Орындаушы:

- зерттеу жоспарын өңдеу,
- зерттеу әдістемесін құрастыру,
- әдістемені жүзеге асыру, зерттеу міндеттерін, болжамын дәлелдеу және теориялық негіздеу арқылы шешу,
- қорытынды шығару.

3. Бақылау:

- проблеманың шешудің дәлдігін тексеру,
- жалпы объектіні түсіну үшін проблеманың табылған шешімінің маңызын анықтау,
- шешімді қолдану аймағын анықтау, нәтижелерді тәжірибеге енгізу.

4. Түзетуші:

- қажет болған жағдайда әрбір кезеңдерді толықтыру және нақтылау.

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекеті үрдісінде тұлғалық сапалық қасиеттері қалыптасады. Е.И. Регирердің еңбектерінде зерттеуші өзінің танымдық әуестігін, ғылыми қызметке және жұмысқа қабілеттелігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде М.Н. Скаткин, В.А. Поляков іскерліктерді бірнеше түрге бөледі. В.И. Андреев зерттеу

іскерлігін оқу проблемасын шешу мен зерттеу тапсырмасын орындау үрдісінде ғылыми әдіске сәйкес қолдану ретінде қарастырады.

Е.Н. Кабанова-Меллер, В.А. Кондаков, А.В. Усова және т.б. зерттеулерінде студенттердің белсенді дамуында ақыл-ой әрекеті тәсілдерін қалыптастыру маңыздылығына тоқталады. Е.Н. Кабанова-Меллер зерттеуінде ақыл-ой және оқу жұмыстарының әдістерін қалыптастыру жолдарын көрсетеді.

Ю.К. Бабанский, И.Г. Герасимов, В.И. Загвязинский, Н.В. Кузьмина өз еңбектерінде оқу және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде студенттің тұлғалық сапаларын дамыту қажеттілігін атап көрсетеді. Зерттеу іскерліктері мен қабілеттерінің құрылымын жүйелі талдау негізінде іс-әрекетте байқалатын тұлғалық сапалардың оқу және зерттеу іс-әрекетіне ықпалын көрсетеді [1].

Студенттің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіндегі тұлғалық қасиеттері бірнеше түрге бөлінеді:

- тұлғаның ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысын сипаттайтын мотивациялығы (зерттеуге деген қызығушылығының қалыптасқандығы, жетістікке жетуге деген ұмытылысы).

- тұлғаның ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде қолданатын ақыл-ой тәсілдері – операциялылығы.

- студенттің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін өздігінен ұйымдастыру тәсілдерін қолдану іскерлігі мен қабілеттері - ұйымдастырушылығы.

- студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті үрдісінде ынтымақтастық тәсілдерін қолдану іскерліктері мен қабілеттерін сипаттайтын коммуникативтілігі.

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қажетті тұлғалық сапалары мен қасиеттері ғылыми сипаттағы белсенді ізденуге қажетті іс-әрекеті мен іскерліктерін қалыптастыруға ерекше көңіл аудару қажет.

Іздену іс-әрекетінде студенттер негізгі принциптермен бұл іс-әрекетке қатыса отырып, жетекшілік жасайды.

Басты принциптер:

- Сәйкестік принципі. Ғылымда барлық жаңалықтар ескіні жоққа шығармайды, ескінің негізінде дамиды. Бұл принцип негізінде ғылыми-зерттеудің сабақтастығы, байланыстылығы, қатынастары, айырмашылықтары орнатылады.

- Белгісіздік принципі. Уақытпен өзгеріп отыратын динамикалық үрдістің жағдайын бағалауға бұл жағдайдың өзгерісіне белгісіздік қатысты.

- Қосымша принципі. Бір ғылыми ізденіс жүйесінде танымдық міндеттерді шешуде қосымша шешімдерді табуға мүмкіндік береді.

- Себептілік принципі. Кез-келген құбылыс негізі іс-әрекеттің себеп пен салдарының қажетті байланысында пайда болады, дамиды және өзінің дамуын да тоқтатады. Принцип негізінде жоғары мектептегі оқу үрдісінің дамуын болжау жасау жолдары іздестіріледі.

- Қарапайымдылық принципі. Ең алдымен оқыту мен ғылыми ізденістің тәсілдерін, формалары мен әдістерін таңдап, оқу үрдісінде және ғылыми ізденісте күрделі білім, іс-әрекеттер жүйесін қарапайым түрлеріне бөлуді қажет етеді. Ғылыми-зерттеу жұмысында қарапайымдылық міндетті шешу жолдарын таңдаумен байланысты.

Оқытушы тарапынан студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін бақылау және өзін-өзі бақылау арқылы кері байланысты туғызады, ал бұл байланыс студенттің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін реттеуді, оны ұйымдастыру формалары, әдістері мен тәсілдеріне өзгеріс енгізуді қамтамасыз етеді.

Бақылау-реттеуші компонент оқытушы мен студенттердің қол жеткен нәтижелерін бағалау және өзін-өзі бағалауды білдіреді. Студенттің ғылыми-зерттеу міндетін шешуде төмендегі жағдаяттардың біреуін болса да түсінуі керек:

- Қажетті білімнің төменгі шынайы деңгейі;
- Қажетті іскерліктің төменгі шынайы деңгейі;
- Қажетті аз тәсілдердің шынайы жиынтығы.

Ғылыми-зерттеу міндеттерін шешуде студенттердің қажеттіліктеріне сай шынайы білім мен іскерліктің деңгейінің көтерілуі, белгілі тәсілдерді жетілуі және жаңамен толықтыруы жүреді. Бұл көптеген ғылыми-зерттеу іс-әрекеті барысында студенттердің шығармашылығының субъективті сипатын тағы да дәлелдейді.

Студенттің маңызды көрсеткіші болып біліктілігіне сай бітіру жұмысын айтамыз. Мұндай жұмыстардың сапасын жетілген өлшеу жүйесіне қазіргі талаптарға сай төмендегілерді жатқызуға болады:

- Тақырыптың өзектілігі және жаңалығы.
- Оның мазмұнының әдістемелік негізділігі.
- Құрылымының қисындылығы.
- Зерттеу әдістерінің бірегейлігі және нәтижелерін өңдеуі.
- Практикалық маңыздылығы.
- Шешімдердің, жалпылаудың, қорытындының өзбеттілігі.
- Мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкестігі.
- Кәсіби және орфографиялық сауаттылығы.
- Дұрыс және жинақты безендіруі.
- Жұмысты қорғауы.

Сонымен, ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің негізгі айырмашылығы мақсаттарға және оқу әрекеті пәнге және оларды жүзеге асыру нәтижесіне негізделеді [2].

Ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар, оның ішінде басым болатындығы:

- оның мақсатының оқу мақсаттарына бағыныштылығы.
- танымдық -ғылыми-зерттеу әрекетінің негізгі мотивтері.
- оқытушылардың және ғылыми қызметкерлердің жетекшілігімен ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыруы.

- ғылыми жұмыс үрдісінде студенттерде кәсіби өз бетіндік, кәсіби қызметінде практикалық міндеттерді шығармашылықпен шешуге қабілеттілікті қалыптастыру.

- болашақта кездесуі мүмкін проблемалы жағдайларды шешу үшін қажетті мәліметтерді кеңейту.

Жоғары оқу орнында студенттердің іс-әрекет түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ескере отырып, оқу және оқу-зерттеу іс-әрекетін қалыптастыру ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамытудың базасын құрайтынын көруімізге болады [3].

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне арналған зерттеулерді талдау кез-келген оқу және оқудан тыс зерттеуді ғылыми-зерттеу жұмысы деп атауға мүмкіндік береді. Бұл туралы А.А. Вербицкий студенттер іс-әрекетінің үш негізгі түрлерін көрсете отырып, студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін оқу-кәсіби іс-әрекетіне жатқызады, ал В.А. Сластенин, Л.С. Подымова студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін инновациялық іс-әрекетке студенттерді даярлаудың ең маңызды нұсқа ретінде қарастырады, басқа зерттеулерде бұл ұғым белгілі бір құрамды көрсетуге негізделген.

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекеті - құбылыстар, үрдістерді түсіндіруге, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, фактілерді теориялық және эксперименталды тұрғыдан негіздеуге, ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми сипаттағы іздену іс-әрекеті және оның нәтижесінде «жаңалықтардың» субъективті сипатын белгілі бір жаңашылдықты меңгереді деп түсінеміз.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің құрылымы мен қызметтері осы бағытта ЖОО-да студенттерді даярлаудың мақсаттарымен анықталады:

- Кәсіби теориялық білімді тереңдету және дамыту, оларды тәжірибеде қолдану.

- Барлық студенттерге өз бетімен ғылыми-зерттеуді жүргізу дағдыларын меңгерту.

- Білім берудің өзекті мәселелерін шешуде қабілетті студенттерді қатыстыру.

- Студенттерге олардың шығармашылық қабілеттері көрінетіндей ғылыми бағытты таңдау.

- ЖОО қабырғасында ғалымдарды, зерттеушілерді, оқытушыларды тәрбиелеу.

- Болашақ маманның кәсіби тұрғыдан сапалы қалыптасуы.

Студенттердің ғылыми зерттеу іс-әрекетін білімсіздіктен білімге әдіснамасына сүйене отырып қозғалыстың диалектикалық үрдісі ретінде қарастыра отырып, студенттің жалпы кәсіби білімі мен іскерліктері және дағдыларының жүйесіне негізделеді. Соған қарамастан, оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің сипаттамаларын зерттеу және талдау қажетті біліммен, іскерлікпен,

дағдыны сандық қарулану білім жағдайының, танымдық іс-әрекет тәжірибесінің сандық өзгерісіне әрдайым әкеле бермейтініне дәлел болады. Мұны М.А. Даниловтың оқушылар білімі болса да сабақтың перспективасын көрмейді, белсенділік көрсетпейді, жана білімді шығармашылықпен іздеуге енбейді деген көзқарасын тұжырымдайды [3].

Кез-келген іс-әрекеттің, сонымен қатар студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің көпмотивациялығы басым мотивтерді анықтауға негіз болады. В.А. Сластенин және Л.С. Подымова мұғалімнің инновациялық іс-әрекет мотивін анықтай отырып, басым мотивтердің диагностикасын келесі топтарға бағыттала отырып жүзеге асырды:

- сыртқы стимулдар.
- мұғалімнің сырттай өзін-өзі тұжырымдау мотивтері.
- кәсіби.
- тұлғалық өзін-өзі жүзеге асыру мотивтері.

В.А. Якунин, С.И. Архангельский еңбектерінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетіндегі сыртқы және ішкі кері байланыстарды атап көрсетеді. С.И. Архангельский қызмет ету жағдайында ішкі кері байланыс жүйедегі қателерді өз бетімен анықтап, түзетуде студент білімін жетілдіруге мүмкіндік алады.

Оқытушының студенттердің білім, іскерлік және шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесін меңгеру нәтижесінің көрсеткіштеріне сүйене отырып ғылыми зерттеу іс-әрекеті үрдісіне бағыттауы, яғни сыртқы кері байланысы оқытушыға бағытталады. Сыртқы кері байланыстың көрсеткіштеріне ғылыми-зерттеу іс-әрекеті үрдісінде студенттердің белсенділігін, семинарларда, сөйлеуін аудиториядан тыс өздік жұмыстарды жатқызуға болады [4].

Сонымен қатар, қарастырылған жүйеде қалыптасу үрдісі жүрсе, ал қалған екеуінде – ұйымдастырушылық іскерліктерді қолданылады. А.К. Громцева зерттеулерінде «қарқынды танымды қамтамасыз ететін іскерліктер» деп түсіндіреді. Мұндай іскерліктерде жұмыстың мақсатын белгілеу, оны жүзеге асыру жолдары, үрдісті жоспарлау, нәтижелерді бақылауға үлкен мән береді.

Ю.К. Бабанский берілген кейбір іскерліктерді оқу-ұйымдастырушылық деп атап, іс-әрекет үшін жағымды жағдай туғызу іскерлігіне ерекше мән береді.

Ғалымдар студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру сыртқы жағы десе, екіншілері – ішкі жағына мән береді. Ғылыми-зерттеу іс-әрекетті дамыту үшін оны ұйымдастырудың ішкі жағы маңызды. Жұмыстың мақсатын анықтау, тәсілдерін табу, орындау тәсілдерін дұрыс таңдау, жұмысты бақылау және реттеу іскерліктері қамтамасыз етеді.

С.И. Архангельский, Ю.К. Бабанский, А.М. Колесова, И.П. Раченко және т.б ғалымдар студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін мақсатты

анықтау, әдістер мен тәсілдерді таңдау және тиімді пайдалану, жоспарлау сияқты кезеңдерден тұратынын бөліп көрсетеді.

И.П. Раченко педагогикалық ғылыми жұмысты ұйымдастыру ұстанымының ерекшелігін және оларды жүзеге асыруға төмендегі қағидаларды жатқызады:

1) Мақсатты анықтау, ұйымдастырылған жұмыстың жиынтығын көрсету, іс- әрекетте бұл қатынастарды анықтау.

2) Танымдық заңдылыққа сәйкес әдістерді өзбетімен таңдауы және тиімді болуы қажет.

3) Педагогикалық шеберлік пен еңбек мәдениетінің көрсеткіші болып іс-әрекетті жүзеге асыруда тиімді тәсілдерді таңдауы болып табылады.

4) Жоспарлау - үрдісті және іс-әрекет нәтижесін болжау және іс-әрекет жүйесін қалыптастыру заңдылықтарын жүзеге асыруды қамтиды.

Студенттердің белгілі бір операциялар мен шешімді таңдау арқылы ғылыми-зерттеу іс-әрекеті ұйымдастырылады.

С.И. Архангельский «операцияны» тиімді әрекеттер жүйесімен байланыстырады, ал тиімді шешім қабылдау бұл операцияларды жүргізудің жақсырақ жоспарын таңдауы. Автор тиімді шешімдердің жалпы және жеке екі түрін қарастырады. Шешімді таңдау үрдісін ситуацияның үш түрімен байланыстырады:

- қажетті ақпараты бар ситуациялар;
- мүмкіндік жолымен анықталған ақпараты бар ситуация;
- жағдайы белгісіздікпен анықталатын ситуациялар.

Басқаша айтқанда, алғашқы жағдайда белгілі ақпаратты бейнелеумен шешімді қабылдауы анықталса, екінші жағдайда ол күтілетін нәтижелерді бағалау көмегімен негізделеді, үшінші жағдайда белгісіздік деңгейін төмендететін қосымша операцияларды жүргізіп, шешім таңдауда ақпаратты толықтыруы қажет.

Ю.Н. Кулюткин, Г.С. Сухобская бағалаушы әрекет студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде маңызды орын алатындығын және іс-әрекетті өзбетімен ұйымдастыру шарттарының бірі деп есептейді. Бағалаушы іскерліктерімен қатар іс-әрекеттің бағдарлы негізінің қалыптасуын көрсетеді. Ғылыми-зерттеу әрекетін өздігінен ұйымдастыру іскерлігінің болуын- іс-әрекеттің технологиялық компонентінің жоғары даму деңгейімен анықтайды.

Жалпы білім беру педагогикалық жоғары оқу орны студенттері білім, білік және дағдылар жүйесін дамытуда олардың кәсіби өзбеттілігі, зерттеу құзыреттілігінің қалыптасуы мен дамуына көңіл аударылады. Студентте мұндай сапаларды қалыптастыру – оның білім берудің сапалы жаңа деңгейі – магистратураға білімін жалғастыруға мүмкіндік береді.

Түйіндей келе, жоғары оқу орны студенттерінің іс-әрекетін салыстырмалы талдау арқылы студенттердің ғылыми-зерттеу

әрекетінің мотивациялық-құндылық, креативті, технологиялық, рефлексиялық компоненттерін анықтауымызға мүмкіндік берілді.

Педагогикалық жоғары оқу орны студентінің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің деңгейінің дамуы студенттерде ғылыми-зерттеу әрекеті құрылымдық компоненттерінің дамуымен анықталып, мынадай факторлармен түсіндіріледі:

- студенттің шығармашылық және зерттеу мәдениетін максималды дамытуда оларды оқытудың мазмұны мен ұйымдастырылуы [5].

- білім берудің ақпараттану үрдісі.

- қазіргі мектептің мұғаліміне қойылатын талаптардың жоғарылауы.

Қортындылай келе, ғылыми-зерттеу әрекеті ұғымына философиялық және педагогикалық-психологиялық талдау жасалды. Бұл алдын- ала шешілмеген жауаптармен шығармашылық, зерттеу міндеттеріне жауап іздеумен байланысты іс-әрекет, ол мәселені құру, берілген мәселе бойынша теорияны зерттеу, зерттеу әдістерін жинақтау және оларды практикалық қолдану, өзінің жеке материалдарын жинақтау, оны талдау және талдап қорыту, жеке қорытындылау сияқты сатылардан тұратын студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті деп анықтамасын тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.А. Управление самостоятельной работой студентов. М.: Спутник, 2006. - 99 с.

2. Ибадуллаева С.Ж., Нургалиева А.А., Жусипова Г. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысының кешенді жүйесі // Молодой ученый. — 2015. — № 7.1. — С. 45-47.

3. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе. – М.: Высшая школа, 1991. – 207 с.

4. В.И. Загвязинский «Методология и методика педагогических исследований» - Тюмень - 1996 г. - 4-26 стр.

5. Брежнова Е.В., Краевский В.В. Основы учебно-исследовательской деятельности студентов. - М., 2005.

3.52. Колледж студенттерінің кәсіби бейімделу үдерісінде сөйлеу деңгейін диагностикалаудың маңыздылығы

Назгүл Қорабайқызы Ұзақбаева

«6M012400 – Педагогикалық өлшемдер», 2-курс магистранты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

Қазіргі қоғамда болып жатқан жаһандық өзгерістерге байланысты білім алушыларды кәсіпке бейімдеу кез келген білім беру орнының ең

басты мәселесі болып отыр. Бұл дегеніміз кәсіптік және техникалық оқу орындарында білім алып жатқан болашақ мамандарды өндірістік қарым-қатынасқа баулу, олардың мамандыққа деген көзқарастарын қалыптастыру, адам бойындағы кәсіби құндылықтар жүйесін өзгерту, сананың қайта қалыптасуына үлес қосу, сондай-ақ кәсіби қызметке деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы жолдауында: «Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды» деген мәселесін басшылыққа ала отырып, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында барлық бірінші курс білім алушыларына оқу-тәрбие үдерісі кезеңінде бейімделу процесінің тиімділігімен қолайлы бейімделу жолдарын қалыптастыруды сол мекемеде жұмыс жасайтын педагогикалық қызметкерлерге басты талап етіп қою орынды болмақ [1, 3 б].

Тұлғаны кәсіпке бейімдеудің қайнар көзі жоғары оқу орнынан басталады. Жоғары оқу орындарындағы студенттерді кәсіпке бейімдеу -студенттердің шығармашылық дамуының бастауын көрсетеді, яғни, олардың іс-әрекеттерінің мәнерін, үлгісін, мінез-құлық қарым-қатынастарының, құндылықтары мен қызығушылықтарының қалыптасып, олардың өмірге деген құлшыныстарының артып, мотивацияларының жоғарылауына әкеп соқтырады. Сол тұлғаның қалыптасуы мен кәсіпке бейімделу үрдісі үздіксіз жүретін үдеріс болуы қажет. Сондай-ақ, кәсіпке бейімдеу тұрғысында жеке тұлғаның құндылықтар жүйесімен қатар олардың қызығушылықтарының, өмірге деген көзқарастарының бір-бірімен тығыз байланыста болатынын ескере отырып, оларды бөліп қарастырмауымыз керек. Ең алдымен студент санасында «осы кәсіп мен үшін маңызды» деген ұғымды қалыптастыру кәсіпке бейімдеу кезіндегі негізгі мақсат болып табылу керек. Олай дейтініміз студенттік шақта студенттің бойына жоғары құндылық деңгейін қалыптастырсақ, ол болашақта еңбек ету кезінде сәтті, тиімді жұмыс істей алатын жұмыскер болатынына кепіл береміз.

«Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік» бағдарламасында бағдарламалық мақсат ретінде қойылған: «Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру» – деген талаптарды орындау кезінде кәсіби бейімделу үдерісінде студенттердің сөйлеу деңгейлеріне баса назар аударылуы қажет [2, 1 б.].

Студенттердің сөйлеу деңгейлерін жан-жақты, әрі ұзақ уақыт бақылаған Қ.Т. Ашимова өзінің «Сөйлеу мәдениеті өспейінше жоғары ақыл мәдениетіне жетуге болмайды» деген мақаласында студент тілінде болатын кемшіліктердің себептері мыналар деп көрсетеді:

1. Ортаның әсері: а) студенттің сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді; ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл);

2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (оқу орнының тіл дамытуға немқұрайлы қарауы) [3, 2 б.].

Міне, осындай олқылықтарды болдырмау үшін студенттердің тіл мәдениетін жетілдіруде, яғни сөйлеу деңгейлерін жоғарлатуда оларға кез келген ортада өз ойларын жүйелеп айтуға, жеке тұлға ретіндегі ой-өрісін, дүниетанымын сауатты түрде жеткізе білуге жағдай туғызылуы тиіс.

Кез келген студент орта мектептен бастап, отбасында, мектепте белгілі бір сөйлеу мәдениетіне ие. Сондықтан студенттің сөйлеу мәдениетін түбегейлі өзгерту мүмкін емес, тек алдағы уақытта кәсіби маман болу жолында кездесетін этикет пен мәдениетті түсіндіру барысында сөйлеу деңгейлеріне баса назар аударуларына ықпал ету керекпіз.

Белгілі ғалым Ш.Ш. Сарыбаев: «Қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасау құралы ретінде тілдің қоғамдық саяси, мәдени және күнделікті өмірде алатын орны ерекше екені баршаға аян. Бірақ кейде тілдің осындай зор мәнін біле тұра дұрыс сөйлеп, дұрыс жазу, тіл тазалығын сақтау, жалпы сөз мәдениетін қадағалап отыру жағы жетіспей жататындығы, мұндай қателіктердің болуына мамандардың өз тіліне, сөз саптауына мән бермеушілігі және сөйлеушінің тіл жұтаңдығы, сөздік қорының кедейлігі, тіл заңдылығын бұзып айтулары себеп болады» - деген еді [4, 87 б.]. Осы кемшілікті болдырмау үшін, жоғары оқу орнында барлық мамандықта студенттердің сөйлеу мәдениетін жетілдіруге көңіл бөлінуі қажет. Бұл сауатты, әдеби тілде сөйлейтін, заман талабына сай, мәдениетті маман дайындауды толық дәрежеде жүзеге асыруға жол ашады [5, 1 б.]. А. Қыдыршаев: «Жалпы, сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық атаулы жоқ» - деп бекер айтпаса керек [6, 267 б.]. Кез келген студент сауатты жазуға, іс қағаздарын мүлтіксіз орындауға, баяндамалар жасауға, пікір-сайысқа түсуге, топ алдында әдеби тілде сөйлеуге жаттығу керек. Оған мектептегі тіл дамытудан алған білім дағдысы жеткіліксіз. Сондықтан жоғары оқу орындарында студенттердің әдеби тілде жатық та шешен сөйлеу дағдылары қалыптастырылуы қажет [5, 1 б.].

Олай болса, колледж студенттерін кәсіби бейімдеу барысында олардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда шешендікке үйретпесек те, әдеби тілде жатық сөйлеп, тіл нормаларының қарапайым қағидаттарын үйретуге міндеттіміз. Кәсіби сөйлеу мәдениеті кезінде ерекше рөл атқаратын мәселе сөйлеушінің эмоционалдық жағдайының сәйкестігі, сөйлеу деңгейінің әлеуметтік-психологиялық сипаты, сөйлеушінің әлеуметтік рөлге сәйкестігі екенін баса назарға ала отырып, кәсіби бейімделуші студенттерге сөйлеу мәнері арқылы кәсіби дағдыларды іске асыруға, дамытуға болатынын түсіндіру. Кәсіби сөйлеу мәдениетін толықтай меңгеру үшін:

- таңдаған мамандығының терминологиясын зерттеуге;
- кәсіби тақырыптарда сөйлей білуге;

- кәсіби диалогты ұйымдастыруға және жүргізе білуге;
- кәсіби қызмет мәселелерінде кәсіби емес ұйымдармен қарым-қатынас жасай білуге машықтандыру.

Кәсіпке бейімделуші жас маман үшін терминологияны білу-бұрыннан белгілі немесе жаңадан қолданысқа енген терминдермен қарым-қатынас жасай білу, кәсіби сөйлеу стилінің ерекшелігі мен қасиеттерін меңгеру, кәсіби қарым-қатынаста ғылыми тұжырымдамалар мен терминдерді өндірісте, тәжірибелік талдауларда қолдана білу құзыреттіліктерін қалыптастырады. Сонымен қатар кәсіби салада сөйлеу мәдениетін жетілдіру үшін іскерлік қарым-қатынастың тиімділігін негіздейтін сапаларға сәйкес келу де өте маңызды. Солардың бірі-сауаттылық. Сауаттылық дегеніміз-сөздің қолдану ережелерін, грамматикалық үйлесімділігін, сөйлемнің үлгілерін біліп қана қою емес, сондай-ақ, тілдің қолдану аясын кеңейту дегенді білдіреді.

Кәсіпке бейімделуші колледж студенттерінің сөйлеу деңгейін диагностикалаудың маңыздылығын дәлелдеу мақсатында студенттерден сауалнама мен арнайы тапсырмалар алынды. Нәтижесінде қазіргі заманғы жастар сөйлеу мәнерлерінде сленгпен сөйлеуді («базар жоқ», «лапша ілді», «құлақтан тепті», «картопты жарды», т.б.) сәнді де мәнді деп ұғатындары; олардың сөздік қорларындағы «отырғызып кетті», «лақтырып кетті», «жынды», «сындырып алу» сияқты ұғымдардың қылмыс әлеміне тән екендігін біле тұра мақтанышпен айтатындары қатты қынжылтты.

Аталған проблемалардың ары қарай өрши беруіне ғалым М. Балақаевтың төмендегі мына нұсқалардың әсері мол екендігіне сеніміміз мол: ата-аналардың балаларының тіл мәдениетіне жете мән бермеушілігі; тілдік ортаның әсері; тіл мәдениетін қалыптастыруды тек тіл сабақтарына міндеттеп, басқа пәндерді бұл мәселеден мүлдем бөліп тастаушылық; отбасы тәрбиесінде ұлттық педагогиканың, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің тар шеңберде қолданылуы.

Осы көрсеткіштерді басшылыққа ала отырып колледж студенттерін тіл мәдениеті мен сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу үшін ең қажетті дүние деп- арнайы пән енгізуді, көркем әдебиет оқуды, жиі мәдени орталықтарға барып тұруды, кез келген оқу орындарындағы мұғалімдердің көпшілігінің назарын осы мәселеге арнайы көңіл аудартуды ұсынамыз.

Қорыта келе, біздің зерттеуіміз көрсеткендей, бизнес колледж студенттерін кәсіби бейімдеу үдерісінде сөйлеу деңгейлерін диагностикалау үшін жоғарыда көрсетілген мәліметтерді баса назарға ала отырып нәтиже шығару керекпіз. Мысалы, сауаттылық негізді қалыптастыру барысында жазылым мен оқылым дағдыларын қолдану, сөйлеу мәнері мен сөйлеу мәдениетін дұрыстау үшін айтылым, сөйлесім, тыңдалым дағдыларын дамыту маңызды. Студенттердің сөйлеу деңгейін диагностикалау үшін қарастырылатын басты

мәселелер: ауызша сөйлегенде олардың сөздік қорлары, әрбір адам баласының тіл мәдениетінің дамуына ерекше ықпал жасайтын қуатты факторы ретінде қарастырылатын жазбаша тілдері, тіл мәдениетінің мазмұн-мағынасы – әдеби тіл, яғни, оның нормалары, сөз құдіретіне биік талғаммен қараулары.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы жолдауы.
2. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Ашимова Қ.Т. Сөйлеу мәдениеті өспейінше жоғары ақыл мәдениетіне жетуге болмайды. – Алматы, 2016.
4. Сарыбаев Ш.Ш. Жастардың сөздік қорын байытудың кейбір мәселелері // «10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития» атты халықаралық ғылыми конференция. – Алматы, 2001.
5. Қыдыршаев А. Шешендік тануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Орал, 2000.
6. Ныязбекова К.С. Шебер сөйлеу – болашақ маманға қойылар басты талап. – Алматы, 2018.
7. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы.

3.53. Роль командной работы в формировании корпоративной культуры будущего педагога-воспитателя

Макпал Аленовна Бакетова

докторант института педагогики и психологии.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(г. Алматы, Казахстан)

Асем Исаевна Булшекбаева

доктор PhD, старший преподаватель, института педагогики и психологии. Казахский национальный педагогический университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан)

В современном мире практически в любой сфере деятельности одним из важнейших факторов успеха в достижении поставленных целей является командный подход. Командная работа постоянно применяется в высших учебных заведениях при подготовке будущих педагогов-воспитателей. Если в рамках образовательной программы будет организована совместная деятельность преподавателей и студентов в рамках единой технологии, обеспечивающей всестороннее горизонтальное и вертикальное развитие, повысится качество условий, образовательный процесс и его результаты.

На наш взгляд, эффективная организация совместной деятельности преподавателей включает два основных компонента (при

этом в процессе совместной деятельности появляется множество других компонентов, усиливающих и обогащающих друг друга): рефлексивная культура преподавателей и командообразующая культура. Рефлексивная культура преподавателей обеспечивает работу психолого-педагогических механизмов анализа и переосмысления своей профессиональной деятельности при участии в совместной деятельности коллег, работающих в общем потоке студентов. Группообразующая культура развивает компетенции взаимодействия, а также взаимодополняет интерактивные (регулирующие) и перцептивные (приемные) механизмы процесса взаимодействия.

"Команда" часто приравнивается к понятию "коллектив". В понимании коллектива Сухомлинского - младшая группа, цель которой соответствует общественным целям. Команда из группы сотрудников отличается высоким уровнем корпоративной культуры, определяется организованностью, рациональностью, умением оценивать и развивать потенциал каждой личности. Эффективной командой является коллектив людей, способный оказывать сотрудничество и взаимопомощь. Они добиваются высоких результатов благодаря организации совместных действий. Команда разрабатывает принципы деятельности для всех своих членов, распределяет задачи на стратегические и тактические вопросы: имеющие значение и второстепенные проблемы и, соответственно, планирует время на их решение. Команда имеет высокое качество работы и удовлетворенность. В достижении этой цели группа начинает чувствовать себя на определенной стадии команды, члены начинают думать с одной категорией, чувствуют единство [2].

Психологический климат в коллективе — это следующий параметр признака команды. Она появляется в процессе совместной деятельности, где будущий коллектив педагогов-воспитателей оценивает свою деятельность, видит перспективы работы, пути реализации, хочет улучшить достижения при наличии высокой мотивации и активности сотрудников.

Команда отличается умением и умением нести личную ответственность за результаты деятельности по всем стадиям пирамиды управления ее членами и избегать от нее. Общее требование команды-постоянное совершенствование своих профессиональных знаний, умений, навыков. Члены команды достойно выдерживают свои позиции, отличаются творческими инициативами. Данные признаки команды говорят, что рабочая группа постепенно становится командой. Чтобы это произошло, необходимо иметь серьезные изменения в настроении людей, их сознании, быть готовым работать в команде. Способность работать в команде определяется как основная компетентность будущего педагога-воспитателя, которая предполагает осознанное восприятие в общем результате сущности

своего места и успешность производства, что обеспечивает положительное влияние на качество совместной деятельности группы (Гер, Х. Оттл) [3].

Так, на первом этапе руководитель доминирует в определении стратегических и тактических целей и задач, при проведении собрания коллектива организует коллективное обсуждение, пытаясь разъяснить каждому члену коллектива его задачи, обеспечивая формирование коллегиальности принятия совместных решений.

На втором этапе руководитель, обнаруживая конфликтологическую грамотность (владение знаниями о видах, особенности конфликтов, способы их решения, практические умения прогнозировать, предупреждать и решать педагогический конфликт) и гибкость, открытость, способность адаптироваться к изменяющимся условиям, учитывая, что коллектив еще не может самостоятельно работать над заданием, наибольшее внимание должно уделить именно организации рабочего процесса. Поддержание комфортного психологического климата, иллюстрации достижений и четкое постановление конкретных задач поможет коллективу сознательно декомпозировать стратегические цели на пошаговое решение практических задач. Третий этап характеризуется особым вниманием к формированию взаимопонимания между членами команды, создание положительного командного микроклимата, дает ощущение командного единства. На этом этапе участники уже самостоятельно могут взять на себя ответственность за выполнение своих обязанностей, следовательно, отпадает необходимость в жестком контроле и пошаговых рекомендациях, которые уже могут мешать определять собственную позицию в общем деле. Для активного включения будущих педагогов-воспитателей в совместную работу руководителю необходима коммуникабельность, чувство юмора, умение организовать обратную связь. Со вступлением команды в последнюю стадию своего развития участие руководителя в построении взаимоотношений в педагогическом коллективе существенно уменьшается, одновременно необходимо разумное делегирование полномочий и стимулирование достижений команды.

Весомым социально-психологической функцией руководителя на всех этапах развития команды является умение регулирования процессов поведения сотрудников.

Руководитель, работающий в системе дошкольного образования, должен учитывать особенности аудитории, с которой он работает.

Как правило, педагоги-воспитатели — это взрослые люди, обладающие жизненным и профессиональным опытом. Поэтому важным моментом является принятие во внимание профессионального опыта.

Следующий важный аспект – выбор ведущего метода обучения.

Принимая во внимание имеющийся профессиональный опыт воспитателей, правомерным является рассмотрение возможностей обучения в сотрудничестве, которое рассматривается в мировой педагогике как наиболее успешная альтернатива традиционным методам [4].

В отличие от традиционных технологий обучения, основная цель педагогики сотрудничества – развитие интеллектуальных, духовных и физических способностей, интересов, мотивов, выработка научно-материалистического мировоззрения. Содержанием обучения является освоение способов познания, общественно и лично значимых преобразований в окружающей действительности, а не программные знания и материалы. Педагогика сотрудничества – одна из технологий личностно ориентированного обучения, которая основана на следующих принципах:

- взаимозависимость членов группы;
- личная ответственность каждого члена группы за собственные успехи и успехи группы;
- совместная учебно-познавательная деятельность в группе;
- общая оценка работы группы.

Обучение в сотрудничестве рассматривается как метод обучения. Существуют несколько вариантов данного метода обучения:

1. «Обучение в команде».

Большинство вариантов метода обучения в сотрудничестве используют идеологию именно этого варианта. В этом варианте особое внимание уделяется «групповым целям» и успеху всей группы, который может быть достигнут в результате самостоятельной работы каждого члена группы в постоянном взаимодействии с другими членами этой же группы при работе над темой, вопросом, подлежащим изучению. Задача каждого участника группы состоит не только в том, чтобы сделать что-то вместе, в том, чтобы познать что-то вместе, чтобы каждый овладел необходимыми знаниями, сформировал нужные навыки, и при этом чтобы вся команда знала, чего достиг каждый участник.

2. «Пила».

Участники организуются в группы по 4–6 человек для работы над учебным материалом, который разбит на фрагменты (блоки). Каждый член группы находит материал по своей части. Затем изучающие один и тот же вопрос, но состоящие в разных группах встречаются и обмениваются информацией как эксперты по данному вопросу. Это называется «встречей экспертов». Затем они возвращаются в свои группы и обучают всему новому, что узнали сами, других членов группы. Те, в свою очередь, докладывают о своей части задания (как зубцы одной пилы). Единственный путь освоить материал всех фрагментов и таким образом научиться преобразовывать выражения – это внимательно слушать партнеров по команде и делать записи. В конце

цикла все участники группы проходят индивидуальный контрольный срез, который и оценивается. Результаты суммируются, команда, сумевшая достичь наивысшей суммы баллов, награждается.

3. «Учимся вместе».

Участники разбиваются на разнородные (по уровню обученности) группы в 3–5 человек. Каждая группа получает одно задание, являющееся подзаданием какой-либо большой темы, над которой работают все. В результате совместной работы отдельных групп и всех групп в целом достигается усвоение всего материала. Основные идеи, присущие всем описанным вариантам – общность цели и задач, индивидуальная ответственность и равные возможности успеха. Именно сотрудничество, а не соревнование лежит в основе обучения в группе. Индивидуальная ответственность означает, что успех всей группы зависит от вклада каждого участника, что предусматривает помощь для членов группы друг другу [3].

Главный принцип – одно задание на группу, одно поощрение на группу, распределение ролей – соблюдаются во всех случаях. Необходимо отметить, что совокупность всех указанных вариантов решения конкретных дидактических задач позволяет наиболее полно реализовать личностно ориентированный подход в различных педагогических ситуациях, используя «командный» вариант работы.

Понятие «работа в команде» наиболее детально разработано в менеджменте, прежде всего в менеджменте персонала, и связано особыми психологическими и структурными характеристиками группы сотрудников, позволяющими организовать эффективное взаимодействие работников для достижения поставленных задач.

В педагогике термин «работа в команде» используется недостаточно широко, его аналогами чаще всего служат «педагогическое сотрудничество» и «педагогика сотрудничества». Командный метод обучения или TBL (teambased learning) был предложен в 1970 г.

Ларри Мичелсенон, преподавателем факультета бизнеса Университета Оклахома. Исследования показали, что люди обучаются не только при чтении и запоминании. Действительное понимание изучаемого материала приходит при попытке применить полученные знания. Кроме того, обучение в команде способствует лучшему освоению учебного материала, чем работа в одиночку, и командная деятельность способствует развитию и совершенствованию как поведенческих, так и профессиональных навыков.

Главная идея командного метода обучения – превращение гетерогенной группы педагогов, которая не один год вместе, в сплоченную, эффективно действующую команду, способную применять и использовать полученные знания для решения задач учиться вместе. Использование командного метода в работе педагогов дошкольного образования, по нашему мнению, имеет ряд преимуществ:

– наличие хорошей команды является необходимым условием успешной и эффективной работы системы дошкольного образования;
– эффективность системы дошкольного образования требует отлаженного механизма взаимодействия специалистов разного уровня квалификации;

– члены команды обладают достаточным и необходимым уровнем профессиональной компетенции и могут на практике его реализовать;

– у членов слаженной команды есть единое видение конечной цели и способов ее достижения при гибком распределении функций.

Важно отметить, что командный метод дает возможность будущим педагогам-воспитателям целенаправленно работать над поставленной задачей. (годовой план, календарно – тематическое планирование и т.д.) [5].

Таким образом, использование командного метода обучения в формировании корпоративной культуры будущих педагогов-воспитателей дошкольного образования подтверждает свою эффективность:

– обеспечивается активное вовлечение всех студентов в процесс обучения, развитие у них коммуникативных умений и навыков работы в команде;

– командная работа позволяет не только качественно и своевременно реализовать проект, немаловажным является и повышение профессионального уровня участников команды.

Список литературы:

1. Гертер Г. Работа в команде. Практические рекомендации для успеха в группе / Г. Гертер, К. Оттла: пер. с нем. - М.: Изд-во Гуманит. центр, 2006. - 192 с.

2. Сухомлинский А.В. Методика воспитания коллектива / А.В. Сухомлинский. - М.: Просвещение, 1981. - 192 с.

3. Петровский А.В. Личность в психологии: парадигма субъективности / А.В. Петровский. - Ростов-н /Д.: Феникс, 1996. - 512 с.

4. Пометун А. Организация командной деятельности в педагогическом коллективе / А. Пометун, Л. Середняк, И. Сущенко, А. Янушкевич // Директор шк. - 2005. - № 6 - 7. - С. 59 - 73.

5. Ушаков К.М. Подготовка управленческих кадров образования / Н. Ушаков. - М.: Сентябрь, 1997. - 176 с.

6. Зинкевич-Евстигнеева Т. Команда на рынке: стратегия и методы (руководство для эффективных команд) / Т. Зинкевич-Евстигнеева, Д. Фролов. - СПб. Речь, 2003. - 144 с.

3.54. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқыту үрдісінде «Сын тұрғысынан ойлау модулін» қолданудың өзектілігі

Жумакул Маратовна Молбасынова

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, магистр (Қазақстан, Талдықорған)

Білім берудің жаңартылған мазмұнының басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, интеллектуалды, рухани-адамгершілік және физикалық тұрғыда дамыған тұлғаның қалыптасуына ықпал ету болып табылады. Сондықтан кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген білімгер тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру қажеттілігі туындауда.

Сыни ойлаудың пайда болуы - адамның пайда болуынан кейінгі эволюциядағы маңызды кезең. Сыни ойлау мен өркениет бір уақытта пайда болады және бір-бірімен тығыз байланыста дамиды. Сыни тұрғыдан ойлау - бұл өзін-өзі дамытуға қабілетті ультраметажүйе. Метажүйенің ауысуы нәтижесінде мәдениет динамизмге, өзіндік ішкі импульск дамуға ие болады. «Оқушылардың сыни ойлауының» жұмыс тұжырымдамасын талдай отырып, оның құрамына кіретін негізгі ұғымдарды сараладық: «сыни тұрғыдан қарау», «ойлау», «оқушының жеке басы». Негізгі тұжырымдаманың әр нақтыланған қосымшасы анықтаманы неғұрлым нақтырақ және зерттелетін объектілерді немесе процестерді сипаттауға жарамды етті. Біріншіден, ойлау дегеніміз не, оны өсіруге, жетілдіруге бола ма деген сұрақты қарастырамыз. Сондай-ақ, сыни ойлаудың деңгейлері мен оны қалыптастыру мүмкіндіктері анықталатын параметрлерді анықтау қажет [1].

Ойлау дегеніміз көптеген ғылымдарда зерттеу нысаны болып табылатын ең күрделі психикалық процестердің бірі - философия мен логикадан психология мен медицинаға дейін. Күрделілік зерттеу объектісі тек психикалық процестердің өздері ғана емес, сонымен бірге түпкі нәтижелер, ойлау өнімі бола алатындығымен байланысты. Ойлау - бұл өте маңызды ақыл-ой процесі, ол Р. Декартқа (XVIII ғасыр): «Мен ойлаймын, яғни мен бармын» деп айтуға мүмкіндік берді.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль білімгерлердің де, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - сабақта білімгерлердің қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей отырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, білімгерлердің өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп,

дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау [1].

Білімгер — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Педагог — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы балаларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне енгеніне біршама уақыт болды.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. «Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен.

Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқыту үрдісінде «Сын тұрғысынан ойлау модулін» қолданудың өзектілігі – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Білімгерді педагогпен, топтастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама [2].

Жоғары оқу орындарында білімгерді сын тұрғысынан ойлауға үйрету теориялық білімдерді терең мегеріп қана қоймай, өз тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандырды. Дәріс бойынша (жаңа сабақ) дәлелдер жыйнастырып, шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану дағдылары қалыптасты. Сын тұрғысынан ойлауда ой-пікір алмасу білімгердің педагогпен, білімгердің білімгермен жұптық, топтық жұмыстары жүзеге асып отырды. Сонымен қатар, осының барлығына сүйене отырып, мен тізбектелген сабақтар топтамасына оқыту мен оқуда жаңа тәсілдер: топтағы «диалогтік оқыту», «зерттеушілік әңгіме», «дәйектеу» енгізгенім туралы айтқым келеді.

Менің ойымша, психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін қолдану арқылы сабақтың түрлерін ұйымдастыру білім сапасын арттырудың өзектілігін көрсетеді. Ал бұл модуль мен диалогтік оқытудың арасындағы байланыс туралы

оқытушыға арналған нұсқаулықта төмендегідей айтылған. Топтағы қарым-қатынасты зерттеуді көздеген еңбектер белгілі бір өзара әрекеттестік үлгілері, зерттеушілік әңгіме, дәйек пен диалогтің оқытушылар мен білімгерді мағына мен білімді игерудегі бірлескен іс-әрекетке тартылуымен қатар, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттері өрістеуіне және зияткерлік қырларының дамуына ықпалын тигізетіндігін көрсетті. Александердің (2001, 2008) Диалогтік оқытуына сәйкес, топтың қолданбалы зерттеуін зерделер болсақ, ол диалектикалық және диалогтік педагогика тұрғысынан білімгердің ой-пікірлері назарға болмашы ғана алынатын топтағы қарым-қатынастың дәстүрлі моделіне күмәнмен қарайды. Көзбен көру және ауызша ақпарат көздерімен тікелей қарым-қатынас жасау білімгерлерге дәйектеу дағдыларын шынықтыруға және жеке тәсілдермен білім алуға мүмкіндік береді және формальды түрде оқуды азайтты. Олар кітап арқылы оқыту сияқты дәстүрлі тәсілдерге наразылық білдіреді және оқытушылар білім мен зерттеу үдерістерін басқармай, бағыттап отыру үшін өздерінің рөлдерін қайта қарастыруы керек [3, 46-б.].

Білімгерді сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Осылайша білімгерлерді ХХІ ғасырда және кейінгі ғасырларда да өмір сүру үшін қажетті дағдылармен және қасиеттермен қаруландыру – оқытушылар үшін ынталандырушы күш болып табылады. Білімгерлер күннен-күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек (Wolfe and Alexander, 2008) [3, 47-б.].

Л.С. Выготский когнитивті дамудың, оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істесе, жақсаратындығын атап көрсеткен. ЖАДА студент дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Бұл тапсырмаларды орындауда жаңаны үйренуде тірек болатын педагогтің көмегі немесе қолдауы керек. Бұл қолдау қарым-қатынасты қамтиды және Л.С. Выготский бұл жағдайды оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді [3, 24-б.].

Александер (2004) оқытудағы әңгімелесу – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екі жақты бағытта жүреді және осының негізінде білімгердің білім алу үдерісі алға жылжиды деп тұжырымдайды. Диалог барысында білімгерлер (сонымен қатар олардың оқытушыларға да) келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу білімгерлермен «зерттеушілік әңгіме» құру арқылы іске асады, дегенмен оны

білімгерлер берілген тақырып бойыша бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады [3, 49-б.].

«Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп-текшеп, жан-жақты қарастыру», «өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады. Модульдерді өзара байланыстыру үшін әр түрлі стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдандым. Сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде мен өз сабақтарымда «Миға шабуыл», «Үш таяқ», «Қажеттілік пирамидасы», «Жетістік сатысы» әдістері арқылы талдау, жұптық жұмыс, топтық жұмыс зерттеушілік әңгіме сияқты тәсілдермен ұйымдастырдым. Стратегияларға жеке-жеке тоқталып, оның сын тұрғысынан ойлау модулін қалай ықпалдастыратынын талқылайын. Ол үшін білімгерлерге бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасап отырдым.

Миға шабуылды мен әр сабақта қолдандым. Бірінші сабақта осы стратегия арқылы жаңа тақырыптың мақсатын ашқым келді, яғни өтетін сабақтың тақырыбын анықтау, проблемалық жағдаяттарды қарастыру және қайта бағыттау сұрақтардың көмегімен түсініп, соның тұжырымдамасын айтқызуға тырыстым. Содан кейін тақырыпты ашуға мүмкіндік беретін сөздерді тақтаға іліп қойып, білімгерлерге талдау жұмысын тапсырдым.

Білімгерлердің зейінін тақырыпқа бағыттап алғаннан кейін, топтарға бөліп, «Жасөспірімдік кезеңде психикалық даму ерекшеліктері» атты дәріс бойынша мәтін тараттым. Барлық топтағы білімгерлер «Оқиғалар картасы» әдісі арқылы мәтінді талдауға кірісіп кетті. Ақпараттармен толық танысқан соң, бастапқы топтарына қайта жиналып, дәріс жоспарындағы төрт сұрақты «қабылдануға» көшті. Сол мәнін өзгертпей қайта жаңғырта отырып, содан кейін ғана өз ақпараттарын түсіндірді, осылайша проблеманы шешудің шығармашылық варианттарының «эстафетасы» пайда болды. Дәл осылай топтық жұмыс жалғаса отырып, бағалау жұмысы жүзеге асырылды.

Сын тұрғысынан ойлауда мәтінді есепке алатын болсам, бақылау мен тыңдау арқылы білімгерлер дәлелдер жинастырып, топтастырды. Ғылыми тұжырым қалыптастыру үшін жасөспірімдік шақтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектерін дереккөз етіп алды. Мәселен,

1. Жасөспірімдік кезеңде зияткерлік аясының кеңеюі.
2. Жасөспірімдік кезең дағдарысының сипаттамасы.
3. Жасөспірімдік кезеңдегі өзіндік сана және «Мен» бейненің ерекшеліктері сияқты сұрақтар көлемінде жеке пікірлері салыстырылып, зерттелді. Барлық пікірлері талданып, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттері қалыптасты. Ары қарай тақырыпты қаншалықты

түсінгендерін білу үшін кері байланыс ретінде «Сканер», «Шахмат», «Бағдаршам», «Кезекші орындық» әдістерін қолдандым [4, 150-б.].

Жұмыстың келесі кезеңінде («Галереяны аралау») ұсынылатын дайын ресурс бойынша зерттеушілік және кумулятивті әңгімелесу жүзеге асырылды, яғни материалды талдады, интерпретация жасады, нақты тұжырымдарды түсіндірді. Әрбір топ өзге топтардың тұжырымдарын тыңдады және өз көзқарастарын қосып толықтырды, түзетулер енгізді. Сын тұрғысынан ойлауда білімгерлер рефлексиялық оқуға машықтанды. Оларда сын тұрғысынан ойлау дағдылары, жазып алу, бағалу әрекеттері қалыптасты. Бұл қабілеттері берілген мәтін бойынша дәлелдерді талқылап, қажет ететін тапсырмаларды орындау барысында көрініс тапты. Тақырып бойынша ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылды, «Сіз қалай ойлайсыз?», «Өз ойыңызды қалайша дәлелдеп бере аласыз?» «Менің ойымша...», «Мына нұсқаға сүйенсек...», «Сіздердің ұстанымдарыңызды немен салыстыруға болады?», «Осы тақырып бойынша біліміңізді қалай қолданасыздар?», «Өз ұстанымдарыңызды қандай дәлелдермен қуаттайсыздар?», «Ұстанымдарыңыздың ішкі бөлімдерін бір-бірімен қалай салыстырасыздар?», «Өз ұстанымдарыңыздың ұтымды жерлері қандай?» деген сияқты сұрақ қою арқылы дәлелдерді талап етіп, зерттеушілік әңгіме құрылды. Берілген дәлелдер есепке алынып, барлық көзқарастарға көңіл бөлінді. Сын тұрғысынан ойлайтын білімгерлер белсенді болды, олар еркін сұрақ қойып, дәлелдерді талдады. Берілген мәтіннің мағынасын анықтау үшін стратегияларды саналы түрде қолдана білді.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады. Яғни, білімгерлер:

- негізгі ойлау қадамдарын ретімен, логикалы түрде және тереңінен қолданады,
- өз көзқарасы мен ұстанымдарын ұтымды түрде дәлелдей алады,
- өзіне өзі нақты баға бере алады,
- өзге пікірлерді бағалай біледі,
- ұсыныстар мен гипотезалар жасай біледі,
- айтылған сынға байыппен қарайды: өз ұстанымдарын икемді түрде өзгерте алады,
- өз жұмысын жақсарту жолдарын іздестіреді.

Сонымен, ЖОО оқыту үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану білімгерлердің білім алуға қызығушылығын оятып, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, белсенділігін арттыратын, жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеуге бағытталған әдіс деп қарастыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://alashainasy.kz/>.

2. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және Ізденіс оқыту ретінде (оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері). Алматы, 2017 ж.

3. Жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. Студенттерге арналған нұсқаулық. Астана, 2015 ж.

4. Молбасынова Ж.М., Байсова Л.Ж. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру. Алматы, 2019 ж. – 150 б.

5. Жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. Үлестірме материалдар Екінші «Бетпестет» кезеңі. Астана, 2016 ж.

3.55. Жаһандану үдерісіндегі педагогтардың көшбасшылығы және эмоционалды интеллект

Роза Аблакимовна Болатбаева

Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

Рабиға Ташкенбаевна Иманкулова

Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі директорының ғылыми-әдістемелік істер жөніндегі орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

Бұл мақалада жаһандану үдерісіндегі педагогтардың көшбасшылығын дамытуда эмоционалды интеллектінің маңызы туралы айтылады.

***Кілт сөздер:** білім, көшбасшылық, эмоционалды интеллект, жаһандану.*

«Жаһандану» ұғымы ағылшын тіліндегі «global» - бүкіл әлемді қамтыған әлемдік деңгейде жүріп жатқан іс-әрекет.

Эмоционалды интеллект - адамның өзінің және өзгенің эмоциясын түсінуі және олардың эмоциялық күйіне бейімделу икемділігі.

Интеллект (лат. *intellectus* — таным, ұғыну, аңдау) - жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті.

Көшбасшылық (ағылшын тілінен lead – басқару, ал leadership - басқара алу қабілеті деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі жаһандану кезеңіндегі заманауи білім берудің болашағы қоғамның даму үрдісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен анықталады. Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, білімді де білікті, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін, эмоционалды

интеллекті жоғары дамыған көшбасшы ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ.

Тәуелсіздік алған 28 жыл ішінде еліміздің әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі-білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты іс. Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге тез бейімделу қажеттігін туындатты. Осыған орай мемлекетімізде білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуде.

Білім беру жүйесін жаңарту қажеттігінің туындауы заңдылық екенін Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «100 нақты қадам» ұлттық жоспарында атап көрсеткен болатын. Қазіргі таңда еліміздің мектептері білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасына толық көшті. Жаңа білім мазмұнының негізгі ерекшелігі оқушыларды алған білімдерін өмірде пайдалана алуға бағыттау болып табылады. Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім берудің ұлттық моделі қалыптасып, еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірілді. Білім беруді дамытуға кезекті жоспар жасалып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсан айының 27-сі күнгі № 988 қаулысымен «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді.

Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары, барша отандастарымызға арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдаулары, ұлт көшбасшысының Жастар жылының ашылуында және «Нұр-отан» партиясының XVIII съезінде берген тапсырмасы, Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасы мен «Бірге» жалпыұлттық акциясындағы ұсыныстары және «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» тақырыбындағы Жолдауы негізге алынған бағдарламаның мақсаты-қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру. [2, 2 б.]

Білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды талапқа сай жүзеге асыру - ұстаздар қауымына жүктелген жауапты да абыройлы іс. Өткен күндердегі іс-тәжірибеге көз жіберсек, кешегі бүгінгіге, бүгінгі ертеңгіге ұқсамайды. Ғылымның дамуы, білім мазмұнының өзгеруі, оқушы талғамының үнемі өсуі мұғалімдерден білімділікті, креативтілікті, табандылық пен ұстамдылықты талап етеді.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында келтірілген SWOT талдау барысында қауіп ретінде кадрлардың басқа салаға кетуі атап көрсетілген. Бұл қауіпті болдырмау бағытында білім мекемелерінің басшылары мұғалімдердің білім-біліктілігіне ғана емес, сондай-ақ олардың эмоционалды интеллектілерінің жай-күйіне де ерекше мән беруі қажет.

Педагог мамандығы күйзелісті жұмыстар қатарына жататыны жасырын емес. Ол мұғалімнен өзін-өзі ұстау мен өзін-өзі сабырға шақыруды талап етеді. Бүгінгі мұғалімнің сәтті кәсіптік қызметі оның психологиялық саулығының деңгейіне тікелей байланысты. Эмоционалды шиеленістің, күйінудің алдын алу және оларды еңсеру мақсатында бүгінгі таңда мұғалімді өзінің эмоционалды күйін басқару машықтарымен және дағдыларымен (релаксация, эмоционалды күйін өзіндік бақылау тәсілдерін үйрету) қаруландырған аса маңызды. Кәсіптік күйінудің алдын алудағы маңызды шарт-жұмыс пен үйдің, кәсіптік және жеке өмірдің арасын белгілеу.

Психологтардың зерттеуі бойынша эмоциялық интеллект идеясының пайда болуы әлеуметтік идея турасындағы түсініктердің дамуы нәтижесінде мүмкін болған. Тұлға табыстылығының жалпы интеллект деңгейі және әлеуметтік ортамен өзара тиімді әрекеттесуі арасындағы сәйкессіздіктердің жиі орын алуының нәтижесі ғалымдардың әлеуметтік интеллектіні жекелеген дара қабілет немесе тұлға қасиеті ретінде бөліп қарастыруына түрткі болды.

Ғылымға «эмоционалды интеллект» терминін американдық екі психолог Питер Сэловей мен Джон Мэйер 1990 жылдары енгізген екен. Олар алғашқы болып эмоциялық интеллектінің бірінші үлгісін ұсынғандар. Аталған авторлар «эмоциялық интеллект» деп «өзінің және өзгенің сезімдері мен эмоцияларын байқай білу, оларды ажырату және осы ақпаратты ойлау мен іс-әрекетте қолдану» деп түсіндіреді [3, 30 б.]

Ғалымдардың пікірінше әлеуметтік интеллекті жоғары болып табылатын көшбасшылар барынша мұқият қалыптасқан перцептивті және мінез-құлық үлгілеріне ие. Олар топтың өзге мүшелеріне қарағанда қалыптасқан жағдайды тезірек ұғынып, сәйкес шешімдерді дер кезінде қабылдайды, өзгелермен салыстырғанда өмірде тиімді түрде іске асыра алады.

Ал Д. Гоулман эмоциялық интеллектіні тиімді басқарудың міндетті шарты деп қарастырады. Өзінің «эмоциялық көшбасшылық» кітабында ол көшбасшылық қабілет үлгісін эмоциялық интеллект құрылымына сәйкес төмендегідей сипаттайды [4, 232 б.].

Өзіндік сана: өзіндік санасы жоғары дамыған көшбасшылар өз эмоциялары мен сезімдерінің әсерін саналауға қабілетті, бұл қасиет оларға күрделі жағдайларда мінез-құлықтың ең үздік тәсілін таңдауға көмектеседі,

Өзін-өзі қадағалау: эмоцияны қадағалау, ашықтық, бейімділік, жеңуге деген ерік-жігер, бастамашылық, оптимизм. Өзін-өзі қадағалауы жоғары дамыған көшбасшылар-стрестерге төзімді, дағдарыс кезінде сабыр сақтай білетін, аумалы-төкпелі жағдайларға тез бейімделе алатын тұлғалар.

Әлеуметтік сезгіштік: эмпатия, іскери білімдарлық, елгезектік. Бұл қасиеттерге ие көшбасшылар адамдарды тез түсініп, олардың орнына өздерін қоя алады, адамдардың қажеттіліктеріне өте сезімтал болып келеді.

Қатынастарды басқару: ынталандыру, ықпал ету, жетілуге көмектесу, өзгерістерге қолдау көрсету, шиеленістерді реттеу. Осындай сипаттарға ие көшбасшылар адамдардың үн қатуына ықпал етіп, оларды алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға жігерлендіре алады. Ұжым арасында ауызбіршілік пен сенімділікті қалыптастыра алады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары, оларды мұғалім қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады» деп атап көрсетті. Ендеше педагогтардың алдындағы басты мақсат - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Шығармашыл оқушының көшбасшылық қабілеті артады. Ол басқаларға үйретеді, артынан өзгелерді жетелей алады. Өзінің алдына мақсат қоя біледі, өз елінің патриоты болады. Бұл-қазіргі қоғамның талабы.

«Басты рөл білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымына беріледі, ол білім алушылардың «моральдық компасты»-дұрыс пен бұрысты ажырата білу сезімін және бақытты өмір сүруге қажетті берік мінез-құлықты бойға сіңірудегі пайымын айқындайды, көшбасшылық қасиетін қамтамсыз етеді» деп Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілген. Сондықтан жаңа форматтағы педагогтан тек өз пәнінің білгірі болуды ғана емес, эмоционалды интеллектісінің жоғары болуы талап етіледі. Мектебімізде мұғалімдердің эмоционалды жай-күйіне ерекше назар аударуды, бұл бағыттағы білімдерін жетілдіруді және сол арқылы оқушылар мен ата-аналардың да эмоционалды интеллекттерін дамыту бойынша жұмыс жүргізуді өткен оқу жылынан бастап қолға алдық. 2018-2019 оқу жылында осы жоба бойынша «International Academy of Emotional Intelligence» орталығының әдіскерлерін мектебімізге шақырып, Йель Университеті концепциясының негізінде педагогтарға «Педагогтың эмоционалды интеллекті. Баланың үндестік даму эмоционалды интеллект аймағы» тақырыбында курстар жүргізуін ұйымдастырдық.

Жобаның мақсаты:

- Мұғалімдердің кәсіби шаршау деңгейін төмендету
- Балалардың эмоционалды интеллектін дамыту және оны білім беруде кіріктіру

- Мұғалім еңбегінің жұмыс орнындағы жемістілігін арттыру, оқушылардың білім сапасын арттыру, оқушылардың ашу-ыза деңгейін төмендету

- Эмоциялық төзімділікті дамыту, білім беру жүйесіндегі кез келген өзгерістерге тез бейімделу.

- Педагогтар бойында қазіргі заманғы көшбасшылықты дамыту

- Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлінің маңыздылығын арттыру

Курстан ұжым мұғалімдерінің 85%-ы өтіп, өздерінің қызық та қиын жұмыстарында эмоциялық төзімді болудың, өзгерістерге тез бейімделудің әдіс-тәсілдерін меңгерді және тиісті сертификаттарға ие болды. Сондай-ақ ата-аналар да осы курсқа шақырылып, бала тәрбиесіндегі өз рөлдерінің қаншалық маңызды екеніне көз жеткізді. Ата-ананың баладан тек сабақ үлгерімін ғана сұрап қоюы мүлдем жеткіліксіз қарым-қатынас екеніне, балаға оның ата-аналық жылуы қажет екеніне баса назар аударылды. Өз ата-анасының жылуын сезінбеген бала оны сырттан іздейтіні мәлім. Ал ол сәтсіздіктерге апаратын тікелей жол болуы әбден мүмкін екені теориялық және практикалық тұрғыда жеткізілді.

Аталған курстың мектеп әкімшілігінің басқару жұмысына да оң әсері болды. Курстан соң әкімшілік командамыз мұғалімдер мен оқушылардың өздерін мектепте қолайлы сезінуі үшін осы уақытқа дейін жасалған жұмыстарымызды қайта қарастырдық. Ол үшін ең алдымен мұғалімдер мен білім алушылардың бас қосып пікірлесу, эмоциялық тұрғыда ауырлық туғызып тұрған сезімдерінен арылу, релаксация жасай алуы үшін сергіту зоналарын көбейту қолға алынды. Нәтижесінде мұғалімдер үшін «Teasers office», релаксация бөлмесі, оқушылар үшін денсаулық бұрышы, шахмат алаңы, теннис алаңы, асық ойнау шеңбері, бірнеше демалыс бұрыштары, ата-аналар үшін газет-журналдармен, шахмат, тоғызқұмалақ және түрлі брошюралармен жабдықталған күту бөлмесі ашылды.

Бұған дейін әр күзгі демалыста мұғалімдер арасында дәстүрлі өткізілетін күзгі спартакиадаға қысқы спартакиада қосылды. Спартакиаданы оқушылар мен ата-аналар арасында да өткізу қолға алынды. Волонтерлік жұмыс жандана бастады. Ата-анаға ашық болу, мұғалімдерге жан-жақты қолдау көрсету жұмыстарын одан әрі жақсарту бағытында кешенді жұмыс жоспары жасалды.

Эмоционалдық интеллект жобасы бойынша курс жүргізуші орталық педагогтармен тығыз байланыста жұмысын курстан кейін де жалғастыруда. Курстан кейінгі кездесулер әр тоқсанға жоспарланған. Мұғалімдер осы курстан алған білімдерін практикада ұтымды жүзеге асырып, өздерінің тәжірибесімен қала мұғалімдері арасында бөлісуді бастады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды жас ұрпақ бойына сіңіруде, заман талабына сай білім беріп, алған білімдерін

өмірде ұтымды қолдана алатын ұрпақ тәрбиелеуде мұғалім көшбасшылығының маңызы аса зор. Көшбасшы мұғалім оқушы көшбасшылығын дамытуға барынша күш салады. Білім алуға, оқып-үйренуге енжар қарамайтын оқушы табысқа жетері, нәтижелі оқуға қол жеткізері сөзсіз.

Тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін педагогтардың біліктілігі мен шығармашылық әлеуетін үздіксіз көтеруге ерекше мән беру қажет. Бұл орайда мектеп басшысының кадрлар біліктілігін көтеруді жүйелі және кешенді түрде қарастыруы, жас мамандарға қамқорлық жасауы, тәлімгерлік жұмыстарды дұрыс жолға қоюы табысқа жеткізері анық.

«Жастық шақ – бұл тамаша нәрсе; оны рәсуа ету - қылмыс...», – деген екен ұлы ойшыл Бернард Шоу. Сондықтанда біздің реформалардың алдыңғы шебінде жастар болуы тиіс. Жастардың күш-жігері мен бастамашылдығы, олардың болашаққа ұмтылысы – көп ретте біздің бастамаларымыздың табыстылығының кепіліне айналады. Жас ұрпақ жаңа идеяларды ашық, жаһандық тұрғыда пайымдап, болашақтың категорияларымен ойлайды.

Мұғалімдерге мемлекеттік тұрғыда қолдау көрсету қолға алынып, елімізде «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы, онда көптеген жаңашылдықтардың қарастырылғаны ұстаздар қауымы үшін, әрине, зор қуаныш. Заңда ата-ана жауапкершілігін арттыруға мән берілген.

Президент Қ.К. Тоқаев педагог мәртебесі туралы «Абай және 21 ғасырдағы Қазақстан мақаласында ұлы ақынның «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңін мысалға келтіре отырып, еліміздің білім беру саласын заман талабына сай лайықты дамыту қажеттігін айтты.

Ұстаздық жайлы, ұстаз мәртебесі туралы ұлы Абайдан артық айтқан кім бар?!

*«Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға!»*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 14 желтоқсан).

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы. Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 ж.

3. Люсин Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте // Социальный интеллект: Теория, измерения, исследования. – М.: Изд-во «ИП РАН», 2004.

4. Гоулман Д. С чего начинается лидер - М.: Альпина Бизнес Букс, - 232 б.

5. Чекетаева Р.С. «Қазақстандық білім беру жүйесіндегі интеграциялық үдерістер».

3.56. Мониторинг жүйесін тәрбиелеу қызметінде қолдану

Тайжан Сәкенқызы Зұлхарнай

«6M012400 – Педагогикалық өлшемдер», 2-курс магистранты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

Тлеулес Бермаханович Машенбаев

Ғылыми жетекші, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
міндетін атқарушы. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Қазақстандағы заманауи қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай баланың зияткерлік, жеке және табиғи тұрғыдан тұрақты дамуына ықпал етеді. Азаматтарды, отбасыларын әлеуметтік қолдауды реттейтін Заңнамалық база жетілдіруде. Мектеп жасына дейінгі балалық шақты толыққанды дамытуды қамтамасыз ететін нормалар қабылданды. Мемлекет мектепке дейінгі білім беру саласындағы жеке қызмет көрсетуді жеткізушілерге қолдау көрсету бойынша шаралар қабылдауда. Мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытудың негізгі басымдылығы 3–6 жастағы балаларды ұйымдастырылған тәрбие және білім берумен, балаларды оқу қызметіне сапалы дайындаумен қамтуға арналған жағдайлар жасау болып табылады. Тәрбие жұмысындағы білім беру бағдарламалары мектепке дейінгі және бастауыш мектепте білім беру арасындағы сабақтастық проблемасын тиімді түрде шешуге ықпал етеді. Сонымен қатар, ата-аналар тарапынан бірқатар қосымша талаптар шешіледі. Біз көрсететін қызметтердің сапасы келесі мәселелерге тікелей байланысты:

- тәрбие жұмысының сапасына;
- педагогикалық ұжымда қалыптасқан қарым-қатынастарға;
- басшының балалармен жұмыс істеудің жаңа әдістерін шығармашылық тұрғыдан іздестіру үшін жасаған жағдайына;
- әрбір қызметкердің жұмыс нәтижесін объективті бағалауға [1].

Бұл ретте, профессор К.Ю. Белаяның көзқарасына сәйкес, – «Сапа – бүкіл ұжымның екі позициямен:

біріншіден, мектептегі педагогикалық үдерістің қалай ұйымдастырылуымен (режим, бағдарламалар мен технологияларды таңдау, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі, педагогтардың кәсіби өсуін түрлі әдістемелік жұмыс нысандары арқылы арттыру жүйесі және т. б.);

екіншіден, білім беру ұйымдарында жас мүмкіндігі мен қабілетіне қарай баланың дербес дамуға деген өз құқығын қалай іске асыруымен анықталатын қызмет нәтижесі.

Сондықтан, Мектептердегі жұмыс сапасы – үдеріс және нәтиже. Балалармен жұмыс істеу оқытушылардан үлкен күшті және энергияны талап етеді, сондықтан ұжымда мейірімділік, әдептілік және педагогикалық үдеріске қатысушылардың барлығының арасындағы құрметпен талап етудің маңызы ерекше. Жұмысқа деген қызығушылықты арттыру және үйлесімді команда құру тәсілдерінің бірі – қызметкерлерге деген құрмет және жауапкершілік пен өкілеттікті дұрыс бөлу [2].

Қазіргі мектептің жалпы даму тенденциялары тәрбие жүйесінің болуы, әр мектептегі тәрбие жұмысын атқаруда түрлі әлеуметтік институттардың өзара қызмет бөлісіп алуан, тәрбиешілер қызметінің мақсаттары мен міндеттерінің өзгеріске ұшырауын, олардың функцияларын қайта қарауды талап етеді. Мектептегі іс-шаралардың маңызы ерекше. Мектепте ұйымдастырылатын іс-шаралардың мақсаты оқушылардың дүниетанымын дамытып, қалыптастыру, өмір жайлы түсінігін жетілдіру, мектептегі іс-шаралар оқушылардың көңіл-күйін көтеріп, мектепке деген жағымды эмоция қалыптастыруы тиіс. Мектептік іс-шаралар дарынды, жігерлі, оқушылардың өзін-өзі көрсетуіне, өз орнын түсінуге, ерік жігерін шыңдауға бағытталуы керек. Оқушыларға жалықпай еңбектенсе, оның нәтижелі болатынына сенім қалатын осындай іс-шаралар арқылы олардың көзін жеткізуге болады. Мектеп оқушыларының үлгілі-өнегелі болуы немесе тәртіп бұзуы тәрбие жұмысының сапасына байланысты. Мектептегі оқу-тәрбие істерінде іс-әрекеттің барлық түрлері кешенді түрде іске асырылады. Әр оқушы өз таңдауымен, қалауымен, еркімен атқаратын қоғамдық істерді таңдайды. Мұғалім әр оқушының ішкі қажеттілігін ескереді.

Жұмыс барысында көрсетілетін қызметтің сапасын қамтамасыз ететін біз белгілі бір міндеттер мен талаптарды, міндеттемелерді, негізгі өлшемдерді белгілеу керектігіне көз жеткіздік. Нақты жұмыс аясын белгілеу тәрбиешінің қызмет еркіндігін шектемейді және өзіндік шығармашылық белсенділігіне кедергі келтірмейді. Қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде, қызметкерлер өз міндеттері және өз ерекшеліктерімен, танысумен ғана шектеліп қалатын. Сондықтан нақты өлшемдер – тәрбие жұмысына қойылатын талаптарды әзірлеу қажеттігі туындады. Бұл өлшемдер біз қоятын талаптарды әрбір жаңа қызметкердің сақтауында кездесетін қиындықтарды талдаудың негізінде қалыптастырылды. Жаңа талаптарды ескере отырып, жұмысқа қабылдау кезінде үміткер мониторинг өлшемдерімен және өзіндік мониторингпен танысады. Белгіленген талаптардың сақталуын тұрақты түрде қадағалау қажеттігін сезіну бойынша жұмыстар жүргізіледі. Біраз уақыттан кейін, сыртқы бақылаудың бұл үдерісі (құжат бойынша) ішкі бақылауға өтеді, содан кейін – қызмет нормасына

айналады. Осылайша, қызметкер біздің ерекшеліктен шеткері қалушы разрядынан білім бағдарламаларын іске асыруға қатысушы мәртебесіне көшеді [3]. Біз зерттеу жұмысымыздаа тәрбие жұмысы мониторингісінің жүйесін сипаттамалық мазмұнын ашуға талпындық (Кесте 1)

Кесте 1 – Тәрбие жұмысы мониторингісінің жүйесі

№	Іс-қимылдар	Түсіндірулер	Өзін-өзі бағалау			Сыртқы баға		
1	Сабақтарды жоғары деңгейде өткізу. Сабақта кезінде тыныштық сақтау. Барлық оқушыларды оқу және тәрбие үдерісіне тарту	Сабақтарда оқыту құралдарының мүмкін спектрлерін (ойындарды, дене шынықтыру минуттарын, құралдарды, ертегілерді, сахналық қойылымдарды, жарысушылық сәттерін, мақтауды) пайдалану. Балалар арасында шиеленістің болмауы, олар толығымен тәрбиешінің бақылауында болады.						
2	Шығармашылық жұмыстың көрнекілігі	Шығармашылық жұмыстар дұрыс және эстетикалық тұрғыда ресімделген және белгіленген жерлерде орналастырылған.						
3	Жаңа ойындар (сабақ беру барысында)	Қозғалыс ойындарын ойнау.						
4	Кабинет тазалығы мен эстетикасын сақтау	Шкафтардың мінсіз таза болуы, бөлмелердің эстетикасы, еден мен заттардың үстінің тазалығы кез келген уақытта сақталады, кітаптар мен жиһаздар дұрыс қойылуы тиіс.						
5	Оқытушы тарапынан оқушылардың бақылануы	Оқушылар бақылауда болғаны абзал.						
6	Режимдік сәттерге (киінуге, шешінуге, тамақтануға) жұмсалатын уақыт.	Режимдік сәттерге аз уақыт жұмсау.						
7	Педагогтың тіл білімі	Ата-аналармен бірлесе шешілетін проблемалы мәселелердің өзектілігі. Сұхбат жүргізу әдептілігі.						

№	Іс-қимылдар	Түсіндірулер	Өзін-өзі бағалау			Сыртқы баға		
8	Жұмыс уақыты кезінде телефонмен сөйлесу	Жұмыс ауысымы кезінде телефонмен сөйлесуге тыйым салынады.						

Кестеден, тәрбие жұмысы мониторингісінің жүйесін сипаттамалық мазмұны іс-қимылдар, түсіндірулер, өзін-өзі және сыртқы бағалау ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Өзін-өзі бақылаумен қатар осы өлшемдер бойынша басшылық тарапынан да мониторинг жүргізіледі [4]. Ай сайын қызметкердің өзін-өзі бағалауының және басшылықтың бағалауының нәтижелерін талдау жүргізіледі, қиындықтар талданады. Жыл соңында қорытынды шығарылады. Үздік педагогтарды басшылық жиналыстарда атап көрсетеді. Осылайша, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу тек әкімшілік сипатқа ғана емес, Тәрбие бағдарламаларында мәлімденген талаптарды жүзеге асыруға қосқан үлес ретінде саналы шығармашылық еңбек сипатына ие және оның нақты нәтижелері бар. Мониторинг жүйесін тәрбиелеу қызметінде қолдану, тәрбиелеу қызметін көрсетудің жоғары деңгейіне шығуына мүмкіндік берді. Осыған ұқсас жүйелер асхана жұмысшылары, медицина қызметкерлері, тәрбиешінің көмекшілері үшін де әзірленді. Ұсынылып отырған қысқаша мониторинг жүйесін сіздер мектептеріңіздегі тәрбие беру ерекшелігіне қарай қайта жасауларыңызға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы: Рауан 1996. – 178 б.
2. Мәшенбаев Т.Б. Тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі / Оқу құралы. - Алматы: Қыздар университеті, 2015.
3. Тәжібаева С.Ф. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы / Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2008. – 280 б.
4. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы / Оқулық. – Алматы, 1999. – 231 б.

3.57. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау негізінде тапсырмалар жүйесін сараптау

Жансая Кожакулова

«6M012400 – Педагогикалық өлшемдер», 2-курс магистранты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Жер ырыстың кіндігі, Білім ырыстың тізгіні дегендей елімізді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш - білім және білімді ұрпақ. Осыған орай, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруда критериалды бағалау жүйесінің маңызы зор.

Бағалау - оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: оқуды бағалау және оқу үшін бағалау. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді. [МАН, 107-бет].

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Атап айтқанда, қалыптастырушы бағалау – бұл білім алушылардың оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен мұғалімдердің қолданатын мәліметтерді іздеу мен түсіндіру үрдісі. Жалпы қалыптастырушы бағалау – сабақ жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабақпен қатар жүретін үрдіс. Қалыптастырушы бағалаудың (оқыту үшін бағалау) маңызы – білім беруді, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту, мақсаты – оқытудың қиындықтарын анықтау, оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу, болжау мен сұрыптау, жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс.

Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағаланып отырады. Жиынтық бағалау - оқушының білім деңгейін қалыптастырады, дамытады, жетілдіреді. Яғни жиынтық бағалауда оқушылардың өткен тарауларын еске түсіруіне үлкен мүмкіндік береді. Өткен тапсырмаларын қаншалықты меңгергенін анықтауға болады.

Бағалау саясаты оқу үрдісінің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Ал бағалау дұрыс болу үшін бағалауға арналған тапсырма сапалы болу керек. Тапсырмалар әр түрлі болуы мүмкін. Кейде ұстаздар өзі құрастырып, тапсырмаларды түрлендіруі мүмкін. Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін. Мұғалім өзінің әрбір әзірлеген тапсырмасын сараптау кезінде **«Менің әзірлеген тапсырмам белгіленген бағалау критерийлері арқылы оқушылардың оқудағы жетістіктерін анықтай ала ма?»** - деген сұрақ төңірегінде ойланады. Себебі, мұғалімнің тапсырмасынан күтілетін нәтиже оқу мақсатының орындалуының өлшемі болып табылады. Сонымен қатар, оқу мақсаттарына сай ойлау дағдыларының деңгейі туралы ойлану да маңызды. Білу мен түсіну деңгейінен жоғары ойлау дағдыларына жету үшін тапсырманың күрделілік деңгейі ескерілуі тиіс.

Оқу мақсаттарын Блум таксономиясы бойынша жіктеуде, бағалау критерийлерін құруда дұрыс қолданудың маңызды екенін түсіндім. Тапсырмалардың қысқа және толық жауапты қажет ететініне қарай тапсырмалардың түрлерін тұжырымның шындық немесе жалған екенін, сәйкестендіру және салыстыру, көп таңдау бар тапсырмаларына қарай жіктеуді тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға болады. Көп таңдауы бар тапсырмаларды әзірлеуде кілт пен дескрипторларының дұрыс құрылуына мән беру керек. Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу үшін "Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар" жиынтығына, қалыптастырушы бағалау туралы нұсқаулықтарды басшылыққа алған дұрыс.

Әсіресе қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалаудан кейін нәтижелерді талдау оқу мақсатына жетуге апаратын жол дер едім. Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу - жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы. Екеуі бір бірімен тығыз байланысты және бір бірін толықтырып тұрады. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы, негізі қалыптастырушы бағалауда қаланады. Бағалауда күмәнді ой туғызатын сәттері де бар. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы кейде шындыққа жетпей ме деп қаласың. Дегенмен, бұндайда оқушының әрекетінен сол сәтте, тіпті, жақсы қадамға бару мүмкіндігі де туып жатады. Сыныптастарын бағалау оқушылар арасында маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне

және мұғаліммен пікірталасқа түсуіне сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге үдерістен шығуға мүмкіндік береді.

Тоқсан ауыздың тобықтай түйінін қорытындылай келе, еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев «Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін ұлт жанды азамат болуы керек» деп атап өткендей критериалды бағалау — бүгінгі білім жүйесіндегі жаңа талап. Сондықтан білімалушы өз жетістігін үнемі саралап, бақылап отыруы қажет.

Ұлтымыздың болашағын ойлаған алаштың ардақтылары бүгінгі жас ұрпақ! Сондықтан маңызды істі жауапкершілікпен атқарғанда ғана жұмыс жүйеленетіні белгілі.

Әдебиеттер:

1. Ахметова Г.К. Трансформация образовательного идеала в подготовке учительских кадров в Республике Казахстан: (Историко-педагог. аспект). Г.К. Ахметова / КазНУ имени аль-Фараби – Алматы: Қазақ Университеті, 2002. – 203 стр.

2. Батталханов Е.З. Формирование гуманистического мировоззрения учащейся молодежи как социального – педагогическая проблема: дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 2002. – 303 с.

3. Менлибекова Г.Ж. Система подготовки будущих учителей к социально-педагогической работе: дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 2002. – 291 с.

3.58. Современные подходы к обеспечению качества дошкольного воспитания и образования

Вера Константиновна Омарова

кандидат педагогических наук, доцент, профессор кафедры педагогики. Павлодарский государственный педагогический университет (г. Павлодар, Казахстан)

Татьяна Викторовна Шмидт

заведующая Центра развития ясли-сад № 1 «Ромашка»
(г. Экибастуз, Казахстан)

Как подчеркивается в Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы Казахстану с учетом международных оценок и практик, взятых обязательств и достигнутых результатов, необходимо в ближайшие шесть лет принять кардинальные меры по улучшению качества образования и науки. Основная цель реализации Программы – повышение глобальной конкурентоспособности казахстанского образования и науки, воспитание и обучение личности на основе общечеловеческих ценностей [1].

Перед педагогами страны поставлена задача - воспитание и обучение достойных граждан нашей страны, воспитанных на идеях и ценностях трудолюбия, обладающих ключевыми навыками и компетенциями XXI века.

Глобализация всех сфер жизни ускоряет внедрение инновационных подходов в практику и требует инвестиции в человеческий капитал. Среди инновационных подходов в образовании можно отнести развитие **основных навыков XXI века: 4К:**

1) коммуникация (от лат. «communicatio», «communico» - делаю общим, связываю, общаюсь);

2) коллаборативность (создание коллаборативной среды, в нашем случае умной, интеллектуальной, образовательной среды - в которой каждый ребенок мог бы в полной мере реализовать свой потенциал);

3) креативность (от англ. «creative» - созидательный, творческий);

4) критическое мышление, [2, 3].

Эти умения принято называть Soft Skills (гибкие навыки, надпрофессиональные компетенции) в противовес Hard Skills — «жестким» профессиональным навыкам.

Произошла смена вектора в дошкольном образовании на удовлетворение потребностей Ребенка, комфортности и безопасности жизни в детском саду, стимулирования Его успешности. Определилась главная тенденция в организации педагогического процесса в дошкольной организации – **реализация модели 4К, ведущих ценностей и компетенций**. Выпускники дошкольной организации должны обладать критическим мышлением, быть креативными, коммуникабельными и уметь работать в команде.

Статья 7 п. 2 «Права педагога при осуществлении профессиональной деятельности» Закона «О статусе педагога» предусматривает, что педагог при осуществлении профессиональной деятельности имеет право на творческую инициативу, разработку и применение авторских программ и методов обучения и воспитания, развитие и распространение новых, более совершенных методов обучения и воспитания при условии соблюдения требований государственного общеобязательного стандарта соответствующего уровня образования [4, с. 3].

Вектором развития дошкольных организаций становится изменение методической работы, ее целей и задач на современном этапе, отражающих специфику изменений к организации воспитательно-образовательного процесса, что требует полного изменения подходов и отношения к потребностям детей и педагогов, создания иных условий их взаимодействия, пересмотра планирования как стратегии процесса развития ребенка. Необходим пересмотр, разработка и оснащение методической базы, соответствующей реализации задач по развитию навыков 4К у детей.

Поиск и освоение инноваций, применение новых технологий и методик, реализация модели 4К в сфере дошкольного образования должны стать гарантом достижения высокого качества дошкольного образования.

Ориентируясь на новый социальный заказ государства, развитие модели 4К, образовательные запросы воспитанников и их родителей нами сделан акцент на **STEAM-образование**, которое включает в себя одновременное исследование базовых принципов точных наук. В образовательной среде STEAM дети получают знания и сразу же учатся их использовать.

Ведущая составляющая STEM обучения – это экспериментально-инженерная деятельность. В игровой форме дети учатся считать, измерять, сравнивать, приобретать навыки общения. Это помогает им приобретать необходимые математические, филологические и инженерные навыки.

Сегодня мы работаем по трем модулям: «LEGO-конструирование», «Экспериментирование живой и неживой природой», «Математическое развитие». Погружение в STEAM-среду мы начали с конструирования и открыли «Лего-центр».

Чтобы получить базовые представления о современной науке и технике помимо LEGO наборов приобретены магнитные, железные и деревянные конструкторы. Это позволило детям с максимальной правдоподобностью воспроизводить самые разные объекты и разыгрывать интересные сюжеты, как сказочные, так и вполне жизненные.

Внедрение «LEGO-конструирования» в детском саду мы рассматриваем как предстартовую площадку для научно-технических исследований, которые проводят наши выпускники уже в стенах школы.

Знание основ математики является необходимым условием успешной реализации STEAM-технологии. Модуль «Математическое развитие» позволяет детям познакомиться с геометрическими фигурами и телами, освоить самые распространенные предметы окружающего мира. Через игру у ребенка формируются элементарные математические представления, развивается пространственное воображение и мышление.

Современная дошкольная педагогика – это синтез классики и инновации, культуры и образованности. Говоря о кадрах, уместно отметить следующую тенденцию современного дошкольного образования в рамках реализации модели 4К – это **использование социальных медиа**.

Facebook, Twitter, Instagram прочно вошли в нашу жизнь. Блоги, подкасты, социальные закладки и даже *YouTube* - можно и нужно использовать как средство обратной связи работника и его руководителя, воспитателя и родителя. Возможно также создание системы поддержки дошкольных организаций нового формата, их

педагогов-новаторов, обеспечивая им профессиональный рост, с возможностью доступа к информации о развитии модели 4К в той или иной дошкольной организации, и для обмена опытом.

Ценность образования для общества отражает коллективную, групповую и личностную значимость этого культурного феномена. **Развитие основных навыков XXI века: 4К предполагает усвоение как общекультурных, так и национальных ценностей**, чтобы эффективно осуществлять сотрудничество во взаимодействии. Полиязычие - одно из несомненных преимуществ Казахстана; стержнем этой системы, скрепляющим и цементирующим нацию, является государственный язык.

Формирование таких качеств, как сознательность, ответственность, уважение к историческому прошлому, воспитание патриотизма, внутренней культуры, чувства собственного достоинства, гордости за свою Родину, гражданином которой человек является – залог гражданского становления личности.

Чтобы наши дошкольники могли изучать государственный язык, богатую историю родного края, знать язык и культуру казахского народа, гордиться достижениями своих земляков нами разработана **программа вариативного курса «Атамекен»** по приобщению детей к истокам казахской народной культуры (для детей 4-7 лет), открыт кабинет «Рухани жанғыру».

Кабинет стал не только источником знаний об истории наших великих предков, но и хорошим путеводителем в будущее. Здесь проводятся занятия, круглые столы, мероприятия познавательного характера.

Для изучения казахского языка, увеличения словарного запаса у детей и его правильного применения в речи педагогами разработан ряд игровых упражнений на основе народных игр.

В соответствии с Государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения для овладения детьми 3-7 лет английским языком нами разработана **программа «Play and Learn»**. При ее разработке учитывались возрастные особенности детей дошкольного возраста, специфика дошкольного учебного заведения.

Развитие дошкольных организаций и реализация инновационных моделей совершенствования качества образования требует знаний и навыков современного управления организацией. Нынешний руководитель дошкольной организации – это эффективный менеджер, умеющий определять стратегию развития своей организации, имеющий навыки стратегического планирования, ориентированный на результат и, понимающий основные направления Государственной программы развития образования и науки на 2020-2025 годы Республики Казахстан.

Профессиональная компетентность, интеллект, общая эрудиция: способность к обучению и инновациям; креативность (творческая

активность) и системность мышления; восприятие, обработка и анализ больших объемов сложной информации; постоянное личностное и профессиональное развитие; самоорганизация и умение распределять время; организаторские и администраторские способности (планирование, организация, делегирование, контроль); позитивное мышление, оптимизм; гибкость, адаптивность к новым ситуациям; эффективное решение проблемных ситуаций – основные профессиональные качества, характеризующие современного руководителя. *Владение всеми составляющими самим руководителем модели 4К – залог успеха управления коллективом дошкольной организации.*

Следует отметить, что изменения в дошкольном образовании в свете реализации модели 4К как в Казахстане, так и во многих странах касаются не только самих технологий, как таковых. *Внедряются новые проекты зданий дошкольных организаций образования, меняется в целом их архитектура.* Все пространство детского сада (холлы, коридоры, лестничные марши) используется как «третий воспитатель» ребенка.

В свете цифровизации и для внедрения современных (новых) информационно-коммуникативных технологий необходим и интенсивный процесс технического оснащения детских садов. И это, очередной вектор, развития дошкольных организаций. *При этом важно не только открыть малышам, их педагогам новые возможности для достижения педагогических целей, но и избежать рисков, связанных с цифровыми технологиями. Информационные и электронные технологии могут стать инструментами онлайн обучения на рабочем месте и для самих педагогов.*

В своем выступлении на пленарном заседании августовской конференции 2019 г. Президент РК Касым-Жомарт Токаев обратившись к родительской общественности подчеркнул, что еще известный педагог В.А. Сухомлинский отмечал: «Ребенок – это зеркало семьи; как в капле воды отражается солнце, так в детях отражается нравственная чистота матери и отца». Поэтому роль родителей в развитии детей трудно переоценить. Нельзя перекладывать всю ответственность за обучение и воспитание наших детей на детские сады и школу. Именно в семье формируется личность. Все родители должны об этом помнить и воспитывать своих детей в атмосфере уважения к труду учителей, – подчеркнул Президент. [5].

Рассматривая союз как необходимое условие повышение качества дошкольного образования Центр развития проводит с родительской общественностью большую работу. Чтобы наши родители включились в активную деятельность на принципах взаимодействия с ребенком и, чтобы такое взаимодействие было не разовым, а системным мы реализуем такие **проекты как: «Біргеміз», «Папина школа», «Денсаулық жолыңда».** В рамках Года молодежи

мы запустили **проект «Бақытты жанұя»** по работе с молодыми семьями.

Мы стараемся сделать возможным трансформацию накопленного передового опыта деятельности наших педагогов, в том числе, и по реализации модели 4К посредством организации и проведения областных семинаров. Опыт по работе с родителями был представлен на республиканском уровне.

Одна из основных задач Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 – обеспечить безопасную и комфортную среду обучения [1, с. 2]. Здоровье, как известно, закладывается в утробе матери, основы его далее сохраняются и развиваются в дошкольном возрасте.

Следующий тренд в повышении качества дошкольного воспитания и образования – дошкольная медицина, как профессиональное медицинское сопровождение в дошкольного образование, качество обучения студентов педагогических и медицинских вузов и колледжей.

«Светила» медицины и педагогики не первый год размышляют, как же сейчас развивается мозг младенца, не овладевшего речевыми навыками, но уже активно пользующегося современными гаджетами. Какие мыслительные операции происходят в мозге этих младенцев?? Как не навредить ребенку? Как минимизировать гиподинамию и какие программы обучения нужно теперь применять? Чему теперь учить студентов, как готовить их к работе с современными детьми?

Внедрение прогрессивных методов и технологий обучения и развития, в частности, навыков 4К (и не только их) требует культурной и профессиональной трансформации педагогических кадров, изменения мышления, необходимы условия, мотивирующие действующие кадры к изменениям, и условия, привлекательные для молодых кадров. Сфере дошкольного образования в рамках реализации задач по развитию 4К необходимы Педагог нового формата и новые будущие профессии, и это важно во всем дошкольном мире, реализующем **модель 4К**.

К сожалению, приходится констатировать, что выпускники педагогических колледжей и вузов недостаточно осведомлены об основных тенденциях в системе дошкольного образования, слабо владеют профессиональными навыками и практически не имеют элементарного представления о медицинском сопровождении в дошкольном образовании.

Надеемся, что педагогические вузы модернизируют учебные программы, усилят психолого-педагогическую, в том числе, и медицинскую подготовку студентов, и будут готовить кадры для работы с детьми дошкольного возраста, учитывая, что дошкольное образование в соответствии с Законом об образовании в Республике

Казахстан, определено первой ступенью в цепи непрерывного образования человека.

На смену опытным педагогическим и медицинским работникам, получившим хороший «советский» опыт воспитания, обучения и оздоровления детей дошкольного возраста, должны прийти молодые креативные педагогические и медицинские кадры, которые продолжат их дело, создавая здоровье-сберегающую среду, внедряя инновационные технологии, развивая у малышей навыки 21 века, и умеющие сами работать в команде.

Система дошкольного образования для развития детей имеет большой потенциал, который основан как на достижениях казахстанской науки, так и на ресурсах, появившихся в современных реалиях, что убедительно доказывают педагоги Центра развития ясли-сада «Ромашка» г. Экибастуза.

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования и науки на 2020-2025 годы Республики Казахстан: Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988 – Нур-Султан: Акорда. – С. 106.

2. 4К: компетенции будущего // [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://worldsellers.ru/4k-kompetencii-budushhego/>.

3. Данилова Е. Что такое обучение 4К, зачем оно Вашему ребенку и где учиться по такой системе [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://mel.fm/blog/yekaterina-danilova/3492-chto-takoye-obucheniye-4k-zachem-ono-vashemu-rebenku-i-gde-uchitsya-po-takoy-sisteme>.

4. Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI «О статусе педагога» // [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>.

5. Ключ к развитому государству – качественное образование // Казахстанская правда [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://kazpravda.kz/articles/view/kluch-k-razvitomu-gosudarstvu--kachestvennoe-obrazovanie>.

3.59. Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы баланың мектепке дайындығын диагностикалаудың маңызы

Гүлнұр Дарханқызы Әбетова

«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер», 2-курс магистранты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

Мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті әлемдегі озық отыз елдің қатарына енуде қазіргі үздіксіз білім беру саласында баланы мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне аса мән беріліп

отырғаны бәрімізге анық. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауында – «Бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге басты назар аударғанымыз жөн және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық, қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрбір балалардың білім алуға және еңбекке сонымен бірге қоршаған ортаға бейімі мен қарым-қатынасы дәл осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керектігі» - туралы көрсетілген [1].

Баланың жеке басын жан-жақты дамыту және мектепке дайындау ісі – қазіргі кездегі білім беру саласындағы аса маңызды мәселенің бірі болып отыр. Жалпы білім беретін мектептердің 1-сыныбына қабылданатын балалар, мектептегі оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарға ұшырайды. Олардың сәтсіздіктерінің басты себебі, олардың мектепке дайындығының аздығы немесе оқуға дайын еместігі. Мектепке берерде баланың тек биологиялық жасына, денесінің дамуына, психологиялық дамуының өлшемдерін шығару – бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Баланың мектептің өміріне дайындау маңыздылығын «7 жас дағдарысының» теориялық негізін жасаған Л.С. Выготскийден бастап [2], ресейлік ғалымдар А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович, В.В. Давыдов, Е.Е. Кравцова т.б жан-жақты зерттеген. Мектепте оқытудың басталуы-баланың өмірлік жолындағы заңды кезең: белгілі бір жасқа жеткен әрбір мектепке дейінгі бала мектепке барады. Бейімделу кезеңінің өтуі және баланың мектепте оқуының табысты болуы оның мектепке дайындық деңгейімен байланысты.

Әдетте мектепке дайындық деп баланың мектепке жалпы және арнайы дайындығын түсінеді (Т.И. Бабаева, Н.И. Гуткина, В.Г. Каменская, М.М. Безруких, Е.Г. Кравцов және т.б.). Жалпы дайындыққа физикалық және психологиялық, өз кезегінде, зияткерлік, әлеуметтік-тұлғалық және мектепке уәждемелік дайындығын қамтитын болады. Арнайы дайындық ретінде оқу іс-әрекетінің ерекше түрлерін (жазу, оқу, есептеу) меңгеруге дайындық түсініледі. Бірақ дайындық проблемасына академиялық емес басқа көзқа распен қарауға тырысайық. «Мектепке дайын болу» - баланы күтетін жаңалыққа дайын болу дегенді білдіреді. Мектеп жасына дейінгі балалар кезеңімен салыстырғанда бала мектеп табалдырығын аттаған кезде қандай жаңашылдықтар пайда болады?

Баланың мектепке келуімен оның өмірі айтарлықтай өзгереді: жаңа күн тәртібі, мінез-құлыққа қойылатын қатаң талаптар, басқа үй-жай, қарым-қатынастың өзге үлгілері, жаңа әлеуметтік мәртебе, міндеттердің өсуі. Осының бәрі балаға күйзелістік жағдай жасай отырып, бір мезгілде орын алады. Жалпы, мектепке бару білім алуды бастаған оқушының өмірінің шынайы алуан түрлілігін құрайтын өмірлік маңызды қатынастардың барлық жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге

байланысты: «бала – қызмет», «бала – ересек адамдар», «бала - құрдастары», «бала – заттық орта». Орта мен қарапайым өмір салтын өзгерту жаңа әдеттер мен мінез-құлықтың түрлерін жасауды және одан да көп берік әдеттер мен формаларды қайта құруды талап етеді.

Мектепке баратын бала жаңа өмір салтына, адамдармен қарым-қатынастың жаңа жүйесіне, белсенді ақыл-ой қызметіне, өзін жаңа қырынан тунуға, алғашқы қоғамдық маңызы бар әлеуметтік рөлде сезінуге дайындалуы тиіс.

Мектепке дайындық диагностикасын қашан жүргізу керек?

Баланың мектепке дайындығы барлық алдыңғы даму кезеңінің даму нәтижесі болып табылады, сондықтан баланың проблемасын дер кезінде анықтап, оларды шешу керек. Балалардың жеке ерекшеліктерін – мүдделерін, бейімділігін, қабілеттерін, құндылықты бағдарларын зерделеу, қолдау және дамыту; өзіне сенімділік, әлеуметтік ортамен өзара іс-қимыл жасай білуге, өзінің мінез-құлқын басқаруға тәрбиелеу маңызды.

Бұл диагностика мектепке барудан бір жыл бұрын өткізіледі және мектепке дайындық тұрғысынан проблемалы саланы анықтауға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі бір жыл ішінде балаға анықталған проблемаларды шешуге өмектесуге болады, алайда, егер уақыт алдыңғы жылдары босқа кетсе толық барлық проблемаларды шешу қиын болады.

Оқу жылының соңында осы диагностиканы тағы да жүргізген және қойылған міндеттерді шешу дәрежесін бағалаған жөн. Диагностика нәтижелері ата-аналарға баланы мектепке (жазға) дайындау бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Баланың мектепке дайындығын диагностикалауда неге көңіл аудару керек?

1. Мектепке келгенде, бала тек қана табалдырықтан аттап қана қоймай, жаңа қоғамдық маңызды әлеуметтік сатыға өтеді – оқушы болады. Бұл әлеуметтік рөлге сәйкес болу баладан өз мінез-құлқын басқара білу мен ережелер жүйесіне бағдарлануды талап етеді. Көптеген зерттеушілер мектепке дайындық мәселелерін ортақ, бұл-ең маңызды көрсеткіштердің бірі деген ортақ пікірге келеді. Егер бала оқушының рөлін алуға дайын болмаса, онда оның оқу іс-әрекетін меңгеруінде, мектеп өмірінің ережелеріне бағынуында проблемалар пайда болады. Оқушының рөлін қабылдаудың негізгі элементі айқын оқу мотивациясы және оның ойыннан басым болуы болып табылады.

2. Мектепке дайындық мектеп өмірінің ережелерін бағдарлауды және жаңа әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуді болжайды. Зерттеулер бойынша, бірінші сынып оқушыларының 10%-дан 33%-ға дейінгі айналасындағылармен (мұғалімдер мен оқушылармен) қарым-қатынас орнатуда қиындықтарды бастан кешіреді, бұл жаңа мектеп ортасына бейімделу үдерісіне және екінші жағынан, оқу іс-әрекетін меңгеруде теріс әсер етеді.

3. Мектепке барып, баланың оқу іс-әрекетін белсенді меңгеруге дайын болуы маңызды. Оқу іс-әрекетіне дайын болу баланың психикалық үдерістерінің (зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу) дамуының белгілі бір деңгейін, оқу міндетін қабылдау, мұғалімнің нұсқауларын орындау қабілетін, және әсіресе, қызығушылықтың танымдық бағыты мен оқу-жаттығудың арнайы түрлерін (жазу, оқу, есептеу, есеп) меңгеруге көмектесетін кейбір арнайы біліктерді білдіреді.

4. Мектеп күнінің тәртібі мектеп жасына дейінгі балалардың күн тәртібінен айтарлықтай ерекшеленеді. Ол статикалық, алуан түрлілігі аз. Баланың мектеп жүктемелеріне физиологиялық дайындығын бағалау қажет. Бұл дайындық баланың денсаулық жағдайымен және орталық жүйке жүйесінің жетілуімен анықталады. Дене үйлесімі мектеп жасына қарай өзгерген 6 жастағы балалар арасында, оқуға «жетілмеген» балалар сирек кездеседі. Дәл осы жетілмеген балалар оқуда үлкен қиындықтарға тап болады және ерекше алаңдаушылық тудырады, өйткені үлгерімі қалыпты жағдайда да олардың оқудағы оң нәтижелеріне шамадан тыс күш салу есебінен қол жеткізіледі, бұл олардың денсаулығына қолайсыз әсер етеді. Әсіресе, бұл қазіргі уақытта баланың мектепке келу жасы статистикалық түрде азаюына байланысты өте маңызды. Физиологиялық жетілмеушілік оқуды бастаудан бас тартудың себебі болып табылмайды, алайда мектепке баруға жетілмеген балаға жүйелі түрде оқыту үлкен күш-жігермен орындалатынын, ал бұл оқытудың бірінші жылында ауруларға әкелуі мүмкін екендігін түсінген жөн. Сондықтан мектепке асықпай, бір жыл күте тұрған жөн. Егер де баланы 1 сыныпқа қабылдау туралы шешім қабылданса, онда жұмсақ оқу жүктемесімен мектеп таңдау керек.

Осылайша, оқушының жаңа әлеуметтік рөлін қабылдауға дайындығын, оқу іс-әрекетін игеруге дайындығын, жаңа әлеуметтік ортамен өзара іс-қимыл жасауға дайындығын, ағзаның физиологиялық жетілу дәрежесін бағалауды қамтитын баланың мектепке дайындығын кешенді бағалау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдау.

2. Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. М.: Знание, 1974.

3.60. Үш тілді білім беру үдерісінде ересек топ балаларының логикалық ойлау қабілетін дамыту

Толганай Бокейхановна Турганбаева

педагогика ғылымдарының магистрі, педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет (Семей қ., Қазақстан)

Баян Сейсенбіқызы Қрымбай

педагогика ғылымдарының магистрі, педагогика кафедрасының оқытушысы, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет (Семей қ., Қазақстан)

Еркежан Ризабекқызы Сағынбекова

педагогика ғылымдарының магистрі, педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет (Семей қ., Қазақстан)

Кымбат Канатбековна Жанбубекова

6B01301 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1-курс студенті, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет (Семей қ., Қазақстан)

«2011 – 2020 жылдарға арналған ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар өткізуді қарастырады. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді үйрену және оны қолдануда жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша кешенді шаралар жоспарлануда.

Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған. «Келешекке кемел біліммен», -деп тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр. Үштілді оқыту – заман талабы. Үш тілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Мектеп жасына дейінгі кезең тілдерді үйренуге ең қолайлы кезең екендігін, баланың жетерлік зейінін шоғырландыруда, логикалық ойлауға қабілетті екендігін, балада жетерлікті ес көлемі бар екендігін есепке ала отырып, А.А. Мироллюбов, И.В. Рахманов, В.С. Цейтлин, Г.В. Рогова, И.Н. Верещагина, Р. Роуз мектеп жасына дейінгі балаларға ана тілі мен шет тілдерін үйретуді өздерінің ғылыми зерттеулерінде жан-жақты қарастырған.

Мектепке дейінгі кезеңде шет тілін оқыту әдістемесі әлемде ХІХ ғасырдан дами бастады. Шет тілін ерте жастан оқыту – баланың

дүниеге келген кезден бастап мектепке барғанға дейінгі интуитивті-тәжірибелік негізде жүретін оқыту. Соның ішінде батыс мемлекеттерінде (АҚШ, Англия, Франция, т.б.) үш тілді білім берудің маңыздылығы дәлелденіп, мектеп жасына дейінгі білім беру мекемелерінде билингвалды (екі шет тілі) оқыту кең таралған. Әлемдік тәжірибеде мектепке дейінгі тәрбиеде балаларды екі тілділікке үйрету – билингвализм әлемнің әрбір елінде, қоғамның әрбір санатында, әрбір жаста жүріп отырған құбылыс.

Тілдерді меңгерте отырып ересек топ балаларының логикалық ойлауын дамыту аса маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырсақ. Осы тұрғыдан психолог – ғалымдар: Н.Н. Пospelов, Ю.А. Петров, А.Н. Леонтьевтің пікірінше «логикалық ойлау» логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі.

Психология саласында логикалық ойлаудың дамуын пайымдауға мүмкіндік беретін бірқатар негізгі қағидалар қалыптасқан:

1. Логикалық ойлаудың дамуы динамикалық жүйе бола отырып, өзара әрекеттестіктегі факторлар мен пайымдамалар (табиғи, тұқым қуалаушылық, әлеуметтік – мәдени, психологиялық) ретінде қарастырылады;

2. Логикалық ойлаудың дамуы ең алдымен, әрбір жас кезеңінде жаңа әлеуметтік тәжірибені меңгертуде, іс-әрекеттің жаңа амалдарын иеленуде, жаңа психикалық процестерді қалыптастыруда маңызы бар ерекше алғышарттардың пайда болуына байланысты кезеңдік сипатта болады;

3. Логикалық ойлаудың дамуы баланың өмір сүру жағдайларына, тәлім-тәрбиесіне байланысты түрліше қалыптасады.

Психологтардың пайымдауы бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауы, есте сақтауы, зейіні еріксіз болады. Балалар өз қабылдау үдерісін басқара алмайды, кез-келген затты өздігінен талдай алмайды. Балалардың есте сақтауы тек қана фотографиялық сипатта болады, сонымен бірге мектеп жасына дейінгі бала барлық қабылдағанын кейін қолдануды ойланбайды.

Логикалық тапсырмалар арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

- Қызығушылығын арттыру;
- Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
- Шығармашылық ізденісін дамыту.

Логикалық тапсырмалар арқылы мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатына негізделген ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің моделін құрастыруға болады.

Осы кезеңдегі берілетін тапсырмалар түрлері:

1. Көру қабілетін дамытатын тапсырмалар (ребус, сөзжұмбақ, анограмма, сиқырлы шаршылар, геометриялық фигуралар);

2. Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар (математикалық мақал-мәтел, логикалық есептер, қалжың есептер).

Зайцевтің әдістемесі үш жастан бастап балаларға арналған. Бастапқыда әдістеме қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруға әзірленген болатын. Ендігі кезекте оны ағылшын тілін үйрету үшін бейімдеп, лайықтады. «Зайцевтің белгілі текшелерінде» ағылшын алфавитінің де әріптері пайда болды. Сондай ақ мектеп жасына дейінгі көптілді тұлғаны қалыптастыруда тиімді нәтижеге жетуге көмектескен әдістердің бір түрі – *интерактивті оқытудың ойын түріндегі әдісі*. Оқытудың интерактивтік түрі тәрбиеші мен баланың өзара әрекеттесуін өзгертеді, тәрбиеші белсенділігі бала белсенділігімен ауысады. Баланың тұлға ретінде қалыптасуға бірден-бір әсер етіп, олардың логикалық ойлауы мен сөйлеу дағдыларына төселдіреді.

Балаға оқытудың интерактивтік әдістерін қолдана отырып, мотивация беру керек. Оқытудың формаларын үнемі ауыстырып отыру керек және балаларды белсендендіру жаттығуларын, рөлдік ойындарды көптеп қолдану қажет. Оқу қызметі барысында белгілі бір ертегіні алуға болады. Сол ертегіні рөлге бөліп ойнап, содан соң ертегіні талқылауға болады. Мысалы, «Шалқан» ертегісін алсақ, осы ертегіні рөлге бөлініп ойнап коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға болады. Балалар интерактивті тақтадан «Шалқан» ертегісін мұқият тыңдайды. Содан соң, барып оқу қызметіне кіріседі. Тәрбиеші мынадай сұрақтар қоюға болады:



- «Шалқанды бірінші кім тартты?»
- Балалар бір ауыздан «Ата» деп жауап береді.
- Тәрбиеші: бұл сөзді орысша «Дедушка», ағылшынша «Grandfather» деп аударуға болады.
- Тәрбиеші: «Одан кейін шалқанды кім тартты?» - деп оқу - әрекетті әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Тәрбиеші балаларға әр бір жаңа сөздерді үш тілде дұрыс айту дағдысын қалыптастыру үшін алдымен балаларға сөздерді хормен, жеке- жеке айтқызады. Балалар тапқан сөздерді интерактивті тақтада көрсетпестен бұрын сол сөздің қазақша, орысша, ағылшынша айтқызып содан соң тақтадан орындауды талап етеді. Сонымен қатар, тәрбиеші балаларға грамматикалық түрде үш тілде сөйлемдер және сөз тіркестерді құратуға болады, мысалы: қазақша, «Бұл қыз», орысша «Это девочка», ағылшынша «This is a girl». Бала логикалық тұрғыда ойлана отырып, ертегі кейіпкерлерін рет ретімен үш тілде айта алатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
2. Баймұратова Б. Алты жастағы балаларды оқыту мәселелері, - Алматы: Мектеп, 1986.-107 б.
3. Вайнрайх У. Языковые контакты. Состояние и проблемы исследования / перев. Ю.А. Жлуктенко. – Киев, 1979. – 263 с.
4. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Үштұғырлы тіл» саясаты // Егемен Қазақстан, 2006 ж.
5. Хашимов Ы.А. Заман Талабы – көптілді болу // Ақиқат. 26 қараша - 2012 ж., № 11, 14-15 б.

3.61. Сындарлы оқыту: аспектілер, өзекті әдістер, тиімді тәжірибе

Маржан Калиевна Оспанбекова

«6M012400 – Педагогикалық өлшемдер», 2-курс магистранты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Қазіргі уақытта әлем жылдам өзгеріп, үздіксіз жаһандану кезеңінде деуге болады. Себебі ғылым мен техниканың тез қарқындап дамып жатқан заманына куә болып отырмыз. Еліміздің өткені мен бүгінге көз жіберіп қарасақ, қаншама өзгерістердің куәсі боламыз. Біздің балалық шақ, оқушылық кездермен қазіргі ұрпақтың айырмасы жер мен көктей емес пе? Жаңа өсіп келе жатқан жас өспірім ұрпақтарымыз ұялы телефон мен интернет желісін өте жақсы меңгерген заманда біз неге баланың ойлауын дамытуға арналған жаңа-әдіс-тәсілдерді қызықтырып пайдаланбаймыз? Осы сұрақ төңірегінде ойланып-толғанып көрейікші.

Мына дамыған ХХІ ғасырда баланы түрлі әдістер және қызықты тапсырмалар арқылы қызықтыру әр мұғалімнің басты міндеті. Сондықтан әр мұғалім заман талабына сай өзгеруі қажет. Ол үшін мұғалім тынымсыз іздену жолында ғана өзін-өзі жан-жақты дамытып, нәтижеге бағытталған білім бере алары сөзсіз. [1. 56] Нәтижеге

бағытталған білім беру жүйесіне көшуде сындарлы оқытудағы тәсілдердің тиімді екендігіне көз жеткізудеміз. Мұғалім тиімді тәсілдерді дұрыс қолданылған жағдайда мектепке өзгеріс енгізе алады. Өзгеріс нәтижелі болу үшін мұғалім жан-жақты ізденуі шарт. Үздіксіз білімін көтеруі керек. «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп қазақтың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов айтқандай, дәстүрлі білім беру моделінен жаңа білім беру моделіне көшуде сындарлы оқытудың атқарар рөлі зор деп білеміз. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді. Сындарлы оқытудағы негізгі білім беру бағыты топпен жұмыс жасау арқылы жүргізіледі. ЭЫДҰ-ның елдерінде жүргізілген зерттеулерде көрсетілгендей, мұғалімдер бірін-бірінен көре отырып, бірін-бірі жақсы үйрете алады. Мұны біз немен дәлелдей аламыз?

Білім беру саласында ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Бағдарламада көрсетілген 7 модульді қолданысқа енгізу, оның нәтижесіне қорытынды жасау терең зерттеуді керек етеді. Бағдарлама нәтижесі мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыруға даярлау болып табылады. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер – қолдану әрбір мұғалімнің көздеген мақсатына жету үшін оңтайлы тәсіл болып табылады. Себебі балалар бір-бірімен диалогтік әңгіме құра отырып, еркін ой бөліседі. Оқушы белсенділігінің әсерін арттыру үшін қолданылатын әдістерді-интерактивті әдіс деп атайды. Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқаруда оқушылардан модельдеуді және қатысушының дағдысын дамыту, яғни бүгінгі демократиялық қоғамға қажетті болуын талап етеді. Сындарлы оқытудың әдісін белсенді қолданып жүрген мұғалімдер тиімді оқыту, тек қана өзара әрекеттер үдерісінде болатынына сенімді болады. Олар оқушылардың талқылау кезінде оқып және естерінде сақтайды деп есептейді. Жұппен немесе шағын топтағы өзара әрекеттердің тиімділігі мынада:

1) оқушы, өз көзқарасын сынып алдында айтпаса немесе тек мұғалімге ғана айтса, өз идеясымен шағын топтағы құрдастармен бөліседі;

2) оқушылар өзінің керемет көзқарасынан да басқалардың өз көзқарастары болатынын біледі. Топтық жұмыста оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгеруге қол жеткізеді.

Сындарлы оқыту тәсілдері – оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын дамытудың көзі [1, 21]. Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білу - оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі. Осы технологияларды қолдана отырып,

шығармашылық іс-әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру барысында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадық:

- оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

- қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

- қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;

- оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;

- қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады. Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағымызға қарағанда жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана өткен сабағымыздағы оқушының белсенді іс-әрекетіндегі қызығушылықты байқадық. «Елес жетелеу», «Автор орындығы», «Ассоциация», «Ролдегі оқушылар», «Бұрыштар», «Құндылықтар спектрі», «Бес жолды өлең», «Ақылдың алты қалпағы», «Екі түрлі түсініктеме күнделігі», «Бүгінге 5 тапсырма», «Кубизм», «Қауырсын», «Он сұрақ», «Интервью», «БҮҮ», «РАФТ», диалогтік оқыту әдістері оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызды. Осы әдістер оқушылардың ой-пікірлеріне, көзқарастарына, атқарған еңбектеріне сын тұрғысынан баға беруге дағдыландырады деп толық айта аламыз. Өйткені жоғарыда аты аталған және тағы басқа да әдістерді өз сабақтарымызда күнделікті пайдаланып отырудың нәтижесінде өзіміз сабақ үдерісін ұйымдастырушы, бағыттаушы, әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беруші, жауаптарын мұқият тыңдаушы ретінде жұмыс жасадық. Оқушылармен жеке, жұптық, топтық жұмыстардың түрлерін жүргізу арқылы олар бірін-бірімен диалогтік қарым-қатынасқа түсіп, өз ойларын, пікірін айтуға дағыланды.

Ф. Бэкон: «Оқу - адамды білімді болуға, әңгімелесу тапқырлыққа, естігенді жазып отыру - дәлелдікке тәрбиелейді», - деген екен [2, 27]. Оқу материалын оқып үйрену кезінде оқушылардың таным белсенділігі жоғары болатын сабақ қана білімнің сапалы көрсеткішін беретініне көзіміз жетті. Біздің ойымызша, әр мұғалім «сындарлы оқыту теориясына» бағытталған деңгейлік бағдарламада айтылғандай түрлі тәсілдерді күнделікті сабақта қолданса ғана еңбегінің жемісін көрері сөзсіз. Сондықтан да жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім арқылы дамуын

қойып отыр. Яғни, бала жан-жақты дамыған, білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, елінің әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлесін қоса алатын азамат болуы тиіс. Ондай азамат тәрбиелеуге жетелейтін бірден бір жол – сыни ойлаудағы аспектілер, өзекті деп таңдаған әдістер, сабақ тақырыбына сай тиімді тәжірибені ары қарай жетілдіру. Осылай жоспарлы жұмыстың нәтижесі ғана табысты, нәтижелі оқытуға қол жеткізеді.

Ол үшін бәрі де мектеп табалдырығынан басталатын бастауыш сыныптан бастап сындарлы оқыту теориясын енгізер болсақ, әр ісіміз одан да әрі алға жылжып, Қазақстан әлем таныған беделді елдің арасынан табылар еді. Бастауыш сыныптан басталып сындарлы оқыту енген жоқ деп айтудан аулақпыз. Дегенмен, бастауыш сынып мұғалімдері арасынан сындарлы оқытудың теориясын меңгерген ұстаздар көптеп болса нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Әрине, жалпы Қазақстандағы бала тәрбиесі ісіндегі білім беру орындарының барлығы дерлік 7 модульді басшылыққа ала отырып жұмыс жоспарларын жасаса, еліміздегі білім сапалы болары сөзсіз еді. Ол үшін оқушылардың ой еркіндігін ескеру, сабақ құрылымына өзгеріс енгізу керек. Оқушылардың өзін-өзі реттей отырып, сыни тұрғыдан ойлануына оң ықпал етіп, дәстүрлі баға қою үдерісінен арылу керек сияқты. Ең бастысы – дәстүрлі оқытудан сындарлы оқытуға көшу шарт. Сындарлы оқыту - оқушылардың сыни тұрғыдан ойлануларына, өзін-өзі реттеуге, жұппен және топпен жұмыс жасауға, диалогтік қарым-қатынасқа түсетін дара тұлға тәрбиелеудегі орны зор. Біздің тәжірибе барысында бір байқағанымыз, оқушы сабақта нені біледі, нені білуі керек, не үйреніп шығуы керек, әлі де нені білуі керек екендігін өздерінің анықтайтындығы [3, 71]. Ал бұрынғы әдістерімізге оралсақ, өзіміз айтып, жаттанды түрде қайта айтқыза отырып бағалайтынбыз. Оқушы ойына қозғау салмасақ, ойланатын тапсырмалар бермесек, ашық сұрақтар қоймасақ, біз, қалай оқушының ой-өрісін дамыта аламыз? Осы уақытқа дейін оқушының ой-өріс, білім-білік дағдыларын, сөздік қорларын дамытамыз деп келдік. Осымыз шындыққа сай ма? Әрине, біз бұған дейін оқытуда 7 модульді кіріктіре сабақ құруды білмей келдік. Енді өз іс-тәжірибемізде қолдана келе өзіміз де үйреніп, өзгеге де тәлімгерлік жасаудамыз. Мектебімізде фокус топтар құрып, коучинг, шеберлік сыныптарын өткізіп сындарлы оқытудың өзекті әдістерін тәжірибемізде пайдаланып жүрміз. Мектебімізде деңгейлік курстан өткен ұстаздармен бірлесе отырып нәтижелі жұмыстар атқарақ болсақ, алмайтын асуымыз жоқ деп сенеміз.

«Еліміздің бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін ой өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет» – деп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, біз мектеп ұжымымен бірлесе отырып, жеке тұлға тәрбиелеуде аянбай еңбек етеміз. Біздің әріпсестеріміз жаңалыққа жаны құмар жандар. Оқу мен оқытудағы өзекті

әдіс, тиімді тәжірибені бөлісе отырып, әлі де жақсы шәкірттер тәрбиелейтінімізге сеніміміз мол. «Шәкіртсіз – ұстаз тұл». Ал жақсы ұстазсыз шәкірттің де биіктерге самғап кете алмайтыны тағы белгілі. Олай болса, жақсы мұғалім қашан да өз шәкірттерін жаңа асуларды бағындыруға бағыт береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013.
2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» I деңгей
3. Выготский Л. Сана мен тіл. 1962.

3.62. Пути реализации принципа ситуативности при обучении монологической и диалогической речи на уроках английского языка

Дамира Жулдаскалиевна Жубайкулова

Магистр, ст. преподаватель. Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова (г. Атырау, Казахстан)

Сандугаш Капизовна Мухтарова

Ст. преподаватель. Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова (г. Атырау, Казахстан)

Основной и ведущей целью обучения иностранным языкам в современной школе является формирование коммуникативной компетенции, т.е. способности и готовности осуществлять как непосредственное общение (говорение, понимание на слух), так и опосредованное общение (чтение с пониманием иноязычных текстов, письмо). В настоящее время устное общение стало особенно значительным, поскольку оно направлено на реализацию в речи коммуникативных намерений. Устная речь может выступать в двух формах: монологической и диалогической.

Лингвистами и методистами уже относительно давно было замечено, что монологическая и диалогическая речь имеют между собой тесную взаимосвязь. По мнению методистов Э.Г. Азимова и А.Н. Щукина, «говорение – продуктивный вид речевой деятельности, посредством которого (совместно с аудированием) осуществляется устное вербальное общение». Содержанием говорения является выражение мыслей, передача информации в устной форме. При обучении говорению очень важно учитывать соотношение его важнейших форм: монолога и диалога.

Рассмотрим каждую форму говорения. Г.В. Рогова и И.Н. Верещагина считают, что «диалог - это процесс общения двух или более собеседников-партнеров, поэтому в рамках одного речевого акта

каждый из участников выступает в качестве слушающего и говорящего». Под термином «диалогическая речь» Э.Г. Азимов и А.Н. Щукин понимают «форму речи, при которой происходит непосредственный обмен высказываниями между двумя или несколькими лицами».

Выделим две характеристики диалогической речи:

1. Реактивность, которая предполагает овладение учащимися определенным набором реплик реагирования, готовность к взаимодействию в неожиданных ситуациях; овладение компенсаторными технологиями.

2. Ситуативность – наличие ситуации общения.

Как одна из характерных черт диалога, предполагает, что успешность диалогического общения на уроке во многом зависит от заданной ситуации и понимания учениками речевой задачи общения.

Н.И. Гез отмечает, что для диалогической речи присущи:

«1. Эллиптичность - широкое использование невербальных элементов, способствующие возникновению догадки, позволяют говорящим сокращать языковые средства, прибегать к высказыванию намеком.

2. Спонтанность, позволяющая собеседникам использовать разного рода клише и разговорных формул, а также нечеткую «свободную» оформленность фраз.

3. Эмоциональность и экспрессивность, которые проявляются чаще всего в субъективно-оценочной окраске речи, в образности, в широком использовании невербальных средств и рекуррентных готовых образцов, разговорных формул, клише».

Следует отметить, что особенности диалогической речи в значительной мере зависят от степени эмоционального возбуждения при разговоре и экспрессивности речи. Например, смущенный, удивленный, обрадованный, испуганный, разгневанный человек говорит не так, как в спокойном состоянии, не только употребляет иные интонации, но часто пользуется другими словами, оборотами речи. Большое значение имеет степень взаимопонимания собеседников, их взаимоотношений.

При обучении диалогической речи возможен дедуктивный путь (путь «сверху») и индуктивный (путь «снизу»), т.е. путь от целого диалога-образца или путь от элементарного диалогического единства к самостоятельному ведению диалога на основе учебно-коммуникативной ситуации.

Г.В. Рогова, Ф.М. Рабинович и Т.Е. Сахарова различают стандартные и свободные диалоги. «Стандартные диалоги обслуживают типовые ситуации, предполагающие четкую закреплённость ролей (кассир-покупатель, врач-больной и т. д.) и стереотипный языковой материал (формулы, клише). Свободные

диалоги бывают следующих типов: интервью, расспрос, беседа (или обмен мнениями), дискуссия и т. д.».

Вторая разновидность устной речи — монолог, который произносит один человек, обращаясь к другому или многим лицам, слушающим его: это рассказ учителя, развернутый ответ ученика, доклад и т.п.

Н.И. Гез и М.В. Ляховицкий под монологом понимают «организованный вид речи, представляющий собой продукт индивидуального построения и предполагающий продолжительное высказывание одного лица, обращенное к аудитории».

Э.Г. Азимов и А.Н. Щукин считают, что «монологическая речь – это форма речи, обращенная к одному или группе слушателей (собеседников), иногда – к самому себе; в отличие от диалогической речи характеризуется своей развернутостью, что связано со стремлением широко охватить тематическое содержание высказывания, наличием распространенных конструкций, грамматической их оформленностью».

Тематические планы урока строятся исходя из разновидностей монолога, которые встречаются в реальном общении. Г. В. Рогова выделяет следующие виды монолога, обслуживающие различные сферы общения: «приветственная речь, похвала, порицание, лекция, рассказ, характеристика, обвинительная и защитительная речь и т.д.».

Е.Н. Соловова отмечает основные характеристики монолога:

1. Целенаправленность/соответствие речевой задаче.
2. Непрерывный характер.
3. Логичность.
4. Смысловая законченность.
5. Самостоятельность.
6. Выразительность».

В обучении монологической речи, как и при обучении, диалогическому высказыванию, в методике приняты два пути: путь «сверху» – исходной единицей обучения является законченный текст; путь «снизу» – в основе обучения предложение, отражающее элементарное высказывание.

В практике обучения английскому языку наблюдается смешение монолога и диалога в самой организации общения. Так, например, при ведении беседы в нормальном речевом общении на общие вопросы учащиеся кратко отвечают «да» или «нет». Учителя часто не довольствуются таким ответом и требуют «полного» ответа, под которым понимается воспроизведение учеником констатирующей части вопроса, а не дополнение или уточнение, что характерно для диалога.

Таким образом, мы сделали вывод, что монолог и диалог рассматриваются как две основные разновидности речи, различающиеся по количеству участников акта общения. Диалог как

способ обмена мыслями между коммуникантами в виде реплик является первичной, естественной формой речи в отличие от монолога, представляющего собой развернутое высказывание одного лица. Диалогическая и монологическая речь могут существовать как в письменной, так и в устной форме, однако в основе письменной речи всегда лежит монологическая, а в основе устной - диалогическая.

Реальные условия общения свидетельствуют о том, что монолог в чистом виде встречается редко, чаще всего он сочетается с элементами диалогической речи. На уроках говорящие часто переходят из одной формы речи в другую. Монолог развивается в рамках диалога, представляя собой развернутую реплику одного из собеседников.

Тесная взаимосвязь и взаимопроникновение в речевой деятельности диалога и монолога явствует из самих определений, что закономерно подчеркивается методистами. В связи с целью нашего исследования мы считаем, что необходимо изучить особенности использования ситуаций в диалогической речи.

Согласно действующей программе по английскому языку на среднем этапе обучения диалогическая форма общения предполагает развитие умений: «участвовать в беседе (дискуссии) на знакомую тему, осуществлять запрос информации, обращаться с разъяснениями, выражать свое отношение к высказыванию партнера, свое мнение по обсуждаемой теме, обучать ведению диалога этикетного характера, диалога-расспроса, диалога-побуждения к действию». В соответствии с учебной ситуацией в пределах программного языкового материала объем диалогов – до 6-7 реплик со стороны каждого учащегося, правильно оформленных в языковом отношении.

Школьники-подростки легко вступают в диалогический контакт, в том числе на английском языке, они «разговорчивы», практически лишены чувства неловкости в связи с неудачным высказыванием. Учащиеся этого возраста с готовностью отвечают, часто обстоятельно, на вопросы собеседника, но инициативу в ведении диалога в учебных условиях обычно не проявляют; у них отсутствует последовательная программа запроса информации, они не могут изменить направление разговора».

Особенность использования речевой ситуации в обучении диалогической речи на уроках английского языка состоит в том, что предметно-содержательный аспект речи расширяется за счет проблемных вопросов, например, охрана окружающей среды, благотворительность, школа, досуг, общественные организации, представляющие интерес для школьников.

Известно, что для развития диалогической речи учащихся на уроках английского языка продуктивно применяют ситуативные картинки.

Прием использования двух картинок для определения различий между ними является одним из средств обеспечения естественной коммуникации учащихся.

Ситуативные картинки могут быть использованы в учебном процессе при работе с упражнениями на закрепление определенных грамматических структур и тренировку в их употреблении. Это обороты с глаголом *to be* (*There is/are*); структуры в Present Indefinite Tense (*I see/don't see...He/she sees/doesn't see...*); структуры в Present Continuous Tense; структуры со сложным дополнением (*Complex Object*); предлоги, а также лексические единицы по различным темам.

Диалоги могут быть развернутыми и включать взаимные вопросы учащихся друг другу и речевые штампы. Ребята не ограничиваются употреблением одной структуры, а используют другой грамматический материал. Такой вид работы ограничен временными рамками: это лучше организует и активизирует ребят на уроке.

Работа с картинками стимулирует ребят не только для говорения, но и для аудирования. В нее вовлекаются все учащиеся группы. Практика показывает, что на таких уроках они никогда не остаются равнодушными и работают активно с большим желанием. Каждый учитель может подобрать картинки и максимально приблизить их сюжет к той задаче, которую он ставит перед собой на определенном этапе работы.

Учащиеся должны уметь без предварительной подготовки вести несложную беседу с речевым партнером в связи с предъявленной ситуацией общения, а также содержанием увиденного, услышанного или прочитанного, адекватно реагируя на его реплики, запрашивая уточняющие сведения и побуждая собеседника к продолжению разговора, используя речевые формулы и клише этикетного характера в рамках языкового материала предшествующих классов».

Планируя ситуативные упражнения на среднем этапе обучения, особенно важно обеспечить системность их использования. При проверке умений диалогической речи можно использовать ответы на вопросы и постановку вопросов по теме, по картинке, составление диалогов по заданной ситуации, инсценирование.

Итак, речевые диалогические ситуации помогают организовать беседу на уроках английского языка. Ситуативные картинки – это одно из средств, которое помогает учащимся вести беседу с речевым партнером по заданной ситуации общения. Далее мы выявим роль учебно-речевых ситуаций при обучении монологической речи.

В классе продолжается обучение монологической речи. Действующей программой по английскому языку предусматривается развитие умений: «делать сообщения, содержащие наиболее важную информацию по теме (проблеме); кратко передавать содержание полученной информации; рассказывать о себе, своем окружении, своих планах, обосновывая свои намерения (поступки); рассуждать о фактах

(событиях), приводя примеры, аргументы, делая выводы; описывать особенности жизни и культуры своей страны и страны (стран) изучаемого языка». Объем монологического высказывания 12-15 фраз, правильно оформленных в языковом отношении.

Е.И. Матецкая рассматривает учебно-речевую ситуацию как «модель таких жизненных ситуаций, в которых учащиеся определенного возраста много и охотно говорят».

М.Л. Вайсбурд в своей работе «Использование учебно-речевых ситуаций при обучении устной речи на иностранном языке» все учебно-речевые ситуации делит на реальные и воображаемые.

«Реальные ситуации те, которые являются характерными для данной возрастной или социальной группы. Ведущим признаком такой ситуации является "Я - роль". Их невозможно смоделировать, это естественные ситуации, которые каждый день возникают в процессе обучения. Например, знакомство учителя с новым классом, с новым учениками, обсуждение повседневных проблем, прочитанного и услышанного и т.д. такие ситуации характерны для среднего и старшего этапов обучения, когда учащиеся владеют достаточным словарным и грамматическим запасом».

Искусственно создаваемые на уроке ситуации, по мнению М.Л. Вайсбурд, можно разделить на вероятные и невероятные. «Вероятные ситуации те, в которых учащиеся действуют за пределами урока. В них могут принимать участие их близкие и родные люди, друзья, они готовят учеников к будущей жизни, в них проигрываются различные обстоятельства. Вероятные ситуации способствуют овладению социальными аспектами общения.

Невероятные ситуации сближают ребят с нестандартными, уникальными в своем роде обстоятельствами. Они переносят действие в другие страны и ставят участников в непривычные для них условия, наделяют их необычными, волшебными и сверхъестественными качествами».

Монологическая речь не обладает ярко выраженной ситуативностью. Считается, что ситуативная вариативность монологической речи ограничена тематической прикрепленностью и жанровой принадлежностью самого речевого произведения, и поэтому обучение осуществляется с учетом взаимосвязи жанра, темы и общей ситуации протекания речи.

М.Л. Вайсбурд учебные монологические высказывания по степени самостоятельности подразделяет на сочинение, пересказ и комментирование. Под сочинением понимается «речевое произведение ученика, опирающееся на его личный опыт, знания, переживания, эмоции». С помощью пересказа учащиеся на уроке «передают своими словами содержание прочитанного или прослушанного текста». Комментарий определяется как «изложение

собственных суждений по поводу полученной в готовом виде информации, языковой и визуальной».

Следовательно, соотнеся эти речевые формы с этапами обучения, методисты рекомендуют для среднего этапа простой по структуре и тематике собственный рассказ, который можно сочетать с пересказом.

В.Л. Скалкин отмечает «соотнесенность ситуации и речевой формы, например, для выступления на собрании (совещании, митинге) характерны доклад (ораторский стиль речи), речь; для ситуации межличностного общения типично описание, повествование».

При моделировании ситуаций следует учитывать обе формы контакта – монологическую и диалогическую. Общение всегда нужно рассматривать как двусторонний процесс и обучение общению понимать как формирование умения воздействовать на собеседника словом и воспринимать оказываемое речевое воздействие.

Учащиеся должны уметь без предварительной подготовки высказываться логично, последовательно и в соответствии с предложенной ситуацией общения или в связи с прослушанным или увиденным, кратко передавать содержание прочитанного или услышанного с непосредственной опорой на текст, данные вопросы, ключевые слова.

Конечно, подготовка и проведение занятий с использованием учебно-речевых ситуаций при обучении монологической речи требует больших затрат: как временных, так и физических. Исследования многих современных методистов свидетельствуют о том, что использование учебно-речевых ситуаций при обучении монологической речи: повышает эффективность учебного процесса, мотивацию учащихся и готовит их к практическому применению языка в реальной жизни, в сфере профессиональной деятельности.

Итак, на среднем этапе обучения происходит овладение практически всем языковым материалом, предназначенным для продуктивного усвоения. И весь этот материал нужно пропустить через учебно-речевые ситуации. Это период расцвета ситуативно – ориентированного обучения. Применение ситуаций общения на уроке требует от учителя творческого подхода к организации этого вида деятельности. На самом деле, запоминается только интересный и интересно поданный материал, в противном случае произойдет снижение интереса учащихся и их активности на уроке. Форма и содержание монологической речи зависят от речевой ситуации. Речь человека служит средством воздействия на других людей, поэтому, как правило, она используется в публичных выступлениях, на собраниях, митингах.

Список литературы:

1. Берман И.М., Бухбиндер В.А. Ситуативность и обучение устной речи // Иностранные языки в школе. 1964.
2. Вайсбурд М.Л. Использование учебно-речевых ситуаций при обучении устной речи на иностранном языке.
3. Калимулина О.В. Ролевые игры в обучении диалогической речи // Иностранные языки в школе. 2003.
4. Мильруд Р.П. Речевая ситуация как методический приём обучения // Иностранные языки в школе. 2008.
5. Рогова Г.В., Верещагина И.Н. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в средней школе.
6. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. М.: Просвещение, 1991. 287с.
7. Скалкин В.Л. Обучение диалогической речи.
8. Скалкин В.Л. Основы обучения устной иноязычной речи. М.: Русский язык, 1981. 248 с.

3.63. Қазақ тілі пәні бойынша оқылым бөлімін оқытудың ерекшеліктері

Айжан Идрисовна Есентаева

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Алматы қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, тренер, гуманитарлық ғылымдарының магистрі
(Қазақстан, Алматы қ.)

Оқылым - рецептивті (қабылдаушы) дағды. Оқылым - жазба тілдегі мәтінді түсіну, мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіну.

Оқылым ресурстарына оқулықтарды, газет-журналдарды, сөздіктер, энциклопедиялар, электронды кітаптар, ғаламтор материалдары, брошюра, афишаларды жатқызамыз.

Жалпы оқылым әдіс-тәсілдері оқылым алды, оқылым кезі, оқылымнан кейін деген үш кезең бойынша жүргізіледі.

Оқылым алдындағы кезеңде – оқушылар мәтін мазмұнын терең ұғу үшін, сонымен қатар, оқылымды барынша тиімді қолдануға көмектесу үшін суреттерді, тақырып атауларын және басқа да элементтерді қалай пайдалану керектігін үйренеді.

Оқылым барысында – оқушылар маңызды ақпаратты қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін, соның ішінде оқу жылдамдығын қалай арттырып, бейтаныс сөздердің мәнін қалай ажырату керектігін үйренеді.

Оқылымнан кейінгі кезеңде – оқушылардан қайталап оқуды, белгілі бір ақпаратты табуды және қорытындылауды сұрауға болады [1. 28-бет].

Қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны – мәтін. Яғни ақпаратпен жұмыс.

Мәтін – сөйлеу барысында қалыптасып, сұрыпталған, тұрақталған айрықша типтік сигналдардың жиынтығы. Мәтіннің ең кішкентай бөлшегі – сөйлем.

Әңгімелеу мәтіні: әңгімелеу типіндегі ақпарат динамикалы болады. Екі түрге бөлінеді: сюжетті-динамикалы және бейнелеуішті-динамикалы.

Суреттеу мәтіні: суреттеу типіндегі ақпарат статикалы мазмұнды ақпаратты жеткізеді.

Ойталқы (пайымдау) мәтіні: ойталқы типіндегі ақпарат уақыттан тыс, жалпыланған-дерексіз сипат тән болады.

Қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасындағы мәтін жанрлары оқылым бөліміндегі «Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату» бөлімшіесінде 5-сыныпта 5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату. 6-сыныпта 6.2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшелікте рін ажырату, 7-сыныпта 7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, 8-сыныпта 8.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшелікте рін ажырату. 9-сыныпта 9.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшелік терін ажырату көзделген.

Оқушыларға тіліміздегі стильдерден білім мен дағды берудегі маңызды жаттығу жұмыстарының бірі – ол стильдік талдау жүргізу[2.13-бет].

Талдау жасату арқылы оқушылар тіл стильдерінің қолдану аймағын, ойды жеткізу формасын және олардың тілдік құралдарын жете ажыратуға дағдыланады.

Салыстырмалы анализ жасауға үйретуді неден бастауға болады?

Салыстырмалы талдау жұмыстары оқушылардың мәтіннің түрі, мақсаты, мазмұны, стилі мен тілін талдай отырып, тіл теориясын кешенді түрде меңгеруі көзделеді.

Мәлең, төмендегі кестеге назар аударайық:

Мәтіннің түрлері	Ерекшелігі	Мысал, үлгі
Ақпараттық мәтіндер	Белгілі бір ақпарат беру үшін жазылады. - етістіктері осы шақта болады; - 3-жақта қолданылады; - нақты сипаттау кездеседі;	- жаңалық; - кеңейтілген ақпарат; - жазбалар (заметки);

Мәтіннің түрлері	Ерекшелігі	Мысал, үлгі
	<ul style="list-style-type: none"> - техникалық сөздік қор қолданылады; - ресми тілде жазылады; - тармақшаланған элементтер кездеседі; - тақырыптар мен тақырыпшаларға бөлінеді; - диаграммалар мен суреттер қоса берілуі мүмкін. 	<ul style="list-style-type: none"> - жарнамалық ақпараттық мәтін; - хабарландыру; - кестелер; - мақала; - комментарий (түсініктеме)
Талқылау мәтіндері	Белгілі бір мәселе көтерілген мәтіндер бойынша мәселенің екі жағы қарастырылады.	Күнделікті өмірдегі кез-келген мәселе <u>талқыланады</u> . Проблемалық сұрақ қатысады. Мысалы: Мектепте каникул уақытының болғаны дұрыс па, жоқ па?
Түсіндіру мәтіні	<p>Белгілі бір нәрсенің қалай және неге орын алатынын егжей – тегжейлі <u>түсіндіру</u> үшін жазылатын мәтіндер.</p> <ul style="list-style-type: none"> - етістіктері осы шақта болады; - себебін түсіндіруге қолданылатын шылаулар (себебі, егер) - ретін санамалап көрсететін байланыстырушы сөздер (біріншіден, екіншіден) - техникалық сөздік қор қолданылады; - ресми тілде жазылады; - тақырыптар мен тақырыпшаларға бөлінеді; - диаграммалар мен суреттер қоса берілуі мүмкін. 	Мысалы: Субмәдениет деген не? Жанартаулардың пайда болу себептерін <u>түсіндіреді</u> .
Есеп немесе баяндама түріндегі мәтін	Бұл мәтіннің мазмұнында статистикалық деректер, тақырыптық ақпараттар, хронологиялық мәліметтер болады, ресми тілде жазылады.	<ul style="list-style-type: none"> - өмірбаян; - есеп беру; - мінездеме; - белгілі бір іс-шараға қатысты мақалалар - баяндама (есеп беру түріндегі); - мемуар (өмірдерек)
Нұсқаулық немесе кеңес беру түріндегі мәтін	<p>Бір мәселе жөнінде <u>нұсқаулық</u> немесе <u>пайдалы кеңестер</u> беріледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қарапайым, түсінікті тіл; - бұйрық райлы етістіктер (араластырыңыз, атқарыңыз, кесіңіз); - тек кішігірім ақпарат; - тармақшаланған элементтер кездеседі; - диаграммалар мен суреттер қоса берілуі мүмкін 	<ul style="list-style-type: none"> - Біреуге бір нәрсені қалай немесе жасау реті жөнінде <u>нұсқаулық, кеңес беріледі</u>. - Пайдалы кеңестер (мысалы, «Дәріні қайда сақтаған дұрыс») Заттарды пайдалану туралы <u>нұсқаулықтар</u> беріледі.

Мәтіннің түрлері	Ерекшелігі	Мысал, үлгі
Сендіру мақсатында жазылған мәтіндер	Сөйлеушінің басқаларды сендіру немесе бір нәрсе жасауға жігерлендіру үшін айтқан белгілі бір пікірі, онда эмоция, риторикалық сұраулар қолданылады.	Жарнамалар , шешендердің сөздері, көпшілікке тасталған үндеулер (мысалы, депутаттар, Елбасының сөздері).
Бағалау мәтіндері	Белгілі бір нәрсеге ғылыми сипатта пікір айту мақсатындағы мәтіндер. Пікір білдіру.	Аннотация, рецензия, <u>баға беру</u> элементтері бар мәтіндер (артықшылығы, кемшілігі, пайдасы)
Анализ жасау	Бір мәселені бөлшектеп <u>талдау</u> , сынау, қайта біріктіру, қорытынды жасау мақсатында жазылған мәтіндер	Әдеби сын, ғылыми тақырыптағы мәтіндер, өнер туындыларын талдау мәтіндері
Баяндау мәтіні	Белгілі бір оқиғаны суреттеп баяндау мақсатында жазылған мәтіндер - Өткен шақта; - адамдарды, оқиға орнын, болған жағдайларды, іс – әрекетті баяндайды; - ретін санамалап көрсететін байланыстырушы сөздер (біріншіден, екіншіден, кейін, содан кейін т.б.) - көңіл-күй етістіктері қолданылады.	Оқиға кейіпкерлерінің сөзі, іс – әрекеті, мінезі, келбеті қатысып <u>баяндалады</u> . Оқиға болған күннің реті, жер жағдайы <u>баяндалады</u>
Сипаттау мәтіні	Белгілі бір нәрсенің, құбылыстың сын – сипатын егжей – тегжейлі <u>сипаттайтын</u> мәтін түрі. - өткен немесе осы шақ; - сипаттама тіл (сын есімдер, үстеулер); - көңіл-күй етістіктері мен нақты зат есімдер; - сенсорлық елестетуді қолданады (көру, есту, елестету, дәм сезу, қолмен ұстағандай әсер, шынайы сезімдер туғызу); - сипаттау үшін салыстыруды қолданады.	Табиғат көріністері, адам портреті, бейнесі, т.б. сын есімдер, үстеу түрлері қолданылып, заттар нақты және салыстырмалы түрде <u>сипатталады</u> .

Ғылыми стильдің ерекшеліктері

Ғылыми стильдің ерекшеліктері	Ғылыми стиль ғылым мен техника салаларында қолданылатындығы. Ғылыми стильдің басты мақсаты – хабарлама жасау және хабарланапы тұрған нәрсенің ақиқаттылығын логикалық дәлелдеу екендігі (ақпараттық-аргументтік функциясы). Ғылыми стильдің ішіндегі кіші стильдер болуы: <ul style="list-style-type: none"> • таза ғылыми стиль (академиялық); • оқу-ғылыми стиль; • ғылыми-техникалық стиль; • ғылыми-көпшілік стиль.
--------------------------------------	--

	<p>Ғылыми тілдің ерекшеліктері: айқын логикалылығы мен кітаби тілді болуы.</p> <p>Айқын логикалық ғылыми мәтінде тілдің барлық деңгейлерінде: сөз тіркесінде, сөйлемдерде, көршілес орналасқан сөйлемдерде, абзацтарда, көршілес орналасқан абзацтарда, тұтас мәтінде байқалатындығы.</p>
Ғылыми мәтіннің логикалығын сақтайтын құралдар:	<p>сілтеу есімдіктерімен бірге (сол, осы, ана т.б.) зат есімдердің қайталанып отыратын көмегі арқылы сөйлемдердің бір-бірімен байланысуы;</p> <p>ойдың ағынын бірізділікке түскенін көрсететін үстеулердің қолданысы (алдымен, ең алдымен, содан кейін, әрі қарай т.б.);</p> <p>тұтас ойды білдіретін сөйлемнің бөлшектерінің өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздердің қолданылуы (осылай ете келіп, біріншіден, екіншіден, қорыта келгенде, осының нәтижесінде т.б.);</p> <p>шылаулар арқылы (өйткені, үшін, себебі т.б.);</p> <p>байланыстырушы оралымдар мен конструкциялар арқылы (енді мына мәселеге тоқтайық..., ерешеліктерін атап өтетін болсақ, ... т.б.).</p>
Ғылыми стильдегі мәтіндердің, негізінен, жазбаша түрде келетіндігі:	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми мақалалар мен хабарламалар; - ғылыми әдістемелік құралдар; - монографиялар; - рецензия; - аннотация; - реферат; - курстық жұмыс; - ғылыми жоба; - дипломдық жұмыс; - ғылыми диссертация.
Ауызша формадағы ғылыми стиль мәтіндері:	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми баяндамалар; - ғылыми дәрістер.
Ғылыми стильдің өзіндік ерекшеліктері:	<ul style="list-style-type: none"> - жақсыз баяндалуы немесе «біз» сөзі атынан қолданылуы (ұсынамыз, санаймыз, талдауға түсірдік т.б.); - ғылыми терминологияның аса мол қолданылуы; - сөйлеу клишелерінің көп болуы; - эмоциялық-экспрессивтік лексиканың өте мардымсыз болуы тіпті мүлде қолданылмауы; - етістікке зат есім, сын есім, үстеулердің көп тіркесуі; - ғылыми мәтін қабылдауға қиын, асықпай оқылатын болуы; - баяндалатын мазмұнның логикалылығы. <p>Ғылыми стильдің сипаттамасы: нығыздалған, қысқа да нұсқа, баяндаудың тезиске бөлінуі, цитаталарды қолдануы.</p>

Тілдік ерекшеліктеріге тоқталайық.

Лексикалық ерекшеліктері: терминдер, жалпылама қолданылатын сөздер, сөйлеу клишелерінің қоланылуы.

Морфологиялық ерекшеліктері: ғылыми стильде жазылған мәтіннің тақырыбы бойынша морфологиялық ерекшеліктер публицистикалық стиль ерекшеліктерімен байланыста қолданылатыны.

Ілік септікте, жатыс және табыс септіктегі дерексіз зат есімдер қолданылатыны. Көпше түрдегі 3 жақ етістіктер іс-әрекет субъектісінің жинақталған мағынасымен тіркесетіндігі, Сонымен қатар, ғылыми мәтінде етістіктен тек зат есімдер мен сын есімдер көп болатыны. Жіктеу және сілтеу есімдіктерінің көп қолданылатындығы.

Синтаксистік ерекшеліктері: ғылыми мәтіндердің көлемі үлкен емес, шағын болып келетіні. Айтылу мақсатына қарай: хабарлы және лепті болып келетіні. Кей ретте эмоциялық бояу реңкті сөйлемдер қолданылу мүмкіндігі. Стандартты қалыптағы сөйлемдер қолданылатындығы. Ғылыми мәтінге цитаталардың өріліп қолданылуы. Ғылыми стильдің басты мақсаты – адресатқа ақпаратты жеткізу. Ғылыми терминологияның ғылыми тілдің бір бөлшегі болып табылатындығы.

Терминнің өзіндік ерекшеліктері:

- жүйелілігі;
- анықтамасының болуы (дефинициясы);
- бірмағыналылық;
- стилистикалық бейтараптылық;
- экспрессияның болмауы;
- қарапайымдылық [1. 32-бет].

Талдау бойынша нұсқаулық:

Талдау түрі	Жауап үлгісіне сілтеме
Формасы бойынша (сөйлеу формасы)	<p>а) Жазбаша – әдеби норманы қатаң сақтап жазу түрінде сипатталады. ә) Ауызша – дыбысталып, әдеби норманың еркін түрімен сипатталады.</p> <p>Мәтін түрлері: Суреттеу, баяндау, талқылау, сендіру, аргумент келтіру</p> <p>Типтері: Монолог, диалог, полилог</p> <p>Полилог (грек, polyскөп, logosсөз, әңгіме) — бірнеше адамның арасында болатын әңгіме. Сөйлесушілердің санының екеуден көп болуы полилогтың диалогқа ұқсастығы мен олардың монологқа қарама-қарсы ортақ қасиетін аша түседі. Полилог сөйлеу тілінің формасына жатады</p>
Жанры	<ul style="list-style-type: none"> - Мақала, репортаж, очерк, рецензия, интервью, комментарий - Әңгіме, повесть, роман, өлең, драма, ертегі, трагедия, комедия - Лекция, монография, оқулық - Ғылыми журнал, диссертация - Бұйрық, арыз, қызметтік хат - Хат, емейл, блог-пост, үндеу мәтіні - Өмірбаян, күнделік, жол жазбалары - Жарнама, хабарландыру, нұсқаулық - Дау тудыру, әңгімелесу, хабарлама, баяндама, мінберсөз - Сәлемдесу, үндеу тастау, сұхбат

Талдау түрі	Жауап үлгісіне сілтеме
Мақсаты: Бұл мәтін НЕ ҮШІН жазылған немесе айтылған? Мәтіннің қызметі қандай?	Ақпарат беру Қызықтыру Сендіру Дауласу Талқыға салу Суреттеу Ақыл-кеңес беру Нұсқау беру Сын пікір беру, баға беру Тәрбиелеу Хабарлау т.б.

Мәтіннің мақсаты Мәтіннің қызметі қандай?	Көзделген аудиториясы Кімдерге арналған?	Мазмұны
Ақпарат беру Қызықтыру Сендіру Дауласу Талқыға салу Суреттеу Ақыл-кеңес беру Нұсқау беру Сын пікір беру, баға беру Тәрбиелеу Хабарлау	Түрлі жастағыларға, яғни, өте кішкене балаларға немесе зейнеткерлерге; Арнайы топтарға: мысалы, тарих немесе футболға қызығушыларға; Кәсіби мамандарға: мұғалімдерге немесе дәрігерлерге; Әр түрлі әлеуметтік топтарға: жұмыссыздарға, еріктілерге, жас қызметкерлерге; Жалпы аудиторияға: кең шеңберлі оқырмандары бар танымал газеттерге.	Мәтінде не туралы айтылады? Тақырыппен және мәтінмәтінмен байланысы Мәнмәтін - Тарихи - Әлеуметтік (мектеп / отбасы / бизнес / жұмыс), т.б.
Тілі		
Мәтіндік сипаты	Сөйлемдік сипаты	Сөз қолданыстары
Азат жол құрылымы Азат жолдарды байланыстырушы сөздер Шақтардың әр алуандығы 1 немесе 3 - жақтан баяндау Мәтін құрылымының логикалылығы Мазмұндаудың қолжетімділігі Автор үні мен көзқарасы	Жай / құрмалас Сұраулы / риторикалық сұрақтар Лепті Болымсыз Өздік / ырықсыз етістер Жақсыз сөйлемдер Синтаксистік параллелизмді сөйлемдер	Лексика: Жас ерекшелігі Эмоционалды Жаргон сөздер Ауызекі қарым-қатынас сөздері Кәсіби тіркестер, мысалы, ғылыми, мектеп, «бөбек жырлары» - Қысқартулар Тілдік тәсілдер: Кейіптеу Қайталау түрлері Теңеу, метафора Эпитет, гипербола Аллитерация Ассонанс, т.б.

Салыстырмалы анализ жасау оқушының негізгі оқылым және жазылым дағдыларымен қатар, пәндік теориялық білімін де жан-жақты көтеруге мүмкіндік береді:

- әр түрлі контекстегі мәтіндерді өздігінен түсініп оқи алады;
- оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, тың идеяларын өзгелермен бөлісе алады;
- оқылым және жазылым дағдыларын және синтез, анализ жасау, бағалау қабілеттерін жетілдіреді;
- коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуге үйретеді;
- ғылыми сараптама жасау дағдылары жетіледі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016, 70 бет.
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы, Астана, 2017 жыл, 44 бет.
3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы Қазақ тілінің жаңа оқу бағдарламасы негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру». Әдістемелік құрал, Астана, 2014, 44 бет.

3.64. Формирование профессиональной готовности будущих специалистов к работе в условиях инклюзивного образования

Айжан Ондасыновна Нуралиева

Магистрант 2 курса. Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова (Шымкент, Казахстан)

Алия Курбановна Оралбекова

PhD доктор. Южно-Казахстанский государственный педагогический университет (Шымкент, Казахстан)

Динара Талгатбековна Бектурсунова

магистр-преподаватель. Южно-Казахстанский гуманитарный институт имени М. Сапарбаева (Шымкент, Казахстан)

ЮНЕСКО дала наиболее универсальное определение инклюзивного образования как целостного феномена, предполагающего равный доступ к качественному образованию всех лиц без исключения. «Включенное» образование — это такой подвид общего образования, при котором учеба становится доступной всем категориям детей, соответствуя и удовлетворяя все их специфические нужды. Такой подход обеспечивает возможности обучения детей с особыми образовательными потребностями. Инклюзивное

образование предлагает разнообразию запросов школьников определённую неразрывную совокупность учебных сервисов, немаловажным из которых является наиболее благоприятная образовательная среда. Системообразующим фундаментом инклюзии считается постулат о принятии особенностей каждого ученика. Исходя из этого, учебно-воспитательный процесс должен быть организован так, чтобы в полной мере отвечать образовательным потребностям каждого ребенка. Принципы принятия инаковости базируются на гуманизме, развитии интеллекта и творческих способностей, балансе интеллектуальных, этнических, эмоциональных и физиологических компонентов каждой личности. Административно-управленческий и педагогический персонал общеобразовательных учреждений принимают детей независимо от их социального статуса, интеллектуального и физического развития, эмоционального состояния.

Процесс обучения должен строиться на таких педагогических и психологических технологиях и методах, которые в полной мере ориентированы на потребности детей. При переходе школы на инклюзивные принципы в обучении образовательный процесс дает ученикам возможность сформировать необходимые им компетенции по образовательным стандартам. Центральная фигура «включенного» образования – ребенок с ограниченными возможностями. В педагогике этот термин характеризует таких учеников, которые в силу определенных недостатков (физических, умственных, психических) не могут успешно овладеть школьной программой, поэтому для них разрабатываются специальные методики, стандарты, пересматривается содержание образования.

Немаловажным фактором повышения эффективности инклюзивного процесса в образовании будет формирование инклюзивной готовности преподавательского состава, причем речь нужно вести как о переподготовке практикующих учителей, так и о готовности к работе в условиях инклюзивного образования студентов педагогических вузов. Исследователи отмечают, что «эффективность подготовки личности с положительной мотивацией к педагогическому труду определяется рядом факторов, среди которых главным является готовность посвятить себя избранной специальности, которая включает наличие высокоразвитых компонентов педагогической функции» [1, с. 13]. Успех инклюзии может оказаться под угрозой, если практикующие преподаватели имеют негативные представления об инклюзивном образовании «особых» учащихся [2, с. 93]. Зарубежные ученые также отмечают, что на отношение педагогов к инклюзивному образованию детей с ограниченными возможностями сильно влияют такие переменные как опыт, обучение, восприятие имеющихся ресурсов и поддержка экспертов. Большой опыт работы в инклюзивной образовательной среде способствует более позитивному отношению к

обучению учащихся с особыми потребностями в обычных классах [3, с. 8]. В результате формирования инклюзивной готовности педагога и студенты должны овладеть методами реализации индивидуального и компетентностного подходов в образовании, навыками работы в разноуровневых средах, адаптивными методами и приемами обучения. Часть подготовки должна пройти в режиме онлайн, чтобы педагоги могли на практике попробовать свои силы и выявить пробелы в собственной готовности к работе в условиях инклюзивного образования.

Анализ научно-педагогической литературы констатировал, что в прогрессивной педагогике явление готовности к профессиональной деятельности изучается на нескольких уровнях: 1. Личностном, анализирующем готовность как проявление индивидуально-личностных качеств, детерминированное характером предстоящей деятельности (Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев и др.). 2. Функциональном, трактующем ее как временную готовность и трудолюбие, предстоящую активизацию психических функций, умение инициировать необходимый физический и психический потенциал для реализации деятельности (Е.П. Ильин, Н.Д. Левитов и др.). 3. Личностно-деятельностном, характеризующем готовность как целостное проявление всех составляющих личности, допускающее возможность эффективно выполнять свои обязанности (М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович и др.). Известный российский ученый в области педагогики, д.п.н. В.А. Сластенин трактует готовность к педагогической деятельности как совокупность профессионально обусловленных требований к специалисту, включающих общегражданские качества, специфические качества профессиональной деятельности, компетенции по будущей профессии [4]. Профессор Г.В. Ахметжанова в своих исследованиях [1] рассматривает личностную и профессиональную готовность и выделяет в ней содержательно-деятельностный, мотивационный и личностно-психологический компоненты, а также предлагает инновационный подход в формировании готовности личности к педагогической деятельности на основе непрерывного развития педагогической функции. Автор отмечает, что для разностороннего и системного изучения этапов становления педагога-профессионала целесообразно использовать математические модели, которые могут дать качественное представление о механизмах наблюдаемых явлений и не всегда очевидных причинно-следственных связях [5, с. 229].

На тему готовности педагогов к «образованию для всех» проведено несколько психолого-педагогических исследований. Например, Кузьмина О.С. разрабатывала вопрос о содержании и технологии подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования. Такую подготовку она рассматривает как «...персонифицированный и непрерывный процесс развития

профессиональной компетентности педагогов, направленный на достижение гуманистических целей и становление педагогических ценностей, в результате которого у них (педагогов) формируется способность решать профессиональные задачи в области инклюзивного образования» [6]. Оценку готовности педагогов к реализации идей инклюзии она проводила по трем критериям: мотивационно-ценностному, операционально-деятельностному и рефлексивно-оценочному. О.С. Кузьминой разработана эффективная модель подготовки педагогов инклюзивного образования, включающая в себя содержательный и организационный компоненты.

И.Н. Хафизуллина в своей работе «Формирование инклюзивной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки» также поднимает проблему подготовки кадров для работы в разнородной среде. Научная новизна этого исследования состоит в том, что в глоссарий теории профессионального образования введено понятие «инклюзивная компетентность», которую автор рассматривает как «...способность осуществлять профессиональные функции в процессе инклюзивного обучения, учитывая разные образовательные потребности учащихся и обеспечивая включение ребенка с ограниченными возможностями здоровья в среду общеобразовательного учреждения, создавая условия для его развития и саморазвития» [7].

Список литературы:

1. Ахметжанова, Г.В. Эмпирическое исследование уровня развития педагогической функции будущего педагога [Текст] / Г.В. Ахметжанова // Вестник Самарского государственного технического университета. Серия: Психолого-педагогические науки. Самарский государственный технический университет. 2014. № 3 (23). С. 13-18.
2. Prakash, S. Inclusion of Children with Hearing Impairment in Schools: A Survey on Teachers' Attitudes [Electronic resource]. Mode of access: <http://dcidj.org/article/view/117/88>.
3. Rodríguez, I.R. Support, Inclusion, and Special Education Teachers' Attitudes toward the Education of Students with Autism Spectrum Disorders // I.R. Rodríguez, D. Saldaña, F.J. Moreno / Autism Research and Treatment Vol.2012. Mode of access: <http://www.hindawi.com/journals/aurt/2012/259468>.
4. Сластенин, В.А. Педагогика [Текст]: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; под ред. В.А. Сластенина. – М.: Изд. Центр «Академия», 2007 – 576 с.
5. Ахметжанова, Г.В. Инновационный подход в формировании готовности личности к педагогической деятельности [Текст] / Г.В. Ахметжанова // Вектор науки ТГУ. 2012. № 1 (19). С. 227-230.

6. Кузьмина, О.С. Актуальные вопросы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования [Текст] / О.С. Кузьмина. Вестник Омского университета. 2013. № 2. С. 191–194.

7. Хафизуллина, И.Н. Формирование инклюзивной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки [Текст]: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08 / И.Н. Хафизуллина – Астрахань, 2008. 23 с.

3.65. Білім мазмұнын жаңарту аясында инклюзивті оқытудың өзекті мәселелері

Алия Тохтамысовна Арзиева

«Өрлеу» БАҰО АҚФ Алматы қаласы бойынша ПҚ БАИ ИББЖАТ
кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент
(Алматы, Қазақстан)

Мүмкіндігі шектеулі балаларды сапалы біліммен қамту – қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, төмендегі міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;
- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді [1].

Инклюзивтік білім беру-барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жою, ата-аналарын белсенділікке шақыру, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарын арнайы қолдау [2]. **Инклюзивті оқыту**–білім алу барлығына да қолжетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу [3]. Бұл мәселені дұрыс жолға қоюда мұғалімнің рөлі ерекше. Инклюзивті бағыттағы мектеп педагогы, барлық оқушылардың, психофизиологиялық ерекшеліктері бар балалардың және олардың қалыпты дамудағы құрбыларының рухани қажеттіліктерін іске асыруға, ішкі дүниесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге талпынып, түрлі оқу және тәртіптілік жағдаяттар дағдарысына қарсы тұруға бейімдеуге ықпал етеді. Ғалымдардың және практик

мамандардың зерттеу нәтижелері көрсеткендей, даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы білім беру мектеп жағдайында әлеуметтенуі де, оқу материалдарын игеруі де табысты өтеді, олар балалар арасында көшбасшы да бола алады. Өкінішке орай, көбінесе, осы «басқаша» балалар өздерін оқшау ұстап, бұл әлемнен бөлектеніп, көңіл-күйі біршама жайсыздау (дискомфорт) болады. Инклюзивті білім беруде балаға деген педагогикалық ықпалдың позитивтік мүмкіндігі, ол дер кезінде жоғарыда айтылған эмоциялық дағдарыстағы баланы байқап, көру болып табылады [4]. Ал, бұл мәселе үйде ата-анаға байланысты болса, мектепте тікілей мұғалімдерге байланысты. Себебі, *«Инклюзивтік білім берудегі педагогтік құзіреттілік - оқыту мен тәрбие үрдісінде балаға қайтіп, қалай көмек беру жолдарын білу»* деп айтылған [5].

Бүгінгі білім мазмұнын жаңғырту жағдайында инклюзивті білім беру мәселесі бойынша мұғалімдер құзыретті маман болу керек. Теориялық білімі терең, іс-тәжірибесінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана алатын, көшбасшы мұғалім болу-заман талабы. Бұл мәселені шешуде «Назарбаев зияткерлік мектебі» жанындағы Педагогикалық шеберлік орталығы және Кембридж ғалымдарының ұйымдастыруымен дайындалған «Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының Үшінші (базалық) деңгей бағдарламасының» рөлі ерекше. Себебі, осы бағдарлама бойынша дайындалған «Сабақ жоспарында» инклюзивті білім беру мәселесі арнайы қарастырылады. Курстың «Бірінші бетпе-бет» кезеңінде *«Сабақтың интерактивті және инклюзивті болуын қамтамасыз ету»* тақырыбы бойынша тренинг – сабақ өткізіледі [6]. Бұл сабақта: Инклюзивті білім беру дегеніміз не? Неліктен инклюзивті білім беру мәселесі бүгінгі күнде өзекті мәселе болып отыр? Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қалай көмектесе аламыз? Олармен жұмыс жүргізуде қандай әдістерді қолдану керек? осы және т.б. мәселелер қарастырылады. Курс тыңдаушылары ұсынылған жаңа, тың идеяларды, заманауи теорияларды жан-жақты талдап, талқылап, жинақтап, өздерінің іс-тәжірибелерімен салыстыра отырып, инклюзивті білім беру туралы маңызды мағлұмат жинайды. Сонымен қатар, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізетін жұмыс түрлері, болашақта қолдануға болатын жаңа әдіс-тәсілдермен танысады. Мысалы, төменде сипатталатын тренинг-сабақта мұғалімдер «инклюзивті білім беру» туралы білімдеріне жаңа білім қоса алды деп ойлаймын.

Ұжымдық жұмыс. «Түрткі тастау, ой қозғау» әдісі бойынша «инклюзивті сыныптар» туралы бейнеролик көрсетіп, мұғалімдерге төмендегі сұрақтарды қою арқылы: Инклюзивті білім беру туралы ойларыңыз? Сіздер осы мәселе туралы ойланып көрдіңіздер ме? Жалпы, инклюзивті білім беру туралы не білесіздер? Сіздердің мектепте осы мәселе қалай шешілген? - аудиторияда дискуссия орнатылды. Курс тыңдаушылары «инклюзивті білім беру», «мүмкіндігі

шектеулі балалар», «инклюзивті сынып» туралы идеяларын ортаға салып, өздерінің ойларымен бөлісті. Түрткі тастау арқылы мұғалімдердің білімі жоғарыда аталған терминдердің аясына жинақталды. Келесі қадамда мұғалімдер *топтық жұмыста* «инклюзивті сыныпқа» тән белгілерді өздерінің тәжірибесіне сүйене отырып талдап, талқылап, жинақтап, ойларын постерге түсіріп, жариялады. *Формативті бағалау* идеясына сәйкес топтық жұмыстың нәтижесін «*Екі жұлдыз, бір тілек*» әдісі бойынша бағаладым. Атап айтқанда, «Ағылшындар» тобының жұмысын: «*Инклюзивті*» сынып моделін келтіре алғансыздар, рахмет! *Инклюзивті сыныпта оқитын балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, оларды постерге жүйелі орналастырып, тақырыптың мағынасын ашып көрсете алдыңыздар, жарайсыздар! Ал енді, осы инклюзивті сыныптарда мұғалімнің рөлін қарастырсаңыз тамаша болатын еді!* - деп бағаладым. Мақсатым: біріншіден, мұғалімдерді ынталандыру болса, екіншіден, «инклюзивті білім беру» мәселесінде әр бір мұғалім жауапты екенін, даму мүмкіндігі шектеулі балалар олардың көмегіне, махаббатына мұқтаж екенін ұғындыру еді.

Мұғалімдердің «инклюзивті білім беру», «инклюзивті мектеп» бойынша түсінігін әрі қарай дамыту мақсатында *ғаламтор арқылы «Құмыра»* туралы *таныстырылымы* көрсетілді. Курс тыңдаушылары таныстырылымды көріп, ойланып қалды. Аудиторияда тыныштық орнады. Бір аздан кейін таныстырылымның мазмұны бойынша өздерінің ойларын, алған әсерлерін айтты. Мұғалімдердің әр бір әрекетінен, айтқан сөздерінен, жасаған тұжырымдарынан сабақтың бұл кезеңінің табысты болғанын байқадым. Келесі іс-әрекетте сын тұрғысынан ойлаудың «*Муға шабуыл*» әдісін қолдану арқылы инклюзивті білім беруде ұстаздардың рөлін анықтау көзделді. Осыған байланысты «Инклюзивті білім беруде мұғалімнің рөлі қандай?» тақырыбында *кумулятивтік әңгіме* орнатылды. Әңгіме барысында мұғалімдер бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, өз ойларымен бөлісіп, пікір-талас жүргізді. Талқылау үрдісінде өздерінің «инклюзивті білім беру» туралы көзқарастарын айтып, әріптесі келіспеген жағдайда мысал келтіру арқылы дәлелдеп ортақ қорытынды шығара алды. Олар инклюзивті білім беруде мұғалім рөлінің маңыздылығын түсінді. Сабақ барысында тыңдаушылардың әр бір әдіске қызығушылық танытқанын байқадым. Мысалы, сабақтың келесі кезеңінде «Инклюзивті мектеп» түсінігі бойынша «*тұжырымдамалық карта*» жасауға бағыт-бағдар берілді. Мұғалімдер ғаламтор желісінің көмегімен алынған мағлұматтарды жинақтап «*тұжырымдамалық картаға*» түсіріп, оның мағынасын ашуға тырысты. Бұл жұмыстың нәтижесінде тыңдаушылар өздерінің «Инклюзивті мектеп» туралы білімдеріне жаңа білім қоса алды деп ойлаймын, сонымен бірге, олар «*тұжырымдамалық карта*» әдісін алғаш рет қолданғанын айта келе, оның өте тиімді екенін құптады. Келесі қадамда мұғалімдер «Балалар бірге оқу керек», «Олар біздің

көмегімізге мұқтаж», «Инклюзивті білім беруде мұғалімнің рөлі» тақырыбында бейнефильмдерді көріп, пікірлерін ортаға салды. Ұстаздар даму мүмкіндігі шектеулі балалардың іс-әрекеттерін көріп, оларды дамытуда өздерінің жауапкершілігін сезінгендей болды.

Тренинг-сабақтың соңында «*Көңіл-күй гүлшоғы*» әдісі бойынша *рефлексия* орнатылды. Мұғалімдер сабақтан алған әсерлері, үйренген жаңа тәсілдері, инклюзивті білім беру бойынша танысқан жаңа мағлұматтары туралы өздерінің ойларын стикерлерге жазып, көңіл-күйлерін білдірді. Жалпы алғанда, мұғалімдер инклюзивті білім беру мәселесінде өздерінің атқаратын рөлін түсініп, кәсіби құзыреттілігін әріқарай қалыптастыру туралы ойланып қалды.

Қолданылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011 ж.
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей / 3-басылым. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері». ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 ж.
3. XXI ғасырдың қарқынды білім беру теориясы мен тәжірибесі. Алматы, 2014 ж.
4. Шаяхметова М.Н. Инклюзивті оқытудың ерекшеліктері қандай? Алматы, 2015 ж.
5. Мұғалімнің құзыреттілігі - инклюзивті білім берудің негізгі факторы ретінде / С.В. Алехина, М.Н. Алексеева, Е.Л. Агафонова // Психологическая наука и образование, № 1, 2014 ж.

3.66. Инновационные технологии в условиях инклюзивного образования

Эльмира Бексултановна Мирзалиева

доктор философии PhD, профессор Региональной Академии Менеджмента (РАМ), заведующая кафедрой Инновационное образование и информационных технологий ФАО «НЦПК» Өрлеу» ИПК ПР по Жамбылской области (г. Тараз, Казахстан)

Зухра Жумабаевна Кулпейсова

методист, учитель английского языка Каратауского колледжа № 2. (Жамбылская обл., г. Каратау, Казахстан)

Модель образования, при которой дети с особыми образовательными потребностями обучаются совместно со здоровыми школьниками, называется инклюзивной («to include» - включать, иметь в своем составе). Инклюзия заключается в адаптации системы образования к потребностям ребенка с особыми образовательными потребностями [1]. Учебный процесс осуществляется по

индивидуальным программам, посильным для детей с особыми образовательными потребностями, и предусматривает предоставление квалифицированной помощи, медицинской и психологической поддержки, использование специфических коррекционных средств. Инклюзивная модель предполагает, что школа готова принимать разных учеников, учитывать индивидуальные различия в своих педагогических подходах, в планировании и организации всех мероприятий учебно-воспитательного процесса. Очевидно, что организация инклюзивного образования очень сложный процесс, встречающий на своем пути множество трудностей. Основным в использовании инновационных технологий является подготовка личности к социуму и жизни в нем.

Наиболее главным в инновационных технологиях является: развитие мотивации, самостоятельности в своей деятельности, формирование личностного мышления, а также учет зоны ближайшего и актуального развития. Для того чтобы достичь данных целей необходимо брать за основу принцип научности.

Для развития детей с психо-физическими недостатками требуется реализация образовательных, воспитательных, коррекционных задач, осуществление которых обеспечивает комплексный подход к процессу формирования всесторонне развитой личности [2].

Для развития детей с психо-физическими недостатками требуется реализация образовательных, воспитательных, коррекционных задач, осуществление которых обеспечивает комплексный подход к процессу формирования всесторонне развитой личности [3].

Одним из главных критериев для формирования правильного воспитательного процесса педагогу необходимо знать структуру дефекта, а также важно определить, что является первичным, а что вторичным дефектом, так как первичный поддается исправлению и коррекции. Следовательно, является важным более обширно изучить особенности детей с особыми образовательными потребностями, что позволяет определить педагогические и коррекционные задачи.

Исходя из вышесказанного, можно сделать вывод, что именно в этом и заключается главная особенность воспитания детей с особыми образовательными потребностями.

Если педагог в своей работе постоянно использует одни и те же методы, то его профессиональная деятельность будет неполноценна, и будет препятствовать развитию личности педагога в целом. В своей работе он должен учитывать индивидуальные особенности развития ребенка. Систематически расширять свой кругозор в области воспитания и образования детей с ограниченными возможностями здоровья, проводить плановую работу с родителями. В начале каждого учебного года необходимо проводить опрос детей, для того, чтобы определить интересы и способности ребенка, а вместе с тем применять эффективные педагогические технологии на практике. А также

образование детей с особыми образовательными потребностями предусматривает создание для них специальной коррекционно-развивающей среды, обеспечивающей адекватные условия и равные с обычными детьми возможности для получения образования в пределах специальных образовательных стандартов: оздоровление, воспитание, коррекция нарушений развития, социальная адаптация, а так же использование в практике эффективных педагогических технологий:

- здоровье-сберегающие технологии: пальчиковая гимнастика, занятия в спортивных кружках и секциях, гимнастика для глаз, различные дыхательные упражнения, элементы самомассажа, прогулки, пешеходные экскурсии.

- игровые технологии (коррекционно-развивающие игры и упражнения);

- поэтапное формирование умственных действий (концентрическая система обучения);

- разноуровневое обучение;

- технология индивидуализированного обучения;

- элементы ИКТ.

Рассмотрим подробнее наиболее эффективные и доступные технологии:

1. Здоровьесберегающие технологии: основной их целью является создание условий для формирования у обучающихся представления о здоровом образе жизни, об умении оказать себе и ближнему первую медицинскую помощь, а также формирование и развитие знаний, умений и навыков, необходимых для поддержания собственного здоровья. Формами работы являются спортивные праздники, физкультминутки между занятиями, утренняя гимнастика, гимнастика для глаз, дыхательная гимнастика, пальчиковая и динамическая гимнастика, релаксация, прогулки не только на территории школы, но и в лесопарковых зонах.

2. Проектная деятельность: её смысл заключается в создании проблемной деятельности, которая осуществляется ребёнком совместно с педагогом. Знания, которые ребёнок получает в ходе работы над проектом, становятся его личным достоянием и прочно закрепляются в уже имеющейся системе знаний об окружающем мире.

3. Развивающие технологии: в традиционном обучении ребёнку представляется для изучения уже готовый продукт, шаблон действия. При развивающем обучении ребёнок самостоятельно должен прийти к какому-либо мнению, решению проблемы в результате анализа своих действий.

4. Коррекционные технологии: их целью является снятие психоэмоционального напряжения. Виды: сказкотерапия, цветотерапия, музыкальная терапия.

5. Информационные технологии: использование ИКТ на занятиях имеет ряд преимуществ перед традиционными формами организации

занятий. Компьютер привлекателен для детей, использование анимации, слайдовых презентаций, фильмов позволяет вызвать активный познавательный интерес у детей к изучаемым явлениям. Способы визуальной поддержки материала позволяют добиться длительной концентрации внимания, а также одновременного воздействия сразу на несколько органов чувств ребёнка, что способствует более прочному закреплению новых получаемых знаний.

При проведении занятий компьютерные технологии используют как способ представления и облегчения процесса восприятия и запоминания информации с помощью ярких образов, для коррекции нарушений устной и письменной речи, развития памяти, мышления, внимания. В результате соединения образовательной, воспитательной и игровой деятельности дети учатся моделировать материал, самостоятельно добывать знания (пользуются познавательной литературой, энциклопедией, на занятиях по видам деятельности, классных и общешкольных праздниках выступают с сообщениями, пользуясь информационными ресурсами сети Интернет). Эта форма работы помогает прививать интерес детей к предлагаемым темам и поддерживать его в дальнейшем.

6. Познавательно-исследовательская деятельность: основной её целью является создание экспериментальной деятельности, активным участником которой выступает ребёнок. Непосредственное участие ребёнка в ходе эксперимента позволяет ему воочию увидеть процесс и результаты.

7. Личностно-ориентированные технологии: цель данной технологии – создание демократичных партнёрских гуманистических отношений между учителем и учеником, а также обеспечение условий для развития личности обучающихся. При личностно-ориентированном подходе личность ребёнка ставится во главу обучения.

Инновационные технологии играют большую роль в учебно-педагогическом процессе с детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья. Для занятий с такими детьми необходимо иметь наглядный, раздаточный материал, а также разрабатывать индивидуальные задания для каждого ребенка, эффективное использование данных методов способствуют получению более высокого результата, при минимальной затрате времени.

Под готовностью к инновационной деятельности мы понимаем совокупность качеств педагога, определяющих его направленность на совершенствование собственной педагогической деятельности и деятельности всего коллектива, а также его способность выявлять актуальные проблемы образования, находить и реализовать эффективные способы их решения.

Для разработки инновационных идей служат: как положительные, так и отрицательные спонтанные события; несоответствие деятельности детей в их поведении и желании; потребность

педагогического процесса; возникновение новых образовательных моделей; конфигурация современных ценностей и установок детей.

Главными особенностями нововведения в деятельности педагога являются: новшество при выявлении задач и постановки целей; глубокая содержательность; своеобразие в применении новых методов, а также тех, которые использовались ранее; создание новых концепций; возможность саморазвития, карьерного роста.

Одной из главных целей применения новшеств является многостороннее развитие педагога, как личности в целом, которое дает возможность самостоятельно выявлять методические решения и применять их в образовательном процессе.

Каждые инновационные технологии имеют свои причины, к основным из них относятся:

- Необходим поиск различных путей преодоления проблем в образовании;

- Необходимо увеличить уровень образовательных услуг, которые предоставляются обществу;

- Внушение коллективу мысли о том, что внедрение инновационных технологий поспособствуют улучшению профессиональной деятельности;

- Достижение квалифицированными педагогами наиболее высоких результатов в применении инновационных технологий в своей профессиональной деятельности, не останавливаясь на достигнутых;

- Мотивация выпускников педагогических вузов, слушателей курсов повышения квалификации в применении полученных знаний;

- Повышенные требования родителей;

- Конкуренция между образовательными учреждениями.

Каждому ребенку в обучении требуется индивидуальный подход, а особенно детям с ограниченными возможностями. У детей с ограниченными возможностями процесс развития личности протекает в соответствии с их возможностями. У данной категории детей наблюдается недоразвитие всех психических процессов, также затруднена социализация, формирование интересов.

Детям с интеллектуальными нарушениями свойственно недоразвитие психических процессов, которое заключается в том, что они мало заинтересованы в своем обучении или не заинтересованы вовсе.

В результате, эти дети получают неполные и, возможно, искаженные представления об окружающем. Поэтому основными задачами мы считаем не только развитие умственных способностей детей, но и их эмоциональное благополучие, и социальную адаптацию. Развитие и социальная адаптация ребенка с интеллектуальными нарушениями чаще всего зависят от воспитания и обучения [5].

Таким образом, использование инновационных технологий позволяет достичь того, чтобы каждый ученик мог овладеть

определенными знаниями, умениями, навыками в соответствии с его индивидуальными особенностями развития. Так же нововведение положительно влияет на формирование коммуникативных качеств и вхождение в социальную среду, что является немаловажным для развития личности в образовательном процессе.

Литература:

1. Лебединская К.С., Никольская О.С., Баенская Е.Р. Дети с нарушениями общения: Ранний детский аутизм. М.: Просвещение, 1985. 95 с.
2. Самсонова Е.В. Основные педагогические технологии инклюзивного образования // Инклюзивное образование: результаты, опыт и перспективы: сборник материалов III Международной научно-практической конференции. 2015. С. 85.
3. Рубцов В.В. Психолого-педагогическая подготовка учителей для новой школы // Психологическая наука и образование. 2010. № 1. С. 5–12.
4. Зубарева Т.Г. Содержание работы учителя-логопеда Центра психолого-медико-социального сопровождения. С. 37-40.

3.67. Аутистік спектрі бұзылған балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізудегі қоғамдық көзқарас

Кулзада Абдрахмановна Абенова

Доктор PhD, ассоциированный профессор. Нархоз Университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Гулмира Есенбековна Амирбекова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің докторанты
(Алматы қ., Қазақстан)

Адам болмысының даму тарихында мүмкіндігі шектеулі адамдарға қоғамның қатынасы тіршілік әрекетінде әр кезеңнің әлеуметтік деңгейіне сәйкес сөйлеу әдеттерінің формасымен сипатталды. Мұндай түсініктерді қазіргі таңдағы адамдардың пікірлері мен көзқарастарынан жиі ажыратуға болады. Демек, әрбір кезеңнің моделі бар.

Ең алғашқы модель «Ерекше бала» моделі. Бұл моделге сәйкес, әрбір мүмкіндігі шектеулі бала сырқат бала мәртебесін алады, сондықтан мемлекеттен тегін медициналық көмек алуға тиесілі болып табылады. Бұл модельдің басты мақсаты, сырқат баланың емдеу үрдісін объект ретінде қарастыру. Мүмкіндігі шектеулі балаға тегін медициналық көмек көрсетудің маңызы зор, бірақ сонымен қатар мұндай балалардың білім алуындағы мүмкіндіктерінің шектеулігі, оқыту мен әлеуметтендірілуі оңайлықпен меңгерілмейді. Сондықтан да, білім беру бағдарламалары медициналық ем көрсетумен бірдей

қарастырылуы қажет. Қоғам, мүмкіндігі шектеулі баланы – сырқат жан деп қабылдағандықтан, оларға тек медициналық көмек көрсетуді міндет етіп, білім беру жүйесін үнемі тысқары қалдырып отырды.

«Қоғамға қауіп төндіретін» модель. Бұл модельге сәйкес, дамуында ауытқушылығы бар балалардың категорияларына (ақыл-ойы кем, естімейтін, психикалық ауытқушылығы бар) байланысты пайда болды. Әлеуметтік ортадағы адамдардың пікірінше, осы категориядағы балалар - ауруды тасушы «бақытсыздықты тасушы», материалды және моральды шығын келтіреді деген. Аталған мәселеге байланысты қоғам ішінде өзін «қауіп-қатерден» сақтау үшін, әлеуметтік ортадан алшақ орналастырып, кейде қатаң тәртіп негізінде сақталатын жабық мекемелер мен интернаттар ашыла бастады. Мұндай мекемелерде оқытып, білім алу мүлдем болмайтын немесе жеткіліксіз деңгейде болды.

«Аяушылық білдіру» моделі - адамның жеке тұлғасының дамуына, өз-өзіне қызмет көрсетуге ынталануына кедергі келтіретін модель. Бұл модель, мүмкіндігі шектеулі баланың өмір бойы балалық шақта қалатын балаға (мысалы, зиятында ауытқушылығы бар балаларға кеңінен таралған) тән. Бұл модельдің негізгі міндеті – білім беру мен дамытуға көмекпен қамтамасыз етпей, керісінше, қоғамнан алшақтату арқылы, қоршаған ортадағы «жамандықтардан» мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау, тіршілік етудің қолайлы ортасын құру болып табылады.

«Дамыту» моделі. Мүмкіндігі шектеулі баланың білім алуы мен даму қабілеттілігінің деңгейін көрсететін модель. Бұл модельге сәйкес, қоғам-мүмкіндігі шектеулі баланың толыққанды дамуына жауапты; қоғам - мұндай балаларға педагогикалық түзету мен дамыту үшін тиімді жағдайлар жасауға міндетті. Бұл модельдің талаптарына сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамның мүшелері сияқты барлық құқықтарға ие: өзінің тұрғылықты жерінде өмір сүруге, оқуға, жұмыс жасауға, өз үйінде тұруға, өз еркімен достарды таңдауға және достық қатынас пен барлығымен тең болуға құқылы. Мұндай модельді жүзеге асыру «нормализациялау» қағидасына сәйкес келуі мүмкін. Мүгедектік тек медициналық аспектімен шектелмейді, оған қоса барлығымен тең құқықтарға ие болмауымен әлеуметтік проблема болып табылады.

Аутистік спектрі бұзылған баланың басты проблемасы - қоршаған ортамен байланысының болмауы, құрдастарымен қарым-қатынас жасауының аздығымен, табиғатпен қарым-қатынасының шектеушілігі, мәдени құндылықтарының қолжетімді болмауы, кейбір уақытта білім алуға мүмкіндіктерінің болмауы болып табылады. Аутист баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасаудың жеткіліксіздігі оңашалауға және толыққанды дамымауына әкеп соғады. А.Р. Маллер бұл қиындықтардың туындаудың себебі әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынас жасау үрдісі баланың талаптарына сәйкес келмеуімен және қарым-қатынас жасауға дайындығының болмауымен түсіндіріледі. Нәтижесінде қалыпты деңгейдегі әлеуметтік қатынастан тысқары

қалады, сол себептен әлеуметтік көмек көрсетуді мұқтаж етеді. Әлеуметтік жұмыс баланы әлеуметтік ортаға бейімдеуге бағыттау қажет, егер де баланы қоғамға бейімдеуде кедергілер мен әлеуметтік маңызы бар байланыстар қалыптаспаса, онда мұндай жағдай да әлеуметтік оңалту – әлеумет пен баланың жоғалтқан байланысын қалпына келтіруге бағытталған арнайы шараларды ұйымдастыруға міндетті (Д.Н. Исаеваның анықтамасы бойынша).

Әлеуметтік оңалту үрдісінің мақсаты - баланың тиімді дене, зияткерлік, психикалық және қызметтің әлеуметтік деңгейіне жетуге көмектесу деп С.И. Блохина, В.П. Козлова айтып кеткен. Оның негізі әрбір балаға жеке амалдарды қолдану. Мүмкіндігі шектеулі бала басқа қоғам мүшелерімен бірдей азаматтық құқықтарға ие болуы керек. Аутист бала өмірінде кездесетін проблемалар – бұл қоғамдағы стереотиптердің әсерінен пайда болған әлеуметтік және психологиялық кедергілер. Бұл мәселені шешуде В.С. Степашов мүмкіндігі шектеулі баланың қоғамға көзқарасын өзгерту керек екенін айтты. Баланың тәуелсіз өмір сүру идеологиясына сәйкес – мүгедек балалар оңашаланбау керек, керісінше, қоғамға кіріктіріліп өміру сүруге міндетті және өзі шешім қабылдап, өз әрекеттерін анықтау үшін әлеуметтік қызметтер құруы қажет.

Білім алуында ерекше қажеттілігі бар балаларды қоғамға кіріктіру мен еңбек қабілеттілігінің шектеушілігін Н.М. Назарованың анықтамасы бойынша айтып кететін болсақ, қоғамның барлық мүшелерімен теңдей, мүмкіндігі шектеулі бала дамуындағы ауытқушылықты және мүмкіндіктерінің орынын толтыратын әлеуметтік өмірдің барлық формалары мен түрлеріне шынайы қатыса алуы мен керек. Н.Н. Малофеев инклюзивті білім беруді интеграцияның «нормализациялау» концепциясына негіздеген, және оның негізгі ой түйіні - мүмкіндігі шектеулі баланың өмірі мен тұрмыстық жағдайы қоғамның өмір сүру стилі мен жағдайына жақын болуына негізделген. Н.Н. Малофеевтің жоғары да айтқан мәселелеріне қарай төмендегідей қорытынды жасауға болады:

3.71. Жоғары оқу орындары студенттерінің этномәдени құзіреттілігін қалыптастыру мәселелері

Алмажай Құлжанқызы Егенисова

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты (Ақтау қ., Қазақстан)

Бауыржан Қдырисламович Керимов

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің докторанты (Ақтау қ., Қазақстан)

Заманауи жоғары білімнің дамуы отандық білімнің еуропалық білім беру кеңістігіне кіруі аясында орын алады, онда құзыретті бағдарланған парадигма таңдаған мамандығын кешенді дамытуға, жоғары оқу орындарын бітірушілердің ғылыми және кәсіби ойлау формаларын, ортақ мәдениетті дамытуға бағытталған білім беру процесінің әдіснамалық негізі болып табылады. Өз кәсібінің әлеуметтік маңыздылығын және тиісінше, әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнын түсіну өз бетінше сыни тұрғыдан бағалау мүмкіндігі, өмірі мен кәсіби тәжірибесі, жеке және кәсіби қасиеттерін жақсарту жолдары мен әдістерін саналы түрде таңдау басты құндылықтарға айналуы тиіс. Қазақстанның көпұлтты әлеуметтік-мәдени кеңістігі мәдениетаралық коммуникацияға ие, жоғары моральдық қасиеттері бар маман тұлғасын қалыптастырудың қажет екендігін көрсетеді [1].

Болашақ маманның этномәдени құзіреттілігінің рефлексиялық құрамы көпмәдениетті кеңістіктегі кәсіби іс-әрекеттерді танып білу және өзін-өзі бағалау мүмкіндігін білдіреді. Қазіргі заманғы педагогиканың маңызды құзыреттерінің бірі - университет түлегінің көпмәдениетті ортада әрекет ету қабілеті. Этномәдени құзіреттілік мәселесіне қатысты ғылыми еңбектерді талдау негізінде, біз болашақ маманның көпмәдениетті құзіреттілігін университеттегі көпмәдениетті білім беру процесінде қалыптасатын болашақ маманның тұлғалық қасиеті ретінде анықтаймыз. Этномәдени білім қазіргі заманғы көпмәдениетті қоғамда күнделікті өмірге және кәсіби іс-әрекетке қажетті әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық ережелерін сақтау тәжірибесін, білімдерін, қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, мотивтерін, құндылықтарын, психикалық көзқарастарын, жүйелерін қамтиды. Ол әртүрлі мәдениеттер өкілдерімен позитивті өзара әрекеттестік негізінде кәсіби әлеуметтік-педагогикалық қызметтің міндеттерін тиімді шешуге қабілеттіліктер жиынтығы ретінде көрінеді.

Болашақ маманның этномәдени құзіреттілігі - бұл университеттің көпмәдениетті ортада білім беру процесінде қалыптасқан білім, білік, қызығушылық, қажеттілік, мотивтер, құндылықтар, психикалық қасиеттер, тәжірибе жүйесінен тұратын болашақ маман тұлғасының интегративті сапасы. Білім алушылар арасында көпмәдениетті

құзіреттілікті қалыптастыруда оқытушының жеке тұлғасы маңызды рөл атқарады. «Шетелдік мекемелермен байланыс орнатып, халықаралық академиялық серіктестікті дамытып, халықаралық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын оқытушылар. Осыған байланысты оқытушыны университеттің халықаралық қызметін дамыту процесінде «негізгі тұлға» ретінде қарастыру, белсенді халықаралық ынтымақтастыққа қабілетті университет оқытушыларының кәсіби мәдениетінің мазмұны мен ерекшелігін арттыру өзекті болады» [2].

Болашақ маманның этномәдени құзыреттілігінің құрылымына келесі компоненттер кіруі керек деп саналады: мотивациялық-құндылық, бұл көпмәдениетті кеңістіктегі құндылық бағдарларының болуын, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасау уәждемесін қамтиды; көпэтникалық және көпмәдениетті сипаттамаларды білуге байланысты білім мен дағдыларды қамтитын танымдық компонент; әр түрлі этникалық қауымдастықтардың өкілдерімен кәсіби өзара іс-қимылдың белгілі бір моделі ретінде іс-әрекет; рефлексивті, бұл көп мәдениетті кеңістіктегі кәсіби әрекетке өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бағалау мүмкіндігін білдіреді. Этномәдени құзыреттіліктің мотивациялық және құнды компоненті негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарды ескере отырып, көпмәдениетті ортада эмоционалды өзіндік дамуды қалыптастыруға бағытталған. Маманның басты сипаты - кез келген ұлттың негізгі және адам құқықтарының әмбебаптығын мойындау; адамның қадір-қасиеті мен кез-келген ұлт өкілдерінің бостандығын құрметтеу.

Университеттердің алдында маңызды міндет тұр - белгілі бір мамандану саласында білікті маман ғана емес, сонымен қатар толерантты адам дайындау. Сондықтан басты мақсат серіктестік, құрмет және басқалардың адами қадір-қасиетін жағымды дамыту рухында болатын төзімділікті дамыту болып табылады. Отандық және шетелдік студенттерге білім беру үшін азаматтық қоғамның саналы өкілдері ретінде, олар жақсы құндылықтар уағыздалған демократиялық қоғамның моделі болып табылатын және мазмұны жағынан көпмәдениетті болатын білім беру кеңістігін құруға жоғары оқу орындары дайын болуы тиіс. Олар оқу процесінің тең субъектісі ретінде білім алушы тұлғасының жан-жақты дамуы мен қалыптасуы үшін жағымды жағдай жасай алады [3].

Көпмәдениетті білім беру ортасы біріншіден, көші-қон процестерінің нәтижесінде, сондай-ақ халықаралық интеграция (шет елдерден келген студенттердің қазақстандық жоғары оқу орындарында оқыту, оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы) әсерімен туындайды. Соңғы жылдары Қазақстанда басқа елдерден, дәлірек айтсақ, Иран және Моңғолия, Таяу Шығыс, Ауғанстан елдерінен келген студенттер саны көбейді. Университеттер сонымен қатар Америкадан, Ұлыбританиядан, Канададан, Германиядан, Австриядан, Кореядан, Үндістан және Болгариядан шетелдік мамандарды тартады.

Сондықтан бүгінде кез-келген университет көпмәдениетті, өйткені мұнда әртүрлі ұлт пен мәдениеттің адамдары жұмыс істейді. Біз бұл мәдениеттер бір-біріне ұқсамайтын, әртүрлі бағалау критерийлері болғанымен олардың кез келгенін басқаларынан ерекшелеуге мүмкіндік бермейді деп санаймыз. Бұл бір жағынан этносаралық қатынастардың жоғары мәдениетін, ынтымақтастыққа деген ұмтылысты, жалпы құндылықтарды өсіруді болжайды, екінші жағынан, білім беру кеңістігі этномәдени күрделіліктің жоғарылауымен сипатталады.

Ғылыми зерттеулерде білім беру ұйымдарындағы көпмәдениетті білім беру ортасы жас ұрпақты толеранттылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Дүниежүзінің дамыған елдеріндегі заманауи көпмәдениетті қоғамдағы балалар мен жастардың мәселелерін зерттеу нәтижелерін ескере отырып, біз көпмәдениетті ортадағы негізгі технологиялар жеке төзімділікті қалыптастыруға бағытталған технологиялар болуы керек деп санаймыз. Білім беру процесінің маңызды міндеттерінің бірі - студенттердің көпмәдениетті санасын, адам құқығын, ұлттық азшылықты құрметтеу, еркін демократиялық қоғамның ажырамас бөлігі болып табылатын тұрғылықты жер таңдау еркіндігін қамтамасыз ету. Педагогикада білім берудегі көпмәдениеттілік ұғымы адамдарды ұстанған дініне немесе жасына байланысты кемсітусіз осы қоғамға қатысы бар барлық этникалық және әлеуметтік топтардың айырмашылықтары мен тең құқықтарын мойындай отырып, плюрализм қағидаттарына негізделген білім беру ретінде түсіндіріледі. Көпмәдени білім беру ортасы - бұл әр түрлі ұлттар мен мәдениеттердің білім беру процесіне қатысушылардың білім мақсаттарына жетуін мақсатты түрде қамтамасыз ететін ішкі жүйелер жиынтығы. Мұнда бірнеше ішкі жүйелерді ажыратуға болады:

Этномәдени құзіреттіліктің танымдық құрамдас бөлігі болашақ маман жұмыс істейтін Қазақстанның және оның аймақтарының этникалық, мәдени, діни ерекшеліктері туралы білімге ие болады деп болжайды. Моральдық қасиеттер және оларды өмірде сақтау қажеттілігі маманның мүмкіндіктерін кеңейтеді және оның аудиториясының қол жетімділігін арттырады. Көп ұлтты қоғамдағы әлеуметтік жұмыстың ерекшеліктерін білу және оны жүзеге асыратын арнайы технологиялардың болуы маманның маңыздылығын арттырады. Этномәдени құзіреттіліктің маңызды факторы - университетте оқу кезінде студенттердің академиялық ұтқырлығы. Студенттер мен мұғалімдердің ұтқырлығының маңыздылығы туралы ереже барлық Болон құжаттарында бар, бұл студенттердің ұтқырлығын жоғары білімнің бірінші деңгейінде де, екіншісінде де көтермелеу керектігін көрсетеді [4].

Жақында пайда болған бағыттардың бірі толеранттылық педагогикасы деп аталады. Тәрбие процесінде тек қана толерантты жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатын қоймау керек, сонымен бірге қарым-қатынастар нормасын анықтау, толеранттылықты ерекше

әлеуметтік құбылыс ретінде түсіну қажет. Бұл педагогикалық процесс субъектілерінің толеранттылық қатынастарының субъективті тәжірибесін қолдануды көздейтін толеранттылық ортасын құруды талап етеді. Содан кейін қазіргі білім берудегі толеранттылық феномені өскелең ұрпақты тәрбиелеудің мақсаты болып табылады, осылайша жоғары мектеп қоғамның ерекше тапсырысын орындайды, өйткені қоғам үйлесімді дамыған, әлемнің әртүрлілігін танитын және көпмәдениетті қабылдайтын, қоршаған ортаның қысымына және ойлау мен мінез-құлықтың стереотиптеріне төтеп беруге дайын тұрған жеке тұлғаға қызығушылық танытады. Сонымен қатар, толеранттылық - бұл педагогикалық процестің тиімділігінің шарттарының бірі, оның барлық бөліктері арасындағы пәндік-объектілік әрекеттестікті ұйымдастырудың негізі.

Алайда, кәсіптік білім мазмұнының құрамдас бөлігі ретінде жоғары білім беруде оқытушының толеранттылығы және оны қалыптастыру мүмкіндіктері жақсы түсінілмейді. Бірқатар мәселелер білім беру практикасында туындайтын қайшылықтарды, атап айтқанда: қоғамның болашақ маманның құрамдас бөлігі ретінде педагогикалық кәсібилік пен толеранттылықты дамыту талаптары мен ықпалды кәсіби топ ретінде мамандардың толеранттылық деңгейінің жеткіліксіздігі; маманның төзімділіктің маңыздылығын мойындау мен оны қалыптастыру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіз дамуы арасындағы келеңсіздіктерді шешуді талап етеді. «Толеранттылық» ұғымы әртүрлі білім саласында қолданылатын философия, саясат, этика, медицина, психология және педагогика сияқты құбылыстың пәнаралық сипатына және маңыздылығына байланысты көптеген мағынаға ие. Толеранттылық - бұл күрделі, көп өлшемді және көп компонентті құбылыс, ол әртүрлі нысандар мен түрлерде пайда болады, адамның әлеуметтік және жеке өмірінің барлық салаларына енеді, кез-келген процесс пен жағдайдың маңызды өлшемі болып табылады.

Сол сияқты, бұл ұғым қазіргі түсіндірме сөздіктердің көпшілігінде түсіндіріледі: - басқа адамдардың пікіріне, сенімдеріне, мінез-құлқына төзімділік; - толеранттылық, біреуге немесе бір нәрсеге көңіл бөлу. Маманның толеранттылығы оның әлеуметтік процестің субъектілерін түсінуге, анықтауға және қабылдауға, басқа құндылықтарды тасымалдаушыларға, ойлау логикасына, мінез-құлққа, субъективтік тәжірибеге сүйене отырып, сараптауға және субъектілермен өзара әрекеттесу процесінде ынтымақтастық қатынастарын орнатуға, оның кәсіби қабілеттілігінің құндылығы мен гуманистік бағыттарына субъективті тәжірибе мен мінез-құлықты сыни тұрғыдан бағалауға негізделген деп саналады. Түсіну дегеніміз - әлемге басқа заттың көзімен қарау мүмкіндігі; Түсіну - ондағы басқа құндылықтарды, көзқарастарды, өмір салтын ұстаушы ретінде көру, оның әртүрлі болу құқығын түсіну; қабылдау - бұл басқалар сияқты оған деген оң көзқарас.

Сонымен бірге төзімділік термині қарсылықтың төмендеуі ретінде түсініледі, яғни, халық мәдениетінің қарсылығын төмендету арқылы бөтен және деструктивті механизмдер мен құндылықтар оған енеді, бұл қазіргі қоғам үшін ерекше маңызды. Толеранттылықтың құрамына мынандай компоненттер кіреді деп есептеледі: танымдық-құндылық, перцептивті-эмоционалды, рефлексивті-мінез-құлықтық.

Танымдық-құндылық компонентінің мазмұны толеранттылықтың ерекшелігімен анықталады және тұлғаны маманның құндылық ретінде қабылдауы, толеранттылықтың құндылығы туралы ақпаратты (зорлық-зомбылықсыз, адам құқықтары, төзімділік шектері) меңгеруге ықпал етеді.

Перцептивті-эмоционалды компонент бір-бірінің субъектілерін қабылдау ерекшеліктерімен, олардың өзара түсінушілік негізі ретінде өзара білім беруімен, педагогикалық процесс субъектілерінің тәжірибесі, жағдайлары мен көзқарастарын түсінуімен, басқа субъектілерді эмоционалды қабылдауымен, өзіндік тәжірибесімен, жағдайымен, жеке тұлғаның эмоционалды әлеміндегі өзгерістермен сипатталады. Бұл компонент идентификация, эмпатия, орталықтанушылық, қабылдау, эмоционалды тұрақтылықты қамтиды. Компоненттің критерийлері - өзін басқаның орнында елестету, жанашырлық, аяушылық, білім алушының қарама-қарсы позициясын қабылдау, жеке тұлға құқығын тану, жағымсыз эмоцияларға тосқауыл қою, позитивті эмоцияларды сезіну, адамдарға эмоционалды позитивті көзқарас.

Рефлексивті-мінез-құлық компонентінің негізі - толеранттылыққа негізделген іс-әрекет, яғни өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқының субъектісі арқылы рефлексия, реттеу және түзету, өзіне және басқа адамдарға зиян тигізбеу, оның психикалық күйін жақсарту, қиын жағдайдан шығу мүмкіндігі. Рефлексиялық-мінез-құлық компонентінің құрамына мыналар кіреді: - толеранттылыққа негізделген өзіндік іс-әрекет моделін таңдау және негіздеу: ынтымақтастық, мәжбүрлеуден бас тарту, көмек, махаббат, икемділік; - іс-әрекет пен мінез-құлықтың таңдалған моделін бейнелеу, өз іс-әрекеттеріне саналы қатынасты, оларды ақыл-ой анализін және қажет болған жағдайда мәселені шешудің жаңа жолдарын іздестіру; - толеранттылыққа негізделген іс-әрекеттің және мінез-құлықтың таңдалған моделін жүзеге асыру. Рефлексивті-мінез-құлық компонентінің келесі критерийлерін ажыратуға болады: актінің себептері мен мақсатын талдау, жағдайдың ерекшеліктері туралы пайымдау, мәжбүрлеу әрекетінің заңсыздығын түсіну, позицияларға келісуге ұмтылу, тіпті сыни көзқарас жағдайында да сабырлы және ізгі ниетті ұстау, шынайы жағдайда мінез-құлықтың толеранттылық формаларын таңдау іс-шаралары. Маманның кәсіби сапасы ретінде толеранттылықтың барлық компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты, дегенмен олар белгілі бір тәуелсіздік пен дербестікке ие [5].

Мамандарда толеранттылықты қалыптастыру бұл күрделі және ұзаққа созылатын, оның педагогикалық процестің субъектісімен гуманистік әрекеттесуге дайындығын қамтамасыз ететін процесс болып табылады. Бұл процестің тиімділігі жұмыс жүйесін құрумен қамтамасыз етіледі деп санаймыз, оның жұмысының негізгі бағыттары: маманның әлеуметтік процестің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесуі. Бұл жүйе гуманизм принциптері мен этикалық педагогика идеяларына, атап айтқанда, адамның табиғи ерекшеліктері мен бірегейлігіне, мотивациялық сәттілікке, мәдени тұтастыққа, эмоционалды байлыққа, қоршаған ортаға мейірімділік пен қарым-қатынастың эмпатиясына негізделген.

Қазіргі уақытта болашақ мамандардың кәсіптік білімінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде көпмәдениетті құзіреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Шетелдік және отандық зерттеулерде жеткілікті ашылғандықтан, мәдениетті құзіреттілік проблемасы негізінен болашақ маманның оны қалыптастыру мәселелерімен байланысты, бірақ кәсіби білім беру саласында мүлдем қарастырылмаған.

Қазіргі заманғы ғалымдар мен оқытушылар, бір жағынан, этномәдени құзіреттілік дегеніміз ашық жүйе, жалпы құзыреттілік жүйесінің құрылымдық бөлігі, оны көпмәдениетті демократиялық қоғамдағы әр адам иеленуі қажет екендігін айтады. Сонымен қатар, мәдениетті құзіреттіліктің құрылымы адамның қоғамдағы өміріне байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие. Этномәдени құзыреттіліктің барлық компоненттері (білім, қабілеттер, дағдылар, мотивтер, құндылықтар, сенімдер, тәжірибе, жеке қасиеттер) мәдени және әлеуметтік контекст ұғымы арқылы өзара байланысты, сондықтан оларды игеру жан-жақты жүзеге асырылады. Егер мәдениеттану контекстінде әртүрлі мәдени және тарихи дәстүрлер, мәдени сәйкестілік модельдері туралы білім болса, онда әлеуметтік контекст дегеніміз өзара әрекеттесудің әлеуметтік жағдайларын және әлеуметтік-мәдени сәйкестіліктің әртүрлі модельдерін қабылдау туралы білім. Сондықтан, этномәдени құзіреттілік - бұл маман тұлғасының мәдениетаралық диалог процесінде әлеуметтік және мәдени контексті білуді саналы түрде ескеру қабілеттерінің жиынтығы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2015 жыл.
2. Агранат Ю.В., Хён Д.К. Поликультурная компетенция студента как условие успешной реализации программ академической мобильности ВУЗа // Высшее образование сегодня. 2012. № 10. С. 10-15.
3. Благоев Ю.В., Исакова Т.Б. Поликультурная компетенция в структуре компетентного подхода // Вестник Волжского университета им. В.Н. Татищева. 2015. № 4 (19). С. 65-72.

4. Ефимова Д.В. Воспитание межнациональной толерантности в семье и вузе // XXI век: итоги прошлого и проблемы настоящего плюс. 2014. № 4 (20). С. 115-118.

5. Хугаева Ф.В. Толерантность как принцип воспитания в поликультурном обществе // Азимут научных исследований: педагогика и психология. 2017. № 1 (6). С. 71-74.

3.72. Қазақстан тарихын оқытудағы инновациялық әдістемелік тәсілдер

Рая Анарбековна Самбетжанова

Тарих пәнінің оқытушысы. Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, колледж (Алматы қ., Қазақстан)

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу болып табылады» делінген. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірісті дамытудың негізгі құралы ақпараттық ресурстардың қажеттілігі болып табылады. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға барады. Осыған байланысты адамға ақпараттық кеңістікте дұрыс жолды таңдауға мүмкіндік беретін оқытудың инновациялық технологиялары пайда болады [1].

Бүгінгі таңда бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі жас ұрпақты жан-жақты оқыту болып табылады. Оқытушы өз пәнінің кәсіпқойы болу ғана емес, оқытудың инновациялық әдістерін меңгеру, әлемдік интернет-жүйені пайдалану, күнделікті сабақтарда ақпаратты пайдалану дағдыларын дамыту қажет. Инновациялық технологиялар есептеу техникасымен жұмыс істеуге, оқу процесінде компьютерді пайдалануға, электронды оқулықтарды, интерактивті құралдарды пайдалануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген.

Жаңа технологиялардың көмегімен қалыптасатын және іске асырылатын студенттердің ойлауы бұрынғы технологиялар бойынша берілетін ойлау жүйесінен ерекшеленетіндіктен, ойлау түсінігімен ғана емес, сонымен қатар жаңа жағдайдағы психикалық функциялардың басқа да жақтары қайта қаралуы тиіс. Осының барлығы жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларды құру, білім парадигмасын құру саласында жаңа инновациялық жұмыстарды жүргізуді талап етеді [2].

Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсатта пайдалану, білім беру мазмұнын анықтауға, оқытудың түрлері мен әдістерін жетілдіруге ықпал етеді.

Тарих оқу пәні ретінде негізгі білім берудің барлық гуманитарлық және қоғамтану курстарының негізін құрайды.

Тарихи білімнің басты мақсаты мен міндеттері:

- Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі адамзат қоғамының даму тарихы бойынша жүйелі білім негіздерін қалыптастыру;

- Ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, адамзат жасаған құндылықтар, әлеуметтік, мәдени, тарихи, адамгершілік тәжірибені игеру; ;

- Қазақстандық патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыру;

- Эстетикалық, экономикалық, құқықтық тәрбие, тарихтағы дін қызметін дұрыс түсінуге тәрбиелеу.

Осы мақсат - міндеттерді орындау үшін қазіргі педагогиканың жаңалықтарын, оқу әдістемелік тәсілдің тиімді жолдарын таңдау, үздіксіз ізденіс пен білім сапасын жақсарту қажет.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер «белсенділік», «инновация», «әдіс», «тәсіл», «интерактивті оқыту әдісі», «педагогикалық технология» ұғымдарының мәнін жете түсінуді талап етеді.

«Инновация» деген латын тілінен аударғанда (жаңа, жаңару, өзгеру, жаңа нәрсені ендіру, жаңашылдық деген ұғымдарды білдіреді. Педагогикалық әдебиеттерде: инновация – «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңаша әдістеме деген мағынада пайдаланылады.

Инновациялық процесс-жаңалықтарды құру, игеру және тарату, қолдану, іске асыру жөніндегі тұтас қызмет. Инновациялық процесс "жаңа әдіснамалық құрал" ретінде қарастырылады [3].

Білім беруді ақпараттандыру принциптері:

- қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білім мен мәліметтердің түсініктілігі;

- тұлғаның зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- білім мен тәрбие сабақтастығы;

- жалпы компьютерлік сауаттылық;

- оқыту және тәрбиелеу жылдамдығы.

Нәтижелері:

- Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалана отырып білім сапасын арттыру;

- Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;

- Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану саласында оқушыларды кәсіби оқыту механизмін құру;

- Мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуалды зертханаларды және бақылау бағдарламаларын әзірлеу және қамтамасыз ету;

- Әлемдік бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігіне кіру арқылы отандық білім беру жүйесін интеграциялау;

- Республикалық білім беру мекемелерін басқарудың бірыңғай ақпараттық желісін құруға негізделген білім беруді басқару салаларының ақпараттық желісін құру.

Компьютерді оқытушы қосымша материалдарды, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпаратты ұсыну үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұғалім ақпараттық емес, оқушының тұлғалық және интеллектуалдық дамуын жобалаушы. Бұл жоғары құзыреттілікті, оқытушының ұйымдастырушылық қабілетін, қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне сәйкес студенттерді бағдарлауды, олардың зерттеу дағдыларын дамытуды талап етеді.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде студент үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған. Компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытыңда оқуыңа, тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу.

Оқытудың заманауи технологиясын жете меңгеріп, оны жас және психологиялық ерекшелігіне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор. Педагогикалық инновациялық технологиялар іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Педагогикалық жүйе-жеке, дара тұлғаны жетілдірге, қалыптастыруға бағыттау мен белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өзара байланысқан әдістердің, құралдардың жиынтығы [4].

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін оқытушылардың тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді.

Білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының кәсіптік, адамгершілік, рухани және де көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Әр сабақтың сапалы болып, оның тиімділігін арттыру-ізденімпаз, шығармашылығы шыңдалған ұстаздың қолында [5].

Әлеуметтендіру процесінде жедел білімді игеру бойынша білім алушылардың жобалық және зерттеу қызметін перспективалы деп санаймын. Жобаны іске асыра отырып, білім алушылар оларды іздеу барысында білімдерін синтездейді, аралас пәндер ақпаратын интеграциялайды, жоба міндеттерін шешудің ең тиімді жолдарын іздейді, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды. Бірлескен қызмет ынтымақтастықтың кең мүмкіндіктерін нақты көрсетеді, оның барысында білім алушылар мақсаттар қояды, оларға қол жеткізудің оңтайлы құралдарын анықтайды, міндеттерді бөледі, жеке тұлғаның құзыреттілігін жан-жақты көрсетеді (ұжымда жұмыс істей білу, өзін команда мүшелері сезіну, өз шешімін таңдау үшін жауапты болу, басқалармен жауапкершілікпен бөлісу, қызмет нәтижелерін талдау және т. б.). Белгілі бір уақыт ішінде (бір сабақтан 2-3 айға дейін) білім алушылар танымдық, зерттеу немесе басқа да міндеттерді шешеді.

Білім алушылардың жобалық қызметін ұйымдастыруда топтарда жұмыс технологиясын кеңінен қолданамын. Тарихты зерделеу кезінде студенттердің дербестігі мен шығармашылық белсенділігін дамыту үшін, сондай-ақ топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру үшін мен әр түрлі оқу материалдарын зерделеу, таныстыру және талқылау арқылы қолданамын.

Инновациялық технологияларды пайдалану білім алушылардың тарихты зерделеуге уәждемесін арттыруға, оқытудың көрнекілігін күшейтуге және студенттердің сабақтарда іс-әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді. Жоғарыда көрсетілген заманауи білім беру технологияларын пайдалану оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, тарих пәнін оқытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі, пәнге танымдық қызығушылықты арттырады [6].

Қазіргі педагогикалық технологияларды және олардың элементтерін білім беру үдерісінде пайдалану бойынша жүйелі жұмыс тарих пәні бойынша 100% үлгерімге әкелді, студенттер пәндік апталарға, пән бойынша олимпиадаларға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты.

Инновациялық әдіс-тәсілдер студенттерге де, оқытушыларға да үлкен жауапкершілікті жүктейді, оқыту әдістерін жетілдіруге, дамытуға олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 ж.
2. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. М, 1995.
3. Якиманская И.С. Технология личностно-ориентированного образования. - М., 2000.
4. Көшімбетова С. «Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары» Алматы, 2008. Ғылыми – практикалық жинақ.
5. Анисимов П.Ф. Инновации в системе среднего профессионального образования / П.Ф. Анисимов // Федеральное агентство по образованию. - М., 2004 - С. 6-47.
6. Коротаева Е.В. Обучающие технологии в познавательной деятельности школьников / Е.В. Коротаева. - М., 2003. – 176 с.

3.73. Биология пәнін оқытудың ерекшеліктері

Ботакөз Жалғасқызы Бабан

«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер», 2-курс магистранты.
Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті
(Алматы, Қазақстан)

Қазіргі заманда дамыған 30 елдің қатарына кіру жөніндегі «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» – баршамызға ортақ жауапкершілік жүктеп, Қазақстанның білім беру саласын жаңғыртуындағы негізгі бағыттарын айқындайды [1]. Жаңартылған білім беру бағдарламасында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез-келген өмірлік жағдайда сауаттылығы, білімділігімен бәсекеге қабілеттілігін білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі екенің білеміз [2].

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың санасына, білім алу жүйесіне сай болуы тиіс.

Биология пәніне арналған оқу бағдарламаларындағы жаңартылған білім беру жүйесіне білім алушының шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуін талап етеді. Жаңартылған білім жүйесі қолайлы білім беру ортасын құруына, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, топпен, топта жұмыс жасай білуіне ықпал жасайды.

Жаңартылған білім беру жүйесі «Биология» және «Жаратылыстану» пәніне арналған бағдарлама білім алушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге

бағытталған. Бұл төрт дағды бір-бірімен тығыз байланыста. Жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және деңгейі өскен сайын толықтырылып, күрделендіре түседі. Яғни, білім алушының есте сақтау қабілетінің арттырып «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша критериалды бағалау- бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген білім алушының оқу- танымдық құзырылығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі.

Критериалды бағалау кезінде білім алушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Білім алушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Білім алушының білім алуына, өзін-өзін бағалауда, өз білімін жетілдіруде, көптеген жетістіктерге жетуге жол ашады деп ойлаймын.

Білім беруде критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы біз:

- білім алушының тұлғалық бағытын айқындау;
- тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізу;
- білім алушылардың білім деңгейі, дайындық деңгейін анықтау;
- әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға болады (өздік жұмысы, күнделікті баға, үй жұмысы т.б.);
- бағалаулар арқылы оқушының еңбегін анықтау;
- білім алушылардың бағалау жүйесіне толық қанағаттануын аламыз [3].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталып отыр. Қай пән де болсын критериалды бағалаудың артықшылықтары көп. Білім алушыны бағалау арқылы оның білім көрсеткішін көрсетеді. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі пайда болады [4].

Жаңартылған білім беру жүйесі тек білім алушыларға емес, жаңа бағдарлама педагогтарға қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

- білім беру мен білім алуудағы жаңа тәсілдер.
- сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
- білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
- білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
- талантты және дарынды балаларды оқыту.
- білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.
- білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Педагогтың шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Білім алушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Педагог биологияны оқытуда педагогикалық тәсілдерді іске асыруда, жаңартылған білім беру жүйесінде сабақта төмендегідей жұмыс түрлерін қолдану қажет:

- эксперименттік жұмыс;
- ойын / модельдеуді қолдану;
- биология мәселелері бойынша түрлі дерек көздерден қажетті ақпаратты таңдау (мысалы, генетикалық түрлендірілген өнімдердің әсері, адамды клондау, органдарды трансплантациялау), талдау жүргізу, алынған ақпаратты салыстыру және шынайы бағасын ұсыну;
- биология саласындағы түрлі мәселелерді зерттеуге бағдарланған эксперимент құрастыру және өткізу (мысалы, Қазақстанның экологиялық мәселелері);
- биологиялық үдерістер мен табиғи құбылыстарды ұғыну, түсіндіру және болжау үшін модельдеудің түрлі тәсілдерін қолдану [5].
- Оқу үдерісінде педагог білім алушыларға оқу жоспарында ұсынылатын тапсырмаларды орындай отырып, оқу мақсаттарына жетуге көмектесетін бірқатар педагогикалық тәсілдерді пайдаланғаны жөн.

Оқу үдерісінде білім алушылардың бойында теориялықпен қатар, тәжірибелік ойлау дағдыларын қалыптастыру қажет. Педагогтың негізгі міндеті оқуды тәжірибелік дағдыларға, білімді қолдану, жеке жобаларын іске асыру қабілетіне бағдарлау болып табылады. Биология/жаратылыстану сабақтарын келесі түрлерге бөледі: жаңа материалды үйрену сабағы; білімді тәжірибеде қолдану сабағы; оқу материалын бекіту және қайталау сабағы; білімді бақылау және есепке алу сабағы; құрамдастырылған сабақ. Сабақтың түрін таңдау сабақтың дидактикалық мақсатына байланысты жүзеге асырылады. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық жұмыс сабақтың барлық түрлеріне ортақ нысан болып табылады [6]. Жалпы қорыта айтқанда, аталған

бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, білім алушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Білім алушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы - «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам», 20.05.2015 ж.: https://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamy_a2777949.
2. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.
3. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. Астана, 2016.
4. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру». 2017 ж.
5. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым). «Назарбаев Зияткерлік мектептері». ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.
6. https://ziatker.kz/docx/jangartylgan_bilim_beru_mazmuny_boiynsa_oqytydagy_janga_adis_tasilder_45915.html.

3.74. Орта мектептегі физика мен математиканың пәнаралық байланысы

Майкуль Рахманбердиевна Кушербаева

докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

Акмарал Керимкуловна Жумушова

жоғары санатты физика пәнінің мұғалімі (Тараз қ., Қазақстан)

Физика ғылым ретінде материяның іргелі қасиеттерін екі формада - зат және өріс түрінде көрсете алады. Яғни олар іргелі теориялармен, зерттеу әдістерімен біріктірілген білімнің жүйесі екенін білдіреді. Алғашқыда физика саласы қоршаған ортаны танып-білуге үйретілсе, уақыт өте келе қозғалыс, денелердің әсерлесуі, зат құрылысы, әртүрлі физикалық құбылыстар, т.с.с. мағлұматтар оқытыла бастады. 20-ғасырда физиканың негізгі объектісі ретінде табиғаттың фундаментальды құбылыстары мен оларды сипаттайтын заңдар алынған болатын. Табиғаттағы болып жатқан түрлі құбылыстарды

сипаттап, түсіндіру үшін математика, география, химия, биология сияқты жаратылыстану бағытындағы ғылымдардың интеграциясы қажет болды. Сонымен қатар аталған пәндерді оқып-үйрену үшін физикалық білім мен оқыту әдістерінің қажеттілігі туындады: энергия ұғымын, энергияның сақталу және айналу заңдарын биологиялық процестерде пайдалану, астрономиядағы әртүрлі физикалық заңдар мен заңдылықтар т.с.с. Мұндай ғылымдардың дифференциациясы мен интеграциясы пәнаралық байланыс принципіне жүйелі түрде орнын тапты. Ал бұл процестер өз кезегінде жалпы орта білімнің дамуына ықпалын тигізді. [3, 24 б.]

Мектеп физика курсына бағдарламаларда пәнаралық байланыстарды іске асыру үшін мынадай мақсаттарға сүйенеді: [3, 53 б.]

1. барлық жаратылыстану пәндерінің диалектикалық бірлігі негізінде табиғат туралы түсінікті қалыптастыру;

2. ғылыми ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жүйелі білімді қамтамасыз ету (пәнаралық байланыс);

3. оқушыларда табиғатта қалыптасқан қатынастарды көрсететін ұғымдар мен теориялар арасында жан-жақты байланысты орната білу қабілетін дамыту;

4. ғылыми-жаратылыстану және ғылыми-техникалық ойлауды дамыту.

Мектеп оқушылары әр түрлі оқу пәндерін меңгеру кезінде табиғат пен қоғам туралы жан-жақты білім алады, бірақ жай ғана білім көзін жинақтау тиімсіз, себебі қазіргі қоғам мектеп түлегінен білімді жинақтай отыра, оны түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білуді талап етеді. Оқушының осы іс-әрекетінің қалыптасуы физика мен математика ғылымдарының өзара пәнаралық байланыстарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Орта мектепте физиканы оқыту оқушылардың табиғат туралы білімдері мен біртұтас дүниетанымдық түсініктерін қалыптастыруына көмектеседі. Қазіргі заманғы оқыту физика пәнін зерттеудің тәжірибелік және теориялық әдістерінің ортақ үйлесімін қажет етеді, сондай-ақ, элементар математика негізінде физикалық ұғымдарды түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай әдіс математика мен физика пәндері арасындағы тығыз байланысты көрсете отырып, олардың логикалық ойлауын қалыптастырады және материалдық әлемнің біртұтастығын түсіндіреді. [1, 35 б.]

Математика мен физика орта мектеп курсына ең қиын пәндер болып есептеледі. Адам санасының қалыптасуының барлық өтпелі кезеңдерінде ғылыми сананың бұл екі бағыты өзара байланысты дамып отырған. Оқушылардың физика курсынан алған қандайда бір сұрақты түсінбеуі немесе физикалық есепті шеше алмауы көбінесе функционалдық тәуелділіктерді талдау, математикалық теңдеулерді

құрастыру және шешу, логикалық ойлау қабілеттерінің төмендігімен байланысты.

Математиканың объектісі ретінде нақты: материалдық әлемнің кеңістіктік формасы мен сандық қатынастары алынады. [1, 18 б.]

Бірақ бұл формалар мен қатынастарды нақты түрде зерттей алу үшін оларды мазмұнынан толығымен бөліп алу керек. Жоғарыда айтылған тұжырымдамадан математиканың негізгі әдісі ретінде абстракция әдісі екенін айтуға болады. Қазіргі таңда математикалық заңдылықсыз зерттелген бірде-бір ғылым саласы жоқ деуге болады.

Математика мен физиканың өзара байланысы

Математика мен физика арасындағы байланыс ортақ идеялар мен әдістердің өзара процеске енуінен көрініс табады. Атап айтқанда:

1. Физика ғылымы жалпы және теориялық физиканың барлық салалары бойынша арнайы міндеттерді жүктейді.

2. Физикалық құбылыстарды талдау үшін, көп жағдайда жаңа физикалық теорияның пайда болуына ықпалын тигізетін, әлемнің физикалық көрінісін дамытуға арналған математикалық теориялар қолданылады.


3. Физикалық теорияларды дамыту үшін қолданыстағы математикалық аппаратқа сүйенеді.

Жоғарыда айтылған негізгі байланыстардан физика мен математиканың табиғат құбылыстарын және айналадағы денелердің қасиеттерін танып-білудің идеялары мен әдістерін бейнелеуде ортақ тұстары көп екенін аңғаруға болады.


Математика ғылым ретінде физика ғылымынан бұрын қалыптасқан, бірақ физикалық білімді дамыту үшін математикалық әдістер физикалық зерттеулерде көбірек қолданысқа ие болды.

Математика сабағында білім алушылар математикалық өрнектермен жұмыс жасауды оқып-үйренсе, физика сабағында қоршаған ортада болып жатқан құбылыстардың арасында болып жатқан байланыстармен танысу, білу және оларды математикалық өрнектер арқылы сипаттай алу болып табылады. [3, 11 б.]


Мектеп физика курсында басты математикалық түсінік ретінде функция қарастырылады: алғаш рет 7-сыныпта «әртүрлі механикалық қозғалыстардың графигін салу» тақырыбында қарастырылса: 1-сурет, 8-сыныпта заттың агрегаттық күйлерінің ауысуын сипаттағанда қолданылып бастайды, одан әрі қарай изопроцестерді сипаттауда тәуелділік графиктерін салу орындалады: 2, 3-сурет.



1-сурет. Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графигі



2-сурет. Заттың агрегаттық күйлерінің өзгеруінің графигі



3-сурет. Изопроцестер

Жоғарыда келтірілген тәуелділік графиктерінің көмегімен оқушы физикалық құбылыстарды толық сипаттай алады. Мысалы: механикалық қозғалыстың барлық мүмкін болатын жағдайлары, газдардағы изопроцестер, фазалық ауысулар, толқындық және тербелмелі қозғалыстар, электромагниттік сәулеленудің спектральды қисықтары және т.с.с.

Әртүрлі функцияны оқып-үйренгенде математикамен байланысы бар нақты бір мазмұндағы физикалық есептерді қарастыруға тырысамыз. [4, 66 б.] Функцияға пәнаралық байланысты қалыптастыратын дағдыны екі топқа бөлуге болады: № 1 кесте.

Кесте 1.

Функция	Математикалық модель	Физикалық модель
Сызықтық	$y = kx + b$ $y = kx$	$S = vt$
Квадраттық	$y = ax^2 + bx$	$S = vt - \frac{gt^2}{2}$
Кері пропорционал	$y = k/x$	$R = U/I$

Ал, координаталық әдісті игеру салыстырмалылық және релятивистік эффекттер теориясының негіздерін оқып-үйрену кезінде тірек ұғымы мен қозғалыстың салыстырмалылық принципін саналы түрде қолдануға көмектеседі.

Туынды ұғымын білу кеңістік пен уақыт арасындағы физикалық құбылыстар мен процестердің өзгеру жылдамдығын, сұйықтың булану жылдамдығын, радиоактивті ыдырауды, токтың өзгеруін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылардың саралау және кіріктіру қабілеті әр түрлі физикалық табиғаттағы тербелістер мен толқындарды зерттеуге, сонымен бірге механиканың негізгі ұғымдарын (жылдамдық, үдеу) енгізу кезінде, айнымалы токтың формуласын қорытуға мүмкіндік береді. Математикадағы симметрия әдісі оқушыларға молекула мен кристалдардың құрылымын қарастыруға, жазық айналар мен линзалардағы кескіндерді оқып-үйренуде, электр және магнит құбылыстарын түсіндіруде көмектеседі. [2]

Жалпы айтқанда физика мен математика пәндері арасындағы пәнаралық байланысты үздіксіз процесс деуге болады. Білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер пәнаралық байланыста оқитудың қажеттілігін мақұлдайды, бірақ кейбір кемшіліктерді атап кетуге болады: физика сабағында кейбір математикалық түсініктер математика сабағынан бұрын енгізілген: векторлар, вектордың ұзындығы, оларға қолданылатын амалдар, квадраттық түбір табу, сызықтық функцияның графигін салу, өзгеріс ұғымы, натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттері, абсолюттік, салыстырмалылық ұғымы, т.с.с. Осы аталған кемшіліктерді физика пәні мұғалімі ескеріп, тақырып мазмұны бойынша кездесетін математикалық ұғымдарға қосымша түсініктеме беру арқылы, оқушыға сапалы білім беруге міндеттеледі.

Физика ғылымы қоршаған орта туралы білімді қалыптастырады және техникалық білімнің қайнар көзі болып табылады. Орта мектептің физика курсына жалпы физиканың барлық бөлімдері қамтылған: механика, молекулалық физика және термодинамика, электр және магнетизм, оптика, кванттық физика, атомдық физика. Осы бөлімдер бойынша алынған білімдерді барлық оқушылар үздіксіз білім алуда қолданатын болады, ал ол білімді қалыптастыру пәндер арасындағы интеграция жүзеге асқанда ғана нәтижесін береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бурцева Н.М. Межпредметные связи как средство формирования ценностного отношения учащихся к физическим занятиям: СПб., 2001. – 231 с.
2. Вся элементарная математика (средняя математическая интернет-школа) [Электронный ресурс] - Режим доступа: <http://www.bymath.net>.
3. Предмет методики преподавания математики [Электронный ресурс] - Режим доступа: http://mf.gasu.ru/kafedra/algebra/1/elib/mpm_t/1.htm.
4. Глинских Л.Г., Казакова О.А., Лошакова Н.В. Использование интеграции математики и физики как средство повышения познавательной активности // «Актуальные проблемы преподавания физики и математики в школе». Материалы Региональной научно-практической конференции, Нижний Тагил, 2015.

